

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ
ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
НИЗАМИ АТЫНДАҒЫ ТАШКЕНТ МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ

ӘБДІРАХМАН ИСАБАЕВ

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МЕТОДИКАСЫ

(жалпы методика)

*(Университет пен пединституттардың филология
факультеті студенттеріне арналған оқулық)*

ТАШКЕНТ — «ЎЗБЕКИСТОН» — 2003

74.58 p

И.—83

*Ўзбекстан Республикасы Жоғары және орта арнаулы білім
министрлігі бекіткен*

Пікір жазғандар: филология ғылымдарының докторы,
профессор **Раушан Расулов**; педагогика ғылымдарының канди-
даты, доцент **Жолдас Асабаев**.

Редакторы **Гулнар Байжанова**

Арнаулы редакторы **Жолдас Асабаев**

«Қазақ тілін оқыту методикасы» оқулығы жоғары оқу
орындарына арналған. Авт. Ә. Исабаев. —Т.: «Ўзбекистон»
баспасы, 2003. —256 б.

«Қазақ тілін оқыту методикасы (жалпы методика)» деген оқулық
методика теориясының негіздерін, қазақ тілінен білім берудің интер-
претациясын, оқыту әдістері технологиясын, классификациясын, тео-
риялық, практикалық және көрнекі әдістер құрылымын, олардың іске
асырылу жүйесін, оқыту калыптары технологиясын, талтастырылуы мен
түсіндіру, пысықтау және сынау калыптарының ішкі құрылымын, калып
жоспарларының топтары мен түрлерін қарастырады.

Бұл оқулық жоғары оқу орындары бакалаврианттарына, оқыту-
шыларға, мектеп мұғалімдеріне, лицей және колледж студенттеріне
арналған.

ББК-74.58 p

ISBN 5-640-03171-9

И 4602020400-77 2003
М 351 (04)-2003

© «ЎЗБЕКИСТОН» баспасы, 2003 ж.

АВТОР ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

Исабаев Әбдірахман Исаұлы — көрнекті тіл маманы, педагогика ғылымдарының докторы, Низамн атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университетінің профессоры, Қазақстан Республикасы Гуманитарлық Ғылымдар Академиясының академигі. Ол 1934 жылы 9 мамырда Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданы, Шарапхана ауылында туған. Ол аудан орталығындағы №1 мектептің интернатында жатып білім алады. Бұл мектепті үздік бағамен 1952 жылы бітіреді. Алтынсарин атындағы мектепте бір жыл қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі болып жұмыс істейді. 1953 жылы Низамн атындағы Ташкент мемлекеттік пе-



дагогика институты тарих-филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөліміне оқуға түседі. Осы институтты 1957 жылы үздік бағамен бітіріп, институттың ғылыми кеңесінің ұйғаруымен қазақ лингвистикасы бойынша ассистент етіп қалдырылады.

Әбдірахман Исаұлы 45 жыл ішінде оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор лауазымдарында жұмыс істеп, ғылым кандидаты, ғылым докторы дәрежесіне және ең жоғары басқыш академик деген ғылыми атаққа ие болды. Кейде Әбекенмен «кандидат деген әскери шінімен салыстырғанда — полковник, доктор деген — генерал, ал академик деген маршал ғой», — деп әзілдесеміз. Білікті ғалым, әрі ұстаз — Әбекен 20 мыңнан астам мұғалім кадрларды дайындады, оларға методикалық көмек беруді бірінші кезектегі борышым деп есентейді. Мұғалімдерге арнап оқулықтар, көмекші оқу құралдарын, методикалық талдамалар мен нұсқаулар, сан алуан мақалалар жазды. Ташкент облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында қазақ тілі мен әдебиеті және бастауыш мектеп мұғалімдеріне, сондай-ақ Орталық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында мектеп директорлары мен оқу ісін меңгерушілерге жана оқыту технологиясы мен формаларына байланысты лекция оқып, методикалық кеңесін көрсетуде.

Әбекең филолог, педагог, психолог кадрлардың ғылыми жұмыстарына тікелей жетекшілік етіп, кандидаттық, докторлық еңбектерін сәтті аяқтауға мол еңбек сіңіріп келеді. Республикамыздың жоғары оқу орындарындағы қазақ тілі мен әдебиеті, бастауыш білім методикасы мамандықтары бойынша дайындайтын факультеттерге кадрлар жеткізіп, бағдарламалар мен оқулықтар жазып, тікелей қол ұшын созуда.

Ол филология және педагогика факультеттерінде «Қазіргі қазақ тілінің фонологиясынан, лексикологиясынан, грамматикасынан», «Қазақ тілінің стилистикасынан», «Тіл мәдениетінің негіздерінен», «Қазақ тілін оқыту методикасынан», «Арнаулы курс — Талдау әдістерінің құрылымынан», «Фонетика элементтерінен берілетін білім көлемінен», «Көркем мәтінді лингвистикалық талдаудан» лекция оқып, практикалық және лабораториялық жұмыстар жүргізіп студенттердің ғылыми-теориялық жұмыстарына және педагогикалық практикаға басшылық етіп келеді. Әбекеңнің лекциясына стажер, аспирант, ізденуші және оқытушылар үзбей қатысып, теориялық бағымдаулар мен түйіндеулерді, жаңа бағыт пен қағидалар жүйесін түйсінуді үйренеді.

Білікті тіл маманы Әбдірахман Исабаев 200-ге жуық ғылыми еңбектердің авторы, 20 шакты монография мен оқулықтар, оқу құралдарын, методикалық талдамалар мен нұсқауларын жазды: 5-сыныпқа «Фонетиканы оқыту методикасы» (1965), «Қазақ тілі дыбыс жүйесін оқыту методикасының негіздері» (1973), «Қазақ тілі дыбыс жүйесін оқыту методикасының теориялық негіздері» (1976), «Қазақ тілін оқыту формалары» (1990), «Қазақ тілінен 4-5-сыныптарға арналған кестелер» (1991), «Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері» (1993), «Қазақ тілінен өтілетін сабақтар» (1996), «Қазақ тілін оқыту методикасының бағдарламасы» (1996), «Қазіргі қазақ тілінің бағдарламасы» (1997), «Қазақ тілін оқыту методикасы (лекция) мәтіндері» (2000), «Қазіргі қазақ тілі синтаксисі» (2000), «Қазақ тілін оқыту методикасы» (оқулық) (2003), «Әліппе» 1-сынып оқулығы (1999), «Жазу үлгісі» (оқулық), «Қазақ тілі» 2-сынып (2001), «Қазақ тілі» 3-сынып (2003) атты еңбектерінің қазақ лингвистикасында алатын орны ерекше. Әбдірахман Исабаев — Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігі Республикалық Білім орталығында түркі тілдер Кеңесінің төрағасы ретінде Өзбекстандағы қазақ мектептері үшін қазақ тілі, әдебиеті оқулықтары мен оқу құралдарын жазу тобының жетекшісі. Ол тұңғыш рет Өзбекстан мектептеріне арналған қазақ «Әліппесін» жазды. Бұл — түркі тілдес мемлекеттер үшін үлгі-өнеге әрі мақтанарлық жай.

Әбдірахман Исаұлын қос ғылымның докторы десе де болады. Өйткені оның филология мен педагогика ғылымдарына сіңірген еңбегі орасан. Оның зерттеген және осы күні зерттеп жүрген ғылыми еңбектерін топтастырып, оларды саралап қорсетуге әбден болады. Лингвистикаға енгізген жаңалықтары: 1. Вокализмдердің өзіндік белгілері. 2. Консонантизмдердің артикуляциялық ерекшеліктері. 3. Сингармонизмдердің фонемалық қасиеттері. 4. Ассимиляцияның түрлері мен белгілері. 5. Сөздердің семантикалық топтары. 6. Неологизмдердің жасалу жолдары. 7. Сөз өзгерімінің морфологиялық белгілері. 8. Сөзжасамның фонеморфологиялық ерекшеліктері. 9. Сөзтіркесімінің (сөз тіркесі емес) аналитикалық жасалу тәсілдері. 10. Мағыналық синтаксистің өзіндік ерекшеліктері. Дидактикаға қосқан жаңалықтары: 1. Методикаға берілген ғылыми анықтама. 2. Жалпы методика — пән. 3. Жеке методика — пән. 4. Методика тарихы — пән. 5. Методика практикумы — пән. 6. Методикаға кіріспе (методика негіздері) — пән. 7. Теориялық методика — пән. 8. Қазақ тілінен білім берудің мазмұны. 9. Көлем теориясы. 10. Жүйе теориясы. 11. Әдіс теориясы. 12. Теориялық әдістер. 13. Практикалық әдістер. 14. Көрнекі әдістер. 15. Оқыту қалпы. 16. Арнаулы методика.

Психологияға кіргізген жаңалықтары: 1. Лабиль фонемаларды меңгерту психологиясы. 2. Кинестетикалық түйсіктер және олардың функциясы. 3. Тілді меңгерудің басқыштары. 4. Тіл материалдарын меңгерудің протестері. 5. Тіл қалыңтарын меңгерудің психологиялық дағдылары. 6. Орфографияны меңгерудің психологиясы.

Әбекешінің кең тынысты, әржақты энциклопедиялық ғалым екені шексіз. Сөз соңында ұстазға ұзақ өмір, шығармашылық табыстар тілейміз.

АЛҒЫ СӨЗ

Жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арнап жазылған бұл кітапта жалпы методиканың теориясына қатысты қағидалар қарастырылады. Теориялық методиканың ұғымдарын бір-бірнен жігін ажырату мәселелері сөз етіледі. Жалпы методиканың еншісіне тиісті мәселелерді ғылыми тұрғыдан дұрыс жорамалдауда, оларға байланысты методикалық өлшемдер дәл сұрыптап алынды. Жалпы топшылаулар мен қорытындылар негізгі методикалық категориялар, единицалар мен ұғымдар объектінің ішкі табиғатына сәйкес шешімін тапты. Негізгі методикалық тұлғалардың табиғатын айқындауға және олардың бір-бірінен ара жігін ажыратуға арналған бақылаулар мен түйіндеулер жоқтың қасы. Сондықтан да әдістерді қалыптар деп шатыстырып, теориялық жаңсақ пікірлер айтылып жүргендігі бәрімізге аян. Бұл кітап осы ұғымдардың басын ашып алу жағын қарастырады.

Оқушылар назарына ұсынылып отырғын осы еңбекте жалпы методиканың теориясына байланысты мәселелер: методика предметінің анықтамасы, білім беру құралдары технологиясы, бұл туралы жалпы түсініктер, объектісі мен методиканың басты-басты салалары, зерттеу әдістерінің негізгі түрлері сөз болады. Сондай-ақ қазақ тілінен білім берудің мазмұны мен аумағы, көлем теориясы мен жүйе қағидалары, әдістер мен қалыптары технологиясы классификациялары, түрлері, ұғымдардың ішкі органикалық бірлігі баяндалады. Сонымен бірге қалып жоспарларының топтары мен түрлері, құрылымы мен жүйесі талданады.

I тарау

МЕТОДИКА ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

§ 1. МЕТОДИКА ПӘНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОБЪЕКТИСІ

«Қазақ тілін оқыту методикасы» — университет пен педагогикалық институттардың қазақ тілі мен әдебиеті факультеттерінде өтілетін пәндердің негізгі бірегейі. Бұл студенттерді негізгі мамандыққа дайындап, оларға методикалық көмек беретін ғылым ретінде оқытылып келеді. Қазақ тілін оқыту методикасы ең алдымен болашақ жетік мұғалім мамандарды дайындайды. Мұғалімнің қазақ тілінен мектепте жүргізілетін тиімді жұмыстарының нәтижесін белгілейді. Студенттер қазақ тілін оқыту методикасының теориялық негіздері мен ұғымдарын толық меңгеріп, өз ісінің шынайы шебері болып қалыптасады. Мектепте оқытылатын қазақ тілі материалдарын методикалық заңдылықтарға сәйкес оқытуға дағдыланады. Қазақ тілінің жана бағдарламаларына байланысты жазылған оқулықтармен жұмыс жүргізіп, методикалық құралдарды саралап пайдалануға жаттығады. Тілдік теориялық материалдардың аумағын сұрыптай отырып, білім беру технологияларына лайықты іске асырудың өнімді де құнды жүйесін белгілейді.

«Қазақ тілін оқыту методикасы» — теориялық курс. Бұл арнаулы мамандық беретін ғылыми пәндердің қатарына жатады. Сондықтан да осы пән қазақ тілін оқытудың теориясы мен практикасын қарастырады. Пәннің теориялық тұжырымдары мен түйіндері қазақ тілінен сабақ беретін мұғалімдердің күнделікті жұмысының анықтағышы ретінде іске асып келеді. Қазақ тілінен білім беруде «методика» ұғымы жиі қолданылады. Өйткені білім мен дағды беру жұмыстары тек «методика» курстары арқылы игеріледі. Жалпы білім беретін мектептің 5-9 сыныптарында тілді әрі теориялық, әрі практикалық мақсатта меңгерілетін қажетті мағлұматтар беріледі. Әрі қарай оқушылардың жеке пәндер бойынша (мысалы, қазақ тілі) алған жүйелі білімін жоғары сатыға көтеру мақсатында, оларға ұнаған пәндерді

тереңдетіп оқыту міндеті қойылады. Бұл теориялық ұғымдар қазақ тілі материалдарына негізделеді. Осыған орай, әр ғылымның өз алдына дербес теориялары бар, мәселен, тіл білімінің теориясы, методика ғылымының теориясы. Мектеп оқушыларына қазақ тілінің фонетикасынан, лексикасынан, грамматикасынан, орфографиясынан, орфоэпиясынан, пунктуациясынан, стилистикасынан, тіл мәдениетінен белгілі бір дәрежеде теориялық мағлұматтар беріледі. Тілдік тәсілдердің сөйлемде қолдану ерекшеліктерін түсінеді. Шәкірттер тілін ширату, сауаттылық мәдениетін көтеру және іскерлік қабілеттерін дамыту арқылы олардың ана тіліне деген құштарлығы артады.

Оқушыларға қазақ тілінен білім беруде «методика» ұғымы өнімді іске асырылады. Методика — гректің *methodike*, яғни *құралтану*, *әдістану* деген сөзінен алынған термин. Бұл оқушыларға жеткізілетін тілдік фактілерді бір жүйеге келтіруде айқындайтын білім беру құралдары технологиясы жиынтығы болып табылады. Методика сөзінің мынадай бағыттарда қолдану мағынасын аңғаруға болады: белгілі бір мақсатта орындалатын жұмыстар тәсілдерінің жиынтығы ретінде жұмсалса, тағы бір бағытта — педагогика ғылымының саласы ретінде, белгілі бір оқу пәндерінен білім берудің құралдарын іздестіретін пән ретінде қолданылады. Қазақ тілін оқыту методикасының еніп-сіне тиегін терминдерді зерттейтін объектісіне қарап ажыратқан мақұл. Айталық, методика білім беру құралдары технологиясы жиынтығы болса, ал методология осы білім беру құралдарын зерттеу жұмысында басшылыққа алатын негізгі тірек болып табылды. Жер бетіндегі жаратылыстану ғылымдары мен гуманитарлық ғылымдардың өз меншігіне тиегін методикалық тіректері бар. Бұл тірек *методология* деп аталады. Методология гректің *methodos* — *зерттеу*, *logos* — *ілім* деген сөздерінен алынған термин. Демек, методология — ғылыми зерттеу әдісі туралы ілім, яғни зерттеу әдістерінің жиынтығы дегенді білдіреді. Қазақ тілін оқыту методикасының қандай ғылым екеніне анықтама беруде ең алдымен қаралып отырған пәннің тұла бойындағы негізгі өзіндік ерекшеліктердің жиынтығын ескерген мақұл. Олай болса, қазақ тілін оқыту методикасы қандай пән?

Қазақ тілін оқыту методикасы — мектеп оқушыларына қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беру құралдары технологиясын үйрететін пән. Енді осы анықтамадағы бытыранқы сөздің мағынасын шағып көрелік: 1) қазақ тілін оқыту методикасы — оқу пәндерінің бірі; 2) мектеп — білім алатын орын, бастауыш, орталау, орта, жоғары мектеп; 3) оқушы — білім алатын шәкірт; 4) қазақ тілі — тіл білімінің салаларын зерттейтін ғылым; 5) теория — қағидалар жүйесі; 6) қағидалардың өзіндік белгілері; 7) мен — байланыстырушы жалғаулық; 8) практика — күнделікті іске жарату; 9) дағды беру — жаттығу, машық; 10) құралдар — тұлғалар; 11) технология — өнер, шеберлік мағыналарын беретін тізбектер.

Теориялық мағлұматтар мен практикалық дағдыларды оқушыларға меңгертуде білім беру құралдары технологиясы кең қолданылады. Бұл білім беру құралдары технологиясына мыналарды жатқызуға болады: қазақ тілін меңгертудің заңдылықтары, қазақ тілін оқыту принциптері, оқушыларға ұғындырылатын дидактикалық материалдар, оқушыларға берілетін білім көлемі, қазақ тілін оқытудың жүйесі, білім беру әдістері мен тәсілдері, оқыту калыптары, оқыту жоспарлары білім беру құралдарына кіреді. Сапалы білім беру жолында методикалық технологияның қызметі орасан. Технология — гректің *techne* — өнер, *logos* — ілім деген сөздерінен алынған термин. Бұл ұғымды *шеберлік өнері* деп те қолданады. Методикалық технология — білім мен тәрбие берудің шеберлік өнері дегенді білдіреді. Сонда оған мынадай анықтама беруге болады. Технология — шеберлік құралдары мен тәсілдерін жетік білудің жиынтығы. Техника мен технология сөздерінің мағыналары басқа-басқа. Мұны бір-бірінен шатастыруға болмайды. Техника, көбінесе, жансыз қозғалыс көліктері ретінде түсініледі. Сондықтан техника сөзі екі бағытта қолданылады. 1. Қозғалатын тетіктер. 2. Қозғалмайтын тетіктер.

Методикадағы “технология” сөзін мына жоспар негізінде іске асырған мақұл. 1. Технология туралы түсінік. 2. Технология классификациясы. 3. Түрлері — теориялық, практикалық, көрнекілік, түсіндіру, пысықтау, сынау түрінде келеді. 4. Паспорты — оқыту теориясы, жалпы методика. 5. Каналы (интернет). Сонымен, технология — шеберлік өнері құралдарын

үйрететін ілім. Методикалық технология аумағына қарай төмендегіше классификация жасалады (топтастырылады). 1. Макротехнология (ірі технология): 1) кино; 2) теледидар; 3) радио; 4) оқу-технологиялық құралдар; 5) компьютер; 6) магнитофон; 7) пластинкалар; 8) лингафон; 2. Микротехнология (кіші технология): 1) тіл салаларының талқысы (интерпретация) — мазмұн, аумақ, көлем, жүйе теориясы; 2) хабарлау; 3) тәжірибе; 4) сөйлем құрату; 5) мазмұндау; 6) шағын шығарма жаздыру; 7) филологиялық анализ әдістері технологиясы; 8) лекция; 9) зерттеу; 10) қосынды; 11) практикум; 12) конкурс; 13) конференция; 14) сынақ; 15) рейтинг-тест қалыптары технологиясы болып ажыратылады.

Қазақ тілінен білім беру құралдары қалыптасу тарихына қарай бірнеше топтарға ажыратылады. Дәстүрлі әдістер технологиясы: әңгіме, түсіндіру, кітапты пайдалану, дайын материалды талдау, лексикалық талдау, фонетикалық талдау, синтаксистік талдау, морфологиялық талдау, орфографиялық талдау, көшіріп жазу, диктант жазу, схемаларды пайдалану, карточкаларды пайдалану, кестені пайдалану әдістері жатады. 2. Дәстүрсіз әдістер технологиясы: хабарлау, тәжірибе, түрін өзгерту, тілдік тапсырмалары бар мазмұндау, сөйлем құрату, тілдік тапсырмалары бар шығарма жаздыру, карточкалы дәптерді пайдалану, анықтағыш дәптерді жүргізу, магнитофонды пайдалану, радионы пайдалану, телевизорды пайдалану, компьютерді пайдалану, киноны пайдалану әдістері кіреді. Білім беру қалыптары технологиясы: Дәстүрлі қалыптар: жана, біріккен, бекіту, қайталау, ойын, тексеру қалыптары жатады. 2. Дәстүрсіз қалыптар: лекция, зерттеу, қосынды, көрініс, практикум, конкурс, конференция (баспасөз конференциясы), сынақ, коллоквиум, олимпиада, рейтинг-тест қалыптары кіреді.

Қазақ тілінен білім беру әдістері дидактикалық жұмыстар мақсатына қарай классификация жасалады: 1. Теориялық әдістер технологиясы: әңгіме, хабарлау, түсіндіру, тәжірибе, кітапты пайдалану әдістері. 2. Практикалық әдістер технологиясы: талдау тәсілдері, дайын материалды талдау, лексикалық фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік талдау әдістері, түрін өзгерту, мазмұндау, сөйлем құрату, шығарма жаздыру, орфографиялық, орфоэпиялық, пунктуациялық талдау әдістері, көшіріп жазу, диктант жазу, тілді

әдебиет материалдарымен байланыстырып өту әдістері, түсініксіз сөздерді меңгерту тәсілдері, диалогтық, монологтық сөйлеуді үйрету, ауызша түсіндіру тәсілдері, мәнерлі оқу әдістері мен тәсілдері. 3. Көрнекі әдістер технологиясы: сызбаны, кестені, карточканы, карточкалы дәптерді пайдалану, анықтағыш дәптерді, магнитофонды, радионы, теледидарды, компьютерді пайдалану әдістері жатады.

Жаңа методикалық технологияны пайдаланудың үш процесі бар: 1) түсіндіру процесінде; 2) пысықтау процесінде; 3) сынақ процесінде іске асыруға болады.

§ 2. ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МЕТОДИКАСЫНЫҢ САЛАЛАРЫ

Дүниедегі барлық ғылымның өзіне тән салалары болады, онсыз ілім өмір сүрмейді. Тіл білімінің лексикология, фонология, морфология, орфография, синтаксис, пунктуация тармақтары сияқты методика ғылымының да өзіне тиісті салалары бар. Лингвистика ғылымының “Тіл біліміне кіріспе”, “Жалпы тіл білімі”, “Жеке тіл білімі”, “Тіл тарихы” салалары — дербес пән ретінде қалыптасқан. Жер бетіндегі ғылымдар бір-бірімен байланысты түрде дамиды: оларды бір-бірінен ажыратып тұратын белгі негізгі қарастыратын меншікті объектісіне қатысты болады. Қазақ тілін оқыту методикасы пәндік мазмұнына қарай екі үлкен топқа бөлінеді : **1.Теориялық методика. 2. Практикалық методика.** Теориялық методика қазақ тілінен білім берудегі қағидалар жүйесін қарастырады. Бұл әр түрлі категориялардың бір-бірімен қарым-қатынасын, өздеріне тән белгілерін, ішкі құрылымын, жүйесін сұрыптап белгілейді.

Теориялық методика зерттеу объектісіне қарай мынадай түрлерге ажырайады : 1. Методикаға кіріспе. 2. Жалпы методика. 3. Жеке методика. 4. Методика тарихы. 5. Методикадан арнаулы курс: “Талдау әдістерінің құрылымы”, “Методикаға кіріспе” жалпы методиканың алғашқы элементарлық курсы болып есептеледі. Бұл негізгі методикалық ұғымдардан және соған тиісті терминдер жүйесінен хабардар етеді.

“Методикаға кіріспе” жалпы методика қарастыратын объектілерді толық түсінуге алғашқы саты болып табылады.

Сондықтан да осы пәннің еншісіне тиетін мәселелер көп-ак: “Методикаға кіріспе” пәні, объектісі мен қарастыратын мәселелері, қазақ тілін оқытудың методикалық негіздері, қазақ тілін оқыту методикасының басқа пәндермен байланысы: тіл білімі, педагогика (дидактика), психология (тіл психологиясы) және логика ғылымдарымен байланысы, қазақ тілін оқытудың дидактикалық принциптері, қазақ тілін оқыту заңдылықтары: сөз мағыналарын меңгерту заңдылығы, тіл ұғыну сезімталдығы заңдылығы, сөйлеу мәнері заңдылығы, дыбыс танбаларын үйрету заңдылығы, тіл материалын (сөзді) меңгерту заңдылығы, кинестетикалық түйсіктерді меңгерту заңдылығы, тілге жүйелі түрде сатылап үйрету заңдылығы, методиканы зерттеу, аумақ теориясы жөнінде түсініктер, әдіс, тәсіл теориясы туралы ұғымдар, оқыту формалары жайында пайымдаулар, оқыту жоспарлары туралы түйіндеулер.

“Жалпы методика” — қазақ тілінен білім беру құралдарының құрылымдық теориясы туралы ілім. Бұл методикалық теориялардың жиынтығын зерттейді. «Жалпы методика» білім беру технологиясының мәні мен қызметін, олардың бір-бірімен қарым-қатынасын, анықтамасын, топтастыру өлшемдерін, топтары мен түрлерін, ішкі құрылымын, қолданылу жүйесін зерттейді. “Жалпы методика” пәнінің үлесіне тиетін өзіне тән тақырыптар баршылық: “Жалпы методика” пәні, объектісі мен қарастыратын мәселелері, методиканың негізгі салалары, қазақ тілін оқыту методикасының зерттеу әдістері: зерттеу әдістері туралы түсінік, анықтама, талдама және жинақтама бөлімдері, анықтау, оқыту және бақылау әдістері, методикалық мұраларды үйрену, методикалық тәжірибелерді талдау, анкета жүргізу, интервью алу әдістері, қазақ тілінен білім берудің интерпретациясы (талқысы), методикалық ұғымдардың, терминдердің ажырымы, технология туралы түсінік, қазақ тілінен білім берудің мазмұны, аумағы, көлем, жүйе теориялары, қазақ тілі материалдарын меңгертудің ерекшеліктері.

Қазақ тілінен білім берудің әдістері мен тәсілдері, анықтамалары, мәні мен қызметі, топтастыру өлшемдері, классификациясы, әдістің іске асырылу жүйесі мен құрылымы, теориялық әдістер; практикалық әдістер туралы түсінік, дайын материалды талдау, лексикалық, фонетикалық, морфология-

лық, синтаксистік талдау әдістері және олардың құрылымы, түрін өзгерту, мазмұндау, сөйлем құрату, шығарма жаздыру, орфографиялық талдау, көшіріп жазу, диктант жазу әдістері, тілді әдебиет материалдарымен байланыстырып өту әдістері, түсініксіз сөздерді меңгерту тәсілдері, диалогтық сөздерді үйрету, монологтық сөйлеуді үйрету, ауызша түсіндіру тәсілдері, мәнерлі оқу туралы түсінік, мәнерлі оқу түрлері мен тәсілдері, мәнерлі оқу тәсілдері туралы түсінік, пауза және оның түрлері, грамматикалық пауза, логикалық екпін, дауыс темпі (дауыс шапшандығы), ритм (дауыс ырғағы), дауыс тембрі (дауыстың құбылуы). Көрнекі әдістер: сызбаны, кестені, карточканы, карточкалы дәптерді, анықтағыш дәптерді, магнитофонды, радионы және теледидарды пайдалану әдістері, қазақ тілін оқыту қалыптары, оқыту қалыптарының өзіндік белгілері, қалыптардың тілдік материалдардың мазмұнына қарай бөлінуі, оқыту қалыптарын топтастырудың методикалық өлшемдері: сабақта оқушыларға теориялық білім негіздері меңгертіледі, практикалық дағды қалыптастырылады, мектеп жөніндегі құжаттар негізге алынады, түсіндіру қалыптары: жаңа, біріккен, лекция, зерттеу, қосынды, көрініс сабақтары, пысықтау қалыптары: бекіту, практикум конкурс, конференция, семинар, олимпиада, қайталау, ойын сабақтары, сынау сабақтары: тексеру, талқылау, коллоквиум, рейтинг-тест сабақтары, қазақ тілі бойынша жоспарлау жұмыстары: жоспардың анықтамасы, мазмұнына қарай топтары — күнтізбе, тақырыптық, сабақ жоспарлары, сабақ жоспарының құрылымына қарай бөлінуі — кіріспе және негізгі бөлім, сабақ жоспарының көлеміне қарай бөлінуі — жай және күрделі жоспарлар және олардың құрылымы.

“Жеке методика” — тілдік салалардың кешенді оқыту методикасын қарастырады. Бұл тілдік материалдарды оқытудың біртұтас жұмыс жүргізу технологиясын белгілейді. Әрбір тілдік салалардағы тақырыптарды толық меңгертудің методикасы қамтылады. Оқытылатын тақырып белгіленеді, көрнекі құралдар, дидактикалық материалдар сұрыпталады, тақтаның сол жағына көрнекі құралдар ілінеді, оң жағына дидактикалық материалдар жазылады, өзіндік белгілері сараланып тандалып, анықтама немесе ережелер дайындалады. Әрбір тілдік тақырыптардың психологиясына сай дағды түрлері екшелеп алынып, өткізілу технологиясы анықтала-

ды: теориялық, практикалық, көрнекі әдістердің қайсы түрі тақырыпты оқытуда тиімді келеді, түсіндіру, пысықтау және сынау қалыптарының қайсысын пайдалануға болады? деген сұрақтарға жауап беріледі.

Осы “Жеке методика” пәнінің өзіне тән төл мәселелері мыналар: жеке методика пәні, объектісі, қарастыратын мәселелері, лексикологияны оқыту методикасы, лексикология туралы түсінік, сөз және оның мағынасы, көп мағыналық, сөздердің мағыналық топтары: омонимдер, синонимдер, антонимдер, табу, эвфемизмдер, дисфемизмдер, фразеологизмдер, макал-мәтелдер, тілдің сөздік құрамы: қазақтың байырғы төл сөздері және басқа тілден енген сөздер, көнерген сөздер мен жана сөздер, сөздердің қолдану өрісіне байланысты түрлері: жалпылама лексика, диалект сөздер, кәсіби сөздер мен терминдер.

Фонетиканы оқыту методикасы. Фонетика туралы түсінік, тіл дыбыстарының жасалуы, қазақ әліпбиі, дауысты дыбыстар, жіктелуі: тіл қалпына қарай жуан, жіңішке, ерін қатысына қарай еріндік, езулік, жақ қызметіне қарай ашық, қысаң болып бөлінуі, дауыссыз дыбыстар, жіктелуі: үнді, ұян, қатан дауыссыз дыбыстар. үндестік заңы: буын үндестігі, дыбыс үндестігі: ілгерінді, кейінді ықпалдар, орфоэпия және орфография, сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәні.

Сөзжасамды оқыту методикасы. Түбір, туынды, біріккен, кос сөздер, морфологияны оқыту методикасы: сөз тұлғасы, күрделі сөздің түрлері, сөздің түрлері: атауыш сөздер, көмекші сөздер, сөз таптары: зат есім, дара және күрделі зат есімдер, деректі және дерексіз зат есімдер, дара және жинақтау зат есімдер, жалқы және жалпы зат есімдер, сын есім: дара және күрделі сын есімдер, сапалық және қатыстық сын есімдер, сан есім: дара және күрделі сан есімдер, сан есімнің түрлері: есептік, реттік, жинақтық, топтық, болжалдық, бөлшектік сан есімдер, есімдік: есімдіктің түрлері: жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік, жалпылау, белгісіздік, болымсыздық, есімдіктері, зат есімнің түрленуі: зат есімнің көптелуі, тәуелденуі, септелуі, жіктелуі, қазақ тілі етістігі: етістіктің мағыналық түрлері, дара және күрделі етістіктер, етістіктің түрлері, етістер: өздік, өзгелік, ортақ, ырықсыз етістер, болымды, болымсыз, салт, сабақты етістіктер, есімше, көсемше, қимыл есімдері, етістіктің түрленуі, етістіктің

жақтары, етістіктің райлары, етістіктің жіктелуі, есімшенің заттануы, үстеу: дара және күрделі үстеулер, түрлері: мезгіл, мекен, кимыл-сын, күшейту, мақсат, себеп-салдар, топтау үстеулері, еліктеу сөздер: еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер, одағай, одағайдың түрлері: көңіл-күй, ишара, шақыру одағайлары, көмекші сөздер: көмекші есім, көмекші етістік, шылау.

Синтаксисті оқыту методикасы. Синтаксистің қарастыратын мәселелері, сөз тіркесі, сөз тіркесінің байланысу түрлері: қабысу, матасу, меңгеру, киысу, жанасу, сөйлем, айтылу мақсатына қарай түрлері: хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдер, сөйлемнің құрамы, сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері: толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш, сөйлемнің бірыңғай мүшелері, сөйлем мүшесі болатын сөздер тобы: қаратпа, қыстырма, одағай сөздер, жай сөйлемдердің құрылысына қарай түрлері: жакты, жаксыз, толымды, толымсыз, атаулы сөйлемдер, құрмалас сөйлем түрлері: салалас құрмалас, сабақтас құрмалас және аралас құрмалас сөйлемдер, бөгде сөз түрлері: төл сөз бен төлеу сөз.

Орфография мен орфоэпия тақырыптарын оқыту методикасы. Пунктуацияны үйрету методикасы. Сөйлем ішінде келетін тыныс белгілері: нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі, көп нүкте.

Стилистиканы оқыту методикасы. Стилистика туралы түсінік, қазақ әдеби тілінің стилдері: сөйлеу, көркем әдебиет, ресми іс қағаздары, ғылыми публицистикалық стильдер. Тіл мәдениетін оқыту методикасы.

Сондай-ақ теориялық методика өзінің зерттеу объектісіне қарай **«методика тарихы»** саласы болып бөлінеді. *Методикалық ой-пікірлердің даму, қалыптасу эволюциясын зерттейтін саласы методика тарихы деп аталады.* Методика тарихы әріден басталады, әр түрлі методикалық көзқарастарды дәуірлерге жіктейді. Кезінде іске асырылған білім беру құралдарының пәрменділігін методикалық тұрғыдан талдау жасайды. Белгілі бір методика салаларына байланысты теориялық ұсыныстар береді. Оқыту тарихында тікелей еңбек сіңірген методика мамандары болды: Ы. Алтынсариннің, А. Байтұрсыновтың, С. Жиенбаевтың, Ш. Сарыбаевтың, Д. Әлімжановтың, Х. Арғыновтың, Ә. Исабаевтың, А. Жапбаровтың методикалық көзқарастары методика тарихына көп мағлұматтар береді.

“Методикадан арнаулы курс” жеке білім беру құралдары (технологиясы) тармақтарынан теориялық байымдаулар ұсынады: көлем теориясы, жүйе теориясы, құрылым теориясы, әдіс теориясы, талдау әдістері құрылымы, білім беру құралдары мәселелері талқыдан өткізіледі.

Практикалық методика — қазақ тілінен білім беретін мұғалімдердің іс-тәжірибелерін жинақтайтын сала, яғни бұл пәнді методика практикумы деп те жүргізеді. Практикалық методика оқытудың топталған, жинақталған тиімді технологиясын қарастырады. Озат мұғалімдердің іс-тәжірибелері теориялық методиканы жасауда септігін тигізеді. “Практикалық методика” пәнінің еншісіне тиетін тақырыптар мыналар: методика практикумы және оның қарастыратын мәселері, білім беру құралдары технологиясын, лексиканы, фонетиканы, морфологияны, орфографияны, орфоэпияны, пунктуацияны, стилистиканы, тіл мәдениетін оқыту технологиясы.

§ 3. ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МЕТОДИКАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Қазақ тілін оқыту методикасының зерттеу әдістері теориялық методиканы жасауда өнімді қолданылады. Зерттеу әдістері мен білім беру әдістерінің объектілері әр түрлі. Білім беру әдістері мектепте қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды қалыптастыруда іске асырылады. Ал зерттеу әдістері ғылыми методикалық еңбектер жазуда және практикалық методиканы жасауда қолданылады. Қазақ тілін оқыту методикасының зерттеу әдістері үш бөлімнен тұрады. 1. Анықтама бөлімі. 2. Талдама бөлімі. 3. Жинақтама бөлімі.

Анықтау әдісі. Анықтау әдісі қазақ тілінен білім беру ісінің мектептегі дәрежесі мен оқушылардың осы күнге дейін алып келген білімі мен дағдысын белгілеу үшін іске асырылады. Қазақ тілінен білім беру ісінің мектептегі дәрежесін анықтау ниетімен зерттеуші ұзақ жылдар бойы белгілі бір аудандарда, қалаларда, облыстарда бірнеше мектептерде болып, сан алуан сабақтарға қатысып, оларға жеке-жеке талдаулар жасайды. Қатысқан сабақ түрлерін жинақтай отырып, зерттеу объектісіне тән түрлеріне ғана тоқталады. Қазақ тілінен білім беру ісінің мектептегі дәрежесіне,

ондағы мұғалімдер сабақтарына талдау жасап, табыстары мен кемшіліктерін саралап көрсетеді, одан методикалық қорытындылар шығарады.

Сондай-ақ қазақ тілінен осы күнге дейін алып келген білімі мен дағдысын анықтау үшін тексеру жұмыстары жүргізіледі. Бағдарлама мен оқулық бойынша алып келген оқушылардың білім дәрежесі — теориялық білім мен практикалық дағды берудің методикасын жасауда үлкен тіректің бірі. Сондықтан да оқушылардың қазақ тілінен алып келген білім мен дағдысының тереңдігін, деңгейін нақтылы зерттей отырып, белгілі ой қорытындысын жасауға болады. Онда тексеру жұмыстарының түрлері: диктант, сынып, үй тапсырмалары, мазмұндама, шығарма, анкета сұрақтарына жауап, талдау жұмыстары жүргізіледі.

Оқыту әдісі. Оқыту әдісі қазақ тіліне байланысты қонылған болжамдардың (гипотезалардың) толық игерілуін қамтамасыз ету бағытында өткізіледі. Оқыту әдісі зертханалық жолмен жүргізіледі де, ол екі түрде алып барылады: сыныптың тәжірибе экспериментатор мен мұғалімнің басшылығында белгілі бір сыныптарда (бірнеше сыныптарда) сыннан өту үшін жүргізіледі. Бұл тәжірибе методикалық нұсқау — болжам материалдарының алғашқы қорытындыларын шығару тұсына іске асырылады. Ал енді кең таратылған тәжірибе қазақ тілі материалдарын бірнеше мектептердің бірнеше сыныптарында байқап көру үшін алып барылады.

Оқыту тәжірибесі мынадай жұмыс жүйесі бойынша ұйымдастырылады: 1. Алдымен тәжірибеге қойылған материалдардың нұсқау — болжамы жасалады. 2. Сонан соң мектептердің сыныптары тандалады. 3. Тәжірибеге қойылған оқу материалдарының көлемі сараланады. 4. Оқу материалдарының оқытылу жүйесі аныкталады. 5. Тәжірибе сыныптары үшін материалды оқытудың тек бір ғана тәсілі өзгертіледі. 6. Бақылау сыныптары үшін бұл тәсіл іске асырылмайды. 7. Тәжірибе жұмыстарының нәтижелері бақылау жұмыстары бойынша есепке алынады. 8. Әр жылғы тәжірибе жұмыстарының қорытындылары салыстырылып, тәжірибеге қойылған материалдарды оқытудың әдістері мен қалыптары қарастырылады. 9. Әр басқыш тәжірибе жұмыстарының нәтижелері ғана белгілі бір теориялық методика кешенін жасауға себепші болады.

Бақылау әдісі. Бақылау әдісі тәжірибе материалдарының нәтижелерін жинақтап қорыту мақсатында іске асырлады. Арнайы жүргізілетін методикалық тәжірибелердің материалдарын салыстыру, индукциялық және дедукциялық ой қорытындылары арқылы есепке алынады. Сонымен бірге тәжірибе материалдарын оқытуда тілдік тақырыптардың өзіндік белгілері, жасалу жолдары, жазылуы мен айтылуы, анықтамалары мен ережелері, практикалық дағдылардың түрлері жалпыдан жалқыға қарай ой қорытындысын топшылау жолдары бойынша жинақталады. Методикалық тәжірибе сонынан оқушыларға берілген білім дағды қаншалықты игерілгендігін есепке алу мақсатында тексеру жұмыстары алып барылады: 1) оқушылар білімі ауызша сұрақтарға жауап беруі бойынша тексеріледі; 2) оқушылар білімі жазба түріндегі сұрақтар арқылы тексеріледі; 3) тақтадағы сұрақтарға жауап беру арқылы тексеріледі; 4) шағын мазмұндамалар жазу арқылы тексеріледі; 5) диктант жазу арқылы тексеріледі; 6) шағын шығармалар жаздыру арқылы тексеріледі; 7) тілдік талдаулар арқылы тексеріледі; 8) оқушылар білімі билеттегі сұрақтарға жауап беру арқылы тексеріледі; 9) түрлі анкеталар арқылы тексеріледі; 10) тесттер арқылы тексеріледі. Сайын келгенде, анықтау, оқыту тәжірибелеріне қойылған мәселелері тиынақты түрде бақылау әдісін жүргізу арқылы жинақталады.

Методикалық мұраларды үйрену әдісі. Қазақ тілін оқыту методикасы тарихында методист ғалымдар Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, С. Жиенбаев, Ш. Сарыбаев, К. Жұбанов, Д. Әлімжанов, К. Жолымбетов, Х. Арғынов, Ә. Исабаевтардың методикалық көзқарастары, ұсыныстары мен пікірлері сабақ беруде және методикалық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде ескеріліп, түйінді болжамдар жасауда ескеріледі. Теориялық методика қағидаларына арналған Х. Арғыновтың “Қазақ тілі синтаксисі методикасының негіздері” (Алматы, 1969), Ә. Исабаевтың “Қазақ тілі дыбыс жүйесі методикасының негіздері” (Алматы, 1973), “Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері” (Алматы, 1993). К. Жолымбетовтың “Қазақ орфографиясын игерудің негіздері” (Алматы, 1975), А. Жапбаровтың “Қазақ тілі стилистикасын оқыту методикасының негіздері” (Алматы, 1990) атты еңбектері ғылыми

зерттеу жұмыстарын жүргізуде басшылыққа алатын негіз бола алады.

Методикалық тәжірибелерді талдау әдісі. Қазақ тілін оқыту методикасынан зерттеу жұмыстарын жүргізуде мұғалімдер тәжірибелерін үңіле қарастырудың пайдасы мол. Бұлардың тәжірибелерін жинақтап, практикалық іс-тәжірибелерін теорияға айналдыру зерттеу жұмыстарының басты бағыты болуы қажет. Мұғалімдер мен методистердің тәжірибелері екі жақты жарияланып отырады. Біріншісі, газет пен методикалық журналдарда басылып отырады. Зерттеу жұмысын жүргізуде осыларды ескеруге тура келеді. Екіншіден, методикалық әдіс бірлестіктерде талданады, мұғалімдер тәжірибелері әрбір мектептің әдіс бірлестігінде каралады. Оның нәтижелі жақтары сабақ беруде ескеріледі. Қазақ тілін оқыту методикасының зерттеушілері мұғалімдердің тиімді де құнды тәжірибелерін талдап, мектеп қауымына насихаттайды.

Анкета жүргізу әдісі. Осы әдісті жүргізгенде анкета бойынша сұрап-білу жүйесі қолданылады. Анкета әдісімен бүкіл сынып немесе бірнеше сынып оқушыларының білім деңгейін тексеруге болады. Ғылыми зерттеу жұмысында анкета әдісі арқылы методикада ұсынылып отырған болжамның тиімді деген жақтарының жетістік және олқылық сапасын анықтауға болады.

Интервью алу әдісі. Тәжірибе жүргізуші немесе мұғалім қойылған тәжірибенің тиімді жақтарына ауызша толық жауап береді. Өндірістегі берген пайдасын жақсы фактілермен дәлелдейді.

Тақырыпқа сай дағдыларды меңгертуде, өзіндік ерекшеліктері, олардан шыққан қорытынды пікірлер, үнемі жинакталып отырады. Дағды жұмыстарын орындау үстінде оқушылар белсенді түрде қазақ тілі фактілеріне бақылау жасайды, оның өзіндік белгілерін салыстырып талдайды және оны бақылау нәтижесінде белгілі ой қорытындысын шығарады. Қазақ тілінен берілетін білімді жүйелі меңгертуде және оларды оқушылар ойында тұрақты қалдыруда дағдыландыру процесінің мәні күшті. Сондықтан да жаттығу жұмыстары арқылы оқушылардың мына сияқты дағдылары артады: 1) оқушылардың алған білімі еске түсіріледі;

2) теориядан алған білім бекітіледі; 3) көру қабілеті нығаяды; 4) есту қабілеті өседі; 5) қабылдау мүмкіндіктері молаяды; 6) баяндау қабілеті артады; 7) сенімділік қабілеті күшейеді; 8) байқау қабілеті дамиды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. "Қазақ тілін оқыту методикасы" қандай пән? 2. "Қазақ тілін оқыту методикасы" қандай мамандарды дайындайды? 3. Методика қандай бағыттарда қолданылады? 4. Методика мен методология туралы түсініктерді айтып беріңдер. 5. Методиканың анықтамасын түсіндіріп беріңдер. 6. Технология сөзінің мәнін түсіндіріңдер. 7. Технология аумағына қарай қалай топтастырылады? 8. Білім беру құралдары қалай топтастырылады? 9. Методика пәндік мазмұнына қарай қалай бөлінеді? 10. Методика зерттеу объектісіне қарай қалай ажыратылады? 11. Методика мектеп құрылымына қарай қалай бөлінеді? 12. Зерттеу әдістері қандай бөлімдерден тұрады? 13. Зерттеу әдістерінің қандай түрлері бар?

II Тарау

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ (ТАЛҚЫСЫ)

§ 4. ИНТЕРПРЕТАЦИЯ (ТАЛҚЫ) ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Жалпы методиканың үлесіне тиетін ұғымдары көп. Оларды зерттеу объектісіне қарай ажыратудың теориялық та, практикалық та мәні үлкен. Әрбір ғылым жаңалықтарын талдап түсіндірудің өзіндік ерекшеліктері мол. Методикада интерпретация ұғымын соңғы кездерде ғана жаңаша қолдана бастады. Интерпретация — латынның *interpretatio* — талқы деген сөзінен алынған термин. Методикалық ұғымдарды жаңаша түсіндіре отырып талдау дегенді білдіреді. Тілдік объектілердің мазмұнын, аумағын, көлемін, жүйесін, топтарын, түрлерін және олардың құрылымы мен құрылысын жаңаша өзіндік пікірлермен түсіндіріп дәлелдейді. Жалпы білім беретін мектептерде фонетиканы, лексикологияны, морфологияны, орфографияны, синтаксисті, орфоэпияны, пунктуацияны, тіл ұстартуды, стилистиканы, тіл мәдениетін оқыту жұмысын жүргізудің жаңаша талқыламасы қарастырылады.

§ 5. БІЛІМ МАЗМҰНЫ МЕН АУМАҒЫ

Методикадағы интерпретация ұғымы мазмұн, аумақ, көлем және жүйе түсініктерін қамтиды. **Қазақ тілінен білім берудің мазмұны деп 5—9-сыныптарға арналған лексикалық, фонетикалық, грамматикалық (морфологиялық, синтаксистік), орфографиялық (емлелік), пунктуациялық (тыныс белгісі), стилистикалық, тіл ұстарту, тіл мәдениеті, тілдік материалдардың толық қамтылуын айтады.** *Мазмұн* — тілдік салалардың қатысуын сараласа, *аумақ* — тілдік тараулардың ірі-ірі мәселелерін сұрыптайды: қазақ тілінің мәні, қызметі, әдеби тіл мен мәтін, әдеби тілдің ауызша және жазбаша түрлері, әдеби тілдің нормалары, сөздің тура және ауыспалы мағы-

насы, көп мағыналық, сөздің мағыналық топтары, фразеологизмдер, тілдің сөздік құрамы, көнерген сөздер мен жана сөздер, сөздердің қолданылу өрісіне байланысты түрлері сарапталады.

Қазақ тілі фонетикасынан: тіл дыбыстары, қазақ әліпбиі, дауысты дыбыстар, үндестік заң, буын үндестігі, дыбыс үндестігі, ілгерінді ықпал мен кейінді ықпал, орфография мен орфоэпия, буын, екпін, сөйлеу тіліндегі интонация, пауза, логикалық, грамматикалық екпіндер сұрыпталады. **Сөзжасамдық ірі тақырыптардан:** сөздердің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тәсілдер арқылы жасалуы, негізгі сөздердің түбір және туынды сөздер болып бөлінетіндері, жұрнақтар, бірігу, қосарлану, тіркесу тәсілдері арқылы жасалуы, морфология. зат есім түрлері, түрленуі, сын есім, сан есім, есімдік, етістік түрлері, түрленуі, үстеу, еліктеу, одағай, көмекші сөздер түрлері, емлесі таңдалады. **Синтаксистің ірі тақырыптарынан:** сөз тіркесі және оның өзіндік белгілері, сөз тіркесінің байланысу түрлері мен тәсілдері, сөйлем және оның белгілері, сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері, сөйлемнің құрамы, сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері, сөйлемнің бірыңғай мүшелері, сөйлемнің құрылымына қарай түрлері, жай сөйлемнің түрлері, құрмалас сөйлем, салалас, сабақтас, аралас құрмалас сөйлем және олардың тыныс белгілері, бөгде сөз түрлері, тыныс белгілері танытылады. **Тіл мәдениетінен:** ауызша сөйлеу мәдениеті, жазбаша тіл мәдениеті, жұрт алдында сөйлеу мәдениеті, сөзді дұрыс сөйлеу мәдениеті, сөз әдебі оқытылады. **Стилистика және пунктуациядан:** қазақ әдеби тілінің стильдері, сөйлеу, көркем әдебиет, ресми іс-қағаздар, публицистикалық және ғылыми стильдер, тыныс белгілерінің стильдік түрлеріне қатысы, сөйлем ішінде және сөйлемнің соңында келетін тыныс белгілері, тыныс белгілерінің қолданылатын орындары.

§ 6. БІЛІМ КӨЛЕМІ

Мектеп оқушыларына қазақ тілінен берілетін білімнің мазмұны мен көлемін белгілеу — күрделі де теориялық мәселелердің бірі. Орта мектепте тілдік фактілердің ғылыми жақтан әбден қорытылған, мектеп талабына сай етіліп айқын анықталған және лингвистикалық әрі методикалық

жақтан ешбір таласы жоқ тілдік материалдары ғана оқытылады. Анығырақ айтқанда, сұрыпталып алынған тілдік материалдардың өзіндік белгілері жеткізіледі. Осы тілдің өзіндік белгілерінің жиынтығы көлем деген ұғымды анықтайды. Ең алғаш көлем дегеніміз не, соны анықтап алайық. **Әрбір сыныптың шама-шарқына қарай екшелеп алынған тілдік материалдардың өзіндік белгілерінің жиынтығын көлем** деп атаймыз.

Тілдік материалдардың көлемі әрбір тақырыптың лексикалық, фонетикалық, грамматикалық қасиеттерін және сол материалдардың анықтамалары мен ережелерін қамтиды. Тілдің өзіндік ерекшеліктері әрбір тақырыптың ішкі құрылымын белгілейді. Мәселен, әрбір тілдік материалдардың жасалу жолдары, олардың бір-бірінен ерекшеліктері, бір-бірімен байланысуы, тақырыпка сай анықтамалары мен ережелері тілдік материалдардың өзіндік ерекшеліктері болып табылады. Қазақ тілінен оқушыларға берілетін білім көлемін белгілеуде және ол материалдардың өзіндік қасиеттерін іріктеп, дәл таңдап алуда, мына сияқты методикалық өлшемдерге негізделген мақұл. Сыныбы жоғарылаған сайын оқушылардың түсініктері, яғни ой-өрісі, білім дәрежесі арта бастайды. Оқушыларды деректі ұғымдардан дерексіз ұғымдарға қарай жетелей отырып, мұғалім әрбір қазақ тілі материалдарының өзіндік жаңа қасиеттерін біртіндеп ашып отырады. Сөйтіп оқушылардың тілдік тақырыптардан алған білімі сыныбы ұлғайған сайын сатылап көтеріле береді. Тілдік материалдардың көпшілігі бір-бірінен өзіне тән қасиеттері арқылы ажыратылады да, ал керісінше біріне-бірі жуық белгілері бойынша байланысып, жымдасып жатады. Әрбір сыныптың шама-шарқына қарай сұрыптап алынған тілдік материалдардың өзіндік белгілерінің жиынтығын көлем дегенде, негізінен мынадай методикалық мәселелерге аса назар аударған мақұл: 1) оқушылардың жас ерекшелігі; 2) оқушылардың сынып ерекшеліктері; 3) шәкірттердің ой қабілеті; 4) тілдік материалдардың өзіндік белгілерінің саны; 5) тілдік фактілердің өзіндік ерекшеліктерінің жиынтығы ескерілуі қажет. Сонымен бірге тілдік материалдардың өзіндік ерекшеліктерін іріктеуде, мына сияқты методикалық заңдылықтарға негізделген дұрыс: 1) тақырып пен термин анықтығы; 2) тілдік мате-

ріналдың ғылыми дәлдігі; 3) тілдік материалдардың ішкі ерекшеліктерін аңғару керектігі; 4) тілдік материалдардың өзіндік белгілерінің сол сыныпқа лайықтығы; 5) өзіндік белгілердің тек сол материалға ғана тән екендігі; 6) өзіндік белгілердің өмір қажетіне жаратылуы; 7) тілдің өзіндік белгілерінің күнделікті сөйлеу практикасында қолданылуы; 8) материалдың өзіндік ерекшеліктерінің жүйелілігі ескеріліп отырылады.

Оқушыларға қазақ тілінен берілетін білім көлемі тілдік материалдардың анықтамалары мен ережелеріне келіп ұштасады. Шынында да, анықтамалар мен ережелердің логикасы — білім беру тұсында аса назар аударатын методикалық мәселелердің бірі. Осы күнге дейін оқулықтар мен методикалық әдебиеттерде де анықтама мен ереже деген сөздер бір ұғымда, бір термин есебінде жұмсалып келеді. **Анықтама тілдік құбылыстардың негізгі мәнін, тұлғалық, мағыналық және атқаратын қызметтерін саралап, негізгі өзіндік белгілерінің жиынтығы ретінде жұмсалатын түйінді, қорытынды пікірді білдіреді. Ал ереже болса, дұрыс жазылу мен дұрыс айтылу емделері мен заңдылықтарына байланысты тілдік материалдардың өзіндік белгілерінің жиынтығы ретінде қолданылады.** Осы пікірімізді анығырақ айтқанда, анықтама фонетикалық, лексикалық және грамматикалық тақырыптардың өзіндік белгілерінің жиынтығын қамтиды және солар туралы түйінді, қорытынды болып табылады. Ал енді ереже орфографиялық, пунктуациялық және стилистикалық тілдік материалдардың өзіндік белгілері жөніндегі пікір түйінді пікір болып есептеледі. Бағдарлама мен оқулық методиканың көлемі теориясына байланысты жасалады. Әрине анықтаманы фонетикалық материалға фонетикалық қасиетіне қарай, лексикалық тақырыптарға лексикалық ерекшелігіне қарай, грамматикалық материалдарға морфологиялық және синтаксистік қызметіне байланысты шығарғаны мақұл. Белгілі бір қазақ тілі материалдарына анықтама беруде, алдымен мына сияқты методикалық өлшемдерге сүйенген тәуір: 1. Тілдік материалдардың ішкі заңдылықтарына қарай анықтама беру. 2. Материалдың басты-басты өзіндік белгілері бойынша анықтама беру. 3. Материалдың өзіндік белгілерінің жиынтығын анықтама ретінде ұсыну. 4. Материалдың негізгі беретін мағынасы тұрғысынан анық-

тама беру. Ереже көбінесе орфографиялық, орфоэпиялық, пунктуациялық және стилистикалық материалдардың тілдік ерекшеліктерін жинақтап жұмсау үшін іске асырылады. Сөйтіп анықтама мен ереже екеуі екі нәрсе. Бұлардың методикалық термин ретінде жұмсалуына күмәнданбауға болады.

Мектеп оқушыларына қазақ тілінен берілетін білім көлемі тілдік материалдардың классификациясымен ұштасады. Оқушыларға берілетін тілдік материалдарды өзіндік негізгі тегіне қарай екі топқа классификация жасауға болады: 1. Теориялық тілдік материалдар. 2. Дидактикалық тілдік материалдар. Мектепте өтілетін теориялық тілдік материалдар өзінің негізгі құрылысына қарай фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, орфоэпиялық, пунктуациялық және стилистикалық тілдік материалдар болып табылады. Теориялық тілдік материалдар қағидалар жүйесін қарастырады. Ал теория қағидалар жүйесі дегенді білдіреді. Осы қағидалар жүйесіне мынадай теориялық мәселелер кіреді: 1) тақырын анықтығы мен термин дәлдігі; 2) тақырыптың басқа тілдік материалдармен байланысы (пәнаралық байланыс); 3) тақырыптың өзіндік белгілері мен жасалу жолдары (лексикалық, фонетикалық, грамматикалық қасиеттері); 4) тілдік материалдардың анықтамалары мен ережелері. Мәселен, қазақ тілі фонетикасынан оқушыларға теориялық білім беруде мына сияқты методикалық талаптарды ескеруі қажет: 1) қазақ тіл білімінің фонетика саласы мен орфография, орфоэпияның соңғы табыстары; 2) қазақ тілі фонетикасының негізін танытатын материалдар; 3) оқушыларға қазақ әдеби тілінде сөйлейі, оқи және жаза алатындай білім мен дағдылар беретін тілдік материалдар; 4) оқушылардың ой-өрісі мен жас ерекшелігіне сай келетін қазақ тілі фонетикасының материалдары. Осыларды басшылыққа ала отырып, қазақ тілі фонетикасынан білім көлемін анықтауға болады.

Сондай-ақ қазақ тілі морфологиясынан білім беруде, мынадай методикалық талаптарды басшылыққа алған жөн: 1) сөздің түрлі бөлшектерден құралатынын танытатын тілдік фактілер; 2) сөз құрамындағы әр бөлшектің мағынасы мен қызметін танытатын тілдік материалдар; 3) құрамына қарай сөз бірнеше түрлерден тұратындығын танытатын тілдік фактілер; 4) мағынасына, тұлғасына және жеке қызметіне қарай бөлінетін сөз таптарын танытатын тілдік материалдар.

Сонымен бірге методист-ғалым Х. Аргынов қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемнің негізін таныту үшін орта мектеп оқушыларына оның қай түрлерін қандай көлемде оқыту керек екендігіне төмендегіше жауап береді: 1) қазақ тілінде қандай құрмалас сөйлемдердің барын және олардың қалай жасалатынын айқындайтын тілдік материалдар; 2) өзінің мазмұнымен және формасымен саралана көрінген, қазақ тілі ғылымында өз шешімін тапқан құрмалас сөйлемдер; 3) қазақ тілінде жиі қолданылатын құрмалас сөйлемдер; 4) оқушыларына түсіне, меңгере, сөйлеу және жазба тілінде қолдана алатын құрмалас сөйлемдер.

Тілдік материалдардың өзіндік белгілері тақырыптың ішкі құрылымын белгілейді. Сондықтан да тілдік фактілердің өзіндік белгілерін сұрыптап алуда, лексикалық, фонетикалық және грамматикалық тілдік ерекшеліктеріне аса назар аударған мақұл. Мәселен, оқушыларға қатаң дауыссыздардан теориялық білім мен практикалық дағды беруде, оның мына сияқты өзіндік белгілері танытылады: 1) қатаң дауыссыздарды айтқанда дауыс шымылдығының дірілі болмайды; 2) қатандарды айтқанда дауыс жаңғырығы естілмейді; 3) қатаң дауыссыздарды айтқанда дауыс лебі қарқынды болады. Осы қатаң дауыссыздардың басты-басты өзіндік белгілері бойынша оқушыларға төмендегі анықтама ұсынылады: **дірілі, жаңғырығы жоқ, қарқыны күшті дауыссыздар қатаң дауыссыздар** деп аталады.

Сондай-ақ сын есім туралы түсініктен білім беруде, оның мынадай өзіндік белгілері танытылады: 1) заттың түр, түсін білдіреді — ақ, қызыл, қара, сары, сұр; 2) заттың сапасын білдіреді — жақсы, жаман, нашар, тәуір; 3) заттың көлемін не аумағын білдіреді — үлкен, кіші, ауыр, жеңіл. Сын есім туралы түсінікке материалдың өзіндік белгілерінің жиынтығы ретінде оқушыларға мынадай анықтама айтылады: **Заттың түр-түсін, сапасын және көлемдік аумағын білдіретін сөз табын сын есім** дейміз. Сонымен бірге синтаксис материалдарының өзіндік белгілері де білім беруде үлкен қызмет атқарады. Мәселен, методист-ғалым Х. Аргынов қарсылықты салалас сөйлемнің мынадай өзіндік белгілерін саралап, оның мағынасына қарай анықтама берілуін ұсынады:

1) қарсылықты салаластың бірінші компонентіндегі ой, іс, оқиға екінші компонентіндегі ой, іс, оқиғаға қарама-қарсы болып келеді; 2) компоненттері қарсылықты жалғаулықпен және интонация, орын-тәртібімен байланысады; 3) қарсылықты салалас екіге бөлінеді: жалғаулықты қарсылықты салалас және жалғаулықсыз қарсылықты салалас. Жалғаулықты қарсылықты салаластың компоненттері қарсылықты жалғаулықпен байланысады. Ал жалғаулықсыз қарсылықтың компоненттері интонация, орын-тәртібі арқылы байланысады; 4) қарсылықты салаластың баяндауыштары болымды, болымсыз етістіктерден, антоним сөздерден жасалады; 5) қарсылықты салаластарды айтқанда, компоненттерінің арасына пауза жасалып, жазғанда, жалғаулықты қарсылықтың арасына үтір, жалғаулықсыз қарсылықтың арасына үтір мен сызықша қойылады. Қарсылықты салалас сөйлемнің мағынасына қарай мынадай анықтама беріледі: **Компоненттерінің мағынасы қарама-қарсы салаласты қарсылықты салалас** дейміз. Дидактикалық тілдік материалдар практикалық дағдылар құрамын белгілейді. Дидактикалық тілдік материалдарға мәтіндер, сөйлемдер, сөздер, жеке дыбыстар, ауызекі және жазба тіл фразеологизмдері жатады. Осы дидактикалық тілдік материалдар тақырыптардың ішкі психологиясына жақын болуы қажет. Бұлар ой және дене дағдысын тәрбиелеуде септігін тигізеді. Бір тақырыпқа, бір сағатқа, 45 минуттық сабаққа бес жаттығудан жиырма жаттығуға дейін түрлерін жүргізуге болады. Тілдік материалдарға байланысты алынатын текстер лексикалық, фонетикалық және грамматикалық тақырыптардың өзіндік белгілеріне тығыз байланысты болғаны жөн.

Дидактикалық тілдік материалдарды сұрыптауда әрбір тақырыпқа байланысты жүргізілетін практикалық дағдылардың мәні үлкен. Практикалық дағдылар тілдік тақырыптарға байланысты жаттығу жұмыстарының түрлерін белгілейді. Мұның материалды саналы да терең меңгертуге пайдасы мол. Мәселен, оқушыларға біріккен сөз сынарлары мен сөз тіркестері аралығындағы кейінді ықпалдан мынадай дағдылар беріледі: 1, оқулықтың 25-бетіндегі 5-параграфтың 2-бөлімін, 5-параграфтың 2-бөлімін дауыстап оқып шығындар. 2. Біріккен сөздердің алғашқы сынары 3 дыбы-

сына біткен, соңғы сынары *ж* дыбысынан басталатын алты сөз тауып, олардың үндесуін ауызша түсіндіріңдер. 3. Біріккен сөздердің бірінші сынары *н* дыбысына аяқталған, екінші сынары *б*, *ғ* дыбыстарынан басталатын 5 сөз тауып, дәптерге көшіріңдер де, үндесуін ауызша түсіндіріңдер. 4. Бірінші сөз қатаңға аяқталған, екінші сөздің соңғы дыбысы дауысты не үнді дауыссыз, не ұяң дауыссыздан басталатын 6 сөз тауып, ол сөздердің дұрыс жазылуын тактада көрсетіңдер де, үндесуін ауызша түсіндіріңдер. 5. *Н* дыбыстары өзгеріліп, *м* не *ң* болып айтылатын сөз тікестеріне 4 сөз іздеп, үндесуі мен жазылуын түсіндіріңдер. 6. 3, *С* дыбыстары өзгеріліп, *с*, *ш*, *ж* болып айтылатын сөз тіркестеріне 5 сөз ойлап, олардың жазылуы мен айтылуын салыстырыңдар. 7. Сөз тіркестеріндегі қатар келген екі дауыстының алдыңғысының түсіп қалатындығына 6 сөз табыңдар. 8. Біріккен сөз сынарлары мен сөз тіркестері аралығындағы кейінді ықпалға 6 сөз тауып, оны сөйлем ішінде келтіріңдер. 9. Мәтіндегі көп нүктенің орнына біріккен сөз сынарлары мен сөз тіркестері аралығындағы кейінді ықпал үндестігі бойынша тиісті дыбыстарды қойып көшіріңдер. 10. Жоғарыдағы жаттығуды оқып шығып, жазылуы мен айтылуындағы айырмашылықтарды түсіндіріңдер. 11. Мәтінді оқып шығып, жазылуы мен айтылуын байқандар да, жазылуын тактада көрсетіңдер. 12. Мәтінді магнитофон лентасына жазып, ондағы сөздердің айтылуын тыңдаңдар. 13. Дикторлардың мәтінді оқуын тыңдаңдар да, ондағы дыбыс үндестігінің айтылуын бақылаңдар. Бұл дағдылармен коса оқулықтың беттеріндегі жаттығу жұмыстарының шарттары кабинетте және үйде орындалады.

Сондай-ақ морфологиялық тақырыптардың ішінде біріккен сөздерден білім беру жолында мынадай дағды жұмыстарын жүргізуге болады: 1. Оқулықтағы біріккен сөздер материалын дауыстап оқып шығыңдар. 2. Жаттығу мәтіндегі біріккен сөздерді теріп жазыңдар. 3. Мәтіндегі біріккен сөздерді ауызша тауып шығыңдар. 4. Түбір тұлғаларын сақтап біріккен сөздерге ауызша мысалдар келтіріңдер. 5. Екі сынары да зат есімнен біріккен сөздерді атаңдар. 6. Бірінші сынары сын есім, екінші сынары зат есімнен біріккен сөздерді атаңдар. 7. Есімдіктен біріккен сөздерді табыңдар. 8. Зат есім мен етістіктен біріккен сөздерді іздеңдер. 9. Зоологиялық атаулардан біріккен сөздерді табыңдар. 10. Ботаникалық атау-

лардан біріккен сөздерді іздендер. 11. Ойын аттарын білдіретін біріккен сөздерді атандар. 12. Қала аттарын білдіретін біріккен сөздерді табындар. 13. Географиялық атауларды білдіретін біріккен сөздерді іздендер. 14. Кісі аттарын білдіретін біріккен сөздерді табындар. 15. Орыс-қазақ сөздерінен біріккен сөздерді атандар. 16. Екі түбірден біріккен сөздерді орфографиялық сөздіктен іздендер. 17. Біріккен сөздерді кірістіре отырып, сөйлем құрандар. 18. Бір тақырыпта біріккен сөздерді қатыстыра отырып, шығарма жазындар.

Сонымен бірге синтаксистік тақырыптардың ішінде ыңғайлас салалас сөйлемнен білім беруде, методист-ғалым Х. Арғынов мынадай дағды түрлерін жүргізуді ұсынады: 1. Берілген мәтіндегі сөйлемдердің мағынасына қарап, олардың қайсысы ыңғайлас салалас екенін білу. 2. Кез келген мәтіннен сөйлемдердің құрлысына қарап ыңғайласты табу. 3. Тілде ыңғайлас салаластың не үшін қолданылатынын оқушылардың өз сөзімен түсіндіру. 4. Ауызекі сөзде кездесетін ыңғайлас салаласты ажырата білу. 5. Ыңғайлас салаластың нешеге және неге негізделе бөлінетінін түсіну. 6. Жалғаулықты ыңғайласты ыңғайлас жалғаулықтармен байланысқан бірыңғай бастауыш пен бірыңғай баяндауышты жай сөйлемдерден ажырату. 7. Жалғаулықсыз салаласты жалғаулықсыз бірыңғай мүшелі жай сөйлемдерден ажырату. 8. Ыңғайлас жалғаулықтардың қайсысы жалғаулықты ыңғайластың жалғаулығы болатынын, қайсысы болмайтынын білу. 9. Ыңғайластың тыныс белгісін дұрыс қоюға дағдылану. 10. Жалғаулықты, жалғаулықсыз салаластың тыныс белгісін және компоненттерінің орын тәртібін белгілейтін схемалар сызу. 11. Құрамында бірыңғай мүшелері бар ыңғайлас салаластың тыныс белгісін көрсететін схемалар сызу. 12. Ыңғайлас салаластың қандай мағыналарды білдіретінін және оның өзіндік белгілерін айту. 13. Ыңғайлас салаласты мәнерлеп оқуға дағдылану. 14. Ыңғайлас салаластың қандай шығармаларда жиі келетінін білу. 15. Ойдан кез келген ыңғайлас сөйлемді оқушының айта білуі. 16. Берілген тұрлаулы мүшелерді әр компоненттің құрамына енгізіп, ыңғайлас сөйлемдер жасау. 17. Ыңғайлас салаласты жай сөйлемдерге айландыру. 18. Мазмұндама, шығарма, мақала, әңгіме, іс қағазын, өлең жазғанда, оқушылардың ыңғайлас салаласты еркін қолданатындай дағдысының болуы.

§ 7. ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ

Тілдік материалдарды оқытудың жүйесі таным теориясы мен дидактиканың дарадан күрделіге, жақыннан алысқа, анықтан белгісізге, жеңілден ауырға қарай көшу жөніндегі қағидаларға негізделеді. Қазақ тілінен берілетін білімді оқушыларға саналы меңгертуде, тілдік материалдардың оқытылу тәртібі оқыту жүйесінде үлкен қызмет атқарады. Әрбір тілдік материалдар методиканың жүйе теориясы бойынша орналасады. Сонда жүйе дегеніміз не? Әрбір сыныптың шама-шарқына қарай сұрыптап алынған **тілдік материалдардың өзіндік белгілерінің өтілу тәртібін жүйе** деп атайды. Қазақ тілі бағдарламасындағы тілдік материалдар белгілі тәртіп бойынша орналасқан. Алдымен орта мектепке фонетикадан білім беріледі. Мектеп жасына дейінгі сәбилердің сөз үйренуі дыбыстарды айтудан басталады. Жас сәби айналадағы құбылыстарды дыбыстау арқылы көрсетеді. Дыбыстардың мағына ажыратушылық қасиетін танытуда фонетиканың мәні орасан. Дыбыстардың мағына ажыратушылық және тұлғалық ерекшеліктерін аңғармай тұрып жеке сөздерді түсіну қиынға соғады. Осы фонетикалық материалдардан кейін тілдің лексика саласы өтіледі. Лексика сөздің түрлі мағыналық ерекшеліктерін қарастырады. Дыбысты және сөзді білген оқушы әр сөзге қосылатын қосымшалардың ерекшелігін білуге талпынады. Содан кейін морфология саласы өтіледі. Алдымен сөз құрамдары тақырыптары, сонан соң сөз таптары материалдары оқытылады. Осы сөзді және олардың қосымшаларын білген оқушыларға сөз бен сөздің байланысын, сөйлем мен сөйлемнің үйлесуін білдіру қиынға соқпайды. Сондықтан да синтаксис тақырыптарының оқытылуы осы орында беріледі.

Сондай-ақ, әрбір тілдік саланың ішкі өтілу тәртібі де білім беруде үлкен қызмет атқарады. Фонетика материалдарының ішінде оқушыларға алғаш рет алфавиттен хабар беріледі. Алфавитті өтуден алдын оқушыларға бастауыш мектепте өткенін қайталайды. Алфавитті бірінші өтудің негізгі себебі мынада: 1) оқушылар бастауыш мектепте өткенін еске түсіреді; 2) бастауыш мектепте берілген білім кеңейтіледі; 3) бұдан кейінгі тақырыптар дыбыс пен әріптің заңдылықтары болғандықтан, оны жете меңгертуде себін тигізеді;

4) алфавиттегі әріптердің дыбыстық жағын еске түсіреді; 5) сөздікпен жүргізілген жұмыстар бұдан кейінгі еңбекті жеңілдетеді; 6) дыбыс пен әріп туралы алғашқы білімдері шоғырланады; 7) айту мен жазу арасындағы айырмашылықты сезеді; 8) есту қабілеті қалыптасады; 9) жаттығулар арқылы қабілеті кеңейеді.

Сөйтіп, алфавитті өту арқылы дыбыс жүйесі тақырыптарын жете меңгеруге баспалдақ жасалады. Алфавиттен кейін өтілетін тақырыптың бірі — тіл дыбыстары туралы түсінік. Мұнда сөздің сөйлемге бірігетіндігі, сөздің буын жігі болатындығы және буынның дыбыстық жағы болатындығы айтылып, фонетика деген сөздің мағынасы мен зерттейтін объектісі сөз етіледі. Сонымен бірге әріп пен дыбыстың ара қатынасы салыстырылады. Дыбыс жасаудағы сөйлеу мүшелерінің қызметі айтылады. Алфавиттегі әріптердің айтылу мен жазылуын меңгерген оқушыға, осы жүйеде өту тіпті қиындық келтірмейді. Дыбыс жүйесінен тұңғыш рет білім беретін бұл тақырыптың нақ осы орында өтілуі орынды. Тіл дыбыстары туралы түсініктен кейін буынның ең кішкене бөлшегі дыбыс сөз болады. Бұл тақырыпты өтпей тілдің дыбыстық жүйесінде орнықты дыбыс заңдарын білу қиындыққа соғады. Дыбысты үйрете отырып, дыбысты белгілеу үшін қабылданған шартты таңба — әріп салғастырылады. Дыбысты айту үшін, әріптің жазу үшін үлкен ролінің барлығы көрсетіледі. Сондықтан осы жүйеде өтудің қажеттілігі туады. Дыбыстау мүшелері және дыбыс пен әріп жөнінде түсінік алған оқушыға дауыстылар және дауыссыз дыбыстар туралы түсінікті меңгерту қиындыққа соқтырмайды. Дыбыстау мүшелерінің қызметі дыбыстың өзіндік белгілерін, яғни дауыстылар мен дауыссыздырдың ерекшеліктерін жете ажыратуға септігін тигізеді. Дауыстылар мен дауыссыздардың өзіндік белгілері, жіктелуі өтіліп болған соң, дауыстылардың түрлері өтіледі.

Дауысты дыбыстар түрлерінің ішінде алдымен еріннің қатысына қарай бөлінуі өтіледі. Мұның бірінші орында өтілуінің себебі, алдымен 1) ерін — артикуляциялық жағынан актив мүшелерінің бірі; 2) дыбыстардың жасалуын тәжірибе жасағанда, алдымен екі еріннен басталады; 3) оқушылар бірінші танытқанын қабылдайды; 4) сөйлеу мүшелерінің ішінде бірінші орында тұрғаны — ерін; 5) сөйлеу

мүшелерінің ішінде көзге түсетіні де — ерін; 6) оқушылар көзбен көргенін тез ұғып, жете меңгереді. Сондықтан да көру қабілетінің басымдығына байланысты бұл тақырыптың өтілу тәртібі қарастырылады. Езулік дауыстылар еріндік дауысты дыбыстармен салғастырыла түсіндіріледі. Бұдан кейін дауыстылардың иектің қызметіне қарай бөлінуі өтіледі. Еріндік және езулікті жете игерген оқушыға ашық, қысқа дауыстыларды саналы меңгертуге болады. Иектің төмен түсуі немесе жоғары көтерілуі, ауыздың кен ашылуы мен тар ашылуы ашық пен қысқа дауыстының жасалуына байланысты. Ауыздың, иектің әрекетімен бірге ерін мен езу де қозғалыста болады. Бұған іле-шала дауыстылардың тілдік қалпына қарай бөлінуі өтіледі. Еріндік пен езулікті және ашық пен қысқанды айыра таныған оқушыларға жуан және жіңішке дауыстыны меңгерту оншалық қиындық келтірмейді. Ерін мен иек және одан кейінгі тіл дауыстылары бірінен кейін бірі өтілуі тиіс.

Сондай-ақ дауысты дыбыстардың емлесі дыбыс жүйесі материалдарына байланысты оқытылады. Мұнда теориялық білімді орфографиямен жанастыру принципі көзделуі тиіс. Бұл жүйенің, біріншіден, дауысты мен дауыссыздарды меңгерту үшін, екіншіден, берілетін емлесік білімді терең ұғындыру үшін, үшіншіден, әріптерді бір-бірімен салыстыра, салғастыра таныту үшін, төртіншіден, берілетін білімді талдап жинақтап жасау үшін, бесіншіден, берілетін білімнің жігін үзбеу, яғни жүйелікті сақтау үшін, алтыншыдан, монофтонг дыбыс пен дифтонг дыбыстарды және олардың көрінісін айыра таныту үшін пайдасы бар. Бірінші кезекте еріндік дауысты дыбыстардың емлесі оқытылады. Содан кейін *о, ө, у, ұ* әріптерінің емлесін өткен мақұл. Бұдан кейін езулік дауысты дыбыс әріптерінің емлесі өтіледі. Алдыңғы тақырыпты жетік үлгірген оқушыларға езулік дауысты дыбыс әріптерінің емлесін меңгерту қиындыққа соқтырмайды. Езулік дауысты дыбыстар жайындағы теориялық білім *а, ә, е, э, ы, і* әріптерінің емлесімен байланысады. Оқушылар көздерімен көріп, қолдарымен жазады. Сөйтіп көру түйсігі мен сезім түйсігі ұштасады. Осыдан соң *и, ұ, ю, я* әріптерінің емлесі оқытылады. Бұл әріптер қос дыбыстың таңбасын білдіруіне қарай жіктеледі және олар былайша орналастырылады: *и, ұ, ю, я*.

Дауысты және олардың емлесінен кейін дауыссыз дыбыстар мен олардың емлесі оқытылады. Дауыссыз дыбыстардан бірінші кезекте үнді дауыссыз дыбыстар өтіледі. Үнді дауыссыздарды бұлай өтудің мынадай себептері бар: 1) үнді дауыссыздар ұяң мен қатаңға қарағанда дауыстыларға бір табан жуық; 2) үнді мен дауыстыларды салыстыра талдау өте қажет; 3) қатаңнан ұяңның, ұяңнан үндінің үні басым; 4) үнді мен дауыстыларды салыстыру арқылы дауыстылар қайталанады; 5) үнділерді жете меңгерту үшін, оның өзіндік белгілері ескеріледі. Бұдан кейін үнді дауыссыздардың емлесі теориялық білімге жанастырылады. *М, н, ң, л, р, й* әріптерінің орналасу тәртібі оқушылардың көру қабілеті мен есту қабілетіне қарай беріледі. Ұяң дауыссыздар үнділерден кейін өтіледі. Ұяңда үндіге қарағанда үн. дауыс солғындау. Сондықтан да осы тәртіпте өтілуі орынды. Теориялық білімнен кейін ұяң дауыссыздардың емлесі өтіледі. Олардың орналасу тәртібі мынадай болады: *б, в, д, з, ж, г, ғ, һ*. Ұяң дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесі түгел оқытылады. Бұның емлелік сауаттылықты арттыру үшін және қатесіз жазуға дағдыландыру үшін септігі мол.

Қатаң дауыссыздар ұяңнан кейін оқытылады. Қатанды ұяңға қарама-қарсы қойып, салыстыру мағынасында, осы орында өтілгені мақұл. Қатаң дауыссыздар былайша тізбектеледі: *п, ф, т, с, ц, ч, ш, щ, к, қ, х*. Қатаң дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесі де теориялық мәліметтен соң өтіледі. Бұлай еткенде: 1) теориялық білім мен емлелік білім қабысады; 2) қатаң дауыссыздардың емлесінен хабар беру оқушылар біліміне, мұғалімнің уақытына, сағат санына нұқсан келтірмейді; 3) қатаң дауыссыздардың емлесіне байланысты қателер жібермейтін болады; 4) орфографиялық сауаттылығы артады. Бұл тақырыптан соң *ъ* — айыру белгісі мен *ь* — жінішкелік белгісінің емшелері өтіледі. Дауыссыз дыбыстардан соң, дауыссыз әріптер тіркесінің емшелері оқытылады. Алдымен олар мына тәртіп бойынша орналастырылады: *мб, мп, нг, нд, нк, фт, ск, кс, кт, рк* әріптер тіркесінің бірінші кезекте, сонан соң *мм, лл, тт, сс, сть, зд* әріптер тіркесінің емшелері оқытылады. Әріптер тіркесі әркелкі әріптер мен біркелкі әріптер тізбегі негізінде орналастырылады. Осыдан кейінгі өтілетін күрделі тақырыптардың бірі — буын. Буын туралы мәлімет және оның түрлері оқытылады.

Тасымал буынға тығыз байланысты. Сондықтан да буыннан соң өтілуі заңды. Сөз бөлшектерінің тасымалдануы буынның түрлеріне тікелей қатысы бар. Қазақ тіліндегі сөздердің екпіні әрқашан сөздің соңында, соңғы буынында болады. Екпіннің, негізінен, буынға түсуіне, буында болуына байланысты буын мен тасымалдан кейін өтілгені мақұл. Екпін көптік жалғауында тұрсын немесе басқа қосымшаларда болсын соңғы буында болады. Сондықтан да екпін буын мен тасымалдан кейін оқытылады.

Дауысты, дауыссыз дыбыстарды, олардың емлесін және буын мен тасымалды, екпінді өтіп болған соң, осыларға жанастыра үндестік заңы өтіледі. Үндестік заңы мынадай мәселелерді қамтиды: 1) кейбір орфографиялық мәселелер енеді; 2) орфоэпиялық мәселелерді де қарастырады; 3) буынға да тікелей байланысты; 4) екпінге де қатысты мәселелер кіреді. Сондықтан да үндестік заңының дыбыс жүйесі материалдарының акырында оқытылуы орынды. Үндестік заңы туралы түсініктен кейін буын үндестігі өтіледі, өйткені буын үндестігі — дауыстыларға байланысты үндесу. Дауыссыз дыбыстарға байланысты үндесу, бұл дыбыс үндестігі болып табылады. Дауысты дыбыстардан кейін дауыссыз дыбыстар өтілетін болғандықтан, дыбыс үндестігінің дәл осы жүйемен өтілуі мақұл. Дыбыс үндестігінің ілгерінді ықпалы бұрын, кейінді ықпалы кейін өтіледі. Түбір мен қосымша аралығындағы ілгерінді ықпалдың орны морфологиялық жүйе бойынша белгіленеді. Сөз және жеке сөздер құрамы: түбір сөз және қосымшалы сөз болып бөлінеді. Бұдан соң сөздердің бірігуі және сөздердің тізбектеліп тіркесуі ескеріледі.

Сондай-ақ ілгерінді ықпалды өтуде, алдымен сөз, оның қосымшасы, біріккен сөз және сөз тіркестері жүйесі ескеріледі. Түбір сөздегі соңғы дыбыстың қосымшадағы басқа дыбысқа, біріккен сөздің алғашқы сынарының соңғы дыбысы кейінгі сыңардың басқы дыбысына, қатар келген бірнеше сөздің алғашқысының соңғысына әсер етуі сөз етіледі. Ілгерінді ықпалды жете меңгерген оқушыға кейінді ықпал заңдылықтары оншалық қиындық келтірмейді. Кейінді ықпалдың түбір мен қосымша аралығындағы, біріккен сөз сынарларының аралығындағы, сөз тіркестері аралығындағы үндесуі оқытылады. Дыбыстардың бір-біріне ықпал етіп, өз

ара үндесуінің орфоэпия мен орфографияға тікелей қатысты екені бұрыннан белгілі. Мектепте бұл мәселені оқыту тек дыбыс жүйесі тақырыптарын өтумен шектеліп, сонымен бітіп қалмауы керек. Дыбыстардың ықпал ету, үндесу заңдылығын морфология бөлімінде әр түрлі жалғауларды (көптік, тәуелдік, септік, жіктік) оқытуда қайталап, еске түсіріп отыру қажет. Сонда оларды оқушылар жадында сақтайтын болады, мұның өзі олардың орфоэпия мен орфографияның ара қатысын жете білуіне көмектеседі.

Қазақ тіліндегі қосымшалардың орналасу реті мен оқытылу тәртібін белгілеу үшін, алдымен қосымшалардың сөзге жалғану тәртібіне негізделген тәуір. Осындай заңдылыққа негізделгенде, алдымен көптік жалғауы, бұдан кейін тәуелдік жалғауы, одан соң септік жалғауы және ең акырында жіктік жалғауы өтіледі. Сондай-ақ біріккен сөздер, қос сөздер мен қысқарған сөздерден кейін зат есімнің, сын есімнің, сан есімнің, есімдіктің, етістіктің, үстеудің және еліктеу сөздердің қосымшалары оқытылады. Қазақ тілі лексикасы материалдарынан, алдымен сөз және оның мағынасы оқытылады. Сөздің тура мағынасы мен ауыспалы мағынасы және негізгі мағынасы мен туынды мағынасынан білім беріледі. Осындай білімдерден кейін көп мағыналы сөздер туралы хабар айтылады. Мағыналық срекшеліктеріне қарай алдымен синонимдерден, одан кейін омонимдерден, одан соң антоним сөздерден білім беріледі. Осындай ұғымдардан кейін жалпылама қолданылатын сөздер мен терминдер оқытылады. Бұл сияқты түсініктерден соң басқа тілдерден енген сөздер, оның ішінде араб-иран тілдерінен енген сөздер, орыс тілінен енген сөздер және орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздер оқытылады. Қазақ тілі лексикасының стильдік топтарының ішінен, алдымен кәсіби сөздер мен диалект сөздер тақырыбы оқытылады. Бұдан кейін көнерген сөздер мен неологизмдерден білім беріледі. Тұрақты сөз тіркестерінен ең алғаш еркін сөз тіркесі, одан кейін тұрақты сөз тіркестері оқытылады. Бұл материалдан соң мақал мен мәтелдер үйретіледі. Сөздіктер туралы мағлұмат бергенде, алдымен орфографиялық сөздік, бұдан кейін түсіндірме сөздік, осыдан соң аударма сөздіктерден хабар беріледі.

Морфологиялық тақырыптардың ішінде, алдымен сөздердің жасалу ерекшеліктері оқытылады. Сөз құрамы

тақырыптары төмендегі тәртіппен оқушыларға жеткізіледі: түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, біріккен сөз және қысқарған сөз. Осы тақырыптардан кейін қосымша материалы екі түрге ажыратылып, жұрнақ пен жалғаулардан білім мен дағды береді. Тіліміздегі сөз бен сөзді байланыстыратын төрт түрлі жалғау мынадай тәртіппен оқытылады: көптік жалғау, тәуелдік жалғау, септік жалғау және жіктік жалғау. Сондай-ақ тіліміздегі тоғыз сөз таптары төмендегі тәртіппен оқытылады: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, еліктеу сөздер, шылау сөздер мен одағайлар.

Мектепте зат есім тақырыптары төмендегі тәртіппен оқытылады: зат есім туралы түсінік, жалпы есім мен жалқы есім, негізгі және туынды зат есімдер, зат есімнің рең мәнін тудыратын жұрнақтар, туынды зат есім жасайтын жұрнақтар, зат есімнің көпше түрлері, тәуелденуі, септелуі және жіктелуі, көмекші есімдер, зат есімнің емлесі, зат есімнің сөйлемдегі қызметі. Сондай-ақ сын есімнен оқушыларға төмендегі тәртіпте білім беріледі: сын есім туралы түсінік, сын есімнің түрлері, сын есім тудыратын жұрнақтар, сын есімнен сын есім тудыратын жұрнақтар, басқа сөз таптарынан сын есім тудыратын жұрнақтар, сапалық және қатыстық сын есімдер, сын есімнің шырайлары, сын есімнің емлесі, сөйлемдегі қызметі.

Орта мектеп оқушыларына сан есім тақырыптарынан мына тәртіпте білім беріледі: сан есім туралы түсінік, дара және күрделі сан есімдер, сан есімнің мағынасына қарай түрлері, сан есімнің емлесі, сөйлемдегі қызметі. Сондай-ақ есімдік тақырыптары мынадай тәртіппен оқытылады: есімдік туралы түсінік, есімдіктің мағынасына қарай түрлері — жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік, белгісіздік, болымсыздық және жалпылау есімдіктері, есімдіктердің емлесі, сөйлемдегі қызметі. Сөз таптары тақырыптары ішіндегі ең күрделісі — етістік. Етістік материалдары мына тәртіппен оқытылады: етістік туралы түсінік, негізгі етістік пен туынды етістік, есімдерден етістік тудыратын жұрнақтар, етістіктен етістік тудыратын жұрнақтар, болымды етістік пен болымсыз етістік, сабақты етістік пен салт етістік, есімше туралы түсінік, есімшенің жасалу жолдары, есімшенің есімдерше түрленуі, есімшенің сөйлемдегі қызметі, көсемше туралы түсінік, көсемшенің жіктелуі, көсемшенің сөйлемдегі қызметі, етіс туралы түсінік,

етістердің түрлері — өздік, өзгелік, ырықсыз және ортақ етістер, негізгі етістік пен көмекші етістік, етістіктің шақтары туралы түсінік, осы шақ, келер шақ, өткен шақ түрлері, ашық рай, бұйрық рай, шартты рай, қалау рай, етістіктің сөйлемдегі қызметі. Мектепте үстеу тақырыптары мына тәртіппен оқытылады: үстеу туралы түсінік, негізгі және туынды үстеулер, үстеулердің мағынасына қарай түрлері — мезгіл, мекен, мөлшер, сын, күшейткіш, мақсат және себепсалдар үстеулері, үстеулердің емлесі, сөйлемдегі қызметі. Сондай-ақ еліктеу сөздерден де төмендегіше білім беріледі: еліктеу сөздер туралы түсінік, дыбыстық еліктеуіш сөздер, бейнелеуіш сөздер, негізгі және туынды еліктеуіш сөздер, еліктеуіш сөздердің емлесі, сөйлемдегі қызметі. Шылау тақырыбы төмендегі тәртіппен оқытылады: шылау сөздер туралы түсінік, шылау сөздердің мағынасына қарай түрлері — септеуліктер, демеуліктер, жалғаулықтар, шылау сөздердің емлесі. Сондай-ақ одағайлар мектепте мына тәртіпте оқытылады: одағай туралы түсінік, көңіл-күй одағайлары, шақыру одағайлары.

Орта мектеп оқушыларына қазақ тілінің синтаксис материалдары үш салаға ажыратылып оқытылады: 1) сөз тіркесі синтаксисі, 2) жай сөйлем синтаксисі, 3) құрмалас сөйлем синтаксисі. Мектеп оқушыларына алдымен синтаксис туралы түсінік беріледі де сөйлемнің мағынасына қарай түрлері төмендегі тәртіппен оқытылады: *хабарлы, сұраулы, бұйрықты және лепті* сөйлемдер. Сөз тіркесі синтаксисінің тақырыптары мына тәртіппен оқытылғаны жөн: сөз тіркесі туралы түсінік, сөз тіркесінің түрлері, сөз тіркестерінің құрлысы мен грамматикалық мағынасы, күрделі сөздер мен тұрақты тіркестері тақырыптары. Сондай-ақ сөздердің байланысу тәсілдері төмендегі тәртіппен оқытылады: *қиысу, меңгеру, матасу, қабысу, және жанасу*.

Оқушыларға сөйлем мүшесінен алдымен дара және күрделі мүшеден білім беріледі. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері мына тәртіппен оқытылады: бастауыш, дара және күрделі бастауыш, баяндауыш, дара және күрделі баяндауыш, күрделі баяндауыштың жасалуы, бастауыш пен баяндауыштың жасалуы, бастауыштан кейін қойылатын сызықша тақырыптары. Ал сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері төмендегі тәртіппен оқытылады: толықтауыш, дара және күрделі то-

лықтауыш, тура толықтауыш, тура толықтауыш пен жанама толықтауыш, толықтауыш пен толықталатын мүшенің байланысы, анықтауыш, анықтауыш болатын сөз таптары, дара және күрделі анықтауыштар, анықтауыш пен анықталатын мүшенің байланысы, пысықтауыш, пысықтауыштың түрлері-мекені, мезгіл, қимыл-сын, мақсат, себеп пысықтауыштар, пысықтауыш пен пысықталушы мүшенің байланысы.

Сонымен бірге оқушыларға сөйлемнің бірыңғай мүшелерінен төмендегі тәртіпте білім беріледі: бірыңғай бастауыш, бірыңғай баяндауыш, бірыңғай толықтауыш, бірыңғай анықтауыш және бірыңғай пысықтауыш, бірыңғай мүшелердің жалғаулық шылаулар арқылы байланысы, бірыңғай мүшелердің тыныс белгілері, бірыңғай мүшеге ортақ жалпылаушы сөздер, жалпылаушы сөздердің тыныс белгілері. Осы тақырыптармен бірге сөйлемнің айқындауыш мүшелері мына тәртіппен оқытылады: айқындауыш мүше жайында жалпы түсінік, оңашаланған айқындауыш, оңашаланған айқындауыштың тыныс белгілері, қосарлы айқындауыш тақырыптары беріледі. Мектепте оқшау сөздер материалдары төмендегі тәртіппен оқытылады: оқшау сөздер жайында жалпы түсінік, қаратпа сөз, қаратпа сөздің тыныс белгілері, қыстырма сөз, қыстырма сөздің тыныс белгілері, одағай сөздер, сөйлем басында келетін жоқ пен иә, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі және екпін тақырыптары.

Мектеп оқушыларына жай сөйлемнің түрлерінен төмендегі тәртіппен білім беріледі: жай сөйлемнің түрлері жайында түсінік, жакты сөйлем, жақсыз сөйлем, жақсыз сөйлемнің жасалу жолдары, толымды және толымсыз сөйлемдер және атаулы сөйлемдер тақырыптары. Орта мектепте құрмалас сөйлем материалдары үш салаға ажыратылып беріледі: 1) салалас құрмалас сөйлемдер, 2) сабақтас құрмалас сөйлемдер, 3) аралас құрмалас сөйлемдер. Алдымен оқушыларға құрмалас сөйлем туралы жалпы түсініктен білім беріледі де, салалас құрмалас сөйлем түрлері төмендегі тәртіппен оқытылады: салалас құрмалас сөйлем туралы жалпы түсінік, салалас құрмалас сөйлемнің түрлері, ынғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі, себеп-салдар, талғаулы және кезектес салалас сөйлемдер, салалас құрмалас сөйлемнің көп құрамды түрлері, салалас құрмаластың тыныс белгілері. Сондай-ақ оқушыларға сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлерінен төмендегі

тәртіпте білім беріледі: сабақтас құрмалас сөйлем туралы түсінік, сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері — шартты бағыныңқы, қарсылықты бағыныңқы, себеп бағыныңқы, мезгіл бағыныңқы, қимыл-сын бағыныңқы және мақсат бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемдер, сабақтастардың тыныс белгілері, жарыспалы көп бағыныңқы сабақтас, сатылы көп бағыныңқы сабақтас, көп басынқы сабақтас құрмалас сөйлемдер, аралас құрмалас сөйлемдер, аралас құрмаластың тыныс белгілері тақырыптары. Сонымен бірге оқушыларға төл сөз бен төлеу сөзден төмендегі тәртіпте білім беріледі: төл сөз бен төлеу сөз жайында жалпы түсінік, төл сөз бен автор сөзі, төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібі, төл сөздің тыныс белгілері, төл сөзді төлеу сөзге айландыру жолдары тақырыптары оқытылады. Мектеп оқушыларына тіл ұстарту материалдары тілдік салалардан кейін беріледі. Тіл ұстарту материалдары мына тәртіппен оқытылады: тіл ұстарту — стилистиканың бір тармағы, тіл ұстарту түрлері, тіл туралы мәлімет, тілдің мәні мен қызметі, тіл — тарихи құбылыс, қазақ тілі — қазақ халқының ұлт тілі, Қазақ республикасының мемлекеттік тілі, қазақ әдеби тілінің стильдері, тіл мәдениеті, сөз әдебі.

§ 8. ТІЛ МАТЕРИАЛДАРЫН МЕНГЕРТУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ тілі материалдарын меңгертуде кинестетикалық түйсіктердің атқаратын қызметі орасан. Сөйлеу процесінде дыбыстау мүшелерінің кинестетикалық түйсігі артады. Бұл түйсік нәтижесінде дыбыстау мүшелерінің бұлшық еттері әрекетке келеді, қозғалысқа түседі. **Дыбыстау мүшелерінің қозғалысқа түсуін кинестетикалық түйсік** деп атайды. Тілдің жоғары, төмен, алға, артқа жүйітку, екі еріннің бірне-бірі бірігіп қосылып, не екі еріннің дөңгеленіп барып сүйірленуі, нектің жоғары, төмен түсіп дыбыс шығаруы кинестетикалық түйсіктердің актив және пассив әрекеті нәтижесінде болады. Тіл дыбыстарының тыныс, тармақ және қуыс мүшелері арқылы жасалуында кинестетикалық түйсіктердің қызметі үлкен. Көру және есту бейнесі жазу процесінде сөйлеу мүшелерінің кинестетикалық түйсігін атқарады. Сөйлеу мүшелерінің бірнеше қимылы арқылы кинестети-

калык импульстер (күштер, кимылдар) сөздің есту және көру қабілетін күшейтеді. Дыбыстардың естілу және айтылу, әріптердің жазылу және көріну ерекшеліктерін кинестетикалық түйсіктер арқылы сезуге болады.

Сондай-ақ, қазақ тілінен берілетін дағдылар алдымен кинестетикалық түйсікке сүйене отырып қалыптастырылады. Оқушылардың сөзін шындап, дұрыс сөйлеуге ширатып, жетілдіріп отырудың мәні зор. Жас сәби дүниеге келген мезеттен-ақ тілдік ұғымдарды білуге талпынады. Өзін қоршаған адамдармен сөйлеу қарым-қатынасында болады. Осы өзге адамдармен сөйлеу қарым-қатынасы болғандықтан, олар тілдің дыбыстық, сөздік және грамматикалық жақтарын біртіндеп игере бастайды. Тілдің бұл жүйелі элементтерін шартты рефлекс заңдылықтары негізінде жүзеге шығарады.

Тілдің дыбыстық жағын меңгеру дегеніміз — ауызша дұрыс сөйлей білу яки әр буынды, әр дыбысты дұрыс айту, жазбаша әр сөзді дұрыс жазу деген сөз. Ауызша сөйлеу мен жазбаша сөйлеу бойынша дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметінің үлкен екені сезіледі. Әр сөздің өзіне тән мағынасын айыру арқылы оқушылар тіл дыбыстарының жай дыбыс емес, оның мағына ажыратушылық ықпалының да барлығын меңгере алады. Оқушылар дыбыстарды айту, есту және әріптерді көру, жазу түйсіктері түрлері жұмыс формалары негізінде іске асырылады. Дыбыс, сөз және сөйлем тәртібі белгілі бір жазу нормаларына бағынып, өз ара бірімен-бірі байланыста болады: айталық, *ол, аға, барды* дегенде, бұлар — бірнеше дыбыстан құралған жеке дара сөздер. Осы сөздерді белгілі бір формамен байланыстырып айтып, сөздің мәні айқындалып, аяқталған тиынақты ойды білдіретін сөйлем пайда болады: *Ол ағасына барды.*

Тіл арқылы қарым-қатынас жасау процесі қабылдау және ұғыну тәрізді психикалық құбылыстармен тікелей ұштас екендігі бізге аян. Дыбысты, сөзді қабылдау және оны ұғыну тәрізді психикалық құбылыстармен тікелей ұштас екендігі бізге аян. Дыбысты, сөзді қабылдау және оны ұғыну біріне-бірі өз ара қатысты, яғни дыбысты, сөзді қабылдамай тұрып, оны ұғынуға мүлде болмайды, объектіге алынған фразаны қабылдаудың өзі де оны ұғыну, түсінумен ұштасып отырады. Сондай-ақ көру түйсігінің артуын мынадан да байқауға болады. Берілген сөйлемдерді, мәтіндерді дауыстап оқу,

іштей оқу, көріп жазу, оқылған немесе естілген мәтін бойынша мазмұндама, шағын шығарма жазу, жоспар мен концепт жасау сияқты еңбек процестері қазақ тілі бойынша алған білімінің практикада көрінуі болып табылады. Сондықтан да негізгі жұмыс жазу арқылы орындалатындықтан оқушылардың көру дағдысын арттырады. Дағдының ойдағыдай қалыптасуы игерілген қазақ тілі материалдарының нәтижесімен өлшенеді. Берілген жаттығудың шартын тез орындауы, орындау сапасының артуы, түрлі жаттығу жұмыстарын орындау үстінде кателерді жібермеуі қазақ тілі дағдысының ойдағыдай қалыптасу өлшемдері болып табылады. Қазақ тілінен берілетін білімнің тез қалыптасып, берік орнығуы үшін оқушы үнемі материалды қайталап отыруы тиіс. Сонымен бірге жаттығуды орындауда кеткен кемшіліктер мен жіберілген кателерін ескертіп отыру қажет.

Мектеп оқушыларына қазақ тілінен білім беруде, тілдік материалдарды меңгертудің сатылы басқыштары орасан қызымет атқарады: **1. Меңгертудің аналитикалық басқышы.** Әр сөйлемде немесе тексте қанша дыбыс, қанша әріп бар екендігін жете меңгерту үшін әуелі жеке сөздерді буынға бөлдіреді де, сонан соң әр сөздегі буын мен әріптің қанша екендігін таптырады. Бұдан кейін дыбысты буынға, буынды сөздерге, сөздерді сөйлемге біріктіріп айтқызады. Сонан соң ол сөйлемде қанша дыбыс, қанша буын, қанша сөз және қанша сөйлем барлығы талданады. **2. Меңгертудің синтетикалық басқышы.** Бұл кезде оқушылар сөйлемді сөзге, сөзді буынға, буынды дыбысқа қарай талдап жинақтау дағдысына ие болады. Жазу мен оқу нәтижесінде сөздерді есту және көру бейнелері біріне-бірі ықпалын тигізіп, есту бейнесі көру бейнесінсіз жұмсалмайтындығы аңғарылады. Белгілі бір сөздерді көргенде, оған есту бейнесінің де қосылатындығы байқалады. **3. Меңгертудің аналитикалық-синтетикалық басқышы.** Бұл процесс тұсында оқушылар кез келген объектіні талдап, жинақтау дәрежесіне көтеріледі. Меңгерілетін объектінің мақсатын айқындайды да, соған лайықты жаттығу түрлерін молайтып, іске асыру дағдысын қалыптастырады. Сөйтіп оқушылар дыбысты буынға, буынды сөзге, сөзді сөйлемге біріктіреді де, жеке сөздерден сөйлемдер құрайды.

Қазақ тілі материалдарын меңгертудің процестері тікелей сол материалдардың психологиясына байланысты қарала-

ды. Тілдік материалдардан сабақ беруде оқушылардың сезімі мен түсінігін, байқауы мен қабылдауын, ойы мен қабілетін ескеріп отыру қазақ тілін меңгертудің белгілі шарттарынан есептеледі. Сондай-ақ, сабақ процесінде жеке оқушылардың үлгерімін байқап барған тәуір, нашар үлгірудегі себептерін де ескеріп отырған мақұл. Мектепте өтілетін қазақ тілінің материалдарын меңгертудің психикалық құбылыстары психикалық процеспен, психикалық қалыппен және психикалық сипатпен ұштасып жатады.

Осы сияқты қазақ тілі материалдарын меңгертудің негізгі процестері мыналар: **1. Қазақ тілі материалдарын еске түсіру.** Қазақ тілі тақырыптарын оқушыларға танытуда және оны оқушылар ойына қалыптастыруда психикалық әрекет пайда болады. Логикалық ойлаудың индукциялық және дедукциялық амалдары, сигнал жүйелерінің барлығы адам баласының ойлау сезімдерін оятады. Бұл сезім аралық ми деп аталатын бас мидың бір бөлігіне байланысты болады. Мидың осы бөлігінің клеткалары қозғалғанда түрлі сезім дүниелері оянады. Осы сезімнің негізінде қазақ тілі тақырыптарын оқушылар ойында қалыптастырудың дағдылары пайда болады. Өтілетін материалдардың тақырыбы тақтаға жазу, көрнекі құралды ілу, түрлі дидактикалық материалдарды пайдалану және тақырыпты оқушыларға хабарлау процесінде оларда белгілі дәрежеде ұғым, түсінік сәулеленеді. **2. Қазақ тілі материалдарын түсіндіру.** Дидактикалық құралдарға сүйене отырып, жаңа материалдың өзіндік белгілерін, жасалу жолдарын, бір-бірінен айырмашылығын, анықтамасы мен ережелерін қалыптастыру жүйесінде жартылай түсінік пайда болады. Жаңа құбылысты таныту арқылы оқушылардың дыбыс жүйесінен ой өрісі, білім аясы және жалпы білім дәрежесі кеңейеді. Сондай-ақ оқушыларға жаңа материалдың өзіндік белгілерін қалыптастыруда оларда мына сияқты түсінік пайда болады: 1) өтіліп отырған материалдың тақырыбын аңғарады; 2) өткен материал мен жаңа материалдың байланысын табады; 3) жаңа тақырыптың жасалу жолдарын меңгереді; 4) тақырыптың анықтамасы мен ережесін игереді; 5) өтіліп отырған тақырыптың терминін түсінеді; 6) түсініксіз құбылыстарды меңгереді. **3. Қазақ тілі материалдарына дағдыландыру.** Бұл процесте қазақ тілі материалдарының өзіндік белгілерін түгел қамтитындай дағ-

ды түрлері іске асырылады. Мұндай жұмыс процесі негізінде оқушыларға толық түсінік қалыптасады. Қазақ тілі тақырыптарын дағдыландыру, пысықтау, қайталау сияқты жұмыс процестерін өз ішіне қамтиды. Оқушылардың дағдысын қалыптастыруда мынадай түрлері орындалады: 1) мұғалімнің дайындаған карточкалары іске асырылады; 2) оқулықтағы жаттығулардың шарттары орындалады; 3) схемалар мен таблицалар жасатылады; 4) ауызша мысалдар таптырылады; 5) ауызша сөйлемдер саптатылады; 6) мәтінге лайықты шағын шығармалар құратылады; 7) картина мен сурет бойынша сөйлемдер құратылады; 8) орфографиялық сөздіктер бойынша жұмыс жүргізіледі; 9) жергілікті материалдар пайдаланылады.

Оқушылардың дағдысын арттыруда және оның түсінігін өсіруде, мына сияқты жұмыс түрлері іске асырылады: 1) алдымен дағдыны орындаудың шарты айтылады; 2) сонан соң дағдының біреу үлгісі көрсетіледі; 3) дидактикалық мәтін дауыстап оқылады; 4) осы дағдыны қалай орындау керек екендігі жайында оқушыларға сұрақ қойылады; 5) бұдан кейін керекті объектінің асты сызылады; 6) бұдан кейін тақтадағы мысалдар көшіртіліп, қалай болғандығы еске түсіріледі.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Интерпретация сөзінің мәнін түсіндіріңдер. 2. Білім мазмұны деп нені айтады? 3. Білім аумағы деп нені түсінеміз? 4. Жүйе теориясына қандай анықтама беріледі? 5. Көлем теориясына қандай анықтама беріледі? 6. Тілдік материалдардың классификациясын түсіндіріп беріңдер.

III тарау

ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ ТЕОРИЯСЫ

§ 9. ӘДІС ПЕН ТӘСІЛ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беруде білім беру әдістері өте жиі іске асырылады. Сондай-ақ білім беру әдістері жалпы методиканың мәселелерінен саналады. Әдіс (метод) — грек тілінен енген сөз. Оның бастапқы ұғымы *methodos* — *зерттеу* деген мағынаны аңғартады. Бертін келе алғашқы мағынасын кеңейтіп, белгілі бір пәнді оқытудың әдісі дегенді білдіреді. Сөйтіп, **әдіс қазақ тілінен теориялық білім берудің тәсілдерін, соған байланысты практикалық дағды мен тәлім-тәрбие берудің амалдарын саралайды, соны практика жүзінде іске асырудың тәсілі мен жолдарының дәл жүйесін көрсетеді.** Қазақ тілінен алған білімі мен білігін және практикалық дағдысын қалыптастыру жолындағы мұғалімнің жүргізетін жұмыс жүйесі оқыту әдістерінің құрылымына тікелей байланысты. Сонымен бірге мұғалім басшылығымен орындалатын оқушы жұмысының тұрақты сатысы оқыту әдістерінің түріне катысты болады. Білім беру әдістері қазақ тілінің теориялық материалдарын психикалық функциялар негізінде меңгертіп, оны оқушылар ойында қалыптастыруды және практикада шығармашылықпен қолдана білуді үйрететін тәсілдер құрамы болып табылады.

Білім беру әдістеріне төмендегідей анықтама беріледі: **қазақ тілінен білім беру әдістері — оқушыларға білім мен білік және дағды беру жолында жүргізілетін тәсілдердің ішкі әрекеті жиынтығы.** Білім беру әдістері мұғалімнің басшылығымен іске асырылады. Мұғалімнің тікелей білім мен дағды беру жолында қолданылатын жұмыстары болып табылады. Білім беруде күллі орындалатын жұмыстар білім беру әдістері бойынша алып барылады. Әдіс — дербес түсінік, тәсіл әдісті құрайтын элементтер. Сондықтан да әдіс тәсілдер элементтерінен құралады. Әрбір элемент

әдіс құрылымын белгілейді. Білім беру әдістері қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды алуға жетектеп, оқушылардың жас ерекшеліктері мен ой дәрежесіне қарай оқыту тұсында қолданылатын тәсілдер құрамы екендігі белгілі.

Әдістің өзіне тән теориялық құрамы да сол оқытып, білім беру мақсатына негізделеді де, оның әр қайсысы практикада алуан түрлі жұмыс жүйесі процесінде мына сияқты ойлау дағдылары қалыптасады: тілдік материалдарды талдау; талданған объектілерді түсіндіру; объектілерді дәлелдеу; объектінің өзіндік белгілерін санап көрсету; тақырыпты оқыту; оқыту үстінде қатесін түзету; тақырыптың анықтамасы мен ережесін айту; бірнеше мысалдарды оқушылардың өздеріне таптырып талдату. Білім мен дағдының өзара кірігуі арқылы білім беру әдісінің құрылымын білуге жол ашылады. Сондай-ақ, мұғалім мен оқушының білім беру шеберліктері төселеді, теориялық және практикалық әдістерді саралап қолдануға жаттығады. Осының нәтижесінде қазақ тілін оқыту әдістері жүйеленіп, білім берудің сапасы артады.

Қазақ тілінен білім беру әдістері сан алуан. Осы әдістерді методикада топтап көрсетудің мәні үлкен. Жіктеп көрсетуде, біріншіден, оқушыға берілетін білімнің сапасы артады, екіншіден, оқушымен жүргізілетін жұмыстың дәлдігі нығаяды, үшіншіден, мұғалімнің істейтін жұмысы жеңілдейді. Әрине, білім беру әдістерін тандап қолдану, оны қай уақытта іске асыру және білім беру әдістерін қай материалға байланысты сұрыптап алу методиканың қиын да күрделі мәселелерінен саналады. Сондықтан да оқушыларға ұсынылатын тілдік материалдардың көлемін тандау аса қажетті мәселе болып табылады. Оқушыларға берілетін білімнің көлемін сұрыптап алу білім беру әдістерінің іске асыруын жеңілдетеді. Білім беру әдістерінің қайсы мақсатта іске асыруда оларды топтастыру (классификация жасау), жіктеу ең қажетті мәселе болып табылады. Оқушылар тілді әуелі практикалық, кейін теориялық жақтан меңгереді. Оларға осы мақсатта білім беріледі. Қазақ тілінен білім беру әдістерін классификация жасау методиканың соңғы табыстарына негізделеді.

Қазақ тілінен білім беру әдістерін топтастыруға (классификация жасауға) төмендегі методикалық мәселелер өлшем етіп алынады. Сөйтіп қазақ тілінен білім беру әдістері мына методикалық өлшемдерге байланысты классификация жасалады. Ол өлшемдер мыналар: **1. Қазақ тілінен білім беру әдістері білім алу көздеріне байланысты классификация жасалады.** Сондықтан да біз оқушылардың білім мен дағдысы қайсы білім көздері негізінде келетіндігіне тоқталып өтейік: 1) оқушылар қазақ тілінен алған білімдері мен дағдысын өзін қоршаған ұжымды орталықпен қарым-қатынас жасау негізінде кенейтеді, еңбектің барлық саласында бір-бірімен сөйлеседі, көрген-білгенін әңгіме жасайды, сөйтіп қарым-қатынас жасау негізінде белгілі бір білім негізіндерін молайтады; 2) тілдік материалдың практикалық қолданысын оқушылар көркем әдебиетті оқу үстінде түсінеді; 3) оқушылар білім мен дағдыны қазақ тіліне байланысты жүргізілетін тәлім-тәрбие және сыныптан тыс орындалатын жұмыстар бойынша алады; 4) білім мен дағды мұғалімнің түсіндіруі бойынша қалыптасады; 5) білім мен білік қазақ тілі оқулығы бойынша қалыптасады; 6) білім мен дағды арнайы таңдалған дидактикалық материалдар: диктанттар, мазмұндамалар, үлестірмелі карточкалар және түрлі көрнекі құралдар негізінде шоғырланады. Міне сөйтіп оқушылар білім мен дағдыны жоғарыдағы білім көздері бойынша қалыптастырады.

2. Қазақ тілінен білім беру әдістері дидактикалық жұмыстардың мақсатына қарай классификация жасалады. Оқушылардың терең білім алуы, сапалы меңгеруі, өздігінен жұмыс істей алуы, іскерлік дағдыларының артуы, дүниетаным білігінің кенеюі дидактикалық жұмыстардың мақсаты болып табылады. Сонымен қазақ тілінен білім беру әдістері білім алу көздеріне негізделі отырып, практикалық дағдылардың мақсатына сай түрленеді. Білім беру әдістері өтілетін материалдардың мазмұнына, көлемі мен жүйесіне, оқушылардың логикалық ойын дамыту бағытына, өздігінен ізденіп орындалатын жұмыстардың жүйесіне, оқушылардың икемділігі мен қабылдауына қарай, пәнге байланысты жүргізілетін тәрбиелік жұмыстардың мақсатына қарай жіктеледі.


3. Қазақ тілінен білім беру әдістері ірі методист-ғалымдардың айтқан методикалық ой-пікірлеріне байланысты классификация жасалады. Осыған орай методикаға байланысты жазылған бірсыпыра еңбектерді атап өтуге болады. Проф. А. В. Текучев «Методика русского языка в средней школе» деген еңбегінде білім беру әдістерін білім алу көздеріне қарай классификация жасауды мақұлдайды. Сондай-ақ, көптен бері оқытудың заңдылықтарын үңіле зерттеп келе жатқан методист-ғалым проф. Л. П. Федоренко теориялық методиканың проблемаларын талдай келе, әдістерді бөлуге тірек бола алатын білім алу көздеріне тоқталады (Л.П. Федоренко «Принципы и методы обучения русскому языку» М., 1964), тілді оқыту методикасына байланысты жазылған құнды зерттеулер де (Ө. Исабаев «Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері» А., 1993, 33-б.) осы мақсатқа арналады. Мұнда білім беру әдістерінің түрлері жан-жақты талданады. Сөйтіп қазақ тілінен білім беру әдістерін оқушылардың білім алу көздеріне негізделе отырып, оларды төмендегіше классификация жасауға болады:

1. Теориялық әдістер: Бұл топтың түрлері мыналар: әңгіме әдісі, хабарлау әдісі, түсіндіру әдісі, тәжірибе әдісі және кітапты пайдалану әдісі.

2. Практикалық әдістер: дайын материалды талдау әдісі, фонетикалық талдау әдісі, лексикалық талдау әдісі, морфологиялық талдау әдісі, синтаксистік талдау әдісі, түрін өзгерту әдісі, мазмұндау әдісі, сөйлем құрату әдісі, шағын шығарма жаздыру әдісі, орфографиялық талдау әдісі, көшіріп жазу әдісі, диктант жазу әдісі, тілді әдебиет материалдарымен байланыстырып өту әдісі, түсініксіз сөздерді үйрету әдісі, диалогтық және монологтық сөйлеуді үйрету әдісі, ауызша түсіндіру әдісі, ауызша мазмұндау әдісі, мәнерлі оқу әдістері.

3. Көрнекі әдістер: сызбаны пайдалану әдісі, кестені пайдалану әдісі, карточканы пайдалану әдісі, карточкалы дәптерді пайдалану әдісі, анықтағыш дәптерді пайдалану әдісі, магнитофонды пайдалану әдісі, радионы пайдалану әдісі, теледидарды пайдалану әдісі, киноны пайдалану әдісі, компьютерді пайдалану әдісі.

Оқыту әдістері технологиясын мынадай кестемен көрсетуге болады:



§ 10. ӘДІСТІҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУ ЖҮЙЕСІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Қазақ тілінен саналы да тиянақты алған білімдерін әр жакты практика жүзінде іске асыруда жүйелі жұмыс тәртібі үлкен қызмет атқарады. Сондықтан да әрқашан өнімді еңбек әдістері теориялық методика қағидаларына сай жүргізіліп отыру мақсаты көзделеді. Жоғарыда айтылған әдістерді іске асыру арнайы тандалған материалдар негізінде жүргізілетін жұмыстың психологиясына байланысты. Әдісті қашан, қай уақытта, қайсы материалдарға сай тандап іске асыру аса қиын проблема болса, өтілетін материалдардың тілдік табиғатына, информатордың дайындығына, меңгерілетін тілдік құбылыстардың мөлшеріне, жүргізіліп жатқан жұмыс мақсатына қарай іріктеп алуға мүмкіндіктер туады.

Әдістің қолданылу жүйесі білім алу көздеріне негізделіп отырып, мына сияқты жұмыстың басты процестерін ескереді:

1. Әдістің іске асырылу жүйесі материалдардың өтілу дәуірлеріне, яғни объектіні меңгертудің психологиялық бас-

кыштарына қатысты болады. Мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы бойынша бұрын өтілген материалдар мен жаңадан өтілген объектілер жөнінде оқушыларда белгілі дәрежеде ұғым, түсінік пайда болады. Бұл кезде өтілген материалдар оқушылар ойында сәулеленеді. Белгілі бір объекті логикалық ойлаудың тәсілдері мен екінші сигнал жүйелері нәтижесінде ой қорытындысы жасалады. Ой қорытындысын жасауға сеп болатын бастапқы басқыш, сәулеленуден туады. Берілген білім мен дағдыларды оқушылар белгілі дәрежеде жартылай игереді. Түсіндірілген объектілер жөнінде белгілі көлемде білім сапасын меңгертеді. Жүйелі жаттықтырылудың, мол пысықталудың негізінде толық меңгеру жүзеге келеді. **2. Әдістің іске асырылу жүйесі материалдың ауыр-жеңіл характеріне байланысты орындалады.** Өтілетін тақырыптың өзіндік белгілері бесеуден артық болса, меңгеретін оқушыларға ауырлау соғуы мүмкін. Сондықтан да мұғалім алдымен түсіндіру әдісін талдау тәсілдерімен ұштастырады. Өткенді еске түсіру және жаңа материалмен байланыстыру мақсатында алдыңғы сабақта не берілгені жинақталады. Соған сәйкес оқушылардың түсінбеген сұрақтарына жауап беріледі. Қойылған сұрақтарға бірде оқушылар, бірде мұғалімнің өзі жауап қайтарып отырады. Бұдан кейін оқушыларға үш сөйлем карточкалар арқылы тарқатылып беріледі. Олардың өзіндік белгілерін түсіндірмелі тәсілмен дәлелдейді. Сонан кейін бүгінгі сабақта қайсы тақырып өтілетіні, оның теориялық және практикалық мәні ескертіледі. Сосын осы тақырыпқа арналған көрнекі құрал тақтаға ілінеді. Қазақ тілі материалдарының өзіндік ішкі заңдылықтары түсіндіріледі.

Мұнан кейін қазақ тілі тақырыптары туралы айтылған тілдік белгілерді қорытып, жинақтайды да, осы материал жайында оқушылардың қойған сұрақтарына жауап береді. Мұғалім материалдың ауырлығына көз сала отырып, дағдылар құрамын іске асырады. **3. Әдістің іске асырылу жүйесі материалды оқытудағы басты мақсаттарға қарай жүргізіледі.** Мәселен, жоғарыдағы жүйемен жүргізілетін түсіндіру әдіс түріне мына тәрізді мақсаттарды иелеуге болады: өткен материалды еске түсіру оған сөйлемдер тарқатып беру, көрнекі құралды пайдалану, материалды талдау әдістері арқылы жинақтайтын дағдылар көрсету, олардың өзіндік белгілерін таныту, нақтылы жаттығу жұмыстарын көрсету.

Әдісті іске асыруда мұғалімге қиындық келтіретін проблема әдіс-тәсілдердің бір-бірімен ұштасатындығы. Белгілі бір грамматикалық тақырыптарды өту үстінде әдістер кешені бір-бірімен кірігіп, көгенделіп, байланысып отырады. Мұндайда әдістің екі түрлі қызметі барлығы білінеді: 1) толық элементті әдіс; 2) аралас элементті әдіс. Толық элементті әдіс тілдік материалдардан білім беруде өзінің ішкі құрылымын істің өң бойында бүтіндей сақтайды. Сөйтіп оқушыларға теориялық білім мен практикалық дағды беруде жетекші қызмет атқарып, белгілі бір әдіс жүйесінде дараланып отырады. Ал аралас элементті әдіс болса, білім беруде жаппай қатысып, әрбір әдіс элементтерінің тиісті орында қызмет атқаратындығы сезіледі. Осы тақырыптың екінші пунктінде көрсетілген жүйе мен тақырыптың өзіндік белгілерін, жасалу жолдарын танытуда әдістер комплексі толық қатыспай, аралас жүргізіледі, яғни түрлі әдістердің элементтері ғана қызмет атқарады. Материалды түсіндіруде өтілгенді еске түсіру үшін талдау, түсіндіру әдістері, өздігінен істеу мақсатындағы түсіндірмелі тәсіл жаңа материалға зейінін аудару үшін хабарлау амалдары, көрнекілік тәсілдері, әңгіме әдістерінің элементтері қолданылады. Түрлі әдістер элементтерінің қосылуы теориялық материалдардың меңгеруіне жағдайлар жасайды. Әдісті іске асыруда негізгі мақсаттармен бірге тақырыпқа сай ескерілетін принциптерді ұмытуға болмайды. Мәселен, қазақ тілі тақырыптарын оқыту үстінде: әдіс элементтерін ұштастыру; оқушылардың зейінін қазақ тілі тақырыптарына аудару; тақырыптың өзіндік белгілерін тірек ету; тақырыптың әсерлігі мен мәнерлілігін күшейту; ауызша сөйлеу дағдысын арттыру; жазба сауаттылығын арттыру; оқушылардың өздігінен істеу белсенділігі мен саналылығын күшейту процестері басты меже бола алады.

Сөйтіп, әдістің іске асырылу жүйесі лингвистикалық фактілерді тірек етіп, психологиялық факторлар негізінде методикалық принциптер мен заңдылықтар бойынша жүзеге асады. Таза практикалық жұмыстарды орындау тұсында түсініксіз сөздерді түсіндіру, сөйлеу тілін дамыту, мәнерлеп оқу, қосымша әдебиеттермен істеу тәсілдер кешені жұмсалады. Теориялық тілдік материалды оқытуда әңгіме, хабарлау, тәжірибе, түсіндіру, кітапты пайдалану әдістері жүйесі қолданылады. Ал әрі теориялық, әрі практикалық мақсатта

жүргізілетін әдістер жүйесіне мыналар кіреді: қазақ тілі тақырыптарын талдау, тілдік материалдың түрін өзгерту. Тілдік тапсырмалары бар мазмұндау, шығарма жаздыру әдістері, орфографиялық талдау, көшіріп жазу, диктантты жаздыру, орфографияны үйрету әдістері және дұрыс сөйлеу дағдысына еліктеу, тәжірибе әдісінің дыбыстау мүшелерінің қызметін түсіндіру, дұрыс айту ережелерін меңгеру, көрнекі құралды пайдалану, өлең ұйқастарының айтылуын үйрену сияқты орфоэпияны үйрету тұсында жергілікті тіл ерекшеліктерін болдырмаудың тәсілдері іске асырылады. Әдістің қолдану жүйесі әдіс-тәсілдердің өзара бөлінулерін ішкі органикалық бірлігін өзіндік ерекшеліктерін білуді өте қажет етеді. Өйткені мұнсыз оқу жұмыстарын жүйелі жүргізу қиынға соғатындығы өзінен-өзі түсінікті.

Сонымен әдістің іске асырылу тәртібі қазақ тілінен білім беру әдіс-тәсілдерінің құрылымына тікелей байланысты. Әдіс жүйесі тәсілдер элементтерінің өзара ұштастығы мен тұтастығы ретінде ұғынылуға тиісті де, ал құрылымы әдіс элементтерінің қарым-қатынасы ретінде танылуы қажет. Сондай-ақ құрылымның өзіндік белгілері болса, әдіс элементтерін байланыстырудың факторлары есебінде көрінуі тиіс. Жүйе мен құрылым бірімен-бірі дәлдей, айқындай және әдіс құндылығын растай түседі. Әдістің іске асырылу жүйесі мен әдісті құрастырушы элементтер уақыт озған сайын дамып, жетіліп отырады.

Құрылым табиғатын айқындау оны құрастырушы элементтердің бірлігін саралау, жетілдіру жалпы методиканың міндеттерінен саналады. Сондықтан да құрылымды зерттеліп отырған кезге дейінгі дамудың динамикасы тұрғысынан қараған жөн. Құрылымға теориялық шолу жасауда методика жайында айтылған пікірлерді ескеру қажет. Сөйтіп, әдістің құрылымын, біріншіден, оны құрастыратын элементтердің кірігуі тұрғысынан, екіншіден, осы күнгі дамуы тұрғысынан қаралуы тиіс. Әдіс құрылымында оның ішкі бірлігі, тұтастығы болатындығы дәлелденіп келеді. Сондай-ақ әдіс құрылымында бірыңғай тұтастық бар, ол біртіндеп жасалып, мол тәжірибе негізінде қалыптасады. Сондықтан да әдістің жүйесі мен құрылымдық элементтері және оның өзара байланысын зерттеу қазақ тілі методикасының теориялық мәселелерінен саналады.

§ 11. ӘДІСТІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Қазақ тілінен білім беру әдістерінің құндылығын бағалап отыру күрделі мәселелердің бірі. Оқушыларға теориялық білім мен практикалық дағдыны меңгертуде қайсы әдістің тиімді екенін, қайсы тәсілдің басқа тәсілдерден өнімді екенін дәл көрсетуде теориялық методика қағидалары ескеріледі. Білім мен білікті үйретудің өзіне тән әдістерін тандап, оны іске асыру саналы білім берудің кепілі бола алады. Сондықтан да біз әдістің құндылығын бағалаудың өлшемдеріне тоқтап өтпекпіз: 1) Қазақ тілінен білім беру әдісінің құндылығы ана тілін меңгертудің заңдылықтарымен өлшенеді: а) әдістің іске асуы арқылы тілдің мағыналық жақтарын меңгеруі; ә) әдістің негізінде тілдің әсерлі жақтарына назар аударуы, яғни ашық, айқын, өткір және көркемдік құндылығын түсінуі; б) жазба тіл мен ауызша тілді салыстыру нәтижесінде меңгере білуі; в) тілдің материалдық жақтарын түсінуі; г) сөйлеу мүшелері мен қолын жазуға жаттықтыра білуі; ғ) тілді үйренудің сатылы қарқынының артуы тәрізді заңдылықтарды қамту негізінде бағаланады. 2. Әдістің құндылығы оқушы еңбегінің белсенділігімен есептеледі: а) оқушының еңбекке қызығуы; ә) тілдің практикалық жұмыс қажетіне асуы, жарауы; б) өздігінен жұмыс істеуге төселуі сияқты мәселелерді қамтиды. 3. Әдістің құндылығы оқушы білімінің кенеюі мен шоғырлануына лайықты жағдай жасауымен бағаланады: а) оқушының танымдық қабілетінің артуы; ә) кез келген еңбекті еркін орындауы; б) ұжым жұмысының қажетін өтуі бойынша анықталады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Білім беру әдістерінің анықтамасын айтып беріңдер? 2. Тәсіл элементтері деп нені түсінеміз? 3. Әдістерді классификация жасаудың өлшемдерін түсіндіріңдер. 4. Әдістің топтары мен түрлерін айтып беріңдер. 5. Әдістің құндылығы неде?

IV тарау

ТЕОРИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ

§ 12. ТЕОРИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Теориялық әдістер тілдік материалдардың негіздері мен заңдарын, анықтамалары мен ережелерін меңгертумен бірге, оларды практика қажетіне жаратуға бағыт сілтейді. Мұғалім белгілі бір тілдік тақырыптың өзіндік белгілерін ғылыми тұрғыдан сұрыптап, материалдың мазмұны мен көлеміне және әрбір өткізілетін сабақтың құрылымына орай тақырыптың оқытылу жүйесін белгілейді. Бұл әрқашан мектеп бағдарламасының көлеміне негізделеді де, әр сыныптағы оқушылардың ой дәрежесі мен жас ерекшеліктеріне сәйкестендіріледі. Мұғалім теориялық материалдарды үнемі өзі мазмұндамай, оқушыларды да қатыстырып, практикалық тұрғыда өздерін іздендіріп отырады. Өтілетін материалдардың өзіндік ерекшеліктері мен ондағы заңдылықтарды оқушыларға талдата отырып меңгертуге, әуелі тақырыптың ішкі қасиеттерін өзара саралап, осыған лайықты дидактикалық мысалдар табуды жүктеген мақұл. Осы сияқты методикалық жұмыс өтілетін материалдардың ғылыми жағын саралап, түсінуіне көмегі мол. Оқушыларды өздігінен істеу жұмыстарына жұмылдырып отыру теориялық әдістерді іске асырудағы басты мақсат болуы тиіс. Мұның өзі қазақ тіліне байланысты жазылған әдебиеттермен жұмыс істеуге пайдасын тигізеді. Теориялық әдістер тілдік материалдардың өзіндік белгілерін, жасалу жолдарын, анықтамалар мен ережелерін үйретеді.

§ 13. ӘҢГІМЕ ӘДІСІ

Қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беруде, мұғалім мен оқушының қарым-қатынасын анықтайтын, бірде мұғалімнің өзі түсіндіріп, бірде оқушының өзін іздендіретін әдістің бірі — *әңгіме әдісі*. Бұл теориялық

материалдарды практикалық жұмыстармен ұштастыру негізінде жүзеге асырылады. Мұны кейде мұғалімнің түсіндіруімен оқушының жауап сөзіне карап, *сұрақ-жауап әдісі* деп те атайды. Қазақ тілінен өтілетін сабақты әңгіме әдісімен жүргізгенде, оқушылардың мына сияқты дағдылары қалыптасады: оқушылардың білім алу талабына сай, белсенділігі артады; тілдің өзіндік белгілерін дәлелдеп айтуға қызығады; тілін ширату негізінде өз сөйлемін стилистикалық жақтан дұрыс саптауға бейімделеді; жай сөйлем мен құрмалас сөйлем бойынша көрген-білгенін тәуірлеп айтуға жаттығады; өз пікірінен қорытынды шығаруға үйренеді. Осы сияқты дағдыларды өсіру мақсатында сабақты әңгіме әдісімен өткенде, оған төмендегі талаптар қойылады: а) түсіндірілетін объектілер әдеби тіл жағынан мінсіз, яғни мұғалім тілі өте жатық болуы абзал; ә) мұғалім әңгімесінде берілетін ой тиянақты, толық болғаны жөн; б) сөз саптауы, сөйлем құрауы жағынан жай сөйлем немесе құрмалас сөйлем жүйесімен берілуі тиіс; в) мұғалімнің түсіндіруі жеңіл болуы қажет; г) әңгімеге оқушының өзін қатыстырып отыру керек. Сөйтіп мұғалім жауап алу процесінде оқушы тілінің мазмұнды болуын, жауап сөзінің логикалық жақтан берік болуын қадағалап отырады.

Сондай-ақ, жауап сөзіне де мынадай талаптар қойылады: а) оқушы сөзінің анық болуы; ә) оқушының жай сөйлем немесе құрмалас сөйлем құрылысымен жауап беруі; б) өз түсінігін еркін айта білуі қажет. Оқушыларға қойылатын сұрақ мағынасы жағынан дәл, анық, логикалық жағынан берік болғаны абзал. Бірнеше мәселелердің басын қоспай, жеке-жеке сұрақтар берілгені жөн. Сонымен бірге оқушы «бар», «жок», «мүмкін», «емес», «білмеймін», «оқымадым» деген сияқты бір сөзбен жауап беруге болмайды. Бір тақырыпқа байланысты берілетін сұрақтар да бірде ауыр, бірде жеңіл болғаны дұрыс. Өйткені мұндай жұмыс түрінің өзгеруі оқушылардың ой дәрежесін өзгертуге септігін тигізеді. Оқушы жауабы тұсында мына тәрізді логикалық-психологиялық процестерге назар аударған жөн: біріншісі — берілген сұрақтағы негізгі ойға, яғни тілдік құбылысты қаншалықты ұққанын, екіншісі — сол сұраққа жауап беруде, оқушының өз ойын жеткізе білгенін ескеріп отыру қажет. Сабақты әңгіме әдісімен өткізуде, дидактикалық материалдардың мәні күшті.

Сондықтан да мұғалім тілдік материалдарды түсіндіруде қажетті сөйлемдер мен текстерді күнілгері сұрыптап, оқушылардың өздерің іздендіретін практикалық дағдыларын да жүйелі пайдаланады. **Сұрақ-жауап арқылы жүргізілетін білім беру құралын әңгіме әдісі** деп атайды.

Оқушыларға қазақ тілінен берілетін теориялық білімді меңгертуде, әңгіме әдісінің құрылымы да үлкен роль атқарады. Жүргізілген тәжірибелер мен методикалық эксперимент жұмыстардың қорытындыларына қарағанда, оның мынадай құрылымдық элементтерден тұратындығы анықталды: **1. Оқушылардың тілдік материалды бақылауы.** Мұғалімнің сұрыптап алған материалдары бойынша оқушылар тілдік фактілерге көз жүгіртеді. Түсіндірілетін тақырыпқа сай көрнекі құралдар мен дидактикалық мысалдар тақтаға іліп қойылады. Сонан соң мұғалім оқушыларға дауыстап оқытады. **2. Тілдік материалдарды сұрақтар негізінде меңгеруі.** Бұл көбінесе диалогтық сөйлеу формасында алып барылады. Өтіліп отырған тақырыптарға сәйкес, мұғалім оқушыларға сұрақтар қояды, оған жауап қайтарады. Сөйтіп бұл бір мәселе жайында сұрақ беру және оған жауап күту мағынасында айтылған сөйлемдер арқылы меңгеріледі. Оқушылардың өздеріне сұрақтар қойғызып, оған жауап қайтарып отырудың өздігінен іздендіру үшін тиер пайдасы мол. Мұндай жағдайда мұғалім қойылатын сұрақтың анық болуын, оған барлық оқушының түгел қатысуын, оқушы жауабының дұрыс-бұрыстығын, қойылған сұраққа толық жауап беруін, көп уақыттың кетпеуін қадағалағаны жөн. **3. Материалдың өзіндік белгілерінің сұрақтар арқылы айтылуы.** Сұрақ-жауап процесінде айтылып отырған материалдардың ішкі өзіндік заңдылықтары оқушылар ойына, білім дәрежесіне, жас және сынып ерекшеліктеріне сай аңғартылады. **4. Сұрақ жауап бойынша тақырыптың өзіндік ерекшеліктеріне орай ережелер мен анықтамалардың шығарылуы.** Әңгіме процесінде оқушыларға тілдік материалдардың ережелері мен анықтамалары меңгертіледі. Өздігінен меңгеру үшін ереже мен анықтамалар қиындық келтірсе, онда оны мұғалімнің өзі айтып береді. **5. Тақырыпқа байланысты практикалық дағдылардың жүргізілуі.** Мұғалім өтіліп отырған тақырыптың күнделікті өмір қажеті үшін қаншалықты пайдалы екендігін аңғартады.

Енді әңгіме әдісінің осы құрылымдық элементінің методикалық жүйесіне тоқталып өтейік. Тақырыпты, мәселен, зат есімнің жекеше түрлері (көптік жалғау) дейік. Осы материалға байланысты оқулықтағы кесте тақтаның сол жағына ілінеді. 1. Сөздің соңғы дыбысы: дауысты немесе үнді **р, у, л** дауыссыздары **-лар, -лер** — *оқушылар, көшелер, үйлер, күйлер*. 2. Ұяң **з, ж** немесе **л, м, н, ң** дауыссыздарынан соң — **-дар, -дер** — *қаздар, лаждар, қайыңдар, кілемдер, өзендер, көлдер*. 3. Қатаң дауыссыздардан соң **-тар, -тер** — *қонақтар, жолдастар, аттар, мектептер, көйлектер*.

Сөздің соңғы дыбысы: дауысты немесе үнді **р, у, й** дауыссыздары; ұяң **з, ж** немесе үнді **л, м, н, ң** дауыссыздарынан соң; қатаң дауыссыздардан соң;

Көптік жалғауы: **-лар, -лер; -дар, -дер; -тар, -тер**.

Мысалдар: *оқушылар, көшелер, таулар, үйлер; қаздар, қайыңдар, өзендер, көлдер; қонақтар, жолдастар, мектептер, көйлектер*;

Ал он жақтағы бос орынға көптік жалғауы жалғанған сөздер мен сөйлемдер жазылады.

Сонымен жылжымалы тақтаға мына сөйлемдер жазылды: *Оқушылар мектептен келді. Қаланың көшелері тап-таза. Көкшетау облысында көлдер көп. Туысқан республикалардан қонақтар келді*. Осы сияқты жазылған сөйлемдерді төрт-бес оқушы дауыстап оқып шығады. Оған сыныптағы оқушылар көз жүгіртеді. Бұдан кейін жоғарыдағы мысалдарды дауыстап оқу арқылы мұғалім көптік жалғаудың өзіндік белгілеріне сай сұрақтар қоя бастайды.

Мұғалім:

— Тақтадағы көптік жалғауын оқып шығындар.

Оқушы:

— Тақтада **-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер** көптік жалғаулары берілген.

Мұғалім:

— Сөздің соңғы буыны жуан болса, оған жалғанатын көптік **-лар, -дар, -тар** жалғаулары да жуан болады. Осы көптік жалғауы жуан түрде қалай жалғанады екен?

Оқушы:

— Сөздің соңғы буыны жуан болса, оған жалғанатын көптік жалғауы да жуан болады.

Мұғалім:

— Сөздің соңғы буыны жіңішке болса, көптік жалғауы жіңішке түрде жалғанады. Көптік жалғауы тағы да қандай жалғанады екен?

Оқушы:

— Сөздің соңғы буыны жіңішке болса, онда оларға *-лер, -дер, -тер* жалғаулары қосылады.

Мұғалім:

— Сөздің соңғы дыбысы дауысты немесе үнді *р, л, ь* дауыссыздарына бітсе, онда оларға *-лар, -лер* жалғаулары жалғанады. Тағы да қалай жалғанады екен?

Оқушы:

— Сөздің соңғы дыбысы үндіге бітсе, үнді дыбыстардан басталған *-лар, -лер* қосымшалары жалғанады.

Мұғалім:

— Сөздің соңғы дыбысы ұяң *з, ж* және үнді *л, м, н, ң*, дауыссыздарына бітсе, онда оларға *-дар, -дер* ұяң дауыссыздан басталған қосымшалар жалғанады. Сөйтіп сөздің соңғы дыбысы ұяң мен үнділерге бітсе, қалай жалғанады екен?

Оқушы:

— Сөздің соңғы дыбысы ұяң не үнді дауыссыздарға бітсе, оларға *-дар, -дер* жалғаулары жалғанады.

Мұғалім:

— Сөздің соңғы дыбысы қатаң дауыссыздарға аяқталса, онда оларға *-тар, -тер* қосымшалары жалғанады. Сөздің соңғы дыбысы қатаңға бітсе қалай жалғанады екен?

Оқушы:

— Сөздің соңғы дыбысы қатаңға бітсе, онда оған *-тар, -тер* қосымшалары жалғанады.

Мұғалім:

— Сөйтіп көптік жалғау заттың нешеу екенін білдіреді?

Оқушы:

— Көптік жалғау заттың бірнеше екендігін білдіреді.

Мұғалім:

— Сөйтіп біз көптік жалғаудың қайсы түрлерімен таныстық?

О қ у ш ы:

— Біз көптік жалғауының *-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер* түрлерімен таныстық.

М ұ ғ а л і м:

— Көптік жалғауының қандай өзіндік белгілері бар?

О қ у ш ы:

— Көптік жалғауы буын мен дыбыс үндестігі бойынша жалғанады. Біз оны жоғарыдағы мысалдардан көрдік.

М ұ ғ а л і м:

— Сөйтіп, көптік жалғау дегеніміз не?

О қ у ш ы:

— **Заттың бірнеше екенін білдіретін қосымшаны көптік жалғау** дейміз.

М ұ ғ а л і м:

— Тағы да кім айтады?

О қ у ш ы:

Оқушылар қайталайды.

М ұ ғ а л і м:

— Оқулық материалын дауыстап оқып шығындар.

Екі-үш оқушы дауыстып оқып шығады

М ұ ғ а л і м:

— Мәтіннен көптік жалғаудың астын сызып көрсетіндер.

О қ у ш ы:

Мәтіннен көптік жалғаудың астын сызып көрсетеді.

М ұ ғ а л і м:

— Тактадағы жазылған көптік жалғауын дауыстап оқып шығындар.

О қ у ш ы:

Бұларды оқып шығады.

М ұ ғ а л і м:

— Оқулықтағы жаттығу шартын орындандар.

О қ у ш ы:

Жаттығу шартын орындайды.

М ұ ғ а л і м:

Көптік жалғауын кірістіре отырып, сөйлем құраңдар.

О қ у ш ы:

Өз сөйлемдерін құрайды.

§ 14. ХАБАРЛАУ ӘДІСІ

Хабарлау әдісі — қазақ тілін оқытуда жиі қолданылатын әдістің бірі. Қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беруде, тілдік материалдың жалпы заңдылығы мен оның ішкі өзіндік белгілері нақтылы мысалдар арқылы хабарланады. Тілдік фактілердің жалпы қасиеттерін хабарлай отырып, оның жасалу жолдарына көздерін жеткізеді. Сабакты хабарлау әдісімен жүргізуде, мына сияқты екі құрылымдық элементтердің сақталмайтындығы байқалады. Біріншісі — тақырыптың өзіндік белгілері сұрақтар арқылы меңгерілмейді, екіншісі — оқушылар қорытынды пікірді, яғни анықтама мен ережені өздері шығармайды, мұғалімнің өзі айтады. Белгілі бір тақырыпқа байланысты анықтама мен ережені айтып болған соң, оқушылар сол тақырыптың өзіндік белгілерін көрнекі құрал мен түрлі дидактикалық мысалдарға бағдар жасай отырып, кең түсінуге мүмкіндік алады.

Хабарлау әдісі оқушылардың өздерін ойландырып, алғашқы айтылған жалпы пікірінен жалпы ой қорытындыларын шығаруға бағыттайды. Анықтама, ережелерді айта отырып, сол тақырыпқа тән ішкі жасалу жолдары мен өзіндік белгілерін хабарлап, оқушылардың өздерін іздендіру тәсілімен нақтылы ой қорытындысын шығарады. Қазақ тіліне орай берілген анықтама, ережелерге және оның өзіндік белгілеріне қарай жүргізілген практикалық дағдыларға оқушылардың өздері қатынасқанда, біріншіден, хабарлап отырылған тақырыпты саналы түсінеді, екіншіден, оны тұрақты, толық меңгереді, үшіншіден, практикалық дағдыны қажетіне жұмсай білетін болады. **Ақпарат арқылы жүргізілетін білім беру құралын хабарлау әдісі** деп атайды.

Қазақ тілі материалдарын хабарлау әдісімен меңгертуде, оның құрылымдық элементтері де аса зор қызмет атқарады. Жүргізілген методикалық эксперименттердің нәтижесіне қарағанда, хабарлау әдісінің мынадай құрылымдық элементтерден құралатындығы мәлім болды: 1. Мұғалімнің арнайы сұрыптап алған дидактикалық материалдарына оқушылар көз жүгіртіреді. 2. Анықтама мен ережелерді мұғалімнің өзі айтып береді. 3. Мұғалім материалдардың өзіндік белгілерін жазып, тактаға іліп қояды. 4. Мұғалім материалдың өзіндік

белгілерін біртіндеп хабарлайды. 5. Өтілген материалға байланысты практикалық дағдылар жүйесі орындалады. Енді осы хабарлау әдісінің өткізілу тәртібіне тоқталаық.

Мұғалім мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмаласқа арнайы жасалған кестені іліп қояды. Бағыныңқының баяндауыштары, тұлғалық белгісі, сұрауы, сөйлемдері, схемасы.

Мақсат бағыныңқы құрмаластың жасалу жолдары.

Бағыныңқының баяндауышы: Етістіктің әр түрі;

Тұлғалық белгісі: *-нақ/шы* болып; *-қысы, келіп; у* (үшін); *-на-с* (үшін); *айын* (деп); *-сын*(деп); *-са/м* (деп).

Схемасы:бармақ болып;көргісі келіп;үйрету үшін;акпас үшін; амандасайын деп;көмектесейін деп;бітіріп шықсам деп.

Сонан соң тақтаның оң жағына үш сөйлем жазады. Бұдан кейін осы жазылған сөйлемдерді үш-төрт оқушыға дауыстап оқытады. Осындай белгілі жұмыстан кейін мұғалім мақсат бағыныңқылы сабақтасқа арналған мына анықтаманы дауыстап оқып береді: ***Бағыныңқысы басындағы істің мақсатын білдіретін сабақтастың түрін мақсат бағыныңқылы сабақтас*** дейміз. Бұдан кейін мұғалім мақсат бағыныңқылы сабақтастың мынадай сұраққа жауап берертіңдігін айтып өтеді: *не мақсатпен? не етпек болып? не үшін? неге?* Сондай-ақ мұғалім мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлемдердің мынадай өзіндік ерекшеліктерін жазып, тақтаға іліп қояды: 1) мақсат бағыныңқының баяндауыштары төмендегіше жасалады. Мақсат бағыныңқының баяндауыштары *-мақ, -мек* жұрнағы жалғанған етістіктен кейін *болып* деген көмекші етістіктің келуі арқылы жасалады; 2) мақсат бағыныңқының баяндауыштары тұйық етістіктен кейін *үшін* шылауының келуі арқылы жасалады; 3) мақсат бағыныңқының баяндауыштары шартты, бұйрық және калау райлы етістікке деп көмекші етістігі тіркесуі арқылы жасалады.

Бұдан кейін мұғалім мақсат бағыныңқылы баяндауыштың өзіндік белгілеріне қарай отырып, төмендегіше хабарлайды: Балалар, мақсат бағыныңқының баяндауыштары төмендегі жолдармен жасалады: ***мақсат бағыныңқының баяндауышы -мақ, -мек жұрнақтары жалғанған етістіктен кейін болып көмекші етістіктің келуі арқылы жасалады.*** Мысалы: *Біздер иесіз жатқан қазынаны биыл меңгермек болып, зор қимылды бастағалы отырмыз (Сланов).* Сондай-ақ ***мақсат***

бағыныңқының баяндаушы тұйық етістіктен кейін үшін шылауының келуі арқылы жасалады. *Мысалы, Әңгімені басынан бастау үшін, Саржанмен кездескен күнді есіме толық түсіріп көрейін (Ә. Әбішев).* Мұғалім бұдан кейін мақсат бағыныңқының шартты, бұйрық және қалау райлы етістікке деп көмекші етістігі тіркесуі арқылы жасалатындығын хабарлайды. *Мысалы: Бір ұстасып қалсам деп, Күшінді байқап иенейсің (Жамбыл).*

Мұғалім осыдан соң жоғарыдағы айтылған анықтама мен өзіндік белгілеріне орай мына төрізді дағдыларды іске асырады: 1) оқулық материалын үш оқушыға дауыстап оқытады; 2) өзіндік белгілерін дауыстап оқытады; 3) мақсат бағыныңқының баяндауыштарын сөйлемнен табады; 4) оқулық жаттығуын шартына қарай орындайды; 5) мақсат бағыныңқының баяндауыштарын кірістіре отырып, сөйлем құрайды.

§ 15. ТҮСІНДІРУ ӘДІСІ

Қазақ тілін оқытуда мұғалім түсіндіруінің үлкен маңызы бар. Білім мен дағдыларды меңгертуде бұл әдістің атқаратын қызметі орасан: оқушыларға жана материалды меңгерту тұсында, түсініксіз құбылысты түсіндіру кезінде берілген сұрақтарға жауап беру барысында, оқулықтағы материалды кеңейту бағытында қызметі үлкен. Сондықтан да түсіндіру әдісі, негізінен, белгілі бір құбылысты кең бағдарлап, дәл танытуға байланысты алынған. Түсіндіру әдісі білім беру және білім алу мақсатына қарай, негізінен, екі түрге бөлінеді: біріншісі — мұғалімнің түсіндіруі, екіншісі — оқушының түсіндіруі. Мұғалімнің түсіндіруі мына сияқты жұмыс процесі тұсында көбірек байқалады: 1) мұғалімнің түсіндіруі түсініксіз объектілерді түсіндіру үстінде көп роль атқарады. Ауыр тақырыптарды баяндау, сөздік жұмыстарын жүргізу және оны үнемі жүйелі түрде іске асыру процесінде орындалады; 2) қазақ тілі тақырыптарын талдау кезінде жүргізіледі. Берілген мәтіндегі сөздерді дыбыс және буын жүйесіне қарай ажырату, морфологиялық тақырыптардың дыбыстық белгілерін айыру, орфографиялық талдау, дыбысты, буынды, сөзді дұрыс айту және жергілікті тіл ерекшеліктерін болдырмау барысында жүзеге шығады; 3) жаңа теориялық

білім таныту кезінде іске асырылады. Тақырыптың терминін, жасалу жолдарын, өзіндік белгілерін, анықтамалар мен ережелерін шығару процесінде өткізіледі; 4) практикалық дағдылар жүргізу барысында қолданылады, жана материалды меңгерту үшін түрлі жаттығулар алып барылады. Мұғалім осы жаттығуды орындау үлгісін көрсетуде қыруар еңбек сіңіреді.

Сондай-ақ оқушының түсіндіруі төмендегі орында жүзеге шығады: 1) қазақ тілі тақырыптарын белгілі бір мақсатқа қарай талдау кезінде түсіндіріледі; 2) мұғалім үйретілген мәліметтерді еске түсіру тұсында оқушылардан түсіндіруді талап етеді; 3) теориялық білімге байланысты қойылған сұрақтарға жауап беру үстінде оқушының түсіндіруі байқалады; 4) сыныптағы жаттығу жұмыстарын орындау кезінде оқушының түсіндіруі іске асырылады; 5) үй жұмысын түсіндіру үстінде жүзеге шығады; 6) өтілген материалды қайталау барысында орындалады. Сөйтіп қазақ тілі материалдарын мұғалімнің өзі терең де тиянақты түсіндірумен бірге, сол материалдарға оқушылардың өздерін іздендіріп, практикалық дағдылар жүйесіне қатыстырып отырғаны мақұл. Мұғалім қазақ тілі материалдарын түсіндіру үстінде, тақырыптың өзіндік белгілерін саралай отырып, оны тиісті мысалдармен дәлелдеп, үнемі дидактикалық жаттығуларды көрсетіп отырады. Тақырыптардың бірімен-бірінің байланыстылығын және алдағы айтылған ой мен кейінгі пікірдің ұштастығын нақтылы мысалдармен түсіндіреді. Мұғалім өтілген қазақ тілі материалдарының өзіндік белгілеріне сай қажетті мысалдарды ауызша және жазбаша түрде өздеріне таптырып отырады. Сонымен бірге қазақ тілі материалдарының өзіндік ерекшеліктерін қамтитын көрнекті құралдар бойынша жұмыс істеп, жалпы қорытынды шығарып отыруға баулиды. Мұндай жұмыс жүйесімен берілген білім оқушылардың түсінігін, тілдік фактілерді жете білудегі байыптауларын қалыптастырады. **Бірыңғай түсіндіру арқылы жүргізілетін білім беру құралдарын түсіндіру әдісі** деп атайды.

Сабакты түсіндіру әдісімен жүргізуде, оның құрылымдық элементтерін білудің де үлкен мәні бар. Методикалық эксперименттердің жақсы нәтижелеріне қарағанда, түсіндіру әдісінің төмендегі элементтерден тұратындығы анықталды: 1. Оқушылар мұғалімнің арнайы таңдаған көр-

некі құралдағы мысалдарын қарап шығады. 2. Тақырыптың өзіндік белгілерін белгілі тәртіппен түсіндіреді. 3. Мұғалім тақырыптың өзіндік белгілерін жинақтайды. 4. Тақырыпқа тиісті анықтамалар мен ережелер шығарылады. 5. Материалға байланысты практикалық дағдылар көлемі іске асырылады.

Жоғарыдағы түсіндіру әдісінің құрылымдық элементтеріне мына сияқты мысал келтіруге болады: алдымен мұғалім «Сын есімнің сөйлемдегі қызметі» деген тақырыпқа байланысты кестені тактаның сол жағына іледі: *анықтауыш, баяндауыш, пысықтауыш, бастауыш, толықтауыш* болады. Сұрақтары: *қандай? қалай? кім? не? кімге? кімнен?*

1. Анықтауыш болады, сұрағы қандай? — *Сұйықтау қоңыр шашының арасынан бас құйқасы қылаңданып көрінеді (М.Ө).* 2. Баяндауыш болады, сұрағы қандай? — *Сәтжанның пішіні жабыңқы (С.Б).* 3. Пысықтауыш болады, сұрағы қандай? — *Асылжан сабақты жақсы оқыды.* 4. Бастауыш болады, сұрағы кім? не? — *Жомарт жоқтығын, жүйрік тоқтығын білдірмес.* 5. Толықтауыш болады, сұрағы кімге? кімнен? — *Әдептіге елікте, әдепсізден жүркен.*

Тактаның оң жағына мына сияқты мысалдарды жазады: *Қалың ағаш арасынан әсем үйлер сығалап тұрған тәрізді. Ағашты көшеде, жапырақты бұталар арасынан ауыл шамдары жарқырайды. Үлкен бастар, кіші қостар. Өнерлі өрге жүзеді. Жақсыда жаттық жоқ.* Осы сияқты сөйлемдерді жаза отырып, мұғалім тақырыпты түсіндіруге дайындық жасайды. Көрнекі құралдағы және тактаға жазылған мысалдарды екі-үш оқушы дауыстап оқып шығады.

Сонан соң мұғалім сын есімнің сөйлемдегі қызметін түсіндіре бастайды. Балалар, сын есім сөйлемде алдымен анықтауыш қызметін атқарады. Кестедегі *Сұйықтау қоңыр шашының арасынан бас құйқасы қылаңданып көрінеді* деген сөйлемдегі *сұйықтау, қоңыр* деген сын есімдер *қандай?* деген сұраққа жауап беріп, *анықтауыш* болады. Сондай-ақ сын есімдер қолданылуына қарай баяндауыш та болып келе береді. Кестедегі *Сәтжанның пішіні жабыңқы* деген сөйлемде жабыңқы сөзі *қандай?* деген сұраққа жауап беріп *баяндауыш* болып тұр. Сонымен бірге **сын есім етістіктен болған мүшенің алдына келіп, іс-әрекеттің сынын білдірсе, қалай** деген сұраққа жауап беріп *пысықтауыш* қызметін атқарады. Мәселен, *Асыл-*

жан сабақты жақсы оқиды деген сөйлемде *жақсы* сөзі қалай деген сұраққа жауып беріп, *пысықтауыш* қызметінде келеді. Осылармен бірге мұғалім сын есімдер сөйлем ішінде септік, көптік, тәуелдік жалғауларында қолданылып, зат есімнің орнына жұмсала беретіндігін айтады. Мысалы, *жақсыдан қашпа, жаманға баспа* деген сөйлемде *жақсыдан* деген сын есім шығыс септігінде (-дан), *жаманға* деген барыс септігінде (-ға) тұрып, *неден? неге?* деген сұрақтарға жауап беріп, зат есімдердің қызметін аткарып тұр. Сын есімдерге көптік, тәуелдік жалғаулары қосылады: *жақсылар, жамандар, жақсым, жақсың, жаманың, жақсысы, жаманы. Білімдіге дүние жарық, Білімсіздің күні кәріп* (мақал).

Сөйтіп **заттанған сын есімдер түсіріліп қалған зат есімнің орнына жұмсалады. Сын есім өзінен кейін тіркесіп айтылуға тиісті зат есім түсірілгенде ғана зат есімге айналады.** Мысалы, *жүйрік тоқтығын, жомарт жоқтығын білдірмес* деген сөйлемде *жомарт, жүйрік* деген сын есімдерден кейінгі зат есімдер (*ат, адам*) түсіріліп, *жүйрік, жомарт* деген сын есімдер зат есімге айналған. Сонымен бірге осы сөйлемдегі *жомарт, жүйрік* дегендер *кім? не?* деген сұрақтарға жауап беріп, сөйлемде бастауыш болып тұр. Сондай-ақ *әдептіге елікте, әдепсізден жирен* деген сөйлемдегі *әдептіге, әдепсізден* дегендер *кімге? кімнен?* деген сұрақтарға жауап беріп, сөйлемде толықтауыш қызметін атқарады.

Осыдан кейін мұғалім оқушылардың білімдерін толықтыра түсу мақсатында «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері» деген кітабынан мынадай сөз өрнектерін айтады: *Білекті бірді жығар, Білімді мыңды жығар* (мақал), *Жақсыға шаң жуымас, Жаманға жан жуымас* (мақал). Осы келтірілген сөйлемдердегі *білекті, білімді* деген заттанған сын есімдер *кім?* деген сұраққа жауап беріп, сөйлемде бастауыш болады. Ал, *жақсыға, жаманға* заттанған сын есімдер *кім?* деген сұраққа жауап беріп, *пысықтауыш* болып тұр. Сөйтіп, **сын есімнің зат есім мағынасында жұмсалуды сын есімнің заттануы** деп аталады.

Сөйтіп, мұғалім сын есімнің сөйлемдегі қызметінің өзіндік белгілерін қорытып, төмендегіше жинақтайды: 1) сын есім сөйлемде анықтауыш, баяндауыш және пысықтауыш болады; 2) сын есімдер сөйлем ішінде септік, көптік және тәуелдік жалғауларында қолданылып, зат есімнің орнына жұмсалады; 3) заттанған сын есімдер бастауыш және то-

лықтауыш болады. Сонымен, қорыта келгенде, **сын есімдер сөйлемде бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш және пысықтауыш қызметін атқарады.**

Бұдан кейін мұғалім сын есімнің сөйлемдегі қызметіне байланысты мына сияқты практикалық жаттығулардың көлемін іске асырады: 1. Оқулық материалын екі оқушыға бөліп оқытады. 2. Оқулықтағы жаттығулардың шартын орындатады. 3. Мәтіндегі сөйлемдерді оқыта отырып, сын есімнің сөйлемдегі қызметін таптырады. 4. Сөйлемдегі сын есімдерге сұрақтар қойдырады. 5. Анықтауыш, баяндауыш және пысықтауыш болатын сын есімнің астын сыздырады. 6. Мәтіннен бастауыш және толықтауыш болатын заттанған сын есімдерді таптырады. 7. Анықтауыш, баяндауыш, пысықтауыш, бастауыш және толықтауыш болатын сын есімдерді кірістіре отырып, сөйлемдер құратады.

§ 16. ТӘЖІРИБЕ ӘДІСІ

Қазақ тілі материалдарын оқушыларға жеткізуде *тәжірибе әдісінің* маңызы зор. Тәжірибе әдісі қазақ тілін оқытуда жиі де көп іске асырылады. Бұл әдіс қазақ тілі материалдарын тікелей көрсету негізінде жасалады. Сондықтан да дыбыс заңдылықтарының жасалу жолдарын көрсетуде мына сияқты көрсету аппараттарына назар аударылады: 1) дыбыстың жасалуын дыбыстау мүшелерінің қызметі арқылы көрсету; 2) дыбыстардың өзіндік белгілерін көрнекілік бойынша дәлелдеу; 3) дыбыстардың өзіндік ерекшеліктерін тәжірибе фонетикасының материалдары негізінде тәжірибелеу. Сондықтан да тәжірибе әдісі қазақ тілінің лингвистикалық негіздерімен, оның психологиясына сүйенеді. Бұл әдістің жасалуындағы негізгі көздер мыналар: 1) қазақ тілі материалдарының ғылыми ерекшеліктеріне байланысты қаралады; 2) оқушылардың көргені мен жазғанын тез, тұрақты тануға орай алынады; 3) айту мен есту тұсындағы меңгерген білімнің кенеюіне қарай таңдалады; 4) көрнекілік тәсілінің ықпалына қарай алынады; 5) оқушылардың тез ұғып, ұзақ сақтауы ескеріледі; 6) оқушыларды өздігінен іздендірудегі мүмкіндіктер есепке алынады. **Көрсету арқылы жүргізілетін білім беру құралын *тәжірибе әдісі* деп атайды.**

Сабакты тәжірибе әдісімен өткізуде, оған қойылатын мына сияқты талаптарды ескерген жөн: қазақ тілі материалдарының мақсаты, тақырып айкындылығы, көрнекі құралдардың күні бұрын дайын болуы, материалды қалай түсіндірудің жұмыс барысы және керекті мәтіндердің тақтаға жазылуы қарастырылады. Сондай-ақ, тәжірибе әдісінде оқушы мен мұғалімнің белсенді қарым-қатынасы тікелей сезіледі. Мұғалімнің көрсеткен тәжірибелерін, дәл сондай етіп оқушылардың өздері де іле-шала түсіндіріп дәлелдейді. Жүргізілген методикалық бақылаулардың көрсеткіштеріне қарағанда, тәжірибе әдісінің мына тәрізді құрылымдық элементтерден тұратындығы анықталды: 1. Оқушылар мұғалімнің арнайы талдаған тақтадағы және көрнекі құралдағы мысалдарын қарап шығады. 2. Тақырыптың өзіндік белгілері тәжірибе жасап көрсетіледі. 3. Оқушылар материалдың өзіндік белгілерін дауыстап оқиды. 4. Тақырыптың анықтамалары мен ережелері айтылады. 5. Тақырыпқа сай дағдылар жүйесі жүргізіледі.

Мұғалім 5-сыныптағы дауысты дыбыстардың еріннің қатысына қарай бөлінуін өтуде алдымен керекті мысалдарды тақтаға жазып, мына сияқты көрнекі құралды іледі. Дауыстылардың еріннің қатысына қарай бөлінуі — еріндік дауыстылар: *о — Омар, ө — өнер, у — бу, ұ — ұрпақ, ү — үміт*; езулік дауыстылар: *а — астық, ә — дәстүр, е — егін, э — экскурсия, и — инелік, ы — ыдыс, і — іс*. Осы көрнекілікті бірер оқушыға дауыстап оқытады да, оқушылардың мұғалім аузына қарап отыруын талап етеді. Бұдан кейін мұғалім кестедегі екі буында *Омар* сөзіндегі *о* дыбысы мен екі буынды *астық* сөзіндегі *а* дыбысын көрсете отырып тәжірибе жасайды. Мәселен, *о* дыбысы еріннің ілгері қарай сүйірленіп, созылуынан пайда болатындығы, *а* дыбысы болса, езудің кейін қарай шегініп, езудің тартылуынан пайда болатындығын айтып, *о* дыбысын айтқанда еріннің күшті қозғалысқа түсетіндігін, ал *а* дыбысын айтқанда езудің күшті әрекетке енетіндігін бағдарлайды. Осы тәсілмен екі буынды өнер сөзіндегі *ө* дыбысын екі буынды егін сөзіндегі *е-мен*, екі буынды ұрпақ сөзіндегі *ұ* дыбысымен, екі буынды *үміт* сөзіндегі *ү-ні* үш буынды инелік сөзіндегі *и-мен* салыстыра отырып тәжірибе жасайды.

Мұнан кейін мұғалім осы дыбыстардың жасалуын оқушылардың өздеріне айттырып тәжірибе жасатады. Оқушылардың көздерін әбден жеткізу және саналы меңгерту мақсатында бұл дыбыстарды сөз ішінде буынға бөліп талдау арқылы сөйлеу мүшелерінің әрекетін ұқтырады. Оқушылар бұл дыбыстарды мұғалімнің тәжірибесі, талдап-жинақтауы арқылы және ол дыбыстарды өздері дәлелдеуі арқылы терен ұғынады, саналы меңгереді. Сонан кейін еріннің қатысына қарай бөлінетін дауысты дыбыстардың мынадай өзіндік белгілері көрнекілік ретінде ілініп, оны оқушыларға дауыстап оқытып жинақтайды: 1) еріндік дауыстылар екі еріннің сүйірленуі арқылы жасалады; 2) еріндік дауыстылар қос еріннің ілгері қарай созылуынан жасалады; 3) езулік дауыстылар екі езудің тартылуынан жасалады; 4) езулік дауыстылар қос еріннің кейін қарай жиырылуы арқылы жасалады. Сөйтіп оқушылар еріннің қатысына қарай бөлінетін дауысты дыбыстарға мынадай анықтама береді. Еріндік дауыстыларды айтқанда ерін сүйірленіп ілгері қарай созылады да, езулік дауыстыларды айтқанда езу тартылып, ерін кейін қарай жиырылады.

Сондай-ақ еріндік пен езуліктерге байланысты практикалық дағдылардың мынадай түрлері пайдаланылады: 1. Жаңылтпашты дауыстап оқып шығындар да, «*төртеу*» деген сөздегі еріндік езуліктерді айнаға қарау арқылы ажыратындар: *Төбелі төбел төрт бөрік, Төртеуі де көк бөрік*. 2. Мына мысалдардағы еріндіктің астын бір, езуліктің астын екі сызындар: а) *ұрлық түбі* — *қорлық*, ә) су анасы — бұлақ, сөз анасы — құлақ, б) асыл тастан шығады, өнер жастан шығады (мақал мен мәтелдерден). 3. Мына сөйлемдердегі еріндік пен езуліктерді жылжымалы тактадан көшіру үстінде түсіндіріңдер: *Астанамыз қазақ халқының жүрегі болса, Қарағанды — жауға тиген қаһарлы қабағы, сілейте соғар, өлтіре сулатар тас шоқпарының бірі*; 4. Мына сөздердегі еріндік пен езуліктерді ауызша ажыратындар: *от, аспан, көк, көмір, әсем, сәулет, езу, құлын, эшелон, Үсен, ауыл, кім, ерін*, т.б. 5. Көп нүктенің орнына еріндік пен езуліктерді тауып қойындар: . . . *қу, к. . . л, тоқ. . . , Асқ. . . р, м . . . жіліс, с . . . , мақ. . . л, . . . таж*, т. б. Еріндік пен езуліктерді салыстырып, тәжірибе жасандар: *бар — бер, өн-өнер, ек-егу, ұр-ұра, үн-үні, іш-ішу, ас-асу*.

§ 17. КІТАПТЫ ПАЙДАЛАНУ ӘДІСІ

Қазақ тілі материалдарын оқытуда кітапты пайдаланудың пайдасы мол. Мектеп оқушыларына арналған қазақ тілі оқулығы білім берудің негізгі құралы болып табылады. Сондықтан да оқушыларға берілетін теориялық білім оқулық пен оқу құралдары бойынша жеткізіледі. Бұл құралдар әрбір сыныптарға арналған оқу бағдарламаларына негізделіп жасалады. Мұғалім қазақ тіліне арналған материалдардың өзінің ішкі ерекшеліктерімен бірге, оларға байланысты берілетін анықтамалар мен ережелерді оқытып, түрлі жаттығу жұмыстарын оқулық пен көмекші құралдар негізінде іске асырады.

Мұғалім қазақ тілі материалдарына орай берілетін ішкі заңдылықтармен анықтама, ережелерді оқушыларға оқыта отырып, соған лайықты мысалдарын таптырып отырады. Кітапта берілген мәтіндердің ішінен керекті объектілерді іздеттіріп, астын сыздырып, дұрыс-бұрыстығын дәлелдетеді. Мұғалім оқушыларды ойландыратындай жалпы сұрақтарды қояды да, сонан соң ол сұрақтарға жеке-жеке жауапты оқулық пен оқу құралынан іздетеді. Оқулықтағы материалдарды іштей оқып, жауап беруге дайындалады.

Қазақ тілі тақырыптарын қамти отырып, оқулықтағы жеке әріптерден сөздер, жеке сөздерден сөйлемдер құратып, тілдік материалдардың өзіндік белгілерін талдатады. Мұғалім қазақ тілі тақырыптарына сәйкес термин сөздерді танытуға назар аударады. Термин сөздердің жазылуын орфографиялық сөздіктен қаратып, өздеріне дұрыстап оқытып дәптеріне жаздырады. Бұл сөздердің беретін мағынасын мысалдармен түсіндіреді. Оқулық пен көмекші құралдардағы берілген кестелерді кеңейте отырып түсіндіріп, оқушылар дәптеріне көшіртіп жаздырады. Қазақ тілі тақырыптарына сәйкес жүргізілетін жаттығу жұмыстарының ауыр түрлерін сыныпта орындатады да, қалған жеңіл түрлерін сынып жұмысының жалғасы ретінде үйге береді. Мұғалім сынып және үй тапсырмасы көркем әдебиеттерден, ғылыми кітаптар мен мақалалардан үзінді мәтін тандатып, керекті объектілерді іздетіп отырады. Қазақ тілі тақырыптарына мысалдар тергізіп, тиісті баяндамалар жасатады. Сондай-ақ ғылыми әңгімелер мен әдеби кітаптарды оқытып, мазмұнын

сұрап отырады. Осыларға сай мазмұндамалар мен шығармалар жаздырады. Сабак үстінде түрлі сөздіктер мен пунктуациялық анықтамаларды жүйелі пайдаланады.

Кітапты пайдалану тұсында жүргізілген жұмыс, жақсы ұйымдастырылған іс оқушылардың қазақ тілі бойынша алған білімі мен дағдысын тұрақты есте қалдырады. Оқулық — оқушылардың қайталау кезінде пайдаланатын керекті құралы және анықтағыш кітабы, оқушы оқулықтағы материалды мұғалімнің көмегісіз пайдаланып, дағдыланғаны жөн. Егер өтіліп отырған теориялық материал ауыр болса, коллективті түрде мұғалімнің көмегімен шешкен жөн. Егер өтіліп отырған теориялық материал ауыр болса, коллективті түрде мұғалімнің көмегімен сыныпта шешкен дұрыс. Сыныпта оқушылар оқулық материалдарын дауыстап оқиды, түсінуге әрекет жасайды. Игеруге қиын соғатын теориялық материалды мұғалімнің өзі үнемі жолшыбай түсіндіріп отырады. Кітапты пайдалану әрі оқушылардың мынадай психологиялық дағдыларын қалыптастырады: 1) оқушылардың ой-өрісін кеңейтеді, дүниеге таным көзқарасын жетілдіреді; 2) оқушылардың алғашқы білімін пысықтайды; 3) жаңа танытылатын материалдың логикасын түсінеді; 4) оқушылардың көзі жаттығады; 5) оқушылардың қолы жаттығады; 6) оқушылардың көру, есіту қабілеті дамиды; 7) оқушылардың сенімділігі артады; 8) оқушылардың бақылағыштық қабілеті молаяды; 9) оқушылардың кітап оқу шеберлігі артады; 10) оқушылардың сөздік қоры мен сөз саптау мүмкіндіктеріне, қолдануына септігін тигізеді.

Оқулық пен оқу құралдарын пайдалануда алдымен мұғалім керекті кітаптармен таныстырып, оны қалай пайдаланудың нақтылы методикалық тәсілдері мен келешектегі жұмыстардың істеу дәуірлерін болжатады. Кітаптың сыртқы мұқабасы және ондағы авторлар ұжымымен таныстырады. Әр сынып оқулықтары қандай тілдік материалдарды қамтитындығы туралы қысқаша шолу жасалады. Мәселен, фонетика дыбыс заңдылықтарын, дыбыстардың жіктелуін, буын мен екпін мәселелерін және үндестік заңдарын қарастыратындығы айтылады. Сондай-ақ, оқулықтағы қара әріппен (шрифтпен) жазылған сөздер мен сөйлемдердің мәні түсіндіріледі. Мәселен, қара әріппен ірі тақырыптар мен тақырыпшалардың аттары, тілдік материалдың анықтамасы мен

ережелері, жаттығу нөмірлері беріледі. Оқулықтағы курсивпен берілген жазулардың мәні де айтылады. Мысалы, тақырыптың жіктелуі, кейбір өзіндік ерекшеліктері, жай әріппен сөйлемдер, жаттығулар, жаттығулар шарты, мәтіндер және тақырыптың жалпы сипаттамасы берілетіндігі түсіндіріледі. Мұғалім нөмір мен абзацтардың маңызын жеке-жеке баяндайды. Мысалы, нөмірлеу құбылыстың өзіндік белгілерін санап көрсету мағынасында жұмсалады. Әрбір жаңа тақырып параграфпен беріледі. Параграфтағы әрбір абзац жаңа пікірмен толықтырылып отыратындығы байқатылады. Мұғалім оқушыларға мұндай сұрақтар беру арқылы абзацтағы пікірді молықтырып отырады: Берілген жаңа абзацта не туралы айтылады? Берілген пікір қандай мысалдармен дәлелденеді? Сөйтіп оқулық пен оқу құралы әрқашан мектеп оқушыларының қолында болуы, әрбір сабақ сайын жанында жүруі және күн сайын сабаққа алып келу керектігі қысқаша баяндалады. **Анықтағыш арқылы білім беру құралын кітапты пайдалану әдісі** деп атайды.

Кітапты пайдалану әдісі сабақтың мына сияқты түрлерінде жиі қолданылады: 1) жаңа материалды түсіндіру тұсында іске асырылады. Мысалы, дауысты дыбыстарды өту процесінде оқулықтағы материалды дауыстап оқып беруге болады. 2) жаңа материалды бекіту үстінде пайдаланылады. Мысалы, дауыссыз дыбыстардың түрлері оқытып болған соң, оған орай дағыландыру жұмыстары жүргізіледі. Жаттығудың шартын мұғалім дауыстап оқытады да, оны ауызша орындауды жүктейді. Жаттығуда қанша сөйлем болса, сонша оқушы оны ауызша түсіндіреді. Осы кітапты пайдалану әдісі, әсіресе, кеңейтілген жаттығу жұмыстарын орындау үстінде іске асырылады. 3) біріккен сабақты жүргізу кезінде қолданылады. Мысалы, жаңа материал мен өткен материалды байланыстыру үшін жүргізілетін талдау жұмыстарында оқулықтағы материалды бірер оқушыға дауыстап оқытуға болады. 4) Қайталау сабақтарында оқулық пен оқу құралы пайдаланылады. Әр қазақ тілі тақырыптарын оқулықтағы материалдар мен жаттығулар арқылы орындатып, үнемі оқытып отыруға болады. 5) Кітап үй тапсырмасын беру және тексеру процесінде жиі қолданылады. Үй жұмысын беруде оқулықтағы материалдың параграфы, беті жазылады. Сонан соң жаттығудың нөмірі тақтаға жазылып, оның шарты оқушы-

ларға дауыстап оқытылады. Жаттығудың үлгісі көрсетіледі. Кітапты пайдалану әдісінің құрылымдық элементтері де, осы әдіспен сабақ жүргізуде ерекше роль атқарады. Қазак тілі тақырыптарын бұл әдіспен жүргізгенде, оның методикалық жүйесі төмендегі тәртіппен іске асырылады: 1. Тақырыпқа байланысты көрнекі құралдағы мысалдар дауыстап оқытылады. 2. Сонан соң мұғалімнің оқулықтан көрсеткен материалы оқылады. Оқушылар оқулықтағы тақырыптың жасалу жолдарын, өзіндік белгілерін және анықтама мен ережелерін қарап шығады. 3. Оқылған мәтіннің ішінен өздеріне керекті объектілерін дәптерлеріне көшіріп жазады. 4. Жазылған мысалдарынан тақырыптың өзіндік ерекшеліктерін айтып дәлелдейді. 5. Мысалдарға қарай отырып, тақырыпты практика қажетіне қалай жұмсай білу керектігін өздері түсінеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Теориялық әдістер нені үйретеді? 2. Әңгіме әдісінің анықтамасын айтып беріңдер. 3. Әңгіме әдісінің құрылымына мысал келтіріңдер. 4. Хабарлау әдісінің анықтамасын ауызша айтып беріңдер. 5. Хабарлау әдісінің құрылымдық элементтеріне мысал келтіріңдер. 6. Түсіндіру әдісінің анықтамасын айтып беріңдер. 7. Түсіндіру әдісінің құрылымдық элементтерін мысалдармен дәлелдендер. 8. Тәжірибе әдісінің анықтамасын айтыңдар. 9. Тәжірибе әдісінің құрылымдық элементтерін мысалдармен дәлелдендер. 10. Кітапты пайдалану әдісінің анықтамасына мысалдар келтіріңдер. 11. Кітапты пайдалану әдісінің құрылымдық элементтеріне мысалдар келтіріңдер.

V тарау

ПРАКТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ

§ 18. ПРАКТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Практикалық әдістер тіл заңдылықтарының өзіндік белгілерін практикалық дағдылар арқылы меңгертуде үлкен қызмет атқарады. Дыбыс пен әріптің, буын мен сөздің, сөз бен сөйлемнің ара қатынасын мысалдармен дәлелдеуде, бұл әдістің пайдасы мол. Жаттығу жұмыстары қазақ тілі материалдарына орай берілген теориялық білімді бекітуде, дұрыс жазу емлесі мен дұрыс жазу нормасын қалыптастыруда және оқушылардың тілін ширату, тілін дамыту дағдыларын асыруда аса зор септігін тигізеді. Практикалық әдістер осы бағытта іске асырылады. Бұл әрі қазақ тілі материалдарының бір-бірінен айырмашылығын, бірімен-бірінің байланысын, жасалу жолдарын, өзіндік ішкі белгілерін, анықтамасы мен ережелерін қайталап, пысықтап бекіту үшін де қолданылады. Бұл практикалық жактан үйрету әдістерін іске асыру жолында оқушылар тіл фактілеріне белсенді түрде өздігінен бақылау жасайды. Осы бақылау нәтижесінде белгілі практикалық қорытындылар шығарады. Қазақ тілін практикалық жактан үйрету әдістері тақырыптың көлеміне қарай, кейде ауырдан жеңілге қарай жүргізіледі. Жаттығу әрбір тақырыптың өзіндік ерекшелігін, шарты мен мақсатына, түрі мен жүйесіне қарай жүзеге шығады. Сондықтан да әрбір тақырыпқа байланысты ең кемінде 5-тен 20-ға дейін дағды түрлері орындалады. Бұл оқушыларға берілген теориялық білімін үйлестіре отырып іске асырылады.

Талдау жүргізуде төмендегі тақырыптарды ескерген жөн: а) бұл талдаудың қазақ тілі фактілеріне негізделуі; б) талдауға арналған мәтін және сөйлемдердің мақсатқа сай болуы; в) оқушылардың сауатты жазуы мен дұрыс сөйлеуінің көзделуі; г) талдау негізінде қазақ тілі құбылыстарын байқауы; ғ) байқау нәтижесінде өз ойының қорытынды-

сын, тұжырымын жасай білуі; д) қазақ тілінен алған білімін практикада қолдануы талап етіледі. Сонымен бірге осы талаптар негізінде жүргізілетін қазақ тілі бойынша талдаудың міндеттері мыналарды қамтиды: қазақ тілі бойынша талдау оқушылардың логикалық ойын жетілдіруге көмектесуі тиіс; оқушылардың өздігінен жұмыс істеу дағдысын арттыруға көмек беретін болуы қажет; қазақ тілі бойынша талдау оқушылардың іске деген төзімділігін, бақылағыштығын өсіру қажет; объектіні түсіндіру, бекіту және қайталау үшін басты тәсілдердің бірі болуы тиіс; қазақ тілі бойынша талдау сынып және үй тапсырмасында кең қолданылғаны абзал.

§ 19. ТАЛДАУ ӘДІСТЕРІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Жалпы методикада аналитикалық әдістерге мынадай анықтама беріледі: **Белгілі бір тілдік материалдардың ішкі құрылымын, ішкі заңдылықтарын танытатын білім беру құралдарын *анализ әдісі*** деп атайды. Талдауды методикалық әдебиеттерде *анализ әдісі* деп те атайды. Анализ сөзінің баламасы — талдау. Анализ — гректің *anatyssis* деген сөзінен алынған термин сөз, қазақша дәл мағынасы *ыдырату* дегенді білдіреді, ал аналитикалық гректің *analytikas* — *синологизм* туралы туралы ілім, яғни *дәлелдеу туралы ілім* дегенді білдіреді. Аналитический — аналитикалық түбірі анализ деген сөзінен жасалған ұғым. *Анализ — ыдырату, аналитика — дәлелдеу заңдылықтары туралы ілім, -лық* сындық қосымшасы, қандай әдістер аналитикалық әдістер дегенге жауап береді?

Жалпы методикада аналитикалық әдістерге төмендегіше анықтама беріледі: **Белгілі бір тілдік тақырыптарды жігіне қарай ажыратып ыдыратуды *аналитикалық әдістер*** деп жүргізеді. Тілдегі бір материалдың, тақырыптың бөлшектерін ажырата білу, бір тақырыптың өзіне тән белгілерін саралап көрсету, тақырыптың әр түрлі ерекшеліктерін қамтыған сұрауларға жауып беру, мәтіннен белгілі бір тұлғаларды, формаларды теріп жазу, тілдік-грамматикалық заңдылықтарды әр жақты алып дәлелдеу немесе дыбысты буынға, буынды сөз бөлшектеріне, сөз бөлшектерін сөзге, сөзді сөз тіркестеріне, сөз тіркестерін сөйлем түрлеріне ажырату аналитикалық ыдырату жүйесіне жатады.

Ыдыратуға карама-қарсы жасалатын құбылыс, бұл — синтез. *Синтез* — *synthesis* грек тілінен алынған термин сөз, қазақша *біріктіру* деген мағынаны аңғартады. Мұны әдетте *жинақтау* деп те колданады. Ыдырату-біріктіру бір-бірімен тығыз байланысты құбылыс. Осы екеуін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Сондықтан да анализсіз синтез іске аспайды. Дәлірек айтқанда, белгілі бір тілдік материалдардың ұсак элементтеріне талдамай, ішкі құрамы мен заңдылықтарын талдап көрсетпей, оның нақтылығын білу мүмкін емес, ал анализ — синтез әдістері бүтіннің бөлшегін, бөлшектеудің ішкі технологиясын, механизмін бірлікте деп қараудың нәтижелерін танытатын әдістерден саналады. Синтез ана тілі методикасында белгілі бір тілдік материалдардың бөлшектерін қосу, құрастыру, біріктіру немесе жеке бөлшектерден бүтін жасау деген мағынада жұмсалады. Оқу орындарында бұл әдістерді қолданып отырудың мәні үлкен. Оқушылардың тілден алған білімдерін өнімді нәтиже шығаруға, оны практикада қолдана білуге және білігін молықтырып кеңейтуге жол ашады.

Талдау мен жинақтаудың логикалық ой тәсілдерімен байланысы. Талдау мен жинақтау да логикалық ойлаудың тәсілдері арқылы жүзеге асырылады: 1) *индукция* — латынның *inducio* деген сөзінен алынған термин. Қазақша *дара-лық* дегенді аңғартады. Индукция — жеке, дара пікірлерден жалпылай ой қорытындысын шығарудың тәсілі, амалы. Индукцияның алғашқы ұғымы дарадан жалпыға қарай түсініп білу амалы. Индукциялық тәсілмен мұғалім тілдік материалдарды дара фактілер мен дара ұғымдар арқылы дәлелдеп, содан жалпы ұғымда жалпы фактіні түсіндіреді. Мұғалім осы бағытта, мәселен, жалпы есімді түсіндіретін болса, алдымен нақтылы мысалдар арқылы жер, өзен, тау, аттарын, кісінің аты мен фамилиясын көрсететін сөздерді, газет, кітап, мекеме атауы болып кеткен мысалдарды алып, олардың нақтылы ерекшелігін көрсетеді, сол арқылы мағыналары мен жазылу ерекшелігін талдай айтып, жалпы қорытынды шығарады, жинақтап ережесін айтады. 2) *дедукция* — латынның *deductio* деген сөзінен алынған. Қазақша *жалпылық* деген мағынаны білдіреді. Бұл — жалпыдан дараға қарай ой қорытындысын шығару деген сөз.

Талдау-байымдау, талдау-түйіндеу тәсілдері және олардың құрылымы. Индукциялық та, дедукциялық та ой қорытындысын қамтитын талдау, бұл — талдау-байымдау (разбор-суждение). Байымдау тілдің өзіндік белгілерінің жүйеленуі болып табылады. Байымдау талдауда тілдік материалдардың өзіндік белгілері әңгіме, хабарлау, түсіндіру тәсілдері арқылы жеткізіледі. Талдау байымдаудың методика теориясында мынадай құрылымдық элементтері бары атап көрсетіледі: 1) субъектіден тұрады. *Субъект* латынның *subiectum* — *адам, предмет, бастауыш* деген сөзінен алынған термин. 2) предикаттан құралады. *Предикат* латынның *praedicatum* — *логикалы баяндауыш, баяндауыш* деген сөзінен алынған термин. 3) байланыстан (связка) жасалады.

Субъект байымдаудың предметі (предмет суждение) туралы ой болып саналады да, предикат байымдаудың предметі туралы не хабарланса, айкындалып белгіленсе, соны білдіретін ой болып табылады. Ал байланыс предикаттың мазмұнының байымдаудың предметіне қатысты екенін білдіреді. Мәселен, 5-сыныпта өтілетін сын есім анықтамасы былай беріледі: «Сын есім дегеніміз заттың түр-түсін, сапасын және көлемдік аумағын беретін сөз табы» деген байымдау-талдаудың субъектісі — «сын есім», предикаты — «заттың түр-түсін, сапасын және көлемдік аумағын білдіретін сөз табы». Предикаттың субъектіге қатысын беретін байланыс (связка) — «дегеніміз» сөзі. Сондай-ақ ой қорытындысын хабарлауда талдау-түйіндеу де үлкен қызмет атқарады. Талдау-түйіндеуге тілдік материалдардың анықтамалары мен ережелері жатады.

Аналитикалық әдістердің өлшемі мен классификациясы. Талдау-байымдау мен талдау-түйіндеу ой қорытындылары аналитикалық әдістерді классификация жасауға методикалық өлшем етіп алынады. Осы өлшемге негізделі отырып, аналитикалық әдістерді төмендегіше классификация жасауға болады: 1. Түсіндірмелі талдаулар. Бұған мына талдаулар жатады: 1) лексикалық талдау әдісі; 2) фонетикалық талдау әдісі; 3) морфологиялық талдау әдісі; 4) синтаксистік талдау әдісі; 2. Анықтағыштық талдаулар: 1) орфографиялық талдау әдісі; 2) пунктуациялық талдау әдісі; 3) орфоэпиялық талдау әдісі; 4) стилистикалық талдау әдісі.

Талдау әдістерінің құрылымы. Талдау әдістерінің құрылымы теориялық методиканың мәселелерінен саналады. Жалпы методикада құрылымға төмендегіше анықтама беріледі: **Бір бүтін ұғымның (заттың) бойындағы әр тектес элементтердің реляциясы мен бірлігін құрылым деп атайды.** Құрылымның кестедегі көрінісі төмендегіше болып келеді: Талдау әдістері құрылымы: 1. Атрибут — белгі. 2. Субстанция — түп негізі. 3. Реляция — қатынас. *Атрибут* — латынның *attributum* — *белгі* деген сөзінен жасалған термин. Осы сөз бірдеменің, заттың белгісі, заттан ажырамайтын тәуелділік дегенді білдіреді. *Субстанция* латынның *substantis* — *мән* деген сөзінен жасалған термин сөз. Ол заттар мен құбылыстардың *мәні* (сущность), *табиғаты, түп негіз* дегенді білдіреді. *Реляция* — латынның «*қатынас*» (отношение) деген мағынадағы *relatio* деген сөзінен жасалған термин. Осы ыдырату әдістерінің элементтері мыналар: 1) оқушылыр мұғалімнің арнайы тандаған көрнекі құралдағы мысалдарын карап шығады; 2) тақырыптың өзіндік белгілерін тәртіппен түсіндіріп талдайды; 3) материалға байланысты дағды түрлері орындалады; 4) тақырыптың өзіндік белгілерін тәртіппен түсіндіріп талдайды; 5) тақырыпка тиісті анықтамалар мен ережелер түйінделеді. Ал біріктіру әдісінің элементтері төменділер: 1) сұрыптап алынған практикалық тілдік материалдарға оқушылар көз жүгіртеді; 2) анықтамалар мен ережелерді мұғалімнің өзі айтып түйіндейді; 3) мұғалім тақырыптың өзіндік белгілерін жазып, тактаға іліп қояды; 4) мұғалім материалдың өзіндік белгілерін біртіндеп хабарлап талдау жасайды; 5) тақырыпка сай дағды жұмыстарын жүргізеді.

§ 20. ТАЛДАУДЫҢ ТҮРЛЕРІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Қазақ тілі бойынша талдаудың түрлері төмендегіше жіктеледі. Қазақ тілі бойынша талдау мазмұнына қарай былай жіктеледі: 1. Қазақ тілі бойынша түсіндірмелі талдаулар. 2. Қазақ тілі бойынша анықтағыштық талдаулар. Қазақ тілі бойынша талдаулар көлеміне қарай екі түрге бөлінеді. 1. Толық талдау. 2. Тақырыптық талдау. Толық талдау көбінесе белгілі бір күрделі тақырыптарын өткен соң, бағдарлама материалдарын толық өтіп болғаннан кейін және белгілі бір

өтілген материалды қайталау, оқушылар білімін есепке алу үстінде қолданылады. Тақырыптық талдау қазақ тілінің белгілі бір тақырыбын өту үстінде қолданылады. Осы тақырыптар бойынша жаңа сабақты түсіндіру, оны бекіту, машықтандыру, оқушылардың өз бетінше істеу жұмысын ұйымдастыру және оқушылар білімін сынағанда да қолдануға болады. Белгілі бір қазақ тілі объектілерін оқытқанда, талдау тек сол тақырыптың көлемінде ғана жүргізіледі.

Қазақ тілі бойынша талдау орындалу тәсіліне қарай ауызша да, жазбаша да жүргізіледі. Ауызша талдау көбінесе сыныпта, ал жазбаша талдау көбінесе үйде өткізіледі. Кейде бұл екеуін қосып өткізуге болады. Жазбаша талдаудың үйде өткізілу себебі, уақыт үнемдеуге байланысты. Екі тәсілді қосып өткізу үшін мұғалім уақытты үнемдеуді, сабақтың алдына қойған мақсатын, сабақ жоспарын бұзбауды қарастырады. Мұғалім сабақта талдау өткізуді жоспарлап, талдаудың ұғымды тәсілдерін, мысалдарын, қоятын сұрақтарын, қандай мәселеге баса назар аудару керектігін күні бұрын дайындап келеді.

Мектепте қазақ тілі бойынша талдауды жүргізудің жүйесі төмендегіше құрылады: 1) алдымен мәтініне сөйлем алынады да, ол мәтін сөйлемдегі сөздер буынға бөлінеді; 2) сөздегі әрбір буында неше әрін барлығы ажыратылады; 3) бөлінген буындағы дауыстылардың еріннің қатысына қарай, иектің қызметіне қарай, тілідің қалпына қарай бөлінуін талдай отырып, буын түрлері анықталады; 4) буындағы дауыссыздардың үнді, ұяң және қатан түрлері ажыратылады; 5) дауысты мен дауыссыз дыбыстарды жинақтай отырып талдау жасалады; 6) буын түрлері анықталады да, екпіннің қайсы буынға түсіп тұрғандығы қарастырылады; 7) сөздер буынға бөлінеді де, буын үндестігіне талланады; 8) дыбыс үндестігі, яғни түбір мен қосымша аралығындағы ілгерінді ықпал анықталады; 9) біріккен сөз сынарларының және сөз тіркестері аралығындағы ілгерінді ықпал талланады; 10) түбір мен қосымша аралығындағы кейінді ықпал дәлелденеді; 11) біріккен сөз сынарларының және сөз тіркестері аралығындағы кейінді ықпал ажыратылады. Сондай-ақ қазақ тілі бойынша талдау мынадай орындарда қолданылады: 1) жаңа материалды түсіндіру процессінде жұмсалады; 2) материалды бекіту кезінде қолданылады; 3) оқушы-

лардың өздігінен істейтін сынып жұмыстарында жұмсалады; 4) үй тапсырмасын орындауда қолданылады; 5) оқушылар білімін есепке алу жұмысында жұмсалады; 6) түрлі дағдыландыру, жаттығу жұмыстарын жүргізу үстінде пайдаланылады.

§ 21. ҚАЗАҚ ТІЛІ БОЙЫНША ДАЙЫН МАТЕРИАЛДЫ ТАЛДАУ ӘДІСІ

Қазақ тілі бойынша дайын материалды талдау әдісі белгілі бір тақырыпқа тандалған дидактикалық материалды талдау негізінде жүзеге асырылады. Мұндай жаттығулардың текстері оқулықтан, жаттығулар жинағынан және көркем әдебиеттен тандалады. Мұғалім өтілетін материалдың ерекшелігіне қарай күн ілгері дайындайды. Дайын материалды талдауда оқушылар жана материалды өткен тақырыппен байланыстырады, материалдың өзіндік белгілерін бір-бірімен салыстырып, анализ жасайды. Сонан соң тақырыптың өзіндік ерекшеліктеріне қарай анықтама-синтез жасап, белгілі бір түсінікке ие болады. Дайын материалды төмендегі тәртіппен орындайды: оқушылар оқулық пен сынып дәптерлерін парта үстіне алып, жана өтілген материалдың бетін табады. Бұл тақырыпты екі оқушы дауыстап оқиды. Сонан соң тақырыптың өзіндік ерекшелігін айтып түсіндіреді және анықтамасын шығарады.

Дайын материалды талдау түсіндірмелі жаттығулар бойынша өткізіледі. Кеңейтілген түсіндірмелі дағды мазмұнына қарай ірі тақырыптар және тақырыптар бойынша орындау боп екіге бөлінеді. Айталық, дауысты дыбыстарды тұтас өтіп болған соң, өтілгенді бекіту мақсатында жүргізуге болады. Орындау тәсіліне қарай түсіндірмелі талдау екіге ажыралады: ауызша және жазбаша талдау. Жаттығуды ауызша талдауда, оған мынадай методикалық талаптар қойылады: а) оқытылып отырған материалдың өзіндік белгілері көп болмауы тиіс; ә) тақырыптың анықтамасы сөйлем жағынан ықшам болуы қажет; б) орындалатын жаттығудың мақсаты күрделі болмауы керек; в) жаттықтырылатын материалдан оқушылардың жалпы түсінігі болуы абзал.

Бұл жаттығуды мұғалім төмендегі жүйе бойынша жүргізеді: Алдымен оқушылардың ойын бір нүктеге тарту үшін, тыңдап отыруды талап етеді. Дәптерге ештеңе жазды-

рылмайды. Сонан соң тақырыпқа сай жаттығулардың шартын ауызша әңгімелейді. Мәселен, мәтінді түгел оқып шығындар; еріндік пен езулікке көз жүгіртіндер; мәтіндегі объектілерді ауызша атандар; осыған ұқсас материалды ауызша келтіріндер; тақырыптың өзіндік белгілерін саралап түсіндіріндер; анықтамасын айтындар. Жаттығуды ауызша талдау арқылы оқушылардың мына сияқты дағдылары дамиды: 1) оқушылардың білімі бекітіледі; 2) есіту қабілеті нығаяды; 3) байқау қабілеті дамиды. Ауызшы және жазбаша өтілетін талдаулар жүргізу орнына қарай тактада және партада орындау болып екіге бөлінеді. Тактада орындауда бұған сынып тактасы мен жылжымалы такта пайдаланылады. Бұған тақырыптың неғұрлым ауырлау, күрделі түрлері іске асырылады. Бұл сияқты талдаулар төмендегі тәртіппен өткізіледі: тактаға жаттығудың нөмірі жазылып, шарты дауыстап оқылады. Сонан соң дағдының бірер үлгісі көрсетіліп тактаға жазылады да, объектінің өзіндік белгісі сұралып, жазылу емлесі дәлелденеді.

Сондай-ақ тактадағы түсіндірмелі талдау мына сияқты методикалық жүйемен алып барылады: тактаға өтілетін тақырып жазулы болады. Мәселен, жіктеу есімдіктерін өтуде қазақ тілі материалдарын еске түсіреді. Мұғалім осы есімдікке сай үш сөйлемді тандап, тактаны үшке ажыратады. Сонан соң сөйлемдер жазылған карточканы таратып береді де, бірінші оқушы: *мен жазбаймын өлеңді ермек үшін (Абай)*, деген сөйлемді екінші оқушы: *Адам деп мені, салмадың сен хат маған (Абай)*, деген сөйлемді, үшінші оқушыға: *Менің атым Темір, — Темір сенбісің? (Ә.Әбішев)*, деген сөйлем жаздырады. Басқа оқушылар тактаға жазылған сөйлемдерді дәптерлеріне көшіріп отырады.

Бұдан кейін бірінші оқушы тактаға жазылған сөйлемін дауыстап оқып, жіберген орфографиялық және пунктуациялық қателерін түзетеді. Тактадағы екінші, үшінші оқушылар қателерін түзетіп, шартына сай объектінің ойлап, түсіндіруге дайындап тұрады. Бірінші оқушы өз сөйлемін төмендегіше түсіндіреді: *мен жазбаймын өлеңді ермек үшін*, деген сөйлемде *мен* жіктеу есімдігі бар, бұл бірінші жақта тұр, екінші жақта сен, үшінші жақта ол. Осы жіктеу есімдіктерінің жекеше түрлері септеледі. Атау — мен, сен, ол; ілік — менің, сенің, оның; барыс — маған, саған, оған; табыс —

мені, сені, оны; жатыс -менде, сенде, онда; шығыс — менен, сенен, одан; көмектес — менімен, сенімен, онымен. Жіктеу есімдіктері үнемі жактык ұғыммен байланысты келеді.

Сондықтан да олар кілең алдымен, яғни сөйлеуші, тыңдаушы және бөгде кісі деген ұғымдармен байланысты қолданылады. Сонан соң бірінші оқушы отырады да, екінші оқушы — *Адам деп мені, салмадың сен хат маған*, деген сөйлемде *мені, сен, маған* жіктеу есімдіктері кездесетіндіктерін айтады. Мені бірінші жактык жіктеу есімдігі, оған табыс септігінің *кімді? нені?* сұрағына лайықты бірінші жак көрсеткіші жалғанып тұр, *сен* екінші жактык жіктеу есімдігі, атау септікте және түбір күйінде. Ал *маған* деген жіктік есімдігі, атау септікте және түбір күйінде. Ал *маған* деген жіктеу есімдігі барыс септігінде тұр. Енді екінші оқушы отырады да , үшінші оқушы түсіндіре бастайды: *Менің атым Темір,— Темір сенбісің? (Ә.Әбішев)* дегенде менің,сенбісін есімдіктер септік, жіктік жалғауларын қосады.

Сөйтіп, жіктеу есімдерінің жекеше түрінің септелуінде мына сияқты өзіндік белгілері барлығы байқалады: а) жіктеу есімдігінің түбірі жіңішке болса (мен, сен болса), оған жалғанатын қосымша да жіңішке түрінде қосылады; ә) бұл есімдіктің түбірі жуан болса (маған, саған болса), оған қосылатын қосымша да жуан күйінде жалғанады; б) ілік, барыс, жатыс және шығыс септіктерінде *н* дыбысы түсіп қалады; в) атау, жатыс, көмектес септіктерінде түбір әр уақыт сақталады; г) барыс септігінде түбір де, қосымша да өзгеріп (менге, сенге, олға болмайды), маған, саған, оған болып өзгереді; көмектес септікте түбір мен қосымшаның арасындағы *ы, і* дыбыстары қолданылады.

Партада орындауға сынып дәптері (№1), үй дәптері (№2) және карточкалы дәптер пайдаланылады. Сонан соң ол тақырыпқа сай карточкаға жазылған мысалдар 4-5 оқушыға таратылап беріледі. Оқушылар партада отырып өздеріне берілген жаттығудың шартын дауыстап оқып, дәлелдеп түсіндіреді. Оқулық бойынша талдау көбінесе, күрделі максатты объектілерді түсіндіру үшін жүргізіледі. Оқулық бойынша талдау төмендегі тәртіппен алып барылады: Оқулықтағы материал бірер оқушыға дауыстап оқытылады. Оқулықтың беті, параграфы, жаттығудың беті, нөмірі тақтаға жазылады. Мұғалім оқушыны шығарып, жаттығудың шар-

тын орындатады. Сонан кейін тактаға жаттығудың бірер үлгісін өзі жазып көрсетіп, екінші сөйлемді сыныпқа сұрақ қоя отырып, үлгісін тактаға жаздырады. Бұдан кейін тактадағы жазылған жаттығудың үлгілерін сынып дәптеріне көшіртеді.

Қазақ тілі бойынша дайын материалды талдау тәсілдерінің тағы бір түрі — сызбалар мен кестелер бойынша талдау. Сызбалар мен кестелер бойынша талдау өткізуде, алдымен оның жеңіл түрлері үйретіледі. Сонан соң ол бірте-бірте күрделендіреді. Сондықтан да нақтылы онай схемалар мен кестеден бастап, дерексіз түріне, яғни аумақты түріне қарай іздендіру тәсілімен танылады. Сызба мен кестелер бойынша талдап жаттықтыру, біріншіден, оқушылар білімін өсіреді, екіншіден, бақылағыштық және ой қабілетін күшейтуге себін тигізеді, үшіншіден, оқушылардың өз бетінше істеу қабілетін дамытады, төртіншіден, дұрыс оқып, сауатты жазуға машықтандырады, сызбалар мен кестелер бойынша жаттығу жұмыстары сыныпта да, үйде де жүргізілуі тиіс. Бұл жұмысты сынып дәптерінде орындаумен бірге, үлкен формат қағаздарда да жазып үйреткен жөн. Бұлай етудің себебі, үлкен формат қағазға дайындауда біріншіден, қабырға газеті мен фото-монтаждар шығаруға үйренеді, екіншіден, түрлі түсті тушьпен үлкен әріптерді жазуға төселеді, үшіншіден, мұғалім тапсырған істерді мүлтіксіз уақытында орындауға әрекеттенеді.

Сөйтіп үлкен формат қағазға сызбалар мен кестелер жазу арқылы көрнекі құрал дайындап, оны қазақ тілі кабинетінде жинақтайды. Әрі қазақ тілі кабинетінің материалдық қорын байытады. Әрине, оқушыларға сызбалар мен кестелер жасау оқушылардың көп уақытын алады. Сондықтан да оқушыларды жұмыс басты етпеу үшін жылына 5-6 ғана схема мен кестелер жасату қажет. Сондай-ақ сызбалар мен кестелер бойынша жаттығу жұмыстарын жүйелі жүргізу де үлкен методикалық маңызға ие. Ол мынадай тәртіппен орындалғаны жөн : мұғалім, әуелі өтіліп отырған тақырыпты анықтайды. Осы материалды еске түсіреді, өзіндік белгілерін қайталайды. Өтіліп отырған материалдарға лайықты сызба сызуды тапсырады. Біз енді мынадай жұмыстардың басты-бастыларына тоқталып өтейік: 1) мандайшалық жазу мен бағандардағы сызықтарға дауыссыздарды теріп қойып талдау жасау; 2) ілгерінді және кейінді ықпалға байланысты

мандайшалық жазу мен бағаналық мысалдарды орналастырып талдау жасау; 3) мына кестеге мысалдар тауып, дауыстылардың түрлерін көрсету: тілдің қалпына қарай бөлінуі, иектің қызметіне қарай бөлінуі, еріннің қатысына қарай бөлінуі; 4) буын үндестігі мен дыбыс үндестігі бойынша өзгерген буын мен дыбысты алып, дұрысын жазу: буын үндестігі мен дыбыс үндестігі *Сәрсенбай, Сәрсенбек, Сәрсен(м)бай, Сәрсе(м)бек*; 5) сөзді дұрыс жазып, өзгерген буынмен дыбысты үстіңе көрсетіп жазу: *Дүйсен-бек, жұмыс-шы, Дүйсе(м)бек, жұмыс(ш)шы*; 6) өзгерген не бір-біріне әсерін тигізетін дыбыстарды стрелкамен көрсету; *Есен-қали, Сәрсен-қали, Есен (ң-ғ)-қали, Сәрсен(ң-ғ)-қали*; 7) кестедегі буын үндестігі мен дыбыс үндестігін ауызша талдау жасау.

§ 22. ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАЛДАУ ӘДІСІ

Лексикалық талдау әдісі де практикалық әдістер тобына жатады. Лексикалық ұғымдарды меңгертуде жиі іске асырылады. Лексикалық талдау әдісін жүргізу арқылы оқушылар қазақ сөздерінің мағыналық ерекшеліктерін толық түсінеді. Таңдалған мәтіннен әртүрлі сөздерді кездестіріп, олардың бір және көп мағыналары мен жасалу жолдарына, қалай қолданылып тұрғанына көз жүгіртеді. Лексикалық талдау түсіндіру, пысықтау және сынау калыптары топтарында жүргізіліп отырады.

Лексикалық талдауда өзінің ішкі мазмұнына қарай төмендегі топтарға бөлінеді. 1. Сөз және оның мағыналық топтары бойынша талдау. Бұл талдау тұсында мына сияқты тақырыптар ескеріледі: сөздің бір мағынасы мен көп мағынасы, сөздің тура және ауыспалы мағынасы, омонимдер, синонимдер, антонимдер, табу, эвфемизм, дисфемизмдер, тұрақты сөз тіркестері (фразеологизмдер), мақал мен мәтелдер. 2. Тілдің сөздік құрамы, байырғы төл сөздер, басқа тілден енген сөздер, көнерген сөздер, тарихи сөздер, архаизмдер, жана сөздер. 3. Сөздердің қолданылу өрісіне байланысты сөздер: жалпылама лексика, диалект сөздер, кәсіби сөздер, термин сөздер. Басқа талдаулар сияқты лексикалық талдау да орындалу орнына қарай ауызша, жазбаша және орындалу тәсіліне қарай сыныпханада және үйде өткізіледі. Лексикалық талдауды тиімді жүргізуде, оның құрылымдық элементтері

орасан қызмет атқарады. Олар мыналар: 1. Лексикалық талдау жүргізуден алдын мәтін немесе сөйлемдер (дидактикалық материалдар) таңдалады: 1) *Ей, жігіт, не қылсаңда ер екенсің, Көргейсің ерлігіңнің берекесін* (Абай). 2) *Бұл — таудың басы*. 3) *ауру, науқас, сырқат*. 4) *ауыр киім-жеңіл киім, алыс жол-жақын жол*. 5) *ғасыр, қайрат, мағлұмат* — араб-иран тілдерінен енген сөздер. 6) *тартым* — *ау тартатын жер, мұрап* — *суды басқарушы адам, көсек* — *ашылмаған мақта, сым* — *шалбар, пәс* — *аласа, пісте (шекілдеуік)*. 7) *сәукеле* — *әйелдердің асыл тастармен безендіріліп жасалған ерте кездегі бас киімі, қорамсақ* — *садақтың жебесін салып белге байлайтын жеке-жеке ұясы бар оқ салғыш*. 8) *балмұздақ, ұшақ, сынып*. 9) *қас пен көздің арасында* — *лезде, ит өлген жерде* — *алыста, тайға таңба басқандай* — *айқын, қой аузынан шөп алмас* — *момын*. 10) *Тұз астың дәмін келтірсе, мақал сөздің сәнін келтіреді. Кең болсаң, кем болмайсың. Жауға жаныңды берсең де, сырынды берме*. 2. Құлыпталып алынған дидактикалық материалдарды екі-үш оқушы дауыстап оқып шығады. 3. Дидактикалық материалдар тақтаға немесе дәптерге жазылады. 4. Сөз және оның мағыналық топтары, тілдің сөздік құрамы, сөздердің қолданылу өрісіне байланысты сөздерге назар аударумен бірге, олардың орфографиялық, грамматикалық ерекшеліктеріне көңіл бөледі. Таңдалған мәтінге лексикалық талдау жасау, тұсында оқушыларға мағынасы түсініксіз сөздерді түсіндірме сөздіктен тауып оқытып, оны дәптерге көшіртіп отыру абзал. Сондай-ақ стильдік қолданысы әртүрлі сөз немесе сөз тіркестерін, ондағы көрсетілген бірнеше мағынаның қайсысы мәтіндегі қолданылысқа дәл келетінін айыра білген жөн. 5. Сөз және оның мағыналық топтары, тілдің сөздік құрамы, сөздердің қолданылу өрісіне байланысты сөздер туралы пікірлеп қорытылып жинақталады. **Сөздің ішкі мағыналық құрамын ыдырату-біріктіру — лексикалық талдау әдісі** деп атайды.

§ 23. ФОНЕТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ ӘДІСІ

Бұл әдіс қазақ тілінен білім мен дағды беруде жиі қолданылады. Талдау — белгілі бір тілдік материалдарды ыдырату деген мағынаны аңғартады. Сондықтан да мұны анализ әдісі деп те атайды. Талдау — ыдырату және біріктіруден

кұралады. Талдауды — ыдырату, ал біріктіруді — жинақтау деп қараса болады. Осы екі қасиетті өз ішіне қамтитын талдау — *фонетикалық талдау әдісі*. Фонетикалық талдау мазмұнына қарай екіге бөлінеді. 1. Дыбыстар жүйесі бойынша талдау. Бұған мына тақырыптар кіреді: тіл дыбыстарының жасалуы, дыбыс пен әріп, дауысты дыбыстардың еріннің қатысына қарай бөлінуі, иектің қызметіне қарай ажыралуы, тілдің қалпына қарай жіктелуі, үнді, ұяң, қатаң дауыссыздар. 2. Үндестік заңы бойынша талдау. Оған мыналар кіреді: буын жігі, екпін буын үндестігі, дыбыс үндестігі, ілгерінді және кейінді ықпал түрлері. Фонетикалық талдау көлеміне қарай екіге бөлінеді. 1. Толық талдау. Бұл көбінесе фонетиканың белгілі бір күрделі тақырыптарын өтіп болған соң, мәселен, дауысты, дауыссыз дыбыстар, үндестік заңы т.б. программа материалдарын толық өтіп болғаннан кейін тақырыптарды қайталау кезінде және оқушылар білімін еске алу үстінде іске асырылады. 2. Тақырыптық талдау. Бұл талдау жұмыстары жаңа материалдарды түсіндіру және оны бекіту, дағдыландыру жұмысы кезінде іске асырылады. Мәселен: дауысты және оның түр-түрін өту үстінде, буын және оның түрлерін өту кезінде қолдануға болады.

Фонетикалық талдау орындалу тәсіліне қарай да екіге жіктеледі. Біріншісі — ауызша талдау; екіншісі — жазбаша талдау. Сондай-ақ бұлар орындалу орнына қарай сыныпта және үйде талдау боп екіге бөлінеді. Ауызша талдау көбінесе сыныпта өткізіледі де, ал жазбаша талдау көбінесе үйде жүргізіледі. Фонетикалық талдауды жүргізуде, оның құрылымдық элементтерін білудің пайдасы мол. Фонетикалық талдау әдісі мына сияқты құрылымдық элементтерден тұрады. 1. Фонетикалық талдау жүргізбес бұрын мәтін не сөйлем тақтаға немесе дәптерге жазылады. 2. Мәтіндегі не сөйлемдегі сөздер дауыстап оқытылады. 3. Мәтіндегі немесе сөйлемдегі бірер сөз фонетикалық талдау үшін тандалады. Осы сөздердің асты сызылады. Бұдан кейін асты сызылған сөздер тақтаның сол жағына жазылып, ондағы дыбыстар бірінің астына бірі жазылады. 4. Осы тандалған сөздер дыбыс пен әрінке, дауысты дыбыстардың түр-түріне, дауыссыз дыбыстардың түр-түріне, буын түрлеріне, екпін, буын үндестігі, дыбыс үндестігі, ілгерінді ықпал, сөз тіркесінің аралығындағы ілгерінді және кейінді ықпалға байланысты талданады. 5. Фо-

нетикаға байланысты айтылған материалдар қысқаша қорытылып, жинақталады. **Сөздің ішкі дыбыстық құрамын талдау фонетикалық талдау** деп аталады.

Енді біз фонетикалық талдау әдісінің құрылымдық элементтерінің іске асырылуының методикалық жүйесіне тоқталайық. Фонетикалық талдау әдісін жүргізу үшін мәтін не сөйлем таңдалады. Бұл таңдалған мәтінді не сөйлемді тақтаға, не дәптерге жазар алдында оқушылар дауыстап оқып шығады. Мысалы: *Жасқа ұстаздық етсең, болашақтан тірек табасың (С.Бақбергенев). Көптің мақұлдығы болмай, ұжымның қаражатын ешкім де жұмсай алмайды (Сланов). Әңгімені басынан бастау үшін, Саржанмен кездескен күнді есіме толық түсіріп көрейік (Ә.Әбішев).* Сонан соң бұл сөйлемдер тақтаға жазылады. Бірінші сөйлемдегі сөздер буынға бөлінеді. *Жас-қа ұс-таз-дық ет-сең, бо-ла-шақ-тан ті-рек та-ба-сың.* Осы сөйлемнің ішінен *жасқа, болашақтан* деген сөздер таңдалады, сөйтіп бұл сөздердің асты сызылады. Сонан соң *жасқа* және *болашақтан* деген сөздер тақтаның сол жағына жазылады. *Жасқа* дегенде 2 буынды және 5 әріпті сөз. Бұл сөздердегі дыбыс пен әріптер талданады: *ж* — дауыссыз дыбыс, дауыссыздырдың ішінде ұяң дыбыс, *а* — дауысты дыбыс, еріннің қатысына қарай езулік дыбыс, иектің қызметіне қарай ашық дыбыс, тілдің қалпына қарай жуан дауысты дыбыс, *с* — дауыссыз дыбыс, дауыссыздың қатаң дыбысы, *қ* — дауыссыз дыбыс, дауыссыздардың қатаң дыбысы, *а* — дыбысы жоғарыдағы *а* дыбысындай талданады. *Болашақтан* деген сөздегі *б* — дауыссыз, ұяң дауыссыз, *о* — дауысты дыбыс, еріннің қатысына қарай еріндік дауысты, иектің қызметіне қарай ашық дауысты, тілдің қалпына қарай жуан дауысты дыбыс, *л* — дауыссыз, үнді дауыссыз дыбыс, *а* — дауысты дыбыс, еріннің қатысына қарай езулік дыбыс, иектің қызметіне қарай ашық дауысты дыбыс, тілдің қалпына қарай жуан дауысты дыбыс, *ш* — дауыссыз, қатаң дауыссыз, *а* — жоғарыдағыдай талданады, *қ* — қатаң дауыссыз дыбыс, *т* — қатаң дауыссыз дыбыс, *а* — жоғарыдағыдай талданады, *н* — үнді дауыссыз дыбыс. Сондай-ақ, *жасқа* дегенде *жас* — бітеу буын, *қа* — ашық буын. Бітеу буын 3 дыбыстан, ал ашық буын 2 дыбыстан құралған. Болашақтан дегенде: *бо* — ашық буын, 2 дыбысты, *ла* — ашық буын, 2 дыбысты, *шақ* — бітеу буын, 3 дыбысты, *тан* — 3 дыбысты бітеу

буын. *Жасқа* дегенде екпін *қа* буынына түседі, сөздің соңында тұрады, болашақтан дегенде екпін *тан* буынында болады. Сонымен бірге *жасқа*, *болашақтан* деген сөздерде буын және дыбыс үндестігі бар. Түбір сөз немесе соңғы буын жуан болса, оған жалғанатын қосымшалар жуан түрде қосылады: *жас-қа*, *болашақ-тан*. Бұл сөздерде ілгерінді ықпал үндестігі де кездеседі, яғни түбір мен қосымша арлығында үндеседі. Сөздің соңғы дыбысы қатаң болғандықтан, оларға қатаннан басталған қосымшалар жалғанып тұр. Сөйтіп осы жоғарыдағы айтылғандар жинақтала келіп, сөздер дыбысқа, буынға және буын үндестігіне талданып, тындығы қорытылады.

§ 24. МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ ӘДІСІ

Морфологиялық талдау әдісі практикалық әдістер тобына кіретіні белгілі. Сондықтан да бұл талдау әдісі оқушыларға әрі теориялық білім, әрі практикалық дағды беруде қолданылады. Морфологиялық талдау әдісі орта мектептегі IV, V, VI, VII, VIII және IX сыныптарында жиі іске асырылады. Өйткені бұл сыныптарда тікелей морфологиялық материалдар өтіледі. Морфологиялық талдау әдісі материалдарды бекіту, жаттығу және пысықтау процесінде жиі іске асырылады. Морфологиялық талдау әдісін қолдануда, оған мына тәрізді талаптар қойылады: 1) талдауға алынған материалдар морфологиялық тақырыптарға сәйкес болуы тиіс; 2) мәтіндер, сөйлемдер морфологиялық материалдарға тікелей қатысты болуы қажет; 3) морфологиялық талдауды жүргізуде сөз құрамдары мен сөз таптарының өзіндік белгілері жеке-жеке талдануы қажет.

Сондай-ақ морфологиялық талдау әдісі жаңа материалды түсіндіруде, біріккен сабақ процессінде, бекіту, қайталау кезінде және тексеру сабақтарында қолданылып отырылады. Морфологиялық талдау аналитикалық-синтетикалық талдау тәсілдерімен ұштастырылады. Морфологиялық талдау әдісі өзінің ішкі мазмұнына қарай 2-ге жіктеледі: 1. Сөз тұлғалары бойынша талдау. Бұл талдауға мына тақырыптар енеді: түбір сөз, қосымшалы сөз, қосымша, жұрнақ, жалғау, туынды сөз, түбірлес сөз, жалаң сөз, күрделі сөз, біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз. 2. Сөз таптары бойынша талдау. Бұл

талдауды жүргізгенде мына такырыптар қамтылуы тиіс: зат есім, оның тұлғалық және мағыналық түрлері, етістік, оның тұлғалық және мағыналық түрлері, үстеу, оның тұлғалық және мағыналық түрлері, еліктеу сөздер, оның тұлғалық және мағыналық түрлері, шылау сөздер, оның тұлғалық және мағыналық түрлері, одағай, тұлғалық және мағыналық түрлері. Морфологиялық талдау басқа талдаулар тәрізді орындалу тәсіліне қарай 2-ге бөлінеді: ауызша және жазбаша талдау. Бұл талдау орындалу орнына қарай да кабинетте, сыныпта және үйде жүргізіледі. **Сөз бөлшектерінің ішкі құрамын ыдырату-біріктіру морфологиялық талдау** деп аталады. Морфологиялық талдау әдісін іске асыруда, оның құрылымдық элементтері де үлкен қызмет атқарады. Морфологиялық талдау әдісінің құрылымдық элементтері мыналар: 1. Морфологиялық талдауға арнайы текстер мен сөйлемдер таңдалады. 2. Осы таңдалған мәтіндер мен сөйлемдерді оқушылар дауыстап оқып шығады. 3. Мәтіндер мен сөйлемдер тактаға немесе дәптерге жазылады. 4. Сөйлемдегі әрбір сөз тактаның сол жағына бірінен соң бірі жазылады. 5. Сөз құрамдары мен сөз таптары бойынша талдау жасалады. 6. Сөз тұлғалары мен сөз таптары бойынша айтылған пікірлер қорытылып, жинақталады.

Осы жоғарыда айтылған морфологиялық талдау әдісінің құрылымдық элементтерінің өткізілу жүйесіне бірер мысал келтірейік: Ең алдымен мына тәрізді сөйлем таңдалады. *Сағит базарды аралап жүр еді, алдынан Қошқарбай кездескен соң, екеуі дереу пәтер үйіне қайтты. (С.Мұқанов)* Сонан соң бұл сөйлем дауыстап оқытылады, оны басқа оқушылар тыңдап отырады. Бұдан кейін бір оқушы тактаға шығады да жоғарыда айтылған сөйлемді жазады. Мұны тыңдап отырған оқушылар дәптерлеріне көшіріп жазып алады. Сонан соң тактадағы оқушы әр сөзді бірінің астына бірін жазады. *Сағит* — тұлғасына қарай түбір сөз, сөз табына қарай зат есім, жалқы есім, негізгі түбір, атау септігінде тұр; *базарды* — тұлғасына қарай түбір сөз, косымшалы сөз, сөз табына қарай зат есім, жалпы есім, табыс септігінде тұр, нені? деген сұраққа жауап береді; *аралап* — ара түбір сөз, арала — туыпды сөз, косымшалы сөз, сөз табына қарай ара — зат есім, жалпы есім, негізгі түбір; *арала* — етістік, бұйрық райлы, *аралап* — көсемше, *-п* жұрнағы арқылы жасалған; *жүр* — тұлғасына қарай

түбір сөз, сөз табына қарай етістік, негізгі етістік, бұйрық райлы; *еді* — етістік, көмекші етістік, өткен шақты етістік; *алдынан* — тұлғасына қарай түбір сөз, зат есімнің түрі, көмекші есім, *-нан* шығыс септігінің жалғауы; *Қошқарбай* — тұлғасына қарай біріккен сөз, күрделі сөз, сөз табына қарай зат есім, жалқы есім, біріккен зат есім, атау септігінде тұр; *кез-дескен* — сөз құрамына қарай түбір сөз, сөз табына қарай зат есім, *-дес* — етістік тудыратын жұрнақ, *-кен* — есімше жұрнағы, есімшелі сөз; *соң* — жалғаулық шылау, құрмаластырушы жалғаулық; *екеуі-екеу* — құрамына қарай түбір сөз, сөз табына қарай сан есім, жинақтау сан есім, *-і* — тәуелдік жалғауының III жағынын көрсеткіші; *дереу* — тұлғасына қарай түбір сөз, сөз табына қарай үстеу, негізгі үстеу, мезгілдік үстеу; *пәтер* — тұлғасына қарай түбір сөз, сөз табына қарай зат есім, жалпы есім, атау септігінде тұр; *үйіне* — үй тұлғасына қарай түбір сөз, сөз табына қарай зат есім, жалпы есім, *-і* тәуелдік жалғауының III жак көрсеткіші, *-не* барыс септігінің көрсеткіші; қайтты — қайт — тұлғасына қарай түбір сөз, сөз табына қарай етістік, *-ты* өткен шақ жалғауы;

Бұдан кейін осы жоғарыда айтылғандар қайталанып, жинақталады. Морфологиялық талдау әдісін 1 сағат бойында немесе сабақ элементтері үстінде жүргізуге болады. Морфологиялық талдау әдісін схемалар мен кестелер бойынша іске асыруға да болады.

§ 25. СИНТАКСИСТІК ТАЛДАУ ӘДІСІ

Синтаксистік талдау әдісі де теориялық-практикалық жактан үйрету әдістеріне кіреді. Бұл көбінесе қазақ тілінің синтаксис саласын өтумен байланысты іске асырылады. Мектепте аса көп жүргізілетін әдіс — осы синтаксистік талдау әдісі. Синтаксистен теориялық білім мен практикалық дағды беруде іске асырылады. Синтаксистік талдау жаңа материалды түсіндіру кезінде, біріккен сабақ тұсында, бекіту, қайталау процесінде және тексеру сабақтарында жүргізіліп отырады. Синтаксистік талдау да өзінің ішкі мазмұнына қарай 2-ге бөлінеді. 1. Жай сөйлем бойынша талдау. Бұл талдау барысында мына сияқты тақырыптар ескеріледі. Жай сөйлем мағынасына қарай хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті

сөйлем болып келетіндігі талданады. Жай сөйлем құрамындағы сөз тіркесінің есімді сөз тіркесі, етістікті сөз тіркесі, етістікті сөз тіркесі және олардың күрделі сөзден, тұрақты сөз тіркесінен құралатындығы, сөздердің байланысу тәсілдері ескеріледі: қиысу, менгеру, матасу, қабысу, жанасу. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері болатындығы ескеріледі. Сондай-ақ сөйлемнің тұрлаулы мүшелері: бастауыш, баяндауыш және сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері: толықтауыш, пысықтауыш, анықтауыш, сөйлемнің айқындауыш мүшелері, жай сөйлемнің жалаң, жайылма түрлері, жакты, жақсыз түрлері, толымды, толымсыз түрлері, окшау сөздер: қаратпа сөз, қыстырма сөз, одағай сөз. 2. Құрмалас сөйлемдер бойынша талдау. Құрмалас сөйлем бойынша талдау жүргізгенде, оның аясына мына сияқты тақырыптар кіреді: салалас құрмалас сөйлем: жалғаулықты, жалғаулықсыз, ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі, себеп-салдар, талғаулы, кезектес салалас сөйлемдер және олардың тыныс белгілері. Сабақтас құрмалас сөйлемдер: шартты бағынынкылы сабақтас, қарсылықты бағынынкылы сабақтас сөйлемдер, себеп, мезгіл, кимыл-сын, мақсат бағынынкылы сабақтас сөйлемдер және олардың тыныс белгілері, жарыспалы-сатылы көп бағынынкылы сабақтас, олардың тыныс белгісі, аралас құрмалас сөйлем: шылаулы, шылаусыз аралас құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері. Бөгде сөз: төл сөз бен автор сөзі, олардың тыныс белгілері.

Синтаксистік талдау орындалу тәсіліне қарай ауызша, жазбаша және орындалу орнына қарай кабинетте, сыныпта, үйде жүргізіледі. Синтаксистік талдау жүргізгенде, оған мына тәрізді талаптар қойылады: 1) таңдалған мәтін не сөйлемнің логикасы дұрыс болуы тиіс; 2) мәтіндер мен сөйлемдер көркем әдебиеттен алынуы қажет; 3) таңдалған сөйлемдер оқушының біліміне сәйкес болуы абзал; 4) талдауға алынған сөйлемде синтаксистік объектілер мол болуы тиіс: Синтаксистік талдау схемалар, кестелер, карточкалы дәптерлер бойынша жүргізіледі Синтаксистік талдау әдісін жүргізуде, оның құрылымдық элементтері үлкен рөл атқарады. Сондықтан да синтаксистік талдаудың құрылымдық элементтерін білудің мәні үлкен. Олар мыналар: 1. Бұл талдауды жүргізуден бұрын мәтін не сөйлем таңдалады. 2. Ол мәтін

мен сөйлемдер дауыстап оқылады. 3. Мәтіндер мен сөйлемдер дәптерге немесе тактаға жазылады. 4. Жай сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелері, сонан соң құрмалас сөйлем компоненттерінің өзіндік ерекшеліктері талдау жасалады. 5. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері айтылады. 6. Синтаксистік тақырыптар қайталанады, жинақталады. **Сөз тізбектері мен сөйлемнің ішкі құрамын ыдырату — біріктіру синтаксистік талдау әдісі** деп аталады.

Синтаксистік талдау әдісінің іске асырылуына мысал келтірейік: Бұл талдауға лайықты мәтіндер мен сөйлемдер іріктеледі. Сонан соң ол мәтін мен сөйлемдер дауыстап оқытылады. Оны оқушылар тындап отырады, содан кейін оқылған мәтін мен сөйлемдерді бір оқушы тактаға жазады. Оны басқа оқушылар дәптерге көшіріп алады: *Бұл сөз Кенжетайға ауырлау тиді, өйткені ол ауыл жігіті болғанмен қазақша сауатты еді. (С. Мұқанов)* Бұл сөйлемдер алдымен жай сөйлем, сонан соң құрмалас сөйлем түрлеріне ажыратыла талданады. Мұнда екі жай сөйлем бар. Біріншісі — *бұл сөз Кенжетайға ауырлау тиді*, екіншісі — *өйткені ол ауыл жігіті болғанмен қазақша сауатты еді*. Себеп-салдар салалас сөйлем, екі жай сөйлемнен құралған. Себеп-салдар салалас сөйлемнің бірінші компоненті — *Бұл сөз Кенжетайға ауырлау тиді* — салдар мағынаны білдіреді. Екінші сыңары — *өйткені ол ауыл жігіті болғанмен қазақша сауатты еді* — себеп мағынаны білдіреді. Бірінші жай сөйлем мынадай мүшелерден құралған сөз — бастауыш, дара бастауыш, зат есімнен жасалынып, *не?* деген сұраққа жауап береді; *тиді* — баяндауыш, дара баяндауыш, етістіктен жасалынып, *не істеді?* деген сұраққа жауап береді; *бұл* — анықтауыш, есімдіктен болған анықтауыш; *Кенжетайға* — толықтауыш, жанама толықтауыш; *ауырлау* — сын-кимыл пыықтауыш; ал екі сөйлемнің бастауышы: *ол* — дара бастауыш, есімдіктен болған бастауыш; *сауатты еді* — күрделі баяндауыш, сын есім мен көмекші етістіктен болған баяндауыш; *ауыл жігіті* — анықтауыш; *болғанмен* — толықтауыш, жанама толықтауыш; *қазақша* — сын-кимыл пыықтауыш.

Сөйтіп, себеп-салдар салалас сөйлем *өйткені* жалғаулығы арқылы байланысып тұр. Бірінші салдар мағыналы сөйлемнен кейін дауыс үзілісі болады. *Өйткені* жалғаулығының

алдына, яғни себеп-салдар салалас құрмаластың бірінші сынарынан кейін үтір қойылады. Себеп-салдар салаластың 1-ші сынарының да, 2-ші сынарының да, дербес бастауыштары мен баяндауыштары болады. Себеп-салдар салалас сөйлем *сондықтан, себебі, өйткені, сол себепті* деген себеп-салдар мәнді жалғаулық шылаулар арқылы жасалады. Сөйтіп мұғалім жоғарыдағы айтылған мәліметтерді оқушыларға пысықтатады.

§ 26. ТҮРІН ӨЗГЕРТУ ӘДІСІ

Қазақ тілінен тиянақты да берік білім дағдысын қалыптастыруда тілдік материалдардың түрін өзгерту әдісі орасан қызмет атқарады. Қазақ тілі материалдарының өзіндік белгілері жаттығу жұмыстарын жүргізу арқылы дәлелденеді. Бұл өзіндік белгілеріне байланысты таңдалған жаттығулардың орындалу шарты ауысып отырады. Бір жұмыс тәсілі екінші бір жұмыс тәсілімен өзгертіледі. Мұнда оқушы объектіге творчестволық белсенділікпен қатысып, қазақ тілінен алған білімін практика қажетіне жаратуға бейімделеді. Қазақ тілі бойынша тілдік материалдардың түрін өзгерту әдісін іске асыруда, оның құрылымдық элементтері үлкен роль ойнайды. Тілдік материалдардың түрін өзгерту әдісінің құрылымдық элементтері мыналар: 1. Жаттығуды орындаудың шарты белгіленеді. 2. Жаттығудың шарты мен мәтінде берілген сөйлемдерді оқушылар дауыстап оқып шығалы. 3. Жаттығуды ауызша не жазбаша орындаудың тәсілі іске асырылады. 4. Талдау үстінде қазақ тілі материалдарының өзгерісі түсіндіріледі. **Жаттығудағы орындалу шарттарының ауысып отырылу түрі өзгерту әдісі** деп аталады.

Сонымен тілдік материалдардың түрін өзгерту әдісі төмендегіше жүзеге шығарылады. Бұл әдісті жүргізу үшін мұғалім алдымен жаттығу мәтінін қай материалға байланысты орындау керектігін айқындайды. Мәселен: Толықтауыш және оның жасалу жолдарына байланысты жаттығу. Осы тақырыпқа байланысты жаттығудың шарты белгіленеді. Мәселен, төмендегі мақал-мәтелдерді көшіре отырып, көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауларын қойындар да толықтауыштың қалай жасалып тұрғандығын дәлелдендер.

Бұдан кейін оқушылар жаттығу мәтініндегі таңдалған сөйлемдерді былайша дауыстап оқып шығады:

1. *Тілің... жүгірме, білім... жүгір.* 2. *Аузың... әзілі жоқтың қолы... қол шоқпары бар.* 3. *Ақымақ... айтқан сөз ағып жатқан су... тең, ақылды... айтқан сөз қол... ұстаған ту... тең.* 4. *Татулық... табыс мол.* 5. *Қорқақ көлеңкесі... де қорқады.* 6. *Су... шым тоқтатар, сөз... шын тоқтатар.* Осыдан соң оқушылар осы сөйлемдердегі көп нүктенің орнына септік жалғауларының тиістісін қойып көшіріп, ол сөздердің астын сызады да, дауыстап оқып береді: бірінші оқушы — *Тіліңе жүгірме, білімге жүгір*; екінші оқушы — *Аузыңда әзілі жоқтың қолында қол шоқпары бар*; үшінші оқушы — *Ақымаққа айтқан сөз ағып жатқан сумен тең, ақылдыға айтқан сөз қолға ұстаған тумен тең*; төртінші оқушы — *Татулықта табыс мол*; бесінші оқушы — *Қорқақ көлеңкесінен де қорқады*; алтыншы оқушы — *Суды шым тоқтатады, сөзді шын тоқтатады.*

Мұғалім осы мәтіндегі асты сызылған сөздерді тактанып сол жағына былай жаздырады : *тіліңе, білімге, аузыңда, қолыңда, ақымаққа, сумен, ақылдыға, қолға, тумен, татулықта, көлеңкесінен, суды, сөзді.* Бұл сөздерді мұғалім талдап түсіндіруді оқушыларға жүктейді. Олар бұл сөздерді төмендегі тәртіппен талдап береді. Мәселен: *тіліңе* сөзі сөйлемде толықтауыш болып тұр, *неге?* деген сұраққа жауап береді. **Сөйлемде атау не іліктен басқа септіктердің бірінде тұрып, басқа бір мүшені заттық мағына жағынан толықтыратын тұрлаусыз мүшені толықтауыш** деп атаймыз. Толықтауыш негізінде зат есімнен және оның орнына қолданылатын есімдіктерден жасалады, *тіліңе* дегенде зат есімнен жасалып тұр, барыс септігінде тұр, *білімге* дегенде де нақ осылай жасалады. Бұлар құрамына қарай дара толықтауыш, барыс септігінде тұрғандықтан жанама толықтауыш болып табылады. Міне, осы сияқты жүйемен сөйлемдегі басқа толықтауыштарды да талдап көрсетеді. Оқушылар толықтауыштардың септік жалғаудың жалғану ретіне қарай сұрақтары, септіктері, құрылысы өзгеріп отыратынын дәлелдеп түсіндіреді. Сөйтіп сөйлемдегі тексті септік жалғауының жалғану өзгерісі арқылы толықтауыш жасалатынын оқушылар бақылайды. Әрине мұндай жаттығу ауызша да, жазбаша да орындала береді.

§ 27. ТІЛДІК ТАПСЫРМАЛАРЫ БАР МАЗМҰНДАУ ӘДІС

Қазақ тілі бойынша тілдік тапсырмалары бар мазмұндау әдісі оқушыларға білім мен дағды беруде үлкен қызмет атқарады. Тілдік тапсырмалары бар мазмұндауға алынатын мәтіндерді дұрыс таңдау меңгерілетін материалдардың санына игерілуіне септігін тигізеді. Кез келген мәтіннен тақырыптың өзіндік белгілеріне керекті объектілер іздеген орнына табыла бермейді. Сондықтан да мұғалім көп ізденіп жоспарлы түрде жұмыс жүргізуді қарастырады. Бір түрлі мазмұнды мәтінде өтіліп отырған материалды қамтитын объектілер толық болуы және дидактикалық талаптарға сай болуы қажет. **Тілдік фактілерді ажыраттырып, мәтінге жуық ауызша немесе жазбаша айтып беру мазмұндау әдісі** деп аталады. Тілдік тапсырмалары бар мазмұндау әдісін іске асыруда, оның құрлымдық элементтерін де білудің мәні зор. Бұл әдістің құрылымдық элементтері, негізінен, мыналар:

1. Мұғалім таңдалған мәтінді дауыстап оқып шығады.
2. Мәтінге лайықты жоспар жасалады, оны оқушылар дауыстап оқып шығады.
3. Керекті сөздерді көшіріп жазады.
4. Қазақ тіліне байланысты объектілерді талдап береді.
5. Тілдік объектілерді сактай отырып, мәтінге жуық ауызша немесе жазбаша мазмұндайды. Бұл әдіс былай алып барылады. Мұғалім алдымен жаттығу мәтінін қай материалға байланысты іске асыру керек екенін белгілейді. Мәселен, мәтіннен көптік, тәуелдік, септік жалғаулар ажырата отырып, мәтінге жуық мазмұндау (оқулықтың 89-бетіндегі 51-параграфқа байланысты жұмыс жүргізіледі, тақырыбы — жалғау). Бұдан кейін мұғалім сабақ жоспары дәптеріндегі мына мәтінді дауыстап оқып береді.

БІР ШӨКІМ МАҚТА

Бір кішкентай қыз әжесінің шапанын жамап отырады. Әжесі қасында отырып ақыл айтады:

— Балам, дүниедегі жаратылған жанды-жансыз заттардың керексіз болып, жерде қалатыны болмайды, — деді. Әжесі осы сөзді айтып отырғанда, қыз бала киімін жамап болып, жердегі мақтаның қикымын терезеден далаға тастады.

— Әже, осы кикымның ешнәрсеге қажеті бола қоймас, — деді.

Әжесі:

— Балам, ол да жерде қалмайды, — деді. Осылайша сөйлесіп терезеден қарап отырса, манағы мақтаны жел көтеріп ұшырады. Мұны көрген торғай қуып барып тұмсығымен алып ұшып кетеді. Қыз мұны көріп әжесінен:

— Торғай мақтаны не қылады? — деп сұрады. Әжесі:

— Көрдің бе, балам, манағы айтқан сөздің келгенін. Торғай ол кішкентай мақтаны ұясына төсеп, жас балапандарына мамық етеді, — деді (*Ы.Алтынсарин*).

Осыдан соң оқушылар жылжымалы тактада жазылған мәтін жоспарын дауыстап оқып шығады. 1. Бір кішкентай қыз. 2. Әжесінің ақыл айтуы. 3. Мақтаның кикымын тастауы. 4. Әжесінің сөзі. 5. Торғайдың мақтаны алып ұшуы. 6. Балапандарына мамық етуі. Бұдан кейін оларды дәптеріне көшіріп жазады. Шапанын, заттардың, жерде, киімін, әжесінің, кикымын, терезеге, мақтаны, әжесінен, тұмсығымен, ұясына, балапандарына. Жоғарыдағы дәптерге көшірілген сөздерді оқушылар морфологиялық талдау жасайды. М: *шапанын* деген сөз — қосымшалы зат есім, құрамына қарай *шапан* — түбір сөз, сөз табына қарай зат есім, жалпы есім, атау тұлғада тұр, *шапаны* дегенде *-ы* — тәуелдік жалғаудың көрсеткіші, III жағында тұр, *н*-табыс септігінің жалғауы, *несін?* деген сұраққа жауап береді. Ал *заттардың* дегенде *зат* — түбір сөз, *заттардың* — қосымшалы сөз, *-тар* — көптік жалғауы, *-дің* — ілік септігінің жалғауы. Зат есімге көптік жалғауы, онан соң септік жалғауы жалғанып тұр. Осы сияқты тәртіппен басқа сөздердегі көптік, тәуелдік, септік және жіктік жалғаулар талдау жасалады.

Мәтіндегі керекті сөздерді жалғауларға ажыратып болғаннан кейін жалғау объектілерін сақтай отырып, мәтінге жуық етіп төмендегіше мазмұндап береді: Бір кішкентай қыз әжесінің қасында отырады. Оның шапанын жамайды. Әжесі оған дүниедегі заттардың керексіз болмайтынын айтады. Қыз бала киімін жамап болады. Кішкентай қыз жердегі мақтаның кикымын терезеден далаға лақтырып жібереді. Мұны көрген әжесі мақта кикымының жерде қалмайтынын айтады. Осылай дей бергенде, жел мақтаны көтеріп ұшы-

рады. Мұны көрген торғай ұшып барып, тұмсығымен алып кетеді. Торғай мақтаны не істейтіндігін қыз әжесінен сұрайды. Әжесі оған мақтаны ұясына төсеп, жас балапандарына мамық етіп беретіндігін айтады. Сөйтіп, оқушылар сөздегі жалғауларды ажырата отырып, мәтінге жуық мазмұндайды. Мазмұндау үстінде көптік, тәуелдік, жіктік және септік жалғауына аса назар аударады.

§ 28. СӨЙЛЕМ ҚҰРАТУ ӘДІСІ

Қазақ тілінен білім мен дағды беруде сөйлем құрату әдісінің мәні зор. Оқушылардың тілін ширатып, керекті қазақ тілі тақырыптарын кірістіре отырып сөйлем құрату, олардың еңбекке деген икемділігін төселдіреді. Әрбір қазақ тілі материалдарының өзіндік белгілерін саралап таныта отырып, сол фактілерге сай шәкірттердің білімін молайтып, сөз байлығын қорландырып, сөз, сөйлем саптау дағдысын арттырып отырған тәуір. Сондықтан да жаттығудың негізгі ерекшеліктеріне қарай еңбек түрі сатылай ұйымдастырылады. Осы еңбек түрін сатылай ұйымдастыруда қазақ тілі бойынша сөйлем құрату әдісінің құрылымдық элементтері ерекше қызмет атқарады. Методикалық эксперименттің жақсы нәтижелері сөйлем құрату әдісінің мынадай элементтері болатындығын анықтады: 1. Жаттығу шартының белгіленуі. 2. Жаттығудың шарты мен берілген сөздердің дауыстап оқылуы. 3. Сұрақ қойылуы. 4. Оқушылардың ауызша не жазбаша жауабы. 5. Керекті тілдік фактілердің дәлелденуі. Оқушыларға қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беруде, сөйлем құрату әдісі төмендегі жұмыс жүйесі негізінде іске асырылады. Алдымен бұл әдісті қайсы тақырыпқа байланысты жүргізу керек екендігі анықталады: үнді дауыссыз дыбыстардың жазылуы. Бұдан кейін бұл дыбыс әріптерінің жазылуына байланысты жаттығудың шарты белгіленеді. Бұл жаттығудың шартын біреп оқушы дауыстап оқып береді: көп нүктенің орнына үнді дауыссыздармен келген керекті сөздерді тауып, толық сөйлем құрандар. Үнді дауыссыз дыбыс әріптерінің жазылуын айтып беріңдер.

Осыдан соң берілген сөздер мен керекті дыбыс пен сөздерді мұғалім оқушыға дауыстап оқытады. 1. ...*әжеме көмектестім*. 2. ...*қатты жсауды*. 3. *Біз ... мектепте оқимыз*.

4. ...бүгін қаладан келді. 5. ... доп ойнады. 6. Олар ... тапсырмасын орындады. 7. Әсет ... болды. Сөйлемге керекті сөздер: *м* — мен, *н* — жуан, *н* — жана, *р* — Марат, *л* — балалар, *й* — үй, *у* — ауыл. Мұғалім осы сөздерді дауыстап оқытып болған соң, кім сөздерді толықтырып сөйлем құрап жаза алады? деген сұрақты оқушылар ортасына қояды. Бұл сұраққа жауап ретінде оқушылар сөйлемдерін дауыстап оқып береді: бірінші оқушы — *Мен әжеме көмектестім*; екінші оқушы — *Жауын қатты жсауды*; үшінші оқушы — *Біз жаңа мектепте оқимыз*; төртінші оқушы — *Марат бүгін қаладан келді*; бесінші оқушы — *Балалар доп ойнады*; алтыншы оқушы — *Олар үй тапсырмасын орындады*; жетінші оқушы — *Әсет ауылда болды*. Осыдан кейін жылжымалы тактадағы сөйлемге керекті сөздерді жеке-жеке буындарға ажыратып, *м, н, н, у, л, р, й* әріптерінің қалай жазылып тұрғандығын оқушылар дәлелдеп береді.

Сондай-ақ, көптік жалғауын оқытуға байланысты сөйлем құрату әдісі төмендегіше жүргізіледі. Ол үшін алдымен жаттығудың шарты белгіленеді. Мәселен, мына сөздерге көптік қосымшасын жалғап, сөйлем құраңдар да үндестік заңының өзіндік белгілерін дәлелдендер. Бұдан кейін жаттығудың осы шартымен ондағы берілген сөздерді оқушылар дауыстап оқып шығады. *Кітап, жазушы, өспірімдер, жұмысшы, жастар, саяхат, біз, ән, орындық, кітапхана*. Бұдан кейін мұғалім оқушыларға осы сөздерге көптік қосымшасын жалғап, «Кім сөйлем құрап жаза алады?» деген сұрақты оқушылар ортасына қояды. А. деген оқушы — *Біз бүгін дүкеннен қызықты кітаптар алдық*. — Екінші сөйлемді кім жазады? Ә. деген оқушы — *Оқушылар жазушылармен кездесті*. — Үшінші сөйлемді кім құрай алады? Б. деген оқушы — *10 наурыз күні жасөспірімдер жарысы болды*. — Төртінші сөйлемді кім жаза алады? Г. деген оқушы — *Жұмысшылар зауыт пен фабрикаларда істейді*. Бесінші сөйлемді кім құрай алады? Ш. деген оқушы — *Жастар — болашағымыздың тірегі*. Алтыншы сөйлемді кім жаза алады? Д. деген оқушы — *Біздер бүгін саяхатта болдық*. Жетінші сөйлемді кім құрай алады? Е. деген оқушы — *Оқушылар концертінде әндер орындалды*. Сегізінші сөйлемді кім жаза алады? Ж. деген оқушы — *Біздің клубта орындықтар көп*. Тоғызыншы сөйлемді кім құрай алады? З. деген оқушы — *Біздің ауданда кітапханалар көп*.

Осыдан соң оқушылар жоғарыдағы сөйлемдегі *кітаптар, жазушылар, жұмысшылар, жастар, біздер, өндер, саяхат, орындықтар, кітапханалар* деген сөздерді сөйлемнен бөліп алып тақтаға жазады да, үндестік заңы бойынша талдау жасап, дәлелдейді. Мәселен, *кітаптар* деген сөздің соңғы буыны жуан болғандықтан, оған жалғанатын *-тар* жалғауы да жуан болып қосылады. Ал енді, сөздің соңғы буынының қатаң болуына байланысты түбір мен қосымша аралығындағы ілгерінді ықпал заңы бойынша қосымшаның да басқы дыбысы қатаң болып жалғанады. Міне, осы сияқты методикалық тәртіппен басқа сөздер де талдау жасалып дәлелденеді. Қазақ тілі бойынша сөйлем құрату әдісін сурет арқылы да жүргізуге болады. Ол кезде бұл әдістің құрылымдық элементтері толық сақталуы тиіс. Қазақ тілі бойынша сөйлем құрату әдісін сурет бойынша да жүргізуге болады. Алдымен мұғалім жаттығудың шартын анықтап алады: Суретке қарап, сұрақтарға жауап беріндер. Құраған сөйлемдерді жазып, дауысты мен дауыссыз дыбыстардың айтылуына назар аударындар. Жаттығудың осы шартын оқушылар дауыстап оқып шығады. Осыдан соң мұғалім оқушыларға бірнеше сұрақтар қояды. Оған олар сөйлеммен жауап береді: — *Мына кімнің суреті?* — *Бұл Алтынсариннің суреті.* — *Бұл қай кезде тұскен сурет?* — *Алтынсариннің балалық кезде тұскен суреті.* — *Алтынсаринді кімдер жақсы көреді?* — *Оны бәріміз жақсы көреміз.* Мұғалім осы сөйлемдерді оқушылардың дәптерлеріне көшірттіреді. Әрбір сөйлемдегі дауысты мен дауыссыз дыбыстардың айтылуын оқушылардың өздеріне дәлелдетеді. Осы тәрізді сөйлемдердің емлелік және сөз саптау қателерін мұғалім оқушылардың өздеріне түзетіп отырады. Сонымен мұндай жаттығуларды орындау арқылы оқушылар бөлшекті бүтінге айналдырудың басқыштарын саналы түсінетін болады.

§ 29. ШЫҒАРМА ЖАЗДЫРУ ӘДІСІ

Қазақ тілі бойынша тілдік тапсырмалары бар шығарма жаздыру әдісі — қазақ тілінен жүргізілетін дағдылардың ішіндегі қиын да, күрделі түрлерінің бірі. Мұнда оқушылар өз бетінше жұмыс істеп, қазақ тілінен алған теориялық білімін практикада сынап көреді. Сондықтан да бұл жаттығу жоғарыда айтылған бес түрлі дағдылардан кейін орындалады. Осы-

ған орай бұл жаттығу жұмыс процесінің соңғы дәуірінде жүргізіледі. Тілдік тапсырмалары бар шағын шығарма жаздыру әдісі жаңа, бекіту, тексеру, сынақ және өтілген материалды қайталау процесінде алып барылады. Қазақ тілі бойынша жүргізілетін шығармалар бойынша істеу басқа шығарма жаттығулардан тіпті ерекше орын иелейді. Бұл жаттығудың алдымен орындалу мақсатына қарай белгілі шарттары беріледі. Жаттығуды орындау шарты қазақ тілі материалдарының өзіндік белгілеріне тікелей жанасуы тиіс. Сондықтан да бұл дағдының өзіндік екі ерекшеліктері, яғни творчестволық шығармалар бойынша істеудің шарты мен қазақ тілі материалдарына жанасу қасиеттері айрықша көзге түсуі абзал. **Тілдік фактілерді кірістіре отырып, бір түрлі мазмұнды мәтін жасау шығарма жаздыру әдісі** деп аталады.

Бұл шығарма бойынша жұмыс істеу екі түрлі жолмен жүзеге асырылады. Біріншісі — ұжымды түрде шығарма жаздыру; екіншісі — жеке оқушыға шығарма жаздыру. Ұжымды түрде шығарма жаздыру жұмысы сыныпта мұғалімнің басшылығымен жүргізіледі. Мұғалім алдымен қазақ тіліне байланысты қайсы тақырыпқа сай шығарма жазылатындығын, ол шығарманың қандай мақсат көздейтіндігін және шығарманың шарттарын түсіндіріп, сыныптағы оқушылармен талдау жасайды. Сыныптағы оқушылар творчестволық шығарма жұмыстарын қалай жазудың техникасын әбден меңгеріп алған соң, әрбір жеке тақырыптарға қарай шығарма жазудың үй тапсырмасы ретінде тапсыруға болады. Жеке оқушылармен өз бетінше шығарма жазу жұмыстары көбінесе үйде орындалады. Себебі үй жұмысы әрқашан көп уақытты талап етеді. Сондықтан да мұғалім бұл жаттығуды ұқыпты жүргізіп, жүйелі түрде алып барады. Бұл шығармалар бойынша істеу қазақ тілі тақырыпшалары мен тақырыптары бойынша да немесе күрделі материалдарды өтіп болғаннан кейін де жүргізіліп отырады.

Бұл материалдарға жазылған шығармалар шартына қарай қалай жазылған, олар қандай нәтижелер берген, шығармалардағы негізгі орфографиялық, пунктуациялық және стилистикалық қателер қалай жіберілген және оларды қалай түзетуге болады деген мәселелер бойынша мұғалім талқылау сабақтарын ұйымдастырып отырады. Ал енді осы тілдік тапсырмалары бар шығарма жаздыру әдісі қалай ұйымдас-

тырылады, қандай методикалық жүйе бойынша алып барылады деген мәселеге тоқталайық: қазақ тілін оқытуда картиналар бойынша шығарма жаздыру, теориялық мағлұматтарды берік меңгертуде, дағдыландырылатын материалдарды жаттықтыруда, ой қабілетін өсіруде, көру мен есіту дағдысын күшейтуде үлкен маңызға ие.

Тілдік тапсырмалары бар шығарма жаздыру әдісі алдымен суреттер бойынша жүргізіледі. Бұл тәсілдің құрылымдық элементтері мыналар: 1. Алдымен қай тақырыпқа байланысты тілдік тапсырмалары бар шығарма жаздыру керек екендігі анықталады. 2. Тілдік тапсырмалары бар шығармаға сай картина іріктеледі. 3. Тақырыпты кірістіре отырып, шығарма жаздырылады. Мысалы, тәуелдік жалғауын кірістіре отырып шығарма жазу. 4. Шығарманы жазып болған соң, ол дауыстап оқытылады. 5. Шығармадағы сөздерге қарай отырып, тәуелдік жалғауының жалғану ерекшеліктері дәлелдетіледі. Мәселен, тілдік тапсырмалары бар шығарма жаздыру әдісіне мысал келтірейік. Мұғалім оқушыларға тәуелдік жалғауына байланысты тілдік тапсырмалары бар шығарма жазу керек екенін ескертеді. Осы тәуелдік жалғауына сай «Алау жанында» деген суретті іріктеп, тандап алады. Сонан соң мұғалім осы картинаға қарай отырып, тәуелдік жалғауын кірістіріп шығарма жазуды оқушыларға жүктейді. «Алау жанында» деген суреттің мазмұнына байланысты мынадай шағын шығарма жазады: *Көкпеңбек мал жайлауы. Оның айналасы орман мен кіші өзендер. Мұнда тек сарқырап ағып жатқан судың даусы естіледі. Қарт кісі мал күтімі жайында әңгімелеп отыр. Сонымен бірге малға киліккен қасқырды да қалай соғып алғанын айтып қояды. Балалар малыш қарттың әңгімесін ықыласпен тыңдады. Әңгімесі үшін алғыстарын айтты.* Осыдан кейін мұғалім жазып болған шығарманы дауыстап оқытады да, оқушылар назарын суретке аударады. Сөйтіп, суреттің мазмұнын толық берген, бермегендіктерін анықтайды. Оқушылар сурет бойынша жазған шығармаларын оқып, тәуелдік жалғаудың 3 жақтағы жіктеу ерекшеліктерін және олардың жекеше, көпше түрлерін дәлелдейді.

Сондай-ақ тілдік тапсырмалары бар шығарма жаздыру жұмысы жеке тақырыптарға байланысты да жүргізіледі. Белгіленген тақырып бойынша тілдік тапсырмалары бар

шығарма жаздыру әдісінің құрылымдық элементтерін білудің де мәні зор. Ол құрылымдық элементтер мыналар: 1. Белгілі бір тақырыпқа байланысты шығарма жазу екендігі ескеріледі. 2. Шығарма жазудың шарты дауыстап оқытылады. 3. Сынып тақтасына керекті сөздер жазылады. 4. Әрбір оқушының жұмысы аралап жүру арқылы барлау, бақылау жасалады. 5. Шығарма сынып тақтасына жазылады. Осы құрылымдық элементтердің іске асырылуына мысал келтірейік. Мұғалім қатаң дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесіне байланысты «Ғарышкер» деген тақырыпта шағын шығарма жаздырады. Сонан соң шығарманың тақырыбын тақтаға жазады да, оның мынадай мақсаттарды көздейтіндігін түсіндіреді: 1) шығарма ұшқыш-ғарышкерлер жайында баяндалуы тиіс; 2) шығарма тілі жатық, айтылған ой айқын болуы қажет; 3) айтылған ой нақтылы фактілермен дәлелденуі керек; 4) үнді мен ұяң дыбыс әріптерінің емлесі де ескерілгені жөн; 5) қатаң дауыссыздар туралы берілген теориялық мәлімет еске түсірілуі тиіс; 6) қатаң дауыссыз дыбыстар емлесіне байланысты шығарманың жазылып отырғандығы ескерілуі қажет. Мұғалім жазылған шығармаларды оқушыларға дауыстап оқытып, қатаң дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесін еске түсіреді. Мұғалім сөз саптауы, өз ойын бере білуі, каллиграфиясы жағын сыныпта қарап, басқа қателерін үйде тексеруге оқушылар дәптерін жинап алады. Сонымен бірге мұғалім жалқы есім мен жалпы есімге байланысты «Біздің мектеп» деген тақырыпқа сай жазылатын шығармашылық жаттығудың шартын дауыстап оқытады. Мына төмендегі сөздерді пайдалана отырып, шағын шығарма жазындар да, жалқы есім мен жалпы есімнің емлесін еске түсіріңдер. Осы жұмыстан кейін сынып тақтасына шығармаға керекті сөздер жазылады. *Шымкент, қала, мектеп, біз, Жамбыл Жабаев, есім, нөмір, қорғасын зауыты, спорт, волейболиштылар, баскетболиштылар, футболшылар, абырой, оқу, насихат, ұстаз, борыш* осы сияқты сөздерді кірістіре отырып оқушылар сөйлемдер құрап, шығарманың мақсатын орындауға жұмылады. Мұғалім партадағы әрбір оқушыға барып, қалай жазып жатқандарын байқап, бағдарлап, дұрыс жазылғандарын тексеріп, қателерін түзетеді. Сонан соң шығарма дауыстап оқылып, сынып тақтасына жазылады. Бұдан кейін мұғалім жоғарыда жеке-жеке жазылған сөздердің жалқы есім мен жалпы есім болатындығын дәлелдетеді.

§ 30. ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ ӘДІСІ

Орфографиялық талдау емле бойынша өтілген материалдарды қайталап, оқушылардың білімін тексеріп және өтілген орфографиялық материалдарды үнемі толықтырып отыру үшін алып барылатын тиімді құралдардың бірінен саналады. Мұғалім орфографиялық талдау жүргізгенде емлелік материалдарды жақсы білетін және оқушылардың меңгеруімен есептеспей, бүкіл сол сыныптың жете меңгеруімен санасуы тиіс. Сөйтіп оқушылардың негізгі білмейтін жерлерін есепке алып, соған байланысты талдаулар жасатып отырады. Мектеп оқушыларының сауатты жаза білуі қазақ тіліне қатысты орфографиялық ережелерді жете меңгеріп, оны практика қажетіне қарай еркін қолдана алуына байланысты екендігі белгілі.

Сондықтан да қазақ тілі материалдарын өту үстінде орфографиялық мәліметтерді де қатыстырып, үнемі қайталап еске түсіріп отыруды ұмытпаған дұрыс. Әрине орфографиялық талдау тұсында дыбыстардың түрлері, олардың жасалуы, дыбыс пен буын заңдылықтары және үндестік заңының ерекшеліктері пысықталып, қайталанып отырылуы тиіс. Сонымен бірге орфографиялық талдау мазмұнына қарай төмендегі тәртіпте жүргізіледі: дыбыс пен әріпке қарай еріндік дауысты дыбыс әріптерінің жазылуына, езулік дауысты дыбыс әріптерінің қолданылуына, қосарлы дауысты дыбыс әріптерінің жұмсалыуына, үнді дауыссыз дыбыс әріптерінің жазылуына, ұян дауыссыз дыбыс әріптерінің жұмсалыуына, қатан дауыссыз дыбыс әріптерінің қолданылуына, дыбыстар тіркесінің емлесіне, буын жігіне байланысты, тасымалға лайықты талдау басқыштары жүзеге шығарылады. Бұл талдау өткізу орнына қарай сыныпта да, үйде де орындалады. Сондай-ақ, орфографиялық талдау жүргізу тәсіліне қарай ауызша да, жазбаша да жүзеге асырылады. Қазақ тіліне қатысты орфографиялық талдау мынадай методикалық жүйе негізінде орындалады: 1) орфографиялық талдау қайсы тақырыпқа байланысты жүргізілетіндігі ескеріледі; 2) белгілі бір орфографиялық тақырыптарға сай сөйлем не мәтін таңдалады; 3) сөйлем не мәтінді оқушылар дауыстап оқиды; 4) сонан соң мұғалім осы сөйлемдердің мәтіннен қайсы орфографиялық ере-

желерді байқау керек екендігін айтады; 5) оқушылардың сөйлем не мәтіндегі әріптер мен буындардың, сөздер мен сөз тіркестерінің жазылуын түсіндіреді; 6) осы таңдап алынған сөйлем не мәтін ішіндегі барлық сөзді талдап жатудың қажеті жоқ, тек сол сөйлем не мәтін ішіндегі ерекше орфограммалық жақтан түсетін, талдау мақсаты мен шартына жауап бере алатын және таңдап алынған сөздердің асты сызылған объектілері ғана талдау жасалғаны тәуір. Мәселен, қазақ тіліне қатысты орфологиялық ережелерді қайталау үшін, мұғалім мына тәрізді бірінші мәтін таңдайды: *Айбала Ботакөзге жәрдемдесуге бірнеше рет оқталғанда, Асқар айтпа деп көзін қысты. Білмеймін — деді ол, таба алмағанына қызараңдап. — Тап! Ойлан! — Рас, білмеймін. Қазақ арба емес пе? — деді Асқар. — Қандай қазақ арба? Кәдімгі екі доңғалақты, көшкенде мінетін (С. Мұқанов).*

Осы сөйлемдердегі сөздердің емлесін талдау керек екендігін мұғалім оқушыларға ескертеді де, мәтінді бірер оқушыға дауыстап оқытады. Бұл оқыту тұсында оқушылар мәтіндегі әрбір сөздің жазылу емлесіне назар аударып, олардың айтылу жағына да зер салады. Мұғалім мәтіндегі *Айбала* деген сөздің астын сызады, осы сөзді талдау керек екендігін оқушыларға жүктейді. Алдымен оқушылар бұл сөйлемді дауыстап тағы да оқып шығады. Сонан соң тақтаға *Айбала* деген сөзді жазады да, осы біріккен сөз, жалқы зат есім, кісінің аты, біріккен есім екі сынарлы: біріншісі *ай*, екінші сынары *бала* екендігін айтады. Бұл біріккен сөз *Айбала* түрінде айтылып, екі түбірі де сақталып біріккен күйінде бас әріппен жазылатындығы ескеріледі. Бұдан кейін *Айбала* сөзінде алты дыбыс пен алты әріп бар екендігі түсіндіріледі. Осы *Айбала* сөзінде үш дауысты дыбыс, үш дауыссыз дыбыс бар екендігі, бұл дауысты, дауыссыз дыбыс әріптері естілген күйінде сөз басында, ортасында және аяғында жазыла беретіндігі айтылады, яғни анығырақ айтқанда *а* әрпі сөз басында, бірінші буында, ортасында екінші буында және сөз соңында үшінші буында жазылып тұрғандығы дәлелденеді. Дауыссыз үнді дыбыс *й* әрпі тек дауысты дыбыстардан кейін жазылатындығы ескеріледі. Сондай-ақ *б* әрпі сөз басында буында және сөз ортасында кейінгі буында қолданылатындығы түсіндіріледі. Сөйтіп бұл сөз буын заңдылықтарына байланысты *Ай-ба-ла* түрінде де осы жүйемен талда-

нып барылады. Талдау соңында барлық емлелік объектілер жинакталады.

Сонымен орфографиялық талдау жүргізу процесінде оқушылардың тақта бетінде және карточкалы дәптерлеріне жазып талдайтын талдауларына мұғалім ерекше көңіл аударып отырғаны жөн. Орфографиялық тақырыптарға арналып жазылған кестелер мен сызбаларды оқушылардың өздеріне істеттіре отырып, талдау жұмыстарын жүргізуге болады. Мәселен, мұғалім дауысты дыбыс әріптеріне байланысты кесте мен таблица бағандарының ішіндегі сөздердің оқушылардың өздеріне іздендіреді. Осыған жалғастыра мұғалім сөйлем ішіндегі әрбір әріптің жазылу емелеріне сәйкес өзіндік белгілерін көрсете отырып талдауды да жүргізіп отырады.

Сондай-ақ, сыныпта орындалған орфографиялық талдауды үй жұмыстарының жалғасы ретінде де беруге болады. Орфографиялық талдаудың негізгі түрлеріне қарай оқушылардың өздігінен іздендіріп отыру мақсатында осы талдауды түсіндірмелі жазу үлгісімен жүргізіп отырудың мәні зор. Бұл талдауды орфографиялық жаттығудың күрделі түрі есебінде немесе орфографиялық дағдының бір түрінің элементі есебінде пайдаланып отыруға болады. Диктант түрлерін жүргізуде және бұл диктантты талқылау сабағында, дәптердегі кателермен жұмыс істеуде орфографиялық талдаудың қызметі үлкен. Орфографиялық талдау емлелік материалдарды түсіндіру, бекіту, қайталау және үй тапсырмаларын тексеру сабақтарында да жиі жүргізіледі. Сондай-ақ әрбір сабақ элементтерінің 5-10 минутын осыған арнауға болады.

Орфографиялық кателерді тексеру және оны түзету тәсілдері. Қазақ тіліне байланысты оқушылардың жазба жұмыстарындағы кателерін дәптерден не тактада тексеріп және оны түзетіп отырудың сауаттылық үшін пайдасы мол. Сондықтан да сыныптағы және үйдегі орындалатын тапсырмаларды дәптерде қалай орындап отыратындықтарын күнделікті қадағалап тексеріп, ондағы кателерді түзетіп отырудың қызметі ерекше. Теориялық материалға байланысты сынып дәптерінде орындалған жұмыстар, үй тапсырмалары көшіріліп жазылған мәтіндер мен жаттығулар, диктанттар, мазмұндамалар мұғалім тарапынан үнемі тексеріліп бары-

луы тиіс. Бұлай етпеген күнде оқушылардың жалпы сауаттылық дәрежесі көтеріле алмайды. Оқушылардың көпшілігі дұрыс жазып үйрену нәтижесінде орфографиядан білім мен дағды алады. Орфографиялық дағдыларды жиі-жиі қайталау нәтижесінде сауатты, қатесіз жаза алатындай дәрежеге жетеді. Сондықтан да күллі жазба жұмыстарындағы қателерді түзетіп отыру мұғалімнің басты бір жұмысы болып есептеледі.

Оқушылар дәптерлеріндегі өтілген, өтілмеген ережелерге байланысты жіберілген қателер де үнемі тексеріліп отырылады. Дәптердегі қателер үйде тексерілуімен бірге сыныпта да тексеріледі. Қателерді тексеру көбінесе оқушылардың көз алдында болғаны жөн. Мұғалімнің басшылығында оқушылардың өздері қателерін көріп, өздері түзеткені абзал. Бұл өзін-өзі тексерудің, бақылау жасаудың бір түрі болып саналады. Дәптердегі сыныпта орындалатын жаттығуларды мұғалім парталарды айналып, көріп шығу және кейбір оқушылардың жазып болған жұмысын қарап шығу, өсіресе, нашарлау, аз дайындалатын оқушылардың еңбегін бақылап шығу арқылы тексеріп шығады. Байқалған қателерді қолма-қол дәптерлеріне түзетіп, ондай сөздерді дұрыс жазу керек екендігін оқушыларға ескертеді.

Сондай-ақ сынып жұмыстары қадағаланып, үй тапсырмалары да төмендегі тәртіппен тексеріліп барылады: 1) мұғалім парта үстіне қойылған әрбір оқушының дәптерін жалпы барлап көріп шығады. Мұнда әрбір оқушының үй жұмысы орындалған, орындалмаған, онда қандай орфографиялық қателер жіберілгендігі байқап шығылады; 2) бір оқушыны мұғалім тақтаға шақырып, дәптеріндегі үй тапсырмасының қалай орындалғандығын айтып беруді жүктейді; 3) дәптердегі үй тапсырмасының әрбір сөйлемі кезекпен оқылып тексеріледі. Мұғалім сыныптағы орындалған жаттығуларды сол күні сыныптың өзінде тексеріп, барлап, нәтижесін айтумен бірге үйге берілген тапсырмадағы қателерді де тексеріп отыруды жүйелі түрде жүргізіп отырады. Мәселен, мұғалім әр күні сабақ соңында сыныптағы орындалған жұмыстарды барлап тексеріп шыққан соң, олардың сауаттылығын бағдар жасай отырып, төрт-бес оқушылардың дәптерін жинап алып тексеріп келеді. Әсіресе, мұнда нашар үлгіретін, тапсырманы толық орындамайтын оқушылардың жұмысына

көбірек көңіл бөледі. Сөйтіп бір айдың ішінде әрбір сынып оқушылардың дәптері 2-3 рет тексеріліп шығады. Осындай тексеру нәтижесінде оқушының үй тапсырмасын орындаған, орындамағандығы, сөйлемдерді ұқыпты және қатесіз жазған, жазбағандығы, өтілген тақырыптың қаншалықты меңгерілгендігі, сыныпта жүргізілген жаттығуларда оқушылар кателерін қалай түзегендігі, сөйтіп, оқушылардың күнделікті орфографиялық сауатының асып бара жатқадығы бағдарланып, осылар жайында қысқаша дәптер соңына рецензия жазылады. Бұдан кейін дәптердегі жіберілген кателерді қалай жою жөнінде мұғалім қандай қосымша жаттығуды істеу керек екендігін көрсетеді. Сөйтіп тексеру соңында дәптерге баға қойылады.

Оқушылардың дәптерде жіберілген кателері әр кезде қызыл сиямен түзетіледі. Себебі қызыл сия оқушылар көзіне анық көрінеді. Кателерін тез көріп, оны тез жою үшін жұмыс жүргізуге пайдасын тигізеді. Сондай-ақ қазақ тіліне байланысты орфографиялық кателерді түзетуде мына тәрізді тәсілдер іске асырылады: 1) дәптерде жіберілген орфографиялық кателердің асты қысқа сызықпен сызылады да дәптер жанындағы ақ шетке қате жіберілген сөздің дұрысы жазылып қойылады. *Арман мектептен сұлық алды* (ақ шетке былай жазылады: *сыйлық*); 2) дәптерде жіберілген катенің асты сызылып, ақ шетке, яғни дәптер шетіне оқулықтағы ереженің параграфы мен беті көрсетіледі. Мұндай тәсіл қате жіберілген орфограммаға байланысты ережені тауып оқып, неліктен қате жіберілгендігін сезу үшін іске асырылады; 3) дәптердегі жіберілген кателердің асты сызылады да, бірақ ол түзетілмейді. Оқушылар осы асты сызылған сөздерге қарай отырып, неліктен қате жібергендігін өздері тауып түсіндіреді. Бұл да оқушыларды өздігінен істеттірудің бір түрі болып есептеледі. Бұдан кейінгі дәптердегі пунктуациялық кателердің асты қос сызықпен, стилистикалық кателердің асты ирек сызықпен сызылып көрсетіледі. Сөйтіп дәптер соңына кателердің барлық түрі есептеледі. Мәселен, орфографиялық қатесі біреу, пунктуациялық қатесі біреу және стилистикалық қатесі жоқ жұмысқа былайша баға қойылады. Дәптер шетіне, ақ шетке: = 1 және 2 стилистикалық қате болса, “4” бағасы қойылады.

Орфографиялық сөздікпен істеу тәсілдері. Қазақ тіліне қатысты орфографиялық тақырыптарды оқушыларға меңгертуде орфографиялық сөздікпен жұмыс істеудің практикалық дағдылар үшін пайдасы мол. Сондықтан да әрбір емделік материалдарды өтуде мектеп оқушыларына арналған орфографиялық сөздік іске асырылып отырады. Мектеп оқушылары үшін жазылатын орфографиялық сөздік төмендегі талаптарға сәйкес жазылуы тиіс: 1) орфографиялық сөздік әрбір сынып оқушыларының алған біліміне сай сөздік қоры мен сөз байлығын есептей отырып жасалуы қажет; 2) бұл Білім министрлігінің сөздікке арналған бағдарламасына сәйкес жасалуы тиіс; 3) мұнда жазылуы қиын деген сөздер берілуі керек; 4) сөздік жасауда оқушылардың әр сабақ сайын қанша сөз меңгеретіндігі де ескерілуі абзал; 5) әр оқушы, әр сынып жыл сайын қанша жаңа сөз үйренетіндігі де қарастырылуы қажет; 6) сөздіктің әрбір сөзі екпінмен ажыралып тұрғаны дұрыс. Осындай талаптармен жасалған орфографиялық сөздіктің пайдалы жақтарын мынадай жұмыстардан көруге болады: 1) оқушылар орфографиялық сөздікпен істеу процесінде әріптің, буынның, сөздің, сөз тіркестерінің, сөйлемнің жазылуын талдап жинақтайды; 2) олар аса ауыр емделік материалдарды меңгере алады; 3) сөздікпен істеу барысында теориялық материалдарды практикалық қажетіне жаратады; 4) әрбір емделік тақырыптармен істеу нәтижесінде, оқушылардың білім дәрежесі толық қалыптасады; 5) орфографиялық сөздікпен істеу процесінде әрбір оқушының көру қабілеті нығайып, көзі жаттығады; 6) сондай-ақ мұғалімнің орфографияға байланысты жаттығу жұмыстарын түрлендіріп отыруына мүмкіндіктер жасалады. Сондықтан да орфографиялық сөздік әрбір мектеп оқушыларының қолында болғаны жөн: Әр сабақ сайын сөздікті мектеп оқулықтарындай өздерімен бірге алып жүргені тәуір.

Мектеп оқушыларын 50-60 секунд ішінде бір сөзді орфографиялық сөздіктен таба алатындай дәрежеге жеткізу үшін, төмендегі құрамда практикалық дағдылардың жүйесі іске асырылуы тиіс: 1. Орфографиялық сөздіктегі алфавиттік кесте 3-4 оқушыға дауыстап оқытылады. 2. Бұрын жатталған әріптердің алфавиттік тәртібі қайталанады. 3. Алфавиттегі әріптердің қайсысы қайсысынан бұрын және кейін келе-

тіндігі таптырылады. Мәселен, *л* әріпі *қ* әріпінен бұрын да, *м* әріпінен кейін келіп тұр. 4. Кез келген әріптен басталған сөз алынады да, сол бірінші әріптен кейін келген әріптердің тәртібі анықталады. Мысалы, *бақша, бақшашы, бақшашылық*. 5. Кез келген бір әріптен басталған сөздер алынады да, осы бірінші әріптен кейін алфавит тәртібі бойынша қандай әріптер келетіндігіне мысалдар таптырады: Мәселен, *дабыл, дағды, дайым, дақыл, дала, дамыл, дәнек, дәптер дәреже, дәулет, дегбір, дедек, дейін, дем, дені, дербес, дес, деу, добал, долы, домбал, дөнен, дөңес, дуадақ, дұрыс, дүбір, дыбыс, дымқыл, дімар т.б.* 6. Орыс тілі арқылы енген сөздердің жазылуы сөздіктен қаралады. Қазақ тілі материалдарын өтуде орфографиялық сөздіктен қарап алынады. 7. Кейбір термин сөздердің жазылуы сөздіктен қаралады. Текстегі кейбір сөздердің жазылуы сөздіктен таптырылады. 8. Қазақ тілі материалдарын өтуде орфографиялық сөздік пайдаланады. 9. Қазақ тіліне байланысты морфологиялық материалдарды оқытуда сөздік жұмысы іске асырылады. 10. Орфоэпиялық тақырыптарды өтуде орфографиялық сөздік пайдалана отырылады. 11. Дауысты және дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесін үйретуде сөздік жұмыстары алып барылады. 12. Дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесін оқытуда орфографиялық сөздік жүзеге шығарылады. 13. Дыбыстар тіркесінін емлесін үйретуде сөздік пайдаланылады. 14. Орфографиялық сөздіктен мысалдар таптырып, оларды буынға бөле отырып тасмалданады. 15. Түрлі жазба жұмыстарын жүргізу тұсында орфографиялық сөздік пайдаланылады. 16. Өтіліп отырған материалға байланысты әртүрлі әріптерден басталатын сөздер орфографиялық сөздіктен іздетіледі.

§ 31. ДҰРЫС СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТӘСІЛДЕРІ

Мектеп оқушыларына дұрыс сөйлеу нормаларынан тиянақты да тұрақты білім мен дағды беруде, осы жолда істелетін жұмыстардың саны да көп, тигізетін пайдасы да мол. Орфоэпия қағидаларын түсіндіру, әрине саналы түрде алып барылады. Осы дұрыс сөйлеу дағдыларын оқушылар ойында қалыптастыруда, мұғалім мына тәрізді психологиялық жұмыстарды ескерген мақұл: 1) оқушыларды жас кезінен бастап

сөздерді, сөз тіркестерін және тұтас сөйлем компоненттерін дұрыс айтуға үйретін бару; 2) сөйлем және мәтін оқу үстінде дауыстың анық естілуіне жаттықтыру; 3) есту мен сезу қабілетін тәрбиелеп бару; 4) сөйлем және мәтін оқытуда оқушының көру дағдысын асыру; 5) өз сөзіндегі дауыстың айтылу қасиетін тындату; 6) басқа біреудің сөзіндегі дауыстың шығу мен айтылу ерекшелігін байқату; 7) дұрыс айтудағы оқушының өз еркін тәрбиелеу; 8) оқушылардың бақылағыштық қабілетін өсіріп бару.

Жоғарыдағы сияқты дұрыс сөйлеуге жаттықтыратын жұмыстарды іске асырып, дұрыс айту дағдыларын қалыптастыратын методикалық тәсілдердің маңызы үлкен. Соның бірі — дұрыс сөйлеу нормасына еліктеу тәсілі. Орфоэпиялық жақтан дұрыс сұрыпталған сөйлемдер мен мәтіндерді оқыту процесінде, әдеби тілде дұрыс айта, дұрыс сөйлей білетіндерге тікелей еліктейді. Қай сөзді, қай сөз тіркесін, қай сөйлемді, біртүрлі және әртүрлі мазмұнда мәтіндерді дұрыс оқығандарын бақылау жасайды. Соның ішінде дыбыстар мен дыбыстар тіркесінің дұрыс, бұрыс айтылып жатқандығын сезеді. Сөз бөлшектеріндегі дыбыстардың дұрыс айтылуын бір-бірімен салыстырады.

Дұрыс сөйлеу нормасына еліктеу тәсілі мына тәрізді құрылымдық элементтерден құралады: 1) алдымен мұғалім сөз ішіндегі дыбыстарды өзі айтып көрсетеді; 2) бұдан кейін мұғалімге еліктей отырып, оқушының өзі дұрыс айтып береді. Осы сияқты құрылымдық элементтерден тұрған еліктеу тәсілі төмендегі методикалық баспалдақ арқылы жүзеге асырылады: 1) объектіге алынған дыбыстар мұғалім тарапынан көрсетіледі; 2) бұл дыбыс қандай дыбыстармен алмасатындығы салыстырылады; 3) дыбыстардың бір-бірімен байланыстылығы, жасалу жолы жағынан туыстығы ескеріледі; 4) осы дыбыстардың дұрыс айтылуына лайықты дағдылар көлемі іске асырылады. Мәселен, дыбыстардың алмасып айтылуына байланысты мұғалім оқушыларға мынадай көрнекілікті көрсетеді: *н-ң*: дұрыс жазылуы *қанқұрт*, дұрыс айтылуы *-қанғұрт*, *ң-ғ*: *қанқұрт* — *қанғұрт*. Бұдан кейін мұғалім үнді *н* дыбысын қатаң *қ* дыбысын *ғ*-ға айландыратындығын, ал *ғ* дыбысы өзінің алдыңғы *н* дыбысын *ң* дыбысына өзгертетіндігін салыстырады.

Мұғалімнің осы айтқан фактілеріне бағдар жасай отырып, оқушылар бұл сөздің дұрыс айтылуын төмендігіше түсіндіреді: *қанқұрт* деген біріккен сөздің бірінші сынарының үнді *н* дыбысы өзінен кейін келген қатан *қ* дыбысына ықпалын тигізеді де, қатан *қ* дыбысы ұян *ҥ* дауыссызына өзгереді. Ал біріккен сөздің екінші сынарының басқы *қ* дыбысы жасалу орны жағынан тіл арты дауыссыз болуына байланысты, өзінің алдыңғы тіл алды *н* дыбысын айтылуда тіл арты *ң* дыбысына айналдырады. Мұғалім осы тәрізді дұрыс сөйлеу біліміне байланысты төмендегі жаттығу жұмыстарын жүргізеді. Жаттығуға тандалған мәтіндегі сөйлемді сөздерге, сөздерді буындарға, буындарды дыбыстарға ажырату; дыбыстардың дұрыс айтылу кестесін көрсету; дыбыстардың дұрыс алмасу заңдылықтарын қайталау; дыбыстардың өзгерісін салыстыру; дыбыстар өзгерісінің дұрыс-бұрыстығын оқушыларға дәлелдету; дұрыс айтылу заңдылықтарына лайықты мысалдар табу; мәтіндегі сөйлем мен сөз бөлшектерін дұрыс айтқызу; мәтіннен осы талданып отырған материалдарға лайықты мысалдар іздету т.б.

Дұрыс сөйлеу дағдыларын оқушылар ойында қалыптастыруда тәжірибе әдісінің дыбыстау мүшелерінің қызметін түсіндіру тәсілі де орасан қызмет атқарады. Оқушыларға дыбыстау мүшелерінің қызметі белгілі бір суреттер мен фонетикалық аппараттар бойынша көрсетіліп, дыбыстардың жасалу орны, айтылуы мысалдар негізінде ауызша түсіндіріледі. Дыбыстардың қалай жасалып тұрғандығына және оның бір-біріне жасалған ықпалына оқушылардың көзі жеткенде ғана, ол дыбыстардың дұрыс айтылуы мен дұрыс жазылуын жете меңгерте алады. Сондықтан да орфоэпияны үйрету тұсында дыбыстау мүшелерінің қызметін айту тұрақты да терең меңгеру үшін өте пайдалы. Дыбыстау мүшелердің қызметін көрсету тәсілі мынадай құрылымдық элементтерден тұрады: 1) мұғалім дыбыстау мүшелерінің қызметін айтып түсіндіреді; 2) бұдан кейін мұғалім керекті бірер дыбысты алады да тәжірибе жасай отырып, дыбыстау мүшелерінің қызметін мысалдармен дәлелдейді; 3) мұғалімге ілешала дыбыстау мүшелерінің қызметін оқушылардың өздері дәлелдейді; 4) дыбыстау мүшелерінің қызметіне сай жаттығу жұмыстарын жүргізеді.

Жоғарыдағы тәрізді құрылымдық элементтерден тұрған дыбыстау мүшелерінің қызметін айту тәсілі төмендегі методикалық жұмыстар жүргізу жүйесі негізінде алып барылады: Алдымен мұғалім дыбыстау мүшелерінің дыбыс шығарудағы қызметін түсіндіреді. Мәселен, сөйлеу тілінің дыбыстары белгілі дыбыстаушы мүшелердің қызметі арқылы шығады. Мәселен адамның дыбыстаушы мүшелері мынадай үш саладан тұрады: тыныс мүшелері, тамақ және қуыс мүшелері. Осылардың біреуін алып көрейік: қуыс мүшелері. Өкпеден шыққан ауа дауыс шымылдығына соғылып, діріл жасайды. Осының әсерінен жанғырық пайда болады. Қуыс мүшелеріндегі тосқауыл жасайтын мүшелердің әрекеті арқылы дыбыстар әуені пайда болады. Қуыс мүшелеріне ауыз қуысы және мұрын қуысы кіреді. Ауыз қуысындағы дыбыс шығаруға қатынасы бар кедергі мүшелер мыналар: ерін, иек, тіс, тіл, таңдай, кішкене тіл. Ерін — дыбыс шығаруда қатысы бар жылжымалы мүше.

Бұдан кейін мұғалім екі еріннің бір-біріне жымдасуы, түйісуі, дөңгеленуі арқылы бірнеше дыбыстар жасалатындығын тәжірибе жасап көрсетеді. Айталық, *n* мен *b* дыбыстарын шығаруда екі ерін біріне-бірі жабысып, жымдасып, түйісіп тұрады. Сондай-ақ екі еріннің дөңгеленіп барып, алға қарай сүйіріліп тұруынан *o*, *ø*, *y*, *у*, *ұ* дыбыстары жасалады. Осы сияқты құбылыстарға мына сияқты мысалдарды келтіруге болады: *сөнбеді* сөзі *сөмбеді* болып айтылады. Бұл сөздің бұлай айтылуы дауыссыз дыбыстардың біркелкі ерінді болып үндесуіне байланысты болады. Қосымшаның басқа *b* дыбысы жасалу орнына қарай еріндік дауыссыз болғандықтан, өзінің алдында тұрған *n* дыбысына ықпал жасап, айтылуда *m* дыбысына айналдырып тұр.

Жоғарыдағы тәрізді білімдерден соң мұғалім кейбір дыбыстардың жасалу ерекшеліктеріне қысқаша тоқталады: мәселен, *a* дыбысы ауыздың кең ашылып, тілдің қеіін қарай жиырылуы арқылы жасалады. Ал *ø* дыбыс болса, *a* дыбысына қарғанда иек мейлінше төмен түсіп, ауыз қуысында үлкен қозғаушы әрекет пайда болады. Тіл ілгері созылады да, тілдің ұшы төменгі тіске қарай тіреледі, екі езу қеіін тартылады. Бұл дыбыстың *a*-дан айырмасы төмендегідей: *a*-ны айтқанда тіл қеіін қарай жиырылса, *ø*-ні айтқанда тіл алға қарай созылады. *E* дыбысы тілдің алға қарай созылып, екі езудің

кейін қарай тартылуынан жасалады. *Е* дыбысын айтқанда ауыз *а* мен *ө* дыбысына қарағанда едәуір қысқа ашылады. *Ы* дыбысы иектің жоғары көтеріліп, ауыздың шамалы қысылып ашылуы және тілдің кейін жиырылуынан жасалады. Мұны айтқанда езу шамалы кейін тартылып тұрады. *І* дыбысы ауыздың өте тар ашылуы, тілдің алға қарай созылуы арқылы жасалады. Бұл дыбысты айтқанда екі езу кейін қарай тартылады. Мұның *ы* дыбысынан айырмасы мынада: *ы*-ны айтқанда тіл кейін қарай жиырылса, ал *і*-ні айтқанда тіл алға қарай созылады. Сондықтанда *ы* дыбысы жуан айтылады да, *і* жіңішке айтылады. *І* дыбысы *ы*-ның жіңішке сыңары.

Ал *о* дыбысы екі еріннің дөңгеленіп, сүйіріліп ашылуы, тілдің артқа қарай жиырылуы арқылы жасалады. *Ө* дыбысы екі еріннің алға қарай шығып дөңгеленіп барып сүйірленуінен, ауыздың орталай ашылып, тілдің алға қарай жылжуынан жасалады. *О* дыбысының *ө* дыбысынан мынадай айырмасы бар: *о* тілдің кейін жылжуынан жуан айтылса, *ө* тілдің алға қарай созылып жатуынан жіңішке айтылады. *Ө* дыбысы жіңішкелігі жағынан *е*-ге жақын айтылады. Бірақ *ө* екі еріннің дөңгеленіп ашылуынан жасалса, *е* екі езудің кейін тартылып ашылуымен бөлектеледі. Сондықтан да екінші, үшінші буындардағы *е* дыбысы *ө* мен алмасып айтылады. *І* дыбысы тілдің кейін тартылуынан, иектің жоғары көтеріліп, ауыздың тар ашылуынан, екі еріннің дөңгеліңкіреп тұруынан жасалады. *Ү* дыбысы болса, екі еріннің сүйірленуінен, иектің жоғары көтеріліп, ауыздың қысылып ашылуынан, тілдің алға қарай созылыңқырап жатуынан жасалады. Сондай-ақ, дауыссыз дыбыстардың да жасалу ерекшеліктері түрлі-түрлі. Мысалы *м* дыбысын айтқанда екі ерін бір-бірімен жабысып, іштен келген ауа мұрын қуысы арқылы сыртқа шығады. Ал *н* дыбысын айтқанда тіл ұшы тіске тиіп, іштен келген ауа мұрын қуысынан шығады, *ң* дыбысын айтқанда тіл артқы таңдайдың артқы жағына тиіп, іштен келген ауа мұрын қуысы арқылы сыртқа шығады. *У* дыбысы екі еріннің дөңгеленіп ашылып, салдырдан гөрі дыбыстың, дауыстың басымдау айтылуы арқылы жасалады. *Л* дыбысын айтқанда тіл ұшы тіске жабысып, іштен келген ауа тілдің екі бүйірінен шығады. *Р* дыбысын айтқанда тіл ұшы тіске жуықтап, іштен шыққан күшті ауа оны

көтереді де, діріл пайда болады, сөз ортасында бір рет дірілдесе, сөз ақырында екі рет дірілдейді, *й* дыбысын айтқанда тіл алды тандайдың алғы бетіне жуықтасады.

Ал *б-п* дыбыстарын айтқанда екі ерін бір-біріне жабысып, бірден ашылады. Бұл дыбыстардың бір-бірінен айырмашылығы мынада: *б* дыбысын айтқанда дыбыстан гөрі салдыр басым айтылса, ал *п* дыбысы салдыр арқылы ажыратылады. Сондықтан *б* үнді, *п* үнсіз дыбыс. Бұл екеуі де өте қысқа айтылады, созып айтуға келмейді. *Т-д* дыбыстарын айтқанда тіл ұшы жоғары күрек тіске тиіп, ашылуынан жасалады. Бұл дыбыстардың бір-бірінен мынадай айырмашылықтары бар: *д* дыбысын айтқанда дыбыстан гөрі салдыр басым айтылса, *т*-ны айтқанда тек салдыр қатысады. Сондықтан да *д* үнді, *т* үнсіз дыбыс. *С-з* дыбыстарын айтқанда тіл ұшы астыңғы күрек тіске жақындасып тұрады. Бұл дыбыстардың бір-бірінен айырмасы мынада: *з*-ны айтқанда дыбыстан гөрі салдыр басым айтылады да, ал *с* дыбысы тек салдырдың қатысынан жасалады, *з* үнді, *с* үнсіз дыбыс. Осы сияқты *ш-ж* дыбыстарын айтқанда тіл ұшы алдыңғы тандайға жуық келіп тұрады. *Ж* дыбысын айтқанда дыбыстан гөрі салдыр басым болады да, ал *ш* дыбысын айтқанда тек салдыр қатысды, сондықтан да *ж* — үнді де, *ш* үнсіз дыбыс болып табылады. *К-г* дыбыстарын айтқанда тілдің ортасы тандайдың ортасына тиіп ашылады. Бұлардың бір-бірінен айырмасы төмендегідей: *г*-ні айтқанда дыбыстан гөрі салдыр басым болса, ал *к*-ні жасауға тек салдыр қатысады. Сондықтан да *г* — үнді, *к* үнсіз дыбыс. *Қ* дыбысын айтқанда тілдің арты тандайдың орта жағына тиіп, бірден ауыз ашылады. *Қ* дыбысы тек салдыр арқылы жасалады, үнсіз дыбыс *Ғ* дыбысын айтқанда тілдің арты тандайдың артқы жағына жақындасып тұрады. *Ғ*-ны айтқанда дыбыстан гөрі салдыр басым айтылады. *Ғ* үнді дыбыс, *х* дыбысын айтқанда ауа көмей арқылы сүзіліп шығады. Оны жасауда дауыс шымылдығы қатыспайды да, тек салдыр арқылы ажыралады.

Мұғалімнің осы сияқты түсіндіруінен кейін оқушылар дыбыстау мүшелерінің қызметін өздері бақылау жасайды және соған лайықты мысалдар айтады: *н* дыбысына аяқталған түбір сөзге *б, п* дыбыстарынан басталатын қосымша жалғанғанда, түбірдегі *н* қандай дыбыс болып айтылатындығына мысалдар келтіреді: *сөнбе-сөмбе, нанба-намба, Орынбай-*

Орымбай, т.б. Дыбыстау мүшелерінің қызметін тереңірек есте қалдыру үшін, төмендегі сияқты дағдыландыру жұмыстарының түрлері алып барылады: 1) әрбір қаралып отырған дыбыстардың дыбысталу қасиеттерін айтыңдар; 2) бұл дыбыстың қандай дыбысталу мүшелерінің қызметі арқылы жасалып отырғанын түсіндіріңдер; 3) объектіге алынған дыбыстарды тәжірибе жасандар; 4) дыбыстау мүшелерінің қызметін айқындайтын мысалдар табыңдар; 5) мысалдар негізінде дұрыс айтуға баулу; 6) дұрыс айтуға алынған дыбыстарды сөз ішінде келтіріңдер; 7) дұрыс сөйлеуге таңдалған сөздерді сөйлем ішіне қатыстырып айтыңдар; 8) дыбыстардың дұрыс айтылуына лайықты мәтін таңдап, оны оқушыларға дауыстап оқытыңдар; 9) әдебиет пәнінен дұрыс сөйлеуге байланысты мәтін таңдатыңдар;

Орфоэпиядан оқушыларға терең білім беруде, дұрыс айту ережелерінің де қызметі үлкен. Сондықтан да жергілікті тіл ерекшеліктерін болдырмауда орфоэпиядан берілетін білімді дұрыс айту ережелері негізінде оқытқанда бір сөз ішінде дауысты, дауыссыз дыбыстар, дыбыстар тіркесінің және біріккен сөз бен сөздер тіркесінің айтылу ережелерін үйретудің мәні үлкен. Әрбір дауысты, дауыссыз дыбыстың, дыбыстар тіркесінің, біріккен сөз бен сөздер тіркесінің емлесі мен үндесуін өту үстінде бұлардың дұрыс айту ережелерін жергілікті тіл ерекшеліктерінің дыбыстық алмасуларымен салыстыра отырып түсіндірген жөн. Сонда ғана оқушылар диалектілік ерекшеліктерден бір жола құтылып, әрбір сөздің дұрыс айтылуын бақылай алады. Дұрыс сөйлеу ережелері бойынша түсіндіру тәсілі мына сияқты құрылымдық элементтерден тұрады: 1) дұрыс айту ережелері мұғалімнің сөзі бойынша ұғындырылады; 2) дұрыс сөйлеу ережелері көрнекі құралдары арқылы бағдарланады; 3) түрлі мысалдарды бақылау бойынша меңгертіледі; 4) дұрыс айту ережелеріне лайықты дағдылар түрлері іске асырылады.

Алдымен мұғалім дұрыс айту ережелеріне сәйкес мынадай мәлімет береді: тілдегі дыбыстар сөздер ішінде, сөз аралығында қолданылып, белгілі бір айту, сөйлеу ережелері бойынша жұмсалады. Бір буынды сөзде дауысты дыбыс жуан болса, оған қосылатын қосымшалардағы дауысты дыбыстар да жуан түрінде айтылады да, ал түбірдегі дауысты дыбыс жіңішке болса, қосымшалардағы дауысты дыбыс та жіңішке

түрінде естіледі: *орман-ормандар-орманға, орманыылар; егін-егінші-егіншілер, егіншілердің-егіншілерге-егіншілермен*. Осы мысал тәрізді көп буынды сөздердің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың жуан немесе жіңішке дауысты болуына қарай, қосымшадағы дауысты дыбыстар да біркелкі не жуан дауысты, не жіңішке дауысты болып айтылады: *тас-тас-тар-тас-тарға; кеңес-кеңестер, кеңестерге*. Сондай-ақ түбір сөздің соңғы дыбысы үнді не ұяң болса, оған жалғанатын қосымшаның басқы дауыссыз дыбысы да не үнді, не ұяң дыбыс болып осы жалғанған түрінде айтылады: *нан-наннан, мал-малға, қағаз-қағазға*. Ал түбір сөздің соңғы дыбысы қатан дауыссыз дыбыс болса, оған дауыссыз дыбыстан басталып жалғанатын қосымшаның бірінші дыбысы да қатан болады да, осылай жалғану күйінде айтылады: кітап-кітаптар, орақ-орақпен.

Мынау *рк, нк, кс, кт* дыбыстар тіркесіне біткен орыс тілі арқылы енген сөздерге қосымшалар жіңішке түрінде жалғанып, жіңішке түрінде айтылады: *парк-парктен, танк-танкіні, бокс-бокске, пункт-пунктке* т.б. Мұғалім біріккен сөздің бірінші сынары не үнді, не ұяң дауыссыз дыбыс немесе дауысты дыбыс болып, екінші сынары қатан дыбыстан басталып, екінші сынарының басындағы қатан дауыссыз дыбыс ұяңға айналып айтылатындығын мынадай көрнекілікпен көрсетеді: *Жиенқұл-Жиенғұл, көзқарас-көзғарас*. Ал енді біріккен сөздің бірінші сынары қатан дауыссыз дыбысқа бітіп, екінші сынары ұяң *б* дыбысынан басталса, бірінші сөздің соңындағы қатан дыбыстың әсерінен екінші сөздің басындағы ұяң *б* дыбысы қатан *п* дыбысына айналып айтылады: *Кеңесбек-Кеңеспек, Сәтбек-Сәтпек*. Осылар тәрізді біріккен сөздің бірінші сынары үнді *н* дыбысына бітіп, екінші сынары *б, ғ, п* дыбыстарының біріне аяқталса, бірінші сөздің соңындағы *н* дыбысы не *м*, не үнді дыбыстарына айналып айтылады: *Тұрғанбек-Тұрғамбек, Дүйсенғали-Дүйсеңғали, Жанпейіс-Жампейіс*. Біріккен сөздің бірінші сынары *з* дыбысына бітіп, екінші сынары *ж* дыбысынан басталса, *з* дыбысы *ж* дыбысына айналып айтылады: *Оразжан-Оражжан*.

Мұғалім дұрыс сөйлеу ережелерін түрлі мысалдар арқылы оқушылардың өздеріне бақылатады. Алдымен тактаға мынадай сөз тіркестері жазылады: *қара көз, қара қағаз, атың қайда, боз көйлек*. Бұларды оқушылар бір рет дауыстап оқиды

да, ол сөздердің қалай айтылуына лайықты төмендегідей ереже шығарады: сөз тіркестерінің алдыңғы сөзі дауысты дыбысқа не үнді, не ұяң дауыссыз дыбыстарының біріне аяқталып, сөздің басқы дыбысы *қ, к* дыбыстарының бірі болса, екінші сөздің соңындағы қатаң *қ, к* дауыссыз дыбыстары ұяң *ғ, ғ* дыбыстарына айналып айтылады. Мәселен: *қара ғағаз, қара гөз, атың ғайда, боз гөйлек*.

Осы мысалдарға іле-шала мұғалім жылжымалы тақтаға тағы да мынадай сөз тіркестерін жазып қояды: *торы ала ат, келе ала ма екен*. Бұл сөздерді оқушыларға дауыстап оқытады да, мысалдарға қарай отырып дұрыс айту ережелерін құруды тапсырады. Оқушылар бірсыпыра сөз тіркестерін бірсыпыра дауыстап оқып шығады да, төмендегіше оны түсіндіреді: Тіркесе айтылған бірнеше сөздердің біріншісінің соңғы дыбысы, екіншісінің басқы дыбысы дауысты болып келсе, алғашқы сөздің соңындағы дауысты дыбыс түсіріліп, барлық сөздер бірге айтылады. Мысалы, *торалат, келаламекен*.

Жұмыс соңында дұрыс сөйлеу ережелеріне байланысты дағдының мынадай түрлері жүргізіледі: 1) еріндік пен езулік дауыстылардың дұрыс айтылуына байланысты мысалдар іздендер; 2) езуліе дауысты дыбыстардың дұрыс айтылуына сәйкес мысалдар таптыру; 3) жуан және жіңішке дауыстылардың айтылуына сай мысалдардың айтылуын бақыландар; 4) жіңішке дауыстылардың айтылуын бақыландар; 5) үнді мен ұяң дауыссыздардың айтылу ережелерін пысықтандар; 6) бір сөз ішінде қатаң дауыссыздардың үндесуін байқандар; 7) біріккен сөздер сынарларының айтылуын ескеріндер; 8) сөз тіркестерінің айтылуына мысал табындар; 9) біріккен сөз сынарларының айтылуын сөйлем ішінде келтіріндер; 10) сөз тіркестерінің айтылуын сөйлем ішінде қатыстырып айтындар; 11) сөздер мен сөз тіркестерінің айтылуындағы айырмашылықтарды дәлелдендер.

§ 32. КӨШІРІП ЖАЗУ ӘДІСІ

Қазақ тілін оқытуда оқушылардың сауатты жазудағы қолы мен көзін жаттықтыратын жұмыстың бірі — көшіріп жазу әдісі. Көшіріп жазу оқушының көз алдындағы белгіні, бір мәтінді көшіруі. Қазақ тіліне байланысты емлелік объектілерді танытуда, көшіріп жазудың мына сияқты үш

түрі пайдаланылады: 1) мәтінді өзгертпей көшіру; 2) мәтінді өзгертіп көшіру; 3) түсіндірмелі көшіру. Осы сияқты көшіріп жазу әдісінің түрлері қазақ тілі материалдарының мақсатына, орындалу шартына және жұмыстың істелу жүйесіне байланысты іске асырылады. Біз енді осыларға жеке-жеке тоқталайық.

Мәтінді өзгертпей көшіру оқушылардың қолы мен көзін белгілі бір емлеге дағдыландыру үшін жүргізіледі. Оқушылар керекті емлеге байланысты мәтіндерді көп жазса, соншалықты сөзде қателер жібермеуге жаттығады. Мәтінді өзгертпей көшіруге төмендегі мақсаттар қойылады. Олардың басты-бастылары мыналар: 1) керекті мәтінді, сөйлемді оқытып, оның мазмұнын, мағынасын жеткізу; 2) көз тоқтатып, сөздің қалай жазылғандығын байқату; 3) керекті мәтінді көшірту үстінде оқушылар қолын жаттықтыру; 4) орындалатын жұмыстың мақсатын саналы түсіну. Қазақ тілінен білім мен дағды беру жолында мәтінді өзгертпей көшіріп жазудың мынадай тәсілдері орындалады: 1. Қосынды дыбыс әріптеріне байланысты берілген мына сөздерді оқулықтан көшіріп, жазылуын ұмытпандар. 2. Мына сөздерді дәптерлеріне көшіріндер де, түбір мен қосымша аралығындағы ілгерінді ықпалды еске түсіріндер. 3. Жылжымалы тақтадағы сөздерді көшіріндер де, буынға бөлінуін ұмытпандар. 4. Мына мәтінді оқып шығып, көшіру үстінде еріндік пен езулік дауысты дыбыс әріптерінің емлесін ескеріндер. 5. Мына шығарманы тақтаға көшіріндер де, үнді дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесін ұмытпандар. 6. Мәтінді дәптерлеріне көшіріп, қатан дыбыс әріптерінің жазылуын байқандар. 7. Мәтінді көшіріндер де, әріптер тіркесімен келген жалқы есім мен жалпы есімнің мазмұнын есте сақтаңдар. 8. Мәтінді көшіріп жазып *а, ә, е, э, ы, і* әріптері бар сөздердің астын сызыңдар. 9. Мына жаттығуды көшіріндер де, көп нүктенің орнына *а, ә, е, э, ы, і* әріптерінің бірін қойып шығыңдар. 10. Мәтінді көшіріп, сөздердің оқытылуы мен жазылуын дәлелдендер. 11. Мәтінді көшіріп, *и* дыбысының жуан келген жерін бір, жінішке келген жерін екі сызықпен көрсетіндер. 12. Мәтінді көшіріп, *мб, мп, нд, нк, фт, ск, кт* әріптер тіркесімен келген тіркестердің астын сызыңдар. 13. Мәтінді көшіріп, *и, е, ю, я* әріптердің қайсы дыбыстардың орнына жұмсалатындығын тақтаға жазып қойыңдар. 14. Мәтінді көшіріп, *м, н, ң, у, л, р, й* әріптерін жақша

ішіне алындар. 15. Мына жаттығуды көшіріңдер де, *б, в, д, з, ж, г, ғ, һ* әріптерінің астын түсті қаламмен сызындар. 16. Жаттығуды тактадан көшіріп, *п, ф, т, с, ц, ч, ш, щ, к, қ, х* әріптерінің жазылуын салыстырыңдар. 17. Мәтіндегі сөздерді буынға бөліп көшіріңдер. 19. Мәтінді көшіру үстінде сөздің астын сызындар. 20. Мәтінді көшіріп жазып, ілгерінді ықпалдың астын бір, кейінді ықпалдың астын екі сызындар.

Мәтінді өзгертіп көшіру де емлеге жаттықтырудың бір түрі. Бұл мәтінді өзгертпей көшіруге қарағанда мақсаты жағынан аумақты келеді. Оқушылардың қолы мен көзі жаттығумен бірге, мұнда олардың өз бетінше жұмыс істеуіне мүмкіндік туады. Керекті объектіні анализ-синтез жасауға төселеді. Сөйтіп қазақ тілі материалдарынан білім мен дағды қалыптастыруда мәтінді өзгертіп көшірудің мынадай тәсілдері жүзеге шығарылады: 1. Мәтіндегі көп нүктенің орнына дауысты дыбыс әріптерінің бірін қойындар да, сол сөздерді кірістіре отырып сөйлем құрандар. 2. *о, ө, у, ұ, ү* әріптерімен келген сөздерді қатыстыра отырып сөйлем құрап, оны дәптерлеріне көшіріңдер. 3. Мәтінді көшіру үстінде *а, ә, э, ы, і* әріптерімен келген сөздердің сынарларын тауып сөйлем құрандар. 4. *и, ё, ю, я* әріптерімен келген сөздерге қосымшалар жалғап, көшіру үстінде сөйлем құрандар. 5. *м, н, ң, у, л, р, й* үнді дауыссыз дыбыс әріптеріне екі- екіден сөздер тауып, сол сөздерді кірістіре отырып, сөйлем құрандар. 6. Орфографиялық сөздіктен ұяң дауыссыз дыбыс әріптеріне үш сөзден тауып дыбысқа бөліндер де, оларды көшіріп жазындар. 9. *Мм, лл, сс*, әріптер тіткесіне біткен сөздерге қосымшалар жалғандар да, сөйлем құрай отырып көшіріңдер. 10. Берілген сөздерге сөйлем құрап көшіріңдер де, дауысты дыбыс әріптерінің астын бір, дауыссыз дыбыс әріптерінің астын екі, әріптер тіркесінің астын үш сызықпен сызындар.

Түсіндірмелі көшіру де теориялық материал мен емлені меңгертуде үлкен маңызға ие. Бұл оқушылардың өздігінен жұмыс істеуін жаттықтырып, дұрыс жазу мен дұрыс сөйлеуін қалыптастыратын бір түрінен саналады. 1) жазылатын мәтіннің мазмұнын білдіру; 2) орындалатын жұмыстың мақсатын байқату; 3) жазылатын емлеге байланысты оқушылардың көзін үйрету; 4) емлеге байланысты оқушылардың қолын жаттықтыру; 5) орындалуы тиісті объектіні анализ, синтез ете білуге үйрету; 6) мәтінге қойылған жұмыс-

тың шартын өз ойымен жеткізуге машықтандыру; 7) объектіні түсіндіру арқылы оқушылардың тілін ширату. Түсіндірмелі көшіру былай жүргізіледі: алдымен мәтіннің орындалу шарты түсіндіріліп, бұдан кейін көшіріледі. Көшірілген мәтіннің қатесі тексеріліп болғаннан соң, оқушылар жазғандарын ауызша түсіндіреді. Мәтіннің шарты мынадай болсын дейік: мәтінді көшіріп, әріптер тіркесінің емлесін ауызша түсіндіріңдер. Оны оқушы төмендегіше түсіндіреді: әріптер тіркесі *Ромм, Кирилл, Донбасс* деген сөздерде кездеседі және бұлар қосымшасыз қолданылып тұр. Бұл *мм, лл, сс* деген әріптер тіркесімен келген сөздер жалқы есімдер. Бұларға қосымша жалғанғанда да, қос дауыссыз әріптер тіркесі түспей жазылады.

Сондай-ақ қазақ тілінен білім мен дағды беруде түсіндірмелі көшірудің мынадай тәсілдері іске асырылады.

1. Мәтінді көшіріңдер де, дыбыс пен әріптің қанша екенін ажыратып ауызша дәлелдендер.
2. Мәтінді көшіріңдер де, дауысты мен дауыссыз дыбыстардың жасалуын тәжірибе жасай отырып дәлелдендер.
3. Мәтінді көшіру үстінде *о, ө, у, ү* әріптерін жазылуын ауызша дәлелдендер.
4. Мәтінді тақтадан көшіріп *а, ә, е, э, ы, і* әріптерін жазылу орындарын ауызша түсіндіріңдер.
5. *и, ё, ю, я* әріптердің қолдану орындарын мәтінді көшіру кезінде түсіндіріңдер.
6. Үзіндіні тақтадан көшіріңдер де, *м, н, ң, у, в, р, й* әріптерінің қолданылу ерекшеліктерін түсіндіріңдер.
7. Картина бойынша жазылған шығарманы дәптерлеріне көшіріңдер де, *б, в, д, з, ж, г, Ғ, Һ* әріптердің жазылу орындарын түсіндіріңдер.
8. Мәтінді көшіріп *п, ф, т, с, ц, ч, ш, щ, к, қ, х* әріптері сөздің қай шенінде қолданылатындығын түсіндіріңдер.
9. *Мб, мп, нд, фт, ск, кс, кт, рк* әріптер тіркесімен келген сөздерді өшіріп, олардың жазылу емлесін ауызша дәлелдендер.
10. Мәтіндегі *мм, лл, тт, сс, ст, сть* әріптер тіркесімен келген сөздерді теріп жазып, олардың емлесін түсіндіріңдер.
11. Мәтінді көшіріп, тасымалдану мен тасымалданбау шегін түсіндіріңдер.
12. Мәтінді буынға бөліп көшіріп, буынның түрлерін дәлелдендер.
13. Мәтінді көшіріп, екпіннің түсу орындарын дәлелдендер.
14. Мәтінді буынға бөліп көшіріп, буын үндестігінің ұқсастығын тексеріңдер.
15. Мәтінді көшіріп, түбір мен қосымша аралығындағы ілгерінді ықпалды түсіндіріңдер.
16. Мәтінді көшіріп, біріккен сөз сыңарларының сөз тіркестерінің аралығында-

ғы ілгерінді ықпалдың үндесуін дәлелдендер. 17. Түбір мен қосымшаның аралығындағы кейінді ықпалды түсіндіре отырып көшіріңдер. 18. Мәтіннің әр сөйлемін көшіру үстінде біріккен сөз сынарларының және сөз тіркестері аралығындағы кейінді ықпалдың үндесуін түсіндіріңдер.

§ 33. ДИКТАНТ ЖАЗУ ӘДІСІ

Қазақ тілі бойынша жүргізілетін диктанттар екі топқа бөлінеді: мәтіні өзгертілмеген диктанттар және мәтіні өзгертілген диктанттар.

1. Мәтіні өзгертілмеген диктанттар. Мәтіні өзгертілмеген диктанттар ішіндегі күрделісі — түсіндірмелі диктанттар. Бұл диктанттар дауысты, дауыссыз дыбыс әріптерінің, әріптер тіркесінің, тасымалдың, біріккен сөздердің, кос сөздердің, қысқарған сөздердің, зат есімнің, сын есімнің, сан есімнің, тұйық етістіктің, үстеулердің, шылау сөздердің емлелеріне байланысты жүргізіледі. Осы түсіндірмелі диктант екі түрге бөлінеді: а) **есту диктанты**; ә) **көру диктанты**. Есту диктанты емле ережелерінің шегін ажырата отырып, оқушылардың есту қабілетін әсіруге байланысты орындалады. Есту диктантының орындалу тәсілі екі түрлі. Бірінші түрі: алдымен дауысты, дауыссыз дыбыс әріптерінің, әріптер тіркесінің тасымалдың, сөз құрамының және сөз таптарының жазылу ережесі ауызша түсіндіріледі де, осы мәліметке сай дайындалған мәтінге оқушылар көз жүгіртеді. Сонан соң бұл мәтін мұғалім тарапынан жаздырылады. Екінші түрі: мұғалім белгілі емлеге сай дайындалған мәтінді жаздырады. Жазу үстінде белгілі бір емлелердің астын сызып отыруды жүктейді. Сонан соң диктанттағы емлені оқушылардың өздері түсіндіріп, қатесін өздері түзетеді. Белгілі бір емлені түсіндіру үстінде диктант мәтіні 90-210 сөзге дейін болады.

Біріккен сөздердің емлесіне сай есту диктантының бірінші түріне мынадай мәтін жаздырылады: *Жағаны жаңғырықтырып қызғыш, тауқұдірет, шағала, шіңкілдектер де әуезді ән көтерді (Т.Н.). Шымкентке жақын жерде «Сырлы үңгір» деген аңғар бар (журналдан). Есалаң көкқұтан семіз денесін жасасырып, жартасқа тығылды. Асқар Кенжетайдан бөлінген соң, Бурабай көлін жағалап Оқжетпеске қарай тартты (С.М.). Таңертең Серікбай құсбегі Сәтжанның үйіне өзі*

келіп, ителгіні қолына алып етін көрді (С.Б.). Сондай-ақ қос сөздердің емлесіне қатысты есту диктантаының екінші түріне мынадай диктант мәтіні жаздырылады: Әке-шешесі жасында өліп, жетім қалған Сабыржанның мал-мүлкін ағайындары талап алады да, өзін қаңғыртып жібереді. Сөйтіп қайда ойын-сауық болса, соған барып елді аралайды да жүреді. Туған-туысқандар да, әке-шешені де, құрбы-құрдастар да, ойнап күлген қыздарымыз да бізді сол қалпында күтеді (.М.). Айдалада шаң бұрқ-бұрқ етеді.

Көру диктантаы емлені айыра отырып, көру қабілетін дамыту мақсатында жүргізіледі. Бұның да орындалу амалы екі түрлі өткізіледі. Бірінші түрі: емлеге сай дайындалған мәтін оқушыларға түгелдей оқытылады да, оны мұғалім дәптерге жаздырады. Содан кейін оқушылар жазылған диктантты емлеге сай түсіндіреді. Диктанттың бұл түрі, мәселен, қысқарған сөздердің емлесіне байланысты жүргізіледі. Екінші түрі: мұғалім дайындаған мәтінді тақтаға жазады. Емлеге байланысты түсіндіру кезінде тақтаға орфограммалардың асты сызылады. Сонан соң тақтадағы мәтін өшіріледі де, сол мәтінді мұғалім оқушыларға жаздырады. Мәселен, реттік сан есімдердің емлесіне сай төмендегі мазмұнда мәтін жаздырылады: *Мен бесінші сыныпта оқимын. Асқардың қарындасы үшінші сыныпта оқиды. Сегізінші наурыз — халықаралық әйелдер мерекесі. Абай — ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы бүкіл ыңғыс әдебиетіндегі ірі тұлғалардың бірі. Биыл Ләззат 6-сыныпта оқиды. т.б.*

Бақылау диктантаы. Бұл диктант белгілі бір өтілген емлеге байланысты оқушылардың білімі мен сауаттылық дәрежесін сынау, байқау мақсатында жүргізіледі. Диктант мәтінін тандауда, оның орфографиялық ерекшелігімен бірге мазмұн жағынан тәрбиелік мәні күшті болуы абзал. Мәтін екі түрлі болады: 1) әр түрлі мазмұнды мәтін; 2) бір түрлі мазмұнды мәтін. Бұл екі түрлі мәтін мынадай басылымдардан алынады: 1) ертегі, әңгіме, очерк және кішігірім мақалалардан; 2) поэма, повесть, романдардан; 3) саяси мәні бар мақалалардан; 4) газет-журналдардан, әсіресе, балалар газет-журналдарынан; 5) жаттығулар жинағынан; 6) оқулықтан; 7) диктанттар жинағынан тандауға болады.

Оқушылардың сауатты, қатесіз жазуы диктанттың сапалы да тиімді өткізілуіне байланысты. Сондықтан да осы

диктанттың өткізілуіне мысалдар келтірейік. Алдымен диктанттың тақырыбы тақтаға жазылады: *Дауыссыз дыбыс әріптері мен әріптер тіркесінің емлесіне арналған бақылау диктанты*. Сонан кейін диктант мақсаты айқындалады: а) үнді дауыссыздар емлесін қаншалықты игергендерін байқау; ә) ұяң дауыссыз дыбыстардың емлесін бағдарлау; б) қатаң дауыссыздардың емлесін сынау; в) әріптер тіркесінің емлесін игергендіктерін байқап көру; г) оқушылардың емлелік қателерін байқау; ғ) жалпы сауаттылығын байқау; д) оқушылардың қандай орфографиялық қателерді көбірек жіберетіндігін есепке алу; з) диктант арқылы өтілген теориялық және емлелік тақырыптарды меңгергендерін байқау. Сөйтіп мұғалім бақылау диктантын өткізуді былайша жүзеге асырады. Алдымен дауыссыздар мен әріптер тіркесінің емлесіне арналған диктанттың мәтіні тандалады: *Қазақстан ғалымдары қорғасын өнімдерінен алтын мен күміс бөліп алудың жаңа тәсілін ұсынды. Қорғасын зауыттарынан алтын сияқты қымбат металдың шығатынын екінің бірі біле бермейтін. Қорғасын рудаларында аз мөлшерде болса да қымбат металдар кездеседі. Оларды бөліп алу үшін руданы қорыту кезінде қорғасынға цинк араластырылады. Сонда ол алтын, күмісті бөліп алып шығады. Осындай электро-термикалық әдіс қолданылады. Қазір бұл жаңалық еліміздегі қорғасын зауыттарына енгізіле бастады. Сондай-ақ оған Польшаның, Болгарияның, Швецияның және Италияның металлургиялары да көңіл аударуда (журналдан).*

Сондай-ақ диктантты жаздыру техникасы былайша құрылады: бір орында тұрып, диктант мәтіні мәнерлі, ашық дауыспен бір рет түгелдей оқылады. Оқу кезінде оқушылардың құлақ сала, еш жаққа көңіл аудармай ұқыпты тындап отыруы ескертіледі. Сонан соң мәтіндегі кездескен түсініксіз, аз қолданылатын сөздер және өтілмеген емлелер диктантты жазудан бұрын тақтаға жазып қойылады және ол түсіндіріледі. Бұдан кейін әрбір сөйлем жеке-жеке оқытылады. 5-тен 8 сөзге дейін құралған сөйлем бір рет, 12-ден 14 сөзге дейінгі сөйлем екі рет, 15-тен 18 сөзге дейінгі сөйлем үш рет оқылады. Оқушылар сөйлемді ұмытып қалмауы үшін, сөйлем қайталап айтқызылады. Сөйлем аяқталарда «тындандар», басталарда «жазындар», сөйлем біткеннен кейін «тексеріп шығындар» деген сөздер қолданылады. Диктант жазылып бол-

ғаннан кейін, оның мәтіні бір рет тұтас оқылады. Бұл кезде оқушылардың өздігінен жұмыс істеуіне мүмкіншілік туады. Өтілген емделік тақырыптарды ескере отырып, қалып қойған сөзді, түсін қалған орфограммаларды, қалып қойған әріптерді орын-орнына қойып шығады.

Осыдан кейін диктант жұмысы жинап алынады. Диктантты жинап алған соң, оқушылардың диктант төңірегіндегі сұрақтарына жауап беріледі. Сұрақтарға жауап берудің мынадай пайдасы бар: а) оқушылардың көру мен есту қабілетін дамыту үшін септігі тиеді; ә) олардың есін және ұқыптылығын тәрбиелеу үшін қажеті бар; б) теориялық және емделік ерекшеліктерді тез шешіп, тез ұғу үшін пайдасы мол; в) өткен материалды қайталау үшін де қажеті бар. Осы бақылау диктантындағы қателерді талдау жүйесі былай жүргізіледі: алдымен дауыссыз дыбыс әріптері мен әріптер тіркесінің емлесіне байланысты алынған бақылау диктанттағы қателер тақырып бойынша түр-түрге бөлінеді. Сонан соң қателердің сапасын көрсететін кесте жасалынады.

Кестедегі Ә. С. деген оқушының қатесі төмендегіше сұрыпталады: *м, н, ң, у, л, р, й* әріптерінің емлесінен бір қате, тасымалдан бір қате, пунктуациядан бір қате, стилистикалық қатесі жок, каллиграфиясы үшін бағасы «5», жалпы баға — «4». Осы үлгіде басқа жұмыстар да есепке алынады. Кесте бойынша есепке алынған бақылау диктантының қателеріне, әсіресе орфография бойынша жіберілген өрескел қателерге көңіл аударылады. Көпшілік оқушылар *лл* әріптерінің емлесін ұмыт қалдырғанын ескерте отырып, *лл*-ға байланысты жіберілген қателерді оқытып, сапталған сөйлемдерді тактадан дәптерге көшіртеді. Диктантта *күмісті* сөзін *күмістың* деп жазған оқушыларға мұғалім ол сөздің түбірі сақталып, түбір мен қосымшаның буын үндестігі бойынша жазылатындығын ескертеді.

Қателер үстінде істеуге оқушылардың өзін іздендірудің де пайдасы мол. Ол былайша жүргізіледі: Диктантты қолдарына алған соң, мұғалімнің көмегімен диктанттағы қателер іздеттіріледі, тапқан қателер өздеріне түзеттіріледі. Қателеріне сай керекті ережелер еске түсіріліп, соған орай оқушылардың сөйлемдері айтылады. Сөйтіп жіберілген қате 2-3 рет қайтадан жаздырылады.

Мұнан соң карточкалы дәптерде қателер үстінде істеу жұмысы ұйымдастырылады. Қате жіберілген сөйлемдерді көшіріп жазу, сөздердің синонимдерін, бір түбірлі сөздерді және ұқсас сөздерді орфографиялық сөздіктен таптыру, жана сөйлем құрау сияқты жұмыстар жүргізіледі. Осы жұмыспен бірге мынадай тәсіл де қолданылады: Оқушылар ұжымды түрде диктантты талдағаннан кейін, сол жіберілген қателерге байланысты кіші-гірім диктант жаздырылады, оның көлемі 30-40 шақты сөзден құралады. Сөйтіп алғашқы жіберілген қателерді болдырмауға шаралар белгіленеді.

Мектеп оқушыларының білімін бағалау үшін оқу жылының басы мен соңында және әрбір тоқсанда өткізілетін бақылау диктанттарының сөз саны шамамен мынадай нормаларда белгіленуі тиіс: IV сынып үшін — 80-100 сөз, V сынып — 100-110 сөз, VI сынып үшін — 110-120 сөз, VII сынып үшін — 120-140 сөз, VIII сынып үшін — 140-160 сөз, IX сынып үшін — 170-180 сөз, X сынып үшін — 190-200 сөз, XI сынып үшін — 200-210 сөз беріледі.

Осы диктант мәтіндегі әрбір өтілген ережеге байланысты кем дегенде екі-үш орфографиялық және тыныс белгілерінің объектілері төмендегі нормалардан аспауға тиіс: IV сынып үшін әртүрлі орфограмма саны 12 тыныс белгісі екі-үштен, V сынып үшін әртүрлі орфограмма саны 16, тыныс белгісі үш-төрттен, VI сынып үшін әртүрлі орфограмма саны 20, тыныс белгісі төрт-бестен, VII сынып үшін әр түрлі орфограмма саны 24, тыныс белгісі бес-жетіден, VIII сынып үшін әртүрлі орфограмма саны 25-тен, ал тыныс белгісі жетіоннан аспауы керек.

Қазақ тілі бойынша жазба жұмысына бөлінетін сағаттар бағдарламалық тақырыптан да, тіл дамытудан да, қайталаудан да алынады. Оқу жылы басында өткенді қайталау есебінен сынып оқушыларының сауаттылық дәрежесін анықтау үшін бір сағат және әр тоқсан соңында бір сағат бақылау жұмыстары жүргізіледі. Ал бұдан басқа уақыттағы алған жазба жұмыстар үйрету мақсатын көздейді. Жазба жұмыстарын талдауға арнайы сабақтар бөлінеді. Әр сыныптағы жазба жаттығу, үйрету және бақылау жұмыстарының саны төмендегі мөлшерде белгіленеді: IV сыныпта — 8 диктант, 4 мазмұндама, 2 сынып және 2 үй шығармалары, V сыныпта — 8 диктант, 4 мазмұндама, 3 сынып және 1 үй шығармасы, VI сыныпта — 6 дик-

тант, 3 мазмұндама, 2 сынып және 2 үй шығармасы, VII сыныпта — 5 диктант, 2 мазмұндама, 2 сынып және 3 үй шығармасы, VIII сыныпта — 5 диктант, 3 сынып, 3 үй шығармасы, IX сыныпта — 4 диктант, 4 сынып және 3 үй шығармасы, X сыныпта — 3 диктант, 4 сынып және 3 үй шығармасы, XI сыныпта — 2 диктант, 3 сынып және үй шығармасы алынады.

Мұғалім IV-XI сынып оқушыларының жазба жұмыстарын бағалағанда, мынадай бағалау өлшемдерін басшылыққа алған жөн. Диктанттағы орфографиялық, пунктуациялық және стилистикалық қателер жеке есептеледі. Сондықтан да баға жалпы қойылады: “5” деген баға қатесі жоқ немесе орфографиялық жеңіл бір қатеге немесе тыныс белгісінен жеңіл бір қатесі бар диктанттарға қойылады. 0/0; 1/0; 0/1. “4” деген баға емледен 3, тыныс белгісінен 3 қатесі бар, немесе емледен 2, тыныс белгісінен 4 қатесі бар, немесе емледен 1, тыныс белгісінен 4 қатесі бар диктанттарға қойылады 3/3; 2/4; . “3” деген баға емледен 6, тыныс белгісінен 5 қатесі бар немесе емледен 5, тыныс белгісінен 6 қатесі бар, немесе емледен 3, тыныс белгісінен 8 қатесі бар диктанттарға қойылады 6/5; 5/6; 3/8. “2” деген баға емледен 9, тыныс белгісінен 5 қатесі бар немесе емледен 8, тыныс белгісінен 9 қатесі бар диктанттарға қойылады. 9/5; 8/9. “1” деген баға қате саны “2” деген бағаға көрсетілген мөлшерден асып кеткен диктанттарға қойылады.

Сондай-ақ диктанттармен қосымша өткізілетін бақылау тапсырмаларына екі баға қойылады, бірі — диктантқа, екіншісі — грамматикалық тапсырмаларға қойылады. Фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, орфографиялық, орфоэпиялық және пунктуациялық қосымша тапсырмаларды бағалауда мынадай өлшемдер басшылыққа алынуы қажет: “5” деген баға түгелдей толық, дұрыс орындаған жұмысқа қойылады. “4” деген баға тапсырманың кем дегенде 3/4 бөлігі дұрыс орындалған жұмысқа қойылады. “3” деген баға тапсырманың кем дегенде $1\frac{1}{2}$ бөлігі дұрыс орындалған жұмысқа қойылады. “2” деген баға тапсырманың жартысынан азы дұрыс орындалған жұмысқа қойылады. “1” деген баға орындалмаған немесе түгелдей орындалмаған жұмысқа қойылады.

Мәтіні өзгертілген диктанттар. Мәтіні өзгертілген диктанттардың бір түрі — шығармашылық диктанты. Бұл дик-

тант оқушылар тілін дамытып, емледен қате жібермеуге төселдіреді және өз ойларын сауатты жазуға баулиды. Шығармашылық диктант былай жүргізіледі: дауысты дыбыс пен дауыссыз дыбыс әріптерінің және әріптер тіркесінің емлесі бойынша оқушылар белгілі сөздерді өздері атайды. Оны мұғалім сынып тактасына жазады. Осы жазылған сөздерді кірістіре отырып, оқушылар сөйлем құрайды. Бұл сөйлемдер оқушылар айтқан сөздерден құралады немесе олардың арасына басқа сөздерді қосып саптайды. Сөйтіп мұғалім бұл жазылған сөйлемдерді дәптерге жаздыртады. Алдымен такта екіге бөлінеді де, оған төмендегі сөздер жазылады: *Гримм, металл, киловатт, Кузбасс*. Тактадағы осы сөздерге қарай отырып, оқушылар мынадай сөйлемдер саптайды: *Мен бүгін Гриммді көрдім. Біз металлдар сынығын жинадық. Электр тоғы 260 киловатт сағаттай. Біз жаз айында Кузбассста болдық*. Шығармашылық диктантын былай да жүргізуге болады: алдымен бір тақырып таңдалады да, сол тақырыпқа сай шығарма ішінде дауысты дыбыс пен дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесімен әріптер тіркесінің емлесі қамтылады. Шығарма жазылып болған соң, тиісті емлеге сай орфограммалар таңдалады. Оқушылар “Жазғы каникул”, “Бакшаға саяхат”, “Біздің сынып”, “Тоқыма комбинаты”, “Волейбол жарысы” деген тақырыптарда шығарма жазады. Ұяң дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесіне байланысты “Волейбол жарысы” деген шағын шығарма беріп көрейік. *Төртінші “А” сыныбы мен “Б” сыныбының арасында волейбол жарысы болып өтті. “А” сыныбынан Қасым, Марат, Клара, Серік, Жібек, Барат деген оқушылар қатысты. Ал “Б” сыныбынан Бейсен, Дауыл, Зина, Жақсылық, Гүлнар, Әли қатысты. Волейбол жарысының төрешісі Вадим Абдуллин болды. Екі жақ қатты тырысты. Нәтижеде төртінші “Б” сыныбының ұпайы көбейіп, 6:15 пен “Б” сыныбының пайдасына шешілді. Жарыста Дауыл, Зина және Жақсылық өздерінің шебер ойнайтындықтарын көрсетті.*

Таңдау диктанты. Таңдау диктантында басқа диктанттағылар сияқты мәтін түгел жаздырылмайды. Тек мәтіннің ішінен өтілген емелік ережелерге байланысты сөздер бөлек алып жазылады. Бұл диктант былай жүргізіледі: алдымен *о, ө, у, ұ, ү* әріптеріне байланысты мынадай диктант таңдалады: *Шаңқай түс. Желіде шаңырқаған құлындар ыстыққа мас*

болып, тырайып жатыр. Сауыны асқан биелердің үрпінен сүт тамшылап тұр. Бие сауатын, құлын суаратын малшылар да дүрмекке еріп кеткен. Әр жерде ду-ду әңгіме. Барлық көз өзен сыртында жатқан көк белестің бетіндегі күрең жолға қадалған (Мұстафин). Осы мәтіннің әр сөйлемі мәнерлі оқылады. Сонан соң еріндік дауысты дыбыс әріптермен келген сөздерді тандап алып, жазу үстінде *о, ө, у, ұ, ү* әріптерінің астын сызып отыру тапсырылады. Оның үлгісі мынадай: *түс, құлындар, болып, сауыны, үрпінен, сүт, тұр, сауатын, құлын, суаратын, дүрмекке, ду-ду, көз, өзен, көк, күрең, жолға.* Осымен бірге тандау диктантаының мынадай түрі де орындалады: Алдымен мәтін оқылады. Сонан соң керекті сөздерді тандап орналастыратын кесте бағандары толтырылады.

§ 34. ҚАЗАҚ ТІЛІН ӘДЕБИЕТ МАТЕРИАЛДАРЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫРЫП ӨТУ ӘДІСІ

Әрбір жеке пән мұғалімдері оқушылардың ой-өрісін дамыта отырып, бір пәннен алған білімін екінші бір пәнге пайдалану жағын қарастырады. Оқушылар әрбір жеке пәннің өзіндік заңдылықтарын меңгермейінше сол пәннен тиянақты да терең білім ала алмайды. Сондықтан да оқушылардың әрбір жеке пән бойынша практикалық дағдыларын қалыптастырған мақұл. Осындай жүйелі практикалық дағдылар негізінде ғана оқушылардың жеке пән бойынша танымы шоғырланып, басқа пәндерден алған білімімен ұштастырылып, тереңірек білуге мүмкіндіктер туады. Демек, жеке пәндерді терең меңгерту нәтижесінде ғана пәнаралық байланыстылық жүзеге асырылады. Пәнаралық байланыстылық пәндердің өзара қамтитын материалына, зерттеу сипатына және жақын-алыстығына қарай жұмыс жүргізу тәсілдерін белгілейді. Пәнаралық байланыстылық талабын жүзеге асыру жүйесінде мұғалімдердің алдын ала ойластырып жасаған жоспарлары болуы тиіс. Бұл жоспардың жеке пәндерден қай тақырыптарға сай пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруға болатындығы анықталады. Сабақта пәнаралық байланыстылықта өткізуге бейімделетін түрлі жұмыс жүйелерін белгілеп алған жөн. Пәнаралық байланыстылық жеке пәндер материалдарын меңгерту барысында жүргізілген

теориялық әдіске практикалық тұрғыдан жанасып және оны толықтыру мақсатында жүргізілгені абзал.

Жоғарыдағы пікірлерді ескере келе, пәнаралық байланыс тәсілдерінің мынадай түрлерін атап көрсетуге болады: а) бір пәннің материалын екінші пәннің материалымен салыстыра отырып мазмұн жағынан ұқсас тақырыптардың пәнаралық байланысын жасау; ә) жеке пәндер материалдарын меңгерту барысында өзге пәндер материалдарын негізгі мәселені толықтыру мақсатында пайдалану; б) жеке материалдарды терең меңгерту тұсында ғана пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру; в) пәнаралық байланысты әдіс ұқсастықтарына қарай жүргізу; г) бір пәннің материалын екінші бір пәнге практикалық жаттығу ретінде пайдалану; ғ) оқулық материалын өмірдегі әр алуан міндеттермен байланыстыру. Мұның өзі жеке пәндердегі ұқсас тақырыптардың ішкі өзіндік белгілерін өзара байланыстылықта қарап, диалектикалық және логикалық ойлау заңдылықтары тұрғысында түсіндіру болып табылады.

Соның бірі — қазақ тілі салаларының әдебиетпен байланысу тәсілдерін анықтау. Ана тілі мұғалімі әдебиет материалдарын сабақ жүйесінде үнемі пайдаланып отырады. Бұлай етудің әрі ғылыми, әрі практикалық мәні бар. Пәнді оқыту және тәлім-тәрбие жұмыстарында тіл мен әдебиетті тығыз ұштастырып отырудың практикалық жақтан пайдасы мол. Осының нәтижесінде оқушылар ана тілін, оның сөз байлығы мен сөз өнерін үйренеді. Сондықтан да қазақ тілі сабағы әдебиет материалдарын пайдалана отырып, олардың сөз байлығын шоғырландырып, әдеби тілде сөйлеуге үйретіп, шығармашылық іске дағдыландырып отырған жөн. Оқушылар өз халқының өнері мен ғасырлар бойы келе жатқан тарихын, оны көркем сөз өнерін әдебиет арқылы таниды. Сөйтіп өмірдің шындығын, халықтың тарихы мен тілін жақсы біледі, ұғады. Әдеби шығармаларды тілмен байланыстыру оқушылардың еңбекке икемділігін арттырып, жұмыс қабілетін асырады. Өз өміріне және бір мақсатта орындалатын өз ісіне көзқарасын қалыптастырып, соған деген қызығуы мен сүйіспеншілігін күшейтеді. Әдебиетке байланысты материалдар түрлі жанрлардан яғни ертегілерден, жұмбақ пен мақал-мәтелдерден, әңгіме мен очерктерден, өлеңдер мен поэмалардан, пьеса мен повесть, романдардан таңдалып алынады.

Оқушылар осы жанрлар арқылы бақытты өмірді, Отанымыздың сәнді көркін еңбек озаттарының табысын, еліміздің табиғат байлықтарын оқып көріп, танымын арттырады. Көркем әдебиет үлгілерін оқып, жаттап өз түсінігімен айтып береді, жана сөз үйренеді, тілін ширатады және оларды жазып алу арқылы қолы мен көзін жаттықтырады. Қазақ тілі мен әдебиетті байланыстырып өту мақсатында мұғалім, көркем әдебиет жанрлары, қажетті мысалдар мен мәтінді арнайы тандап, оқу жұмысы жүйесінде практикалық тұрғыда пайдаланады және осыған лайықты әдіс-тәсілдер жүйесінде сұрыптайды. Енді біз қазақ тілі мен әдебиеттің байланысын іске асыратын жұмыс жүйесіне тоқталайық: 1. “Күн астындағы Күнекей қыз” ертегісінен алынған үзіндіні оқи отырып дыбыс пен әріптерге ажыратыңдар да, неше дыбыс неше әріп барлығын түсіндіріңдер. Жұмыс жүйесі: Мұғалім алдымен ертегі үзіндісін дауыстап оқып шығады. Оны оқушылар тыңдап отырады. Бұдан кейін екі-үш оқушы дауыстап оқып, оқыған сөйлемдерін оқушылар дәптеріне жаздырады. Әрбір оқушы өз бетімен дыбысқа, буынға бөледі де, қалай болғандығын түсіндіреді. Жазып болған оқушы қолдарын көтеріп, жауап береді. 2. Төмендегі жұмбақты оқып шығыңдар да, жауабын тақтаға жазып, *фон* тәрізді буындарды еске түсіріңдер: *Мұрнында бар инесі, Бетінде бар түймесі, Аузын ашса сөйлейді, Табыңыздар не осы! (Патефон)*. Жұмыс жүйесі: Мұғалім жұмбақ жазған карточканы үш-төрт оқушыға таратып береді. Әрбір оқушы өзіне берілген карточканы дауыстап, мәнерлеп оқиды. Сонан соң соңғы төрт оқушы өз карточкасын дауыстап оқып, барлық оқушыларға жаздырады. Оны былай диктовка жасайды: *Мұрнында бар инесі* — бір жай сөйлем, түгел айтып тұрмын, жазып алыңдар, қайталаймын, тексеріңдер, енді екінші сөйлемді оқимын — *Бетінде бар түймесі*, қайталаймын, тексеріп шығыңдар. Ал үшінші сөйлемді оқимын — *Аузын ашса сөйлейді* — түгел жазыңдар, жай сөйлем, қайталаймын, тексеріп шығыңдар. Сонымен енді соңғы сөйлемді оқимын — *Табыңыздар не осы?* — бұл сұраулы сөйлем, қандай тыныс белгісі қойылады. Жауабын тапқан оқушы тақтаға шығады да жауабына сәйкес термин сөздерді тақтаға тізбектеп жазып қояды: *патефон, магнитофон, телефон, таксафон, электрофон*. 3. Мына мақал-мәтелдерді оқи отырып, түбір сөздерге жалғанған қосымшалардың

үндесуін дәлелдендер: *Туған жері де көрікті, Елі де көрікті*. Жұмыс жүйесі: Мұғалім жылжымалы тактаға мақал-мәтелдерді іліп қояды да, бір оқушыны орнынан тұрғызып, мақалды дауыстап оқытады. Осы сөйлемдегі *жердің, жері, елі* сияқты сөздерді ауызша түсіндіріп отыруды талап етеді. Оқушы: *жер* — түбір сөз, жалпы зат есім, атау септікте тұр, -дің қосымша, бұлар екіге бөлінеді: жұрнақ және жалғау, -дің, ілік септіктің жалғауы, мына сияқты сынарлары бар: *-дың, -ның, -нің, -тың, -тің*.

Мұғалім бұдан кейін оқушыны тактаға шығарады да, екінші сөйлемді де дауыстап оқытады. Сонан соң мақалдағы барлық сөздерді мына тәртіппен жаздырып, оны оқушы тактаға жазу үстінде былай түсіндіреді: *Еңбек* — түбір сөз, зат есім, жалпы есім, атау септікте тұр, *түбі* — түбірі — түп, көмекші есім, тәуелдік жалғаудың үшінші жағында тұр, *береке* — түбір сөз, жалпы зат есім, атау септікте тұр. 4. F. Мүсіреповтің “Ер ана” әңгімесінен алынған үзіндіні оқи отырып, дауысты дыбыс әріптерінің емшелерін түсіндіріңдер. Жұмыс жүйесі: Мұғалім мәтіндегі әрбір сөйлемді өзі дауыстап оқып шығады. Бұрыннан дайындалған карточкаларды оқушыларға тарқатып береді. Мұны ауызша да, жазбаша да түсіндірмелі жаттығу үлгілерімен түсіндіруді талап етеді. Әрбір карточкада жаттығу жұмысын орындап, шарты көрсетіледі: зат есімнің тәуелденуін түсіндіріңдер; зат есімге қандай жіктік жалғауы жалғанып тұрғанын айтыңдар; сөзге қайсы септік жалғаулары жалғанып тұрғандығын және осы жалғаулардағы үндестік заңын түсіндіріңдер. Сөйтіп, морфологиялық тақырыптарды таныту тұсында үндестік заңының өзіндік белгілерін үйретеді. 5. M. Әуезовтың “Абай” романынан алынған үзіндіні оқи отырып, оны сыныптан тыс жұмыс ретінде орындандар. Жұмыс жүйесі: оқушылардың үйде орындап келуіне арнап, мұғалім романдан үзінді — мәтін тандайды. Осы мәтін ішінен үндестік заңының өзіндік белгілерін айыра отырып түсіндіруді оқушыларға тапсырады. Мұғалім өз сабағында, сыныптан тыс кітап оқыту жұмыстарында оқушылардың дұрыс оқу шеберлігін төселдіреді, мәтіндерді мәнерлеп оқуға, оқығанын жақсы түсініп, әдеби тілмен айтып беруге дағдыланады. Сөйтін мұғалім оқушыларды өздігінен істеу мақсатында оқыған көркем шығармалардағы жаңа сөздерін, сөз жасау тәсілдерін, қазақ тілі анық-

тамалары мен ережелерін және сөз саптау, сөйлем құрау стилистикалық жақтарын оқушылардың өздеріне зерттетіп отырады.

Қазақ тілін оқыту тұсында пайдаланатын материалдардың тәрбиелік мәні. Оқушыларға тәрбие беруде дидактикалық материалдарды тандап, оны іске асырудың мәні зор. Мұғалім қазақ тілін оқыту үстінде оқушыларға әр жақты білім алуға тәрбиелейді. Тілдік материалдар негізінде, олардың ақыл-ойын, дүниетанымын кеңейтіп, еңбекке деген бейімділігі мен қабілеттілігін асырып, саяси идеялық білігін өсіреді. Тіл мұғалімі тілден өтілетін әрбір материалдың жүйелі өткізілуін қарастырады. Қазақ тілі фактілерін түсіндіруге пайдаланылатын сөйлемдер мен мәтіндер, көрнекілік пен дидактикалық материалдар тілдік өзіндік белгілеріне сай тандалуы тиіс. Мұндай материалдар оқушылардың білім дәрежесі мен жас ерекшеліктеріне қарай тандалғаны жөн. Қазақ тілін оқытуда пайдаланылатын материалдар мен мына сияқты сапалы іс мазмұны мен тәлім-тәрбие жүйесін қамтитын мәтіндерден алынады: а) кең байтақ отанымыздың өндірісі мен ауыл шаруашылығындағы орасан табыстарын қамтитын мәтіндер; ә) еңбек озаттарының үлгілі тәжірибелерін көрсететін материалдар; б) еліміздің мәдени мұралары мен қуатты тұрмысын айғақтайтын материалдар; в) халқымыздың бұзылмас бірлігі мен берік достығын көрсететін материалдар; г) халықтың моральдық ұстамдылығын бейнелейтін материалдар ғана мектеп оқушыларына ұсынылады.

Мұғалім қазақ тілін түсіндіруге қажетті материалдарды оқушылардың өздері зерттеп жүрген және оны жақсы білетін мәтіндерден тандайды. Бұлар оқушыларға таныс, түсіндіруге оңай, өздігінен меңгеруге жеңіл, методикалық принциптерге сай материалдар болып табылады. Сөйтіп оқушыларды тікелей өмірге қатыстыру нәтижесінде өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы салаларындағы қол жеткен мол табыстары және олардың ашқан заңдылықтарымен таныстыру. Осы тұста түрлі көрмелерге, мұражай мен тарихи ескерткіштері бар жерлерге, хайуанаттар мен өлке байлықтарын танып білуге болатын экскурсиялар ұйымдастырған жөн. Қазақ тіліне байланысты жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстардың да тәрбиелік мәні ерекше. Сыныптан тыс жұмыстар

оқушыларды ұтымдылық іске үйретеді, өздігінен ізденіп, білім алуға жұмылдырады. Өздігінен ізденіп, білім алуда шығарма жаздыру жұмыстарының жүйелі ұйымдастырылғаны мақұл. Қазақ тіліне байланысты мектеп оқушыларына мына сияқты тақырыптар ұсынылады: “Өз сыныбындағы үлгілі оқушылар”, “Өз мектебімді ардақтаймын”, “Мен бүгін зауытта болдым”, “Үлгі шопан”, “Оқу озаты”, “Менің өлкем”. Осы тақырыптарда оқушылар өз шығармаларын тез және жоспарлы түрде жаза алады, себебі мұндай тапсырмалар күні бұрын дайындалған, таныс материалдар. Оқушыларға көркем әдебиет материалдарын оқыта отырып конспект құрғызған жөн. Кештер мен конференцияларда қазақ тіліне тиісті баяндамалар жасату тіл материалдарының тәрбиелік мәнін күшейтеді.

§ 35. ТҮСІНІКСІЗ СӨЗДЕРДІ МЕНҒЕРТУ ТӘСІЛДЕРІ

Білім мен дағды беруде түсініксіз сөздерді түсіндіру тәсілдері үлкен қызмет атқарады. Бұл, негізінде, білім мен дағды беру және сабақ жүйесі тұсында жүзеге асырылады. Мұндай болу заңды да, себебі теориялық білім мен практикалық дағды бір жақты іс-әрекеттің нәтижесінде меңгерілмейді, әр жақты жұмыс қарқыны бойынша ойда сакталады. Мектептегі түрлі пәндерден оқушылар білім алумен бірге, сол пәндерге тиісті сөздерді терминдерді игереді. Әрине сол тікелей қазақ тілінен алған білімін қорландырып, сөздік қорын, сөйлеу дағдысы мен жазу шеберлігін асырады. Сондықтан да тіл мұғалімі әрбір жұмыста, білім беруде және сабақ үстінде кездесетін қиыншылықтарды жою, болдырмау мүмкіндіктерінің алдын алады. Соның бірі — түсініксіз сөздермен жұмыс істеу. Түсініксіз сөздерді білім алу кездеріне, оқылатын материалдардың жүйесіне қарай екі топқа ажыратуға болады: 1) **әдебиет материалдарына байланысты түсініксіз сөздер**; 2) **тіл материалдарына байланысты түсініксіз сөздер**. Енді біз алдымен әдеби шығармаларда кездесетін түсініксіз объектілерге тоқтап өтейік. Әдебиет материалдарының тақырыбы мен идеялық мәні оқушылардың бірден дұрыс және жетік түсінбеуі, көбінесе сол тақырыптың ауыр-жеңілдігіне, яғни тандап алынған мәтіндердегі сөйлемдердің

молдығына тікелей қатысты болады. Сондықтан да осы сияқты объектілерді түсіндіруде, нақтылы методикалық жұмыс жүйесі талап етіледі.

Әдеби шығармалардан алынған мәтіндерде түсініксіз сөздер мынадай орындарда ұшырайды: а) мәтін ішіндегі жеке сөздер; ә) мәтін ішіндегі сөз тіркестері; в) мәтін ішіндегі жеке фразалық тіркестер; г) мәтін ішіндегі идиомалық тіркестер; ғ) мәтін ішіндегі құрмалас сөйлем компоненттері; д) мәтін ішіндегі төл сөз бен автор сөзі; е) прозалық шығармалардан алынған мәтіндегі абзацтар; ж) поэзиялық шығармалардан алынған мәтіндегі жеке шумақтар; з) драмалық шығармалардан алынған диалогтық және монологтық сөйлемдер түсініксіз болып келеді. Мәтіндегі түсініксіз сөздерді түсіндіру оқу және сабақ процесінің әр басқышында іске асырылады. Сондықтан да әдебиет материалдарын өту үстінде түсініксіз сөздер мен жұмыс істеу мәтін оқыр алдында, оқу тұсында және оқып болғаннан соң алып барылады. Осы тұста тіл мен әдебиеттің байланыстылығы айқындалады. Әдеби мәтіндерде кездесетін сөздердің мағыналық және тілдік мәні еске түсіріліп, оған талдау жасалады. Біз мәтіндегі түсініксіз сөздерге түсініктеме беру материалды өту алдында беріледі дейік. Мұны біз мысалдармен көрсетейік. Мәселен, мұғалім І. Жансүгіровтың “Ұштасқан үш тілек” деген өлеңі деп тақтаға жазады да, көрнекілік ретінде таңдамалы шығармалар жинағынан өлеңнің жазылған бетін көрсетеді. Содан кейін тақтаға мына сияқты сөздерді жазып қояды: *ебелек, төңкеріс, мұжық*. Бұл сөздерді оқушылардың сөздік дәптерлеріне көшіртіп жаздырады. Сонан соң мұғалім бұларға төмендегіше түсініктеме береді: *Ебелек* деп құмды жерде, шөлді ойпанда өсетін өсімдіктің, яғни шөптің бір түрін айтамыз. Бұл күзді күні құрап, тамырынан айырылады. Осының нәтижесінде жел тұрған уақытта қанбақ сияқты домалап жүреді. Сондай-ақ І. Жансүгіров *төңкеріс* деп *революцияны*, ал *мұжық* деп *шаруаны* түсінген. Осы жоғарыдағы үш сөзде белгілі жеке мағыналарға ие де, морфологиялық жақтан жалпы және жалқы зат есімдер, атау септікте тұр. Сонымен бірге Абай “Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай” деген өлеңінің аты және оның ішіндегі жеке сөздер мен сөз тіркестері түсіндіріледі. Мұғалім алдымен “*Қараша*”, “*желтоқсан*” деген екі сөздің мағынасын айтады. Бұл екі

сөздің мағынасын айқындау осы өлеңнің тақырыбын, мазмұнын және оны идеялық мәнін түсіндіруге дайындық жасау деген сөз. Бұдан кейін мұғалім *“қараша” — октябрь айы, “азынау” — жел қатты соғып тұр* дегенді білдіреді деп түсіндіреді. Ал *“қара қи” — қойдың тезегі, “арты қайыр, артықша қызметке орай”* дегенді — *кедей байға күні-түні езіліп жұмыс істесе ғана жағады* — дегенді білдіреді деп бағдарлайды.

Мәтіндегі түсініксіз сөздерге түсініктеме беру материалды оқыту үстінде жүзеге асырылады. Мұғалім түсініксіз сөздерге түсініктемені көркем шығармалардан алған үзіндіні немесе толық түрін оқу тұсында контекспен байланысты ұғындырылады. Мұғалім мәтінді оқи отырып түсініксіз сөздерге тоқталып түсінік беріп отырады. Мұнда мұғалім бір сөз бен екінші сөзді, бір сөйлем мен екінші сөйлемді, бірінші абзац пен екінші абзацты, бірінші бөлім мен келесі бөлімді, алғашқы тарау мен келесі тарауды үнемі қадағалап ұштастырып отырады. Көркем шығармалардан алынған үзіндіні оқу үстінде олардың алдымен жеңіл түрлері ғана бағдарланып, бірте-бірте ауыр объектілері түсіндіріледі. Осындай еткенде ғана материалдың көлемін ықшамдап, уақыт жағынан ұтуға үнемдеуге болады. Мәтіндегі түсініксіз сөздерді түсіндіру оқып болғаннан соң іске асырылады. Мұны мұғалім мәтіннің мазмұнын игертуге сай жүргізілетін жұмыстар негізінде және мәтінмен екінші рет жұмыс істеу негізінде орындайды. Оқылатын мәтінді мұғалім белгілейді де, оны оқушыларға іштей оқуды тапсырады. Оқу үстінде түсініксіз сөздерді белгілетіп, сөздік дәптеріне жаздырып қояды. Мәтінді толық оқып болғаннан кейін, дәптердегі жазылған немесе оқу тұсында белгіленіп қойылған сөздерге түсініксіз сөздерге түсініктеме береді. Мәтіндегі түсініксіз сөздің мағынасы сол сөзге жуық сөздер мен тіркестерге және сөйлемдерге қарсы қою арқылы түсіндіруге болады. Айталық, Абайдың *“Ғылым таппай мақтанба”* деген өлеңінен *нәфрәтлі, ғибратлы, ақын-мизан* сияқты сөздер кездеседі. *Нәфрәтлі* — сөзін *жиіркенішті, ғибратлы* — сөзін *үлгілі, өнегелі, ақын-мизам* — сөзін *таразы, өлшеуіш* деген сөздермен ұғындырған абзал. Абайдың *“Қансонарда бүркітші шығады аңға”* деген өлеңінде мына тәрізді түсініксіз сөздер ұшырайды: *ғанибет, аңдағанда*. Ғанибет — *қызық, тамаша, көңіл көтеру* мағынасында қолданылады да,

ал аңдағанда болса, ол сөз *түлкінің ізіне түсушілердің жүріс бағыты* мағынасында жұмсалған деп бағдарланады. Сондай-ақ Абайдың осы өлеңінде: *Қырық пышақпен қыржыңдап тұрған түлкі, О-дағы осал жау емес қыран паңға...*, деген өлең тармақтары бар. Осы контекстің мәнін мұғалім былай ашады: *түлкі тіс, тырнағын бүркітке қару етіп жұмсайды* деген мағынаны түсінген жөн. Осы сияқты өлең тармақтары С. Торайғыровтың “ Бір адамға” деген шығармасында да ұшырайды. Мәселен, *Суреттер және көрдім жүзі жарқын, Ойлады: оңдырған-ау баққан халқын* деген ұғымдар ауыстырмалы мағынада айтылып тұр. Мұндайда көркем бейнелер мен суреттердің мағынасын контекске қарап аңғарған мақұл. Мәселен, мұғалім бірінші өлең тармағы *көрген суреттерінің жүзі сондай жиіркенішті* деген мағынаны, өлең тармағы *олар халықты қайдан оңдырсын* деген мағынаны аңғартады деп түсіндіреді. Оқушылар мәтіні түсініксіз құбылысты түсініп меңгерумен қатар, олар ауызша және жазбаша тіл дамыту еңбектерінде де еркін қолдана білуі тиіс. Бір-бірімен жай сөйлескенде, белгілі бір материалдарға жоспар жасағанда, мазмұндама, шығарма және жаттығу жұмыстарын орындау үстінде пайдаланған дұрыс. Бұған мұғалім әрқашан бас-көз болатыны баршаға аян. Жоғарыда біз қазақ тілін оқыту тұсында пайдалынылатын әдебиет материалдарына тиісті түсініксіз сөздерге ғана шолу жасадық. Сөйтіп қазақ тілін оқыту үстінде кездесетін түсініксіз сөздермен жұмыс істеудің және іске асырудың методикалық әдіс-тәсілдеріне көшейік. Олар негізінен мыналар: 1) **зат есімдерге байланысты сөздердің синонимін табу жолымен түсіндіру**; Мәселен, *келбет* сөзінің мағынасын ашу қиынға соғады. Себебі конкрет-абстракт сөз аралығын айыра алмау жағдаяттары кездеседі.

Сондықтан да бұл сөздерді дәл түсіндіру үшін сапалық сын есімдерге жалғап, тіркестіре отырып мағынасын анықтаған жөн. *Келбет, мүсін және әлпет* синоним сөздері жағымды және жағымсыз мағыналарды аңғартады. Ал *келбет, мүсін* деген сөздер көбінесе жақсы, *тәуір* деген сөздермен тіркестіріліп айтылады: *келбеті жақсы, мүсіні жақсы. Әлпет* сөзі көбінесе *жаман* деген сөзбен байланысты қарастырылады: *әлпеті жаман*. 2) **сын есімдерге сай сөздердің сино-**

нимдерін іздестіру, карастыру жолымен түсіндіру: Мысалы, *алыс* деген сөздің орнына *қашық*, *жырақ* сияқты мәндес сөздер қолданылады. Сондай-ақ қысқа сөздің орнына *келте*, *шолақ* және *сұлу* сөзінің орнына *әдемі*, *көркем*, *ару* сияқты синонимдер жұмсала береді. Әйтседе, бұлардың мағынасы жақын болғанмен, бірінің орнына бірі жүре бермейді. Мәселен, *алыс жолда* дегендегі *алыс* деген сөздің орнына *жырақ* деген сөзді айтуға болады да, *қашық* деген сөзді айтуға болмайды. Бірақ, *шаруашылықтар арасы алыс емес*, дегендегі *алыс* деген сөздің орнына *қашық*, *жырақ* сөздерін қолдануға болады. Мұнымен мағынасы бұзылмайды, сол сияқты *қысқа құйрық торы ат* дегенде қысқа сөзінің орнына *шолақ*, *келте* сияқты синонимдерді қойып айту мүмкіндігі бар.

3) **етістіктерге лайықты сөздерді қатар қою арқылы түсіндіру:** мұғалім тактаға мына сияқты сөйлемді жазып қояды: *Ол бізге жаңалық хабар айтты*. Содан соң осы сөйлемдегі етістіктер орнына қандай синоним сөздері қолданылады? деген сұрақты оқушылар ортасына қояды. Бұдан кейін дұрыс жауап берген сөйлемдері сынып тактасына жаздырылады. Мұны оқушылар көшіріп алады.

4) **синоним сөздердің антонимдерін салыстыра отырып түсіндіру:** Мұғалім тактаға ыстық сөзін жазады да, оған карама-қарсы мағыналы сөздерді тауып жазуды оқушыларға жүктейді. Олар ыстық сөзін салыстыра отырып, төмендегіше жазып қояды: *ыстық-салқын*, *ыстық-суық*, *ыстық-аяз*.

5) **Синоним сөздердің мағыналық бірлігін ашу, айқындау арқылы түсіндіру.** Мұғалім мына сөздерді салыстыра отырып, тактаға жазып қояды: *ат-тай*, *өңеш-кеңірдек*, *ағаш-отын*, *қол-саусақ*, *ақыл-ес*. Содан соң олардың мағыналық бірлігін төмендегіше баяндайды: Бұл тактаға жазылған сөздердің жалпы мағынасы бір-біріне ортақ. *Бүркітбай атпен келді*, десек *әйтеуір жалқының біреуін көлік етіп келді* дегенді түсінеміз. Өйткені, *ат* — көліктің бір түрі, ал *тай* болса, жылқы атаулының *жас төлі* дегенді білдіреді. *Өңешін созды* деудің орнына *кеңірдегін созды* деп те, *өңешітеді*, *кеңірдектеді* деп те айта аламыз. Осылай бола тұрса да, *кеңірдек* — тыныс алу мүшесі дегендегі *кеңірдек* деген сөзді *өңеш* деген сөзбен ауыстыруға болмайды. Себебі, *кеңірдек* — тыныс алу мүшесі, ал *өңеш* болса, адамның, жәндіктің *ас өткізетін* мүшесі, екеуі екі басқа. Сондай-ақ, *Үсен отын бұта-*

ды деген сөйлемдегі *отын* деген сөзді ағаш деген атаумен ауыстыруға болады да, ал *Үсен нешке сексеуіл жақты* деген сөздің орнына *отын жақты деп* айтуға болмайды. Өйткені жағылған отынның я *сексеуіл*, я *ағаш*, я *көмір* екендігі нақтыланбай, мағына жалпыланып кетеді. 6) **Біріккен (кіріккен) сөздердің төркінін (этимологиясын) талдау арқылы түсіндіру.** Мұғалім жылжымалы тақтаға төмендегі сөздерді жазып қояды: *бүгін, биыл, әкел, апар, әпер*. Бұдан кейін түсіндіру тәсілімен объектіні баяндайды: *бігін, биыл, әкел, әпер* сөздерінің әрқайсысы екі түбірден бірігіп, бір сөзге айналған. *Бүгін, биыл* сөздерінің құрамында *бұл, күн, жыл* деген үш сөз бар. *Бұлар бұл күн* деп тіркесіп айтылатын екі сөздің жүйелі қолданылуының нәтижесінде, олар бірте-бірте ықшамдала келіп биыл болып орнығып кеткен.

Сондай-ақ *әкел* сөзі *алып кел, апар* сөзі *алып бар* сөздерінен қысқартылып, бірігуінен пайда болады. 7) **Жаңа сөздердің түбірін іздестіру арқылы түсіндіру.** Мұғалім тақтаға *өндіріс* сөзін жазып қояды да, бұл сөздің түбірін іздетеді. Оны оқушылар төмендегіше дәлелдейді: *Өндіріс* сөзінің негізгі түбірі *өн, өндір* — туынды етістіктің түбірі, *іс* — туынды түбірден туынды тұлға жасайтын жұрнақ. *Өндіріс* орыс тіліндегі *производство* деген сөздің мағынасын білдіреді. Сөйтіп жұрнақ үстіне жұрнақ қосылып, яғни негізгі түбірге жұрнақ қосылу арқылы жаңа сөз жасап тұр. Осыған ұқсас мысалдарды оқушылар тақтаға жазады: **баскар-баскарма, көрін-көрініс, құбыл-құбылыс, шығар-шығарма, үйір-үйірме.** 8) **Сөздерге сипаттама беру арқылы түсіндіру.** Мұғалім “Ер Тарғын” жырында кездесетін, айыл сөзін тақтаға жазады да, оқушылардың сөздік дәптеріне көшіртеді. Содан соң оған мынадай сипаттама береді: *айыл* — зат есімді сөз. Бұл — ер-тоқымды жылжытпай ұстап тұру үшін аттың бауырын орай тартатын жіңішке *қайыс тартпа, қыл ызба*. Мысалы, *Қос айылын бек тартты, Құйысқанын қысқартты* (“Ер Тарғын” жыры). Тағы да мынадай мысалдар келтіруге болады: *Айылдың батқанын иесі білмен, ат білер (мақал). Аттың айыл-тартпасын қаттырақ тартып алып, жігіт екеуіміз желе тартып жөнелдік* (С. Көбеев). 9) **Объектіні анықтамалар мен ережелер негізінде түсіндіру.** Қазақ тілін практикалық түрде үйреткенде, анықтамалар мен ережелерді саналы да

толық меңгерудің пайдасы мол. Мұны жүзеге асыруда, мұғалім алдымен анықтама мен ережелердегі мына сияқты мақсаттарды ескереді: а) қазақ тілінен тиянақты да терең білім алуға, тілдің басқа да салаларынан берілетін анықтамалар мен ережелерді саналы түрде игеруді мақсат етеді; ә) бекіту мақсатында жүргізілетін жаттығу жұмыстарын да еркін қолдана білуі көзделеді; б) күнделікті еңбек қажетіне жаратылуы мақсат етіледі.

Мұғалім оқушылардың меңгеруіне ауырлау соғатын материалды күні бұрын жоспарлап, түсіндірудің психологиялық әрі методикалық жақтарын қарастырады. Өзіндік белгілері көп, игеруге салмақты анықтамалар мен ережелерді түсіндірудің басқа шарттарына (этаптарына) көңіл бөліп отыру жүйесін анықтайды. Сондай-ақ қазақ тілін үйрету кезінде басқа да тілдік салалардың ережелері мен анықтамаларын еске түсіруге тура келеді. Мәселен, дыбыстың варианты бар тәуелді жалғаулы сөз әрқашан да өзінен бұрын тұрған сөздің, яғни оқушы сөзінің ілік септікте тұруын таллап етеді деген ережемен байланыстыра алатындай болуы қажет. Осылай түсіндіріп отырудың пайдасы артық. Мәселен, мұғалім *грамматика* деген сөзді тактаға жазады да, оған мынадай анықтама береді: **Грамматика сөздердің өзгеруі және сөздердің тіркесуі мен байланысуын зерттейтін ғылым.** Ол екіге бөлінеді: *морфология* және *синтаксис*: **Морфология — сөз бөлшектерін зерттейтін ғылым. Ол сөздердің морфологиялық құрылымын талдайды, сөздерді топтастырады, сөздердің өзгеруін белгілейді. Синтаксис — сөйлемдердің құрылысы, сөздердің тіркесуі туралы ғылым.**

Бұдан кейін сын есімдерге берілетін мынадай анықтаманы еске түсіреді: **Заттың түр-түсін, сапасын, көлемдік аумағы мен белгісін білдіретін сөз табын сын есім дейміз.** Оқушылардың түсінігін кеңейту білімін молайту мақсатында мұғалім синтаксис саласына байланысты анықтамаларды қайталайды: мәселен, мезгіл пысықтауышқа берілген анықтаманы тактаға іліп қояды: *Сөйлемде етістіктен болған я басқа мүшенің мезгілін білдіретін мүшені мезгіл пысықтауыш* дейміз. Сондай-ақ құрмалас сөйлемнің салаласы мен сабақтасына орай мына сияқты анықтамаларды айтады. Мысалы, компоненттерінің мағыналары бір-біріне қарама-қарсы са-

лаласты қарсылықты салалас дейміз. Сондай-ақ себеп-салдар бағыныңқылы сабақтасты логикалық мағынасына лайықты мынадай анықтаманы мұғалім түсіндіреді: **Бағыныңқысы басынқыдағы айтылған ойдың, істің себепін білдіретін сабақтасты себеп бағыныңқылы сабақтас** дейміз. 10) **түсініксіз сөздерді еске түсіріп, сөйлемдер құрату жолымен меңгерту**. Мұғалім өтілетін тақырыпты хабарлаудан бұрын, үйде дайындап келген карточкадағы түсініксіз сөздерді тақтаға жазады да, мағынасын түсіндіріп, жазылу емлесі мен тыныс белгісін айтады. Тақтаға жазылған сөздерді оқушылар дәптерлеріне көшіріп алады: *балмұздақ, аялдама, мұз айдыны, бульвар*. Мұғалім осы сөздерге байланысты сөйлем құруды жүктейді де, жақсы үлгілерін тақтаға жазып қояды: *Бүгін біз ініміз екеуміз балмұздақ жедік. Біздің үй аялдамадан қашықтау жерде. Ергешбай, Лесбай және Серікбай үшеуміз Медеудің мұз айдынында коньки тептік*. Оқушыларға түсініксіз объектілерді меңгерту тұсында қазақ тілінің түсіндірме сөздігін пайдаланған жөн. Өйткені онда қазақ тіліндегі көпшілік сөздердің мағыналарын, жалпы сипаттамасын нақтылы мысалдармен көрсетіп, дәлелдеп отырады. Сондықтан да I-IX сынып қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтары көлемінде түсіндірме сөздік шығарудың пайдалы екендігін тәжірибе көрсетіп тұр.

Мұғалім анықтамалар мен ережелерді тексеріп, үнемі лингвистикалық және методикалық әдебиеттерді үзбей қарап отыруы тиіс. Оқушылардың түсінігіне ауырырақ соғатын анықтамалар мен ережелерді материалдық өзіндік белгілеріне қарай қайта құрып, стильдік өн беруі мүмкін. Осы объектілерге лайықты дидактикалық мысалдар мен көрнекі құралдар дайындайды. Анықтама мен ережелердің қиын түрлеріне баса назар аударып, жаттығудың көлеміне сай жүйелі жұмыс тәртібін қадағалайды. Мұғалім осындай сан алуан жұмыстарды ұйымдастыру нәтижесінде, мына тәрізді дағдылардың қалыптасқандығын байқай алады: а) анықтама мен ережелердің мазмұнын түсінікті етіп айтып беру; ә) анықтамалар мен ережелерді дәлелдей алуы; б) талдау және түрлі жазба жұмыстарында ұшырайтын тілдік фактілерді айыратануы. Сөйтіп, мұғалім жаңа материалдың анықтамасын үйрету үстінде оқушылардың бұрын білетін мағлұматтарын жаңартып, байланыстырып отырады.

§ 36. ДИАЛОГТЫҚ ЖӘНЕ МОНОЛОГТЫҚ СӨЙЛЕУДІ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕРІ

Сыртқы сөйлеу ішкі түріне және жұмсалыу мақсатына қарай екіге бөлінеді: *диалогтық* және *монологтық* сөйлеу. Диалог гректің *dia* — *бірнеше* және *logos* — *сөз, сөйлеу* дегендерінен алынған да, мұның мәнісі бірнеше сөз, бірнеше кісінің сөйлесуі деген мағыналарды аңғартады. Шынында да диалогты сөйлеу кемінде екі адам арасындағы сөзге байланысты құрылады. Сөйлеу формасы түрліше болып келеді. Сөйлеушінің хабарына қарай, олар біріне-бірі қақпа, реплика сөз тастап, сұрақ қойып, оған тиісті жауап алып отырады. Бірінің сөзін бірі қайталап және оны қуаттай сөйлеп, сөздер мен сөйлемдерді тұжырымдай түседі. Диалогтық сөйлесуді қазақ тілінен практикалық тұрғыдан үйренуде тиісті орындарда пайдаланып отырған жөн. Әсіресе, қазақ тілі материалдарын оқу процесінде оқушылардың сөйлеу, жазу дағдысын арттыру мақсатында іске асырылуы қажет. Мәселен, дауысты мен дауыссыз дыбыс әріптерінің сөз басында, ортасында және аяғында келетіндігін диалогтық сөйлеудің мына сияқты формасын практикалық тұрғыдан пайдалануға болады. Бұл төмендегі тәртіппен алып барылады: Екі не үш түбір сөзден біріккен кісі аттарын атай отырып, олардың жазылуын дәлелдендер: — “А” деген оқушы: *Аққозы, Асылбек, Айманкүл, Аманжол, Ақзейнеп, Ахметжан*; “Ә” деген оқушы: *Әбдіхалық, Әйгерім, Әліби, Әсемкүл, Әуезбай*; “Б” деген оқушы: *Байжанбай, Бақтыгүл, Бақберген, Балкүміс, Балақаз, Бибігүл*; “Г” деген оқушы: *Гүлжан, Гүлжәмила, Гүлмира, Гүлсара*; “Д” деген оқушы: *Дарханбай, Дәндікүл, Досберген, Дәрігүл, Досжан, Досымбек*; “Е” деген оқушы: *Елқонды, Еркежан, Ергеишбай, Еркеқыз, Есенгелді*; “Ж” деген оқушы *Жанкелді, Жақсыгүл, Жолдасбек, Жеңісгүл, Жүнісжан, Жүнісбек*; “З” деген оқушы: *Заманбек, Зәмзәгүл, Зиятбек, Зibaгүл*; “И” деген оқушы: *Исабек, Исатай*; “К” деген оқушы: *Кәдірбек, Кенескүл, Көпжасар, Көмекбай, Күлбібі*; “Қ” деген оқушы: *Қазыбек, Қаламгүл, Қосжан, Құттыбай, Қоғамбай, Құнанбай*; “М” деген оқушы: *Медетбай, Маржангүл, Мергенбай, Мейірхан, Меңдікүл, Мұсабай*; “Н” деген оқушы: *Нағашбек, Нұрбосын, Нұркүміс, Нышанбай*; “О” деген оқушы: *Оңкелді, Оразгүл, Орынкүл, Орынбай*; “Ө” деген оқушы: *Өзенбай, Өмірәлі, Өміркүл*,

Өсербай; “С” деген оқушы: *Сағатбек, Сапарәлі, Сақыпжамал, Сейілбек, Сұлушаш, Сүйінбай*; “Т” деген оқушы: *Таңсықбай, Таңшолпан, Тасқара, Тоқсұлу*; “Ұ” деген оқушы: *Ұзақбай, Ұйықбай, Ұлбосын, Ұлбөпеи*; “Ү” деген оқушы: *Үзенбай, Үкікөз, Үмітжан, Үнембай*; “Ш” деген оқушы: *Шайгелді, Шолпанкүл, Шынаркүл, Шәйгүл*; “Ы” деген оқушы: *Ынтықбай, Ырысалды, Ырымжан*; “І” деген оқушы: *Ізбасар, Ізтілеу, Іңкәрбек, Іргебай* сияқты кісі аттары жатады деп жауап береді. Бұларға мына сөздер енеді: әлдекім, әлдеқашан, қайсыбір, әрқайсысы, әркім, ешкім, ешқайда, кайбір. Түбір тұлғаларын сақтамай, дыбыстық өзгеріске ұшырап біріккен сөздерді атаңдар. — *Бүгін, биыл, жсел, жсет, жаздығүні, бүрсігүні, өнеугүні*. Түбір тұлғаларын сақтамай, дыбыстық өзгеріске ұшырап біріккен кісі аттарын атаңдар. — *Байзақ, Бегәлі, Жұмаділ, Молдахмет, Сейдахмет*. Түбір тұлғаларын сақтап біріккен ойын аттарын атаңдар. — *Ақсүйек, аққала, соқыртеке*. Орыс-қазақ, қазақ-орыс сөздері арқылы түбір тұлғаларын сақтап біріккен сөздерді атаңдар. — *Фотосурет, аэромектеп, автоқалам, қазақфильм, қазақконцерт*. Түбір тұлғаларын сақтап, біріккен ботаникалық атауларды атаңдар. — *Күнбағар, итмұрын, қырықбуын, қозықұйрық*. Түбір тұлғаларын сақтап біріккен зоологиялық атауларды атаңдар. — *Тасбақа, түйеқұс, қырықаяқ, бұзаубас, қаптесер, сарышұнақ, егеуқұйрық*. Түбір тұлғаларын сақтап біріккен географиялық атауларды атаңдар. — *Оңтүстік, солтүстік, Қызылқұм, Сарыағаш, Алатау, Жезқазған, Қызылорда, Кентау, Көкшетау, Екібастұз, Қызылжарқұдық*. Түбір тұлғаларын сақтап біріккен астрономиялық атауларды атаңдар. — *Жетіқарақшы, Темірқазық, кемпірқосақ, Есекқырған*. Осылар сияқты диалогтық сөйлеуде мұғалімнің әңгімесі үлкен роль ойнайды. Мұғалім оқушылармен белгілі бір түсінік жайында әңгімелеседі. Осындай әңгіме нәтижесінде оқушылардың объектіге деген белсенділігі артады. Оқушылардың тілден алған теориялық білімі практикалық жолмен пысықталып отырады. Әңгіме диалогтық сөйлеудің бір түрі есебінде әрі теориялық, әрі практикалық жұмыс жүйесі үшін пайдаланып жүзеге асырылады.

Оқушыларға диалогтық сөйлеуді меңгертумен қатар монологтық сөйлеуге де үйретудің мәні үлкен. Өтілген материалды тұтас мазмұндау, түсіндіру және оны жүйелі айтып беру монологтық сөйлеуге тән қасиет. Монолог гректің

monos — *бір, жеке* және logos — *сөз, сөйлеу* деген мағыналарды аңғартады. Мұнда бір ғана адам сөйлейді де, басқа адамдар тыңдап отырады. Монологтық сөйлеуде грамматикалық конструкция сақталып, тиянақты ой қорытындысы жасалып отырылады. Оқушының белгілі бір қазақ тілі материалдарын түсіндіруі, мазмұндауы, оқуы, баяндамалар жазуы, жиналыста, митингіде сөз сөйлеуі, күнделікті енбек қажетіне жұмсалатын сөйлеулердің күллісі монологтық сөйлеудің негізгі көріністері болып табылады. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне, ой, білім дәрежесіне және оқитын сыныбына шакталған көркем шығармалардан алынған мәтіндерді және өздері көрген, білген оқиғалардың мазмұнын жүйелі айтып беруге сәйкес қазақ тілі материалдарын толық түсіндіруге, мазмұндауға бағытталады. Мұғалім мен оқушының тиісті фактілерді түсіндірудегі монологтық сөйлеуі түрлі-түрлі формаларда көрінеді. Олардың басты-бастылары мыналар: *ауызша түсіндіру, ауызша мазмұндау, мәнерлі оқу.*

Ауызша түсіндіру. Бұл — ауызша мазмұндап баяндаудың бір түрі. Әрі теориялық, әрі практикалық материалдардың өзара заңдылықтарына сәйкес жұмыс түрлерін іске асыру үшін жұмсалады. Қазақ тілі объектілерін түсіндіруде көрсету, көрнекілік тәрізді білім беру тәсілдері қатысады. Түсіндірілетін объекті анық, дәл және қысқа болуды талап етіледі. Пікірдің дәл, анық болуында мұғалім логикалық заңдылықтарға сүйенеді. Мұғалім қазақ тіліне орай таңдалған мәтіндердегі сөздердің мағынасын, ұғымын ауызша түсіндіруде, көбінесе, материалдың практикалық жағына назар аударады. Мәселен, сөз және оның мағыналары туралы мағлұматты түсіндіруде тәртібі төмендегіше алып барылады: Бізді қоршаған айналамызда алуан түрлі заттар мен құбылыстар бар. Бұл заттар мен құбылыстар жөнінде адам баласында ұғым пайда болады.

Әрбір сөз белгілі бір ұғымды білдіреді. Сөз бен ұғым бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Бірақ олар тең дәрежеде қолданылмайды. Себебі, сөз — тілдік құбылыс, ал ұғым — ойлаудың формасы. Тілсіз сөйлеу болмайды. Ұғым тілде сөз арқылы айтылады. Сондықтан да **белгілі бір ұғымға берген атауларды сөз** дейміз. Айталық, *аға, іні, жесел, тасқын, биік, аласа, отыз, қырық, мен, сен, жаз, оқы, бүгін, ертең, тарс, жылыт,*

дейін, туралы, да, алақай, бәрекелде. Мұндағы *аға, іні* — белгілі бір заттың ұғымның аты, *жел, тасқын* — белгілі бір құбылыс ұғымның аты, *биік, аласа* — сындық ұғымның аты, *мен, сен* — адам атауларының орнына жұмсалатын ұғым, *жаз, оқы* — іс, әрекет қимылдық ұғымның аты, *бүгін, ертең* — істің мезгілін білдіретін ұғымның аты, *тарс, жылт* — дыбыс елесі мен құбылыстың бейнесін білдіретін ұғымның аты, *дейін, туралы, да* — сөйлем ішіндегі негізгі сөзді байланыстыратын ұғымның және алақай, бәрекелді сөздері адамның көңіл-күйін білдіретін ұғымның аты сияқты мағыналарды аңғартады. Жоғарыда айтылған әрбір сөз белгілі бір мағынаға ие. Осы сияқты сөздердің нақтылы мағынасы сөйлем ішінде айкындалады. *Тайбурылдың жалы мықты еді* деген сөйлемді алып қарайық. Мұндағы мағынасы *Тайбурылдың желке қылы* дегенді білдіреді. Ал *жал* сөзі о бастан мынадай мағыналарды аңғартқан: Адам баласы өзінің төсіне шыққан жүнді жал деп атаған. Жылқының, арыстанның желкелеріне шыққан қылды да жал деп санаған. Малдың етін жеумен байланысты, жалдың астында болатын майды да жал деп ұққан. Сондай-ақ таудың, жотаның, төбенің, аттың жалына ұқсас жерін де жал деп түсінген.

Сондай-ақ мұндай сөздер тарихпен байланысты болады. Жеке меншік шыққан кезде, күн көріс үшін ақы алып, бөгде жұмыс істеуді жал деп атаған. Егіске үйренген кезде жыртылған боразда арасында айрылмай қалған жерді *жал* деп те атаған. Мұндай жер, негізінен, аттың жалына ұқсас болған. Сөйтіп *жал* деген сөз мынадай мағыналарды білдіреді: а) жал — адамның омырау түгі; ә) жал — жылқының желке қылы; б) жал — желке майы; в) жал — таудың ұзынша қыры; г) жал — ақы алып кісіге жұмыс істеу; ғ) жал — жер айдағанда жыртылмай қалған жер. Сонымен сөздің сөйлем ішіндегі мағынасын төмендегі мысалдардан көруге болады. *Қара* сөзі мынадай мағыналарды білдіреді: а) кара кой — түсті айқындайды; ә) ферманың ірі қарасы — малдың түсін білдіреді; б) сонау асуда бір кара көрінеді — белгісіз бір затты нұсқау мағынасында айтылып тұр; в) кара суық — мағынасында жұмсалып тұр; г) кара таниды — хат таниды мағынасында айтылып тұр.

Сөйлем ішіндегі әрбір сөздің қай мағынада қолданылып тұрғандығын бақылап біліп тұрған өте пайдалы. Мұны мұғалім

практикалық тәсілдер арқылы бағдарлайды: «Шыкбермес Шығайбай ертегісінде» біз деген сөз мағынасы әр түрлі түсініледі. Нәтижеде Алдар көсе Шыкбермес Шығайбайдың үйіндегі қызын әкесінің рұқсатымен алып кетеді. Абайдың: Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы, Киыннан қиыстырар ер данасы, — деген өлеңімен, «Өлеңді жерде өгіз семіреді» — деген мақалды салыстырсақ, екеуінде мағына екі түрлі. Абай өлеңінде ақын шығаратын өлең жайында айтылған да, ал мақалда шөп, яғни шөпті жерде өгіз семіреді мағынасында жұмсалып тұр. Сөз мағынасын дұрыс ұғу жөнінде халық мақалдары да жиі ұшырайды: «Сөзсіз сөйлем жоқ, сөйлемсіз сөйлеу жоқ», «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді», «Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады».

Монологтық сөйлеудегі ауызша түсіндіруді — мұғалімнің практикалық іске жақындастырып сөйлеуі және оқушының практикалық іске байланысты сөйлеуі деп екі топқа ажыратуға болады. Жоғарыдағы баяндалған фактілер мұғалімнің практикалық іске жақындастырып сөйлеу тәсілдеріне кіреді. Мұғалім мен оқушының практикалық іске байланысты сөйлеуі де белгілі бір тілдік фактілерді жетек ету негізінде алып барылады. Оны төмендегі мысалдардан көруге болады. Мәселен жалпы есім мен жалқы есімді оқыту тұсында бас әріптің қолданылу ерекшеліктері ауызша түсіндіріледі, дауысты, дауыссыз дыбыс әріптерінің жазылуы мына тәртіппен түсіндіріледі: Оқушының сөзі: **кез келген жалпылық ұғымды білдіретін сөз жалпы есім болады: адам, тау, көл, шөп, қора, торғай, ыдыс, кітап.** Мұндағы адам деген сөз — бір адамға емес, адам атаулыға берілген жалпылама атау. *Тау* сөзінен де тау атаулыға берілген жалпы атты түсінеміз. Ал көл деген сөз арқылы да көл атаулы жайында ұғым беріледі.

Жалқы есімдер адамдарға, айналадағы заттар мен құбылыстарға байланысты айтылады. Мұндай топтарға жататын сөздер мыналар: а) адамның аты, фамилиясы мен лақап аты; Алдар көсе, Жаяу Мұса, Абай, Шоқан, Жамбыл Жабаев, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов; ә) мал мен үй айуандарына қойылған аттар: Құлагер, Байшұбар, Тайбұрыл, Құттыаяқ, Бөрібасар; б) географиялық атаулар: Сырдария, Өмудария, Ертіс, Іле, Қызылқұм, Сарытау, Арал теңізі, Шалқар көлі. Еуропада Жаңа жер, Исландия, Ирландия аралдары бар. Азияда Сахалин, Куриль, Жапония, Филиппин аралдары бар. Афри-

када Мадагаскар, Америкада Гренландия, Үлкен антиль, Отты жер аралдары бар. Материктерді бөліп жатқан төрт мұхит бар. Жер бетінде мынадай түбектер бар: Европада Кола, Скандинавия, Пиреней, Балкан, Қырым түбектері, Азияда Камчатка, Таймыр, Чукотка, Корея, Индокытай, Үндістан, Аравия, Кіші Азия түбектері, Аляска түбектері барын физикалық география оқулығынан білеміз; г) мемлекет, республика, облыс, қала, көше аттары: Қазақстан, Шымкент облысы, Алматы қаласы, Абай ауданы, Әуезов көшесі; ғ) ұйым, мекеме, зауыт, фабрика аттары: Қарағанды көмір кені, Шымкент қорғасын зауыты, Білім министрлігі, «Достық» қонақ үйі, «Бірлік» фабрикасы; д) астрономиялық атаулар: Марс, Күн, Жер, Шолпан, Ай, Сатурн, Уран, Нептун, Меркурий, Плутон; е) Газет, журнал аттары: «Егемен Қазақстан», «Нұрлы жол», «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы; ж) әдеби шығармалар мен саз шығармалары: «Абай жолы», «Ботагөз» романдары (кітап), «Саржайлау», «Қосбасар» күйлері, «Ана туралы жыр», «Ұстазым» әндері жатады.

Ауызша мазмұндау. Монологтық сөйлеудің бір түрі — оқушының оқыған мәтінін түсінгенін және қалай меңгергенін байқап білу тәсілі. Ауызша түсіндіру мен ауызша мазмұндаудың бір-бірімен аздап болса да, өзіндік ерекшеліктері бар. Ауызша түсіндіруде, негізінен, тыңдаушының ойын, назарын аударып, дерексізден деректіге қарай ұғындыру амалы мен тәсілі басым болады. Сондықтан да түсіндіруде объектінің өзіндік белгілеріне қарай айтылатын ой өте анық, дәл және ықшам болуды талап етеді. Ал ауызша мазмұндауда болса тыңдаушының ойы мен қиялын, елесі мен сезімін оятып, объектінің көркем бейнелеп беру қасиеті күшті келеді. Ауызша мазмұндаудың суырып салып айту (импровизациялық) табиғаты — ауызша түсіндірудің ең басты айырмашылықтарының бірі. **Ауызша мазмұндау үшін ешқандай дайындықты керек етпейтін түрін суырып салып айту** дейді. Тыңдаушы алдында өз ойын кенейтіп, оны жана фактілермен байытып отырады. Сондықтан да мұның әрі қиындық жағы, әрі тәрбиелік рөлінің күшті екені мәлім.

Мазмұндау оқушының тіл мәдениетін өсіруде үлкен қызмет атқарады. Көбінесе мәнерлі оқуға қарағанда ауызша мазмұндау тұсында оқушылардың сөздігі мен сөз оралымы

молаяды. Оның нәтижесінде оқушының қолданылып жүрген сөздігі шоғырланады. Менгерілетін сөз көп қолданылу нәтижесінде аясы кенейіп, айналадағы қоршаған табиғат пен тұрмыс тіршіліктен байқағандарын өзі алған әсері негізінде айтқызып отырудың тілдік практикалық жақтарын ментертуде пайдасы мол. Қазақ тілі материалдарын дұрыс мазмұндаудың мына тәрізді үш түрлі талабын ұмытуға болмайды: мазмұндау дәрежесінің сапалы болуы; көрген, білгендерін, ойлағаны мен сезгеніне белсенді қатысуды талап етеді. Оқушы өзін қоршаған айналаға сын көзбен қарап, жаман мен жақсыны, жұмыс пен еңбекті, әдептілік пен дөрекілікті, адамдар арасындағы түрлі-түрлі қатынас пен табиғаттың қилы-қилы сырына үніле қарайды. Ой еңбегінің нәтижесінде саналуан еңбек құдіреті, бейбіт еңбек ерлігін, халқымыздың алып күшін өз көзімен көреді. Осы көрген-білгені жайлы көз жүгіртеді, оны қалай мазмұндаудың жолдарына талпынады. Шынында өзі көріп, біліп, одан алған әсерін жүйелі мазмұндап беру — қиын да, ауыр мәселелердің бірі. Сондықтан да қазақ тілі тақырыптарын кірістіре отырып мазмұндау үшін, оның алдымен баяндау формаларын ойлап алған жөн. Ол үшін алдымен мазмұндау тезисінің жобасы жасалуы тиіс. Мұнда мазмұндауға қажетті фактілер, фактілерді жүйелі мазмұндаудың тәсілдері, фактілерді мазмұндауға керекті сөздер, сөз тіркестері мен оралымдары күн ілгері таңдалуы абзал. Жоба ретінде жазылған тезис бірнеше рет қайталанып оқылады. Оны іштей жоспарлап, негізгі ой мазмұнын сақтай отырып, үйде немесе сыныпта репетиция жасайды.

Мұғалім оқушыларға бағыт-бағдар берерліктей түсінік беріп отырады. Мазмұндаудың алғашқы сөйлемдерін шама-лап айтады да, қалған жағын жалғастыруды оқушыладың өздеріне тапсырады. Оқушылар көрген-білгенін есіне түсіріп, қысқа түрде дәптерлеріне тезис жоспарын жасайды. Мәселен, «Механизм тетіктері» деген тақырып бойынша мазмұндау тезис жобасын құрады: 1. Ұжымшар орталығы. 2. Максаты механизатор, слесарь, шофер болу. 3. Шеберханаға жиі бару мақсаты. 4. Механизм бөлшектерін сұрау. 5. Механизмдердің атқаратын қызметі. 6. Үш мыңнан астам термин сөздің барлығы, ол сөздердің кейбіреулеріне түсініктеме беру. Оқушы осы тезис жобасын арқау етіп, негізгі мәселені жүйелі түрде

қысқартып, дауысты мен дауыссыз дыбыс әріптерінің жазылуымен байланыстырып, оны төмендегіше ауызша мазмұндап береді: Біздің мектеп ұжымшар орталығына орналасқан. Біздің мақсатымыз — механизм тетіктерін үйреніп, механизатор, слесарь, шофер болу. Механизатор, шофер, слесарлық кәсіптерді үйренуде ұжымшар мамандары жәрдем беруде. Біз ұжымшар шеберханасында жиі болып тұрамыз. Білмеген, түсінбеген механизм бөлшектерін оқытушыдан сұрап аламыз. Машиналар мен механизмдер өндіріс пен ауыл шаруашылығында үлкен қызмет атқарады. Қазіргі кезде күрделі машина агрегаттары және автомат линиялары көптеп жасалып отыр. Осыларды іске қосу, жүргізу үшін қаладағы және ауылдағы жас мамандардың техникалық білімін асыру — біздің міндетіміз. Біз, әсіресе, механизм мен машиналардың тетіктері жөнінде жаңа сөздерді үйренудеміз. Оқытушымыз: «Механизм мен машиналардың тетіктері жөнінде үш мыңнан астам термин сөздер бар», — деп айтқан болатын.

Біз осындай сөздердің кейбіреулеріне түсініктеме беріп көрейік: *Абзетцер* — көп шөмішті экскаватор, *автоклав* — адамның тікелей қатысуынсыз өндірістік процестерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жабдық, *агрегат* — жұмыс істейтін әртүрлі машиналар, автоматтар жинағы, *амортизатор* — машина бөлшектеріне түсетін түрлі күштер әсерін жеңілдететін тетік, *анемометр* — газдардың желдеткіш трубамен қозғалуын немесе желдің жылдамдығын өлшейтін құрал, *антифриз* — механизмді мұзданудан сақтайтын жабдық, *барограф* — ауа қысымын үздіксіз автоматты жазатын аспап, *буфер* — сокқыны кемітетін аралық төсем, *вакум* — ыдыстағы сиретілген газ күйі, *вариатор* — айналу жылдамдығын жатық өзгертетін механизм, *генератор* — механикалық жұмысқа айналдыратын машина, *декомпрессор* — цилиндр ішіндегі қысымды азайтуға арналған құрылма, *декромонт* — тербеліс процесінің өшу дәрежесін көрсететін шама, *детонация* — іштен жанатын двигателдің тез тұтануы, *дефектоскоп* — механизмнің ішкі және сыртқы арқауын табатын аспап, *диффузор* — ортадан тепкіш насостың қозғалмайтын бөлегі, *дизлектрик* — электр өткізбейтін зат, шыны, *долвяк* — дөңгелек тісін кесуші аспап, *домкрат* — ауыр жүкті көтергіш механизм, *золотник* — сұйық заттың, будың, газдың ағымын өзгертетін және бөлетін машина тетігі, *карбюратор* — іштен

жанатын двигательдегі құрылма, *катод* — теріс зарядталған электрод, *конденсатор* — суытқыш, қойылтқыш, *консоль* — бір ұшы қозғалыссыз қосылған стержень, *люксметр* — жарық өлшейтін аспап, *магнетизм* — а) магнит туралы ілім; ә) магнит құбылыстарының жиынтығы, *нутація* — айналатын дене осінің тербеліс қозғалысы, *пресс* — заттарды тығыздау үшін қосылатын машина, механизм, *резербуар* — сұйық немесе газ сақтайтын балон, бак, *ротор* — электр машинаның қозғалмалы бөлшегі, *сальник* — газды, буды шығармайтын жабдық, *тензиметрия* — қаныққан будың қысымын өлшейтін тәсілдердің жиынтығы, *тензометр* — аз мөлшерде ұзартуды, я қысқартуды өлшейтін аспап, *форсунка* — ауа бүркетін агрегат, *шабер* — метал өңдейтін құрал, *эканомайзер* — отынды үнемдеуге арналған жабдық, *электролиз* — ерітіндіден электр тоғы өткенде заттың ыдырауы, *якорь* — электр машинасының негізгі бөлшегі. Сөйтіп **ауызша мазмұндауда объектінің өзіндік ішкі белгілері түгел қамтылады, предметтің ішкі, сыртқы формасы сол тұрған күйінде түп-түгел жеткізіледі.**

§ 37. МӘНЕРЛІ ОҚУ ӘДІСІ

Мәнерлі оқу — монологты сөйлеудің бір түрі есебінде танылады. Бұл, негізінен, мәнерлі оқу заңдылықтары мен принциптерін үйретеді. Сондықтан да мәнерлі оқу тіл мен әдебиет пәндеріне тығыз байланысты қаралады. Қазақ тілі сабақтарында әрқашан мәтін үстінде жұмыс жүргізіліп отырады. Оқушы көркем әдебиетті және одан қысқартылып алынған үзінділерді оқи отырып, ондағы құбылыстармен жан-жақты жете танысады. Көркем сөз иелері қандай өмір құбылыстарын суреттесе де, ең алдымен сезім дүниесіне әсер ету тілегін алға сүреді. Өмірді оқушыларға түсіндіру, сездіру, сезім дүниесі арқылы өмірді таныту — оқытушының міндеті. Терең ой, үлкен пікір, ыстық сезімді жарып шықса ғана, ол көркем шығарма бола алады. Көркем мәтінде бейнелеуіш сөздерді сөйлемдегі сөз байланыстары мен орын тәртібінің және оның оқушы сезіміне әсер етудің алуан түрлі қыры мен сыры баяндалады. Сонымен бірге көркем сөз иелерінің дүние танудағы қандай үлесі, қандай өсиеті бары айқындалады. Көркем мәтінді оқу барысындағы оқушылардың білім өрісі кеңейеді, дүниеге эстетикалық көзқарасын қалыптастырады.

Көркем мәтіннің мазмұны мен ондағы негізгі ойдың идеясын білу — саналы оқудың көрсеткіші болып табылады. Саналы оқу, оқылған объектінің жете түсінуі, оқылған мәтіннің мазмұны мен ондағы негізгі ойды ұғынуы, сезім мүшелеріне әсер етуіне байланысты. Сезім мүшелеріне әсер ету — мәтінді мәнерлі оқуға тікелей қатысты. Шын мәніндегі мәнерлі оқу — оқушылардың мазмұн туралы нақтылы пікірі мен негізгі ойдың неге қаратылғанын саралайды. Мәтінді мәнерлі оқуда, оның негізгі принциптеріне сүйенген жөн: а) оқыған мәтіннің мазмұнын түсіне білу; ә) оқушының айтылған ойға сенімді де тиянақты қатынасы болуы; б) мәтіндегі айтылған ойды, фактілерді, белгілерді талдай білу қажет. Осындай талаптарды сақтаған кезде ғана қазақ тіліне байланысты таңдалған мәтіндерді мәнерлі оқудың түрлері мен тәсілдері арқылы тани білуге болады.

§ 38. МӘНЕРЛІ ОҚУ ТҮРЛЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

Қазақ тілін практикалық тұрғыдан меңгертуде мәнерлі оқу жұмысы үлкен қызмет атқарады. Бұл дауыс интонациясы арқылы негізгі ойды көркемдеп берудің бір тәсілі болып табылады. Сондықтан да монологтық сөйлеуді дамыту тұсында жүргізілетін мәнерлі оқу практикалық тәсіл ретінде іске асырылады. Мәнерлі оқу жұмысы қазақ тілі мен әдебиеттік материалдарға байланысты түрде қаралады. Оқушылардың сөйлеу мәдениеті мен дағдысын асыруда мәнерлі оқудың ішкі құрылымы мен жүйесі де методикалық жақтан елеулі орын алады. Себебі мәнерлі оқу арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысы дамиды, әрі жазу қабілеті шынығады. Оқудың өзі дұрыс сөйлеу деген сөз, ал дұрыс сөйлеу монологтық сөйлеудің бір түрі саналады. Оқудың үстінде мына сияқты тілдік фактілерді ескерген жөн: а) оқу тұсында сөйлем ішінен жеке әріпті, жеке буынды және жеке сөзді қалдырып кетуі; ә) контекстегі жеке әріпті, жеке буынды, сөзді және сөз тіркестерін қайталамауы; б) жеке дыбыстардың, сөздердің және сөз тіркестерінің ауыстырылмауы; в) оқу үстінде сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің байланысу жақтарын еске түсіруі; г) мәтін оқуда орфоэпиялық жақтан мінсіз болуы; ғ) мәтін оқу үстінде мәнерлі оқу тәсілдеріне баса назар аударуы талап етіледі. Мәнерлі

оку оқылу сапасына қарай түсініп дұрыс оқу, оқылудың актив, пассивтігіне сай дауыстап оқу, іштен оқу және оқылу дағдысына орай шапшаң оқу болып түрлі-түрлі топтарға бөлінеді. Мәтінді түсініп дұрыс оқуда берілетін объектінің мазмұны қаншалықты түснікті және оны қайта айтып бере алатындығы ескеріледі. Сондықтан да түсініп дұрыс оқуға пайдаланылатын мәтіндер дидактикалық талаптарға сай болғаны жөн. Мәтінді түсініп дұрыс оқу I-IX сынып көлемінде мынадай жұмыс жүйесі негізінде жүзеге асырылады: а) мәтіндегі сөздерді дыбыс пен әріптерге талдау; ә) мәтіндегі сөздерді буындарға ажырату; б) мәтіндегі сөздердің түсінікті, түсініксіз екенін сұрау; в) мәтіндегі сөздерді лексикалық жақтан түсіндіру; мәтіндегі сөздердің түбір тұлғасын анықтау; г) мәтіндегі сөздерді сөз таптарына сай талдау; ғ) мәтіндегі сөз тіркестерінің түрлерін ажырату; д) мәтіндегі жай сөйлемнің түрлері мен тыныс белгілерін ажырату; е) мәтіндегі сөздердің орын тәртібі мен байланысу жолдарын ажырату; ж) мәтіндегі құрмалас сөйлемдердің жолдары мен компоненттерін талдау; з) құрмалас сөйлем тесситурасын аңғарту; и) мәтіндегі тактаға жазып, дұрыс оқуды талап ету; й) мәтіндегі қиындау сөздер мен сөйлемдерді қайталап оқыттыру; ч) мәтіндегі қате оқылған объектілерді таңдап отырған оқушыларға түзеттіру; к) мәтіннің қысқаша мазмұнын айттыру; л) мәтінді дұрыс оқуға пайдасы тиетін жаңалық хабарларды оқыту; м) түсініп дұрыс оқуға пайдасы тиетін мәтіндерді карточкаға жазып жаттықтыру.

Сөйтіп мәтінді түсініп дұрыс оқығанда, сөйлем мен сөзді, дыбыс пен буынды қайталамау, жаңадан дыбыстар қосып, сөз, сөйлем мағынасын бұзбау талаптары қалтқысыз орындалуы тиіс. Түсініп дұрыс оқудың мұнан да басқа жұмыс түрлері мен амал тәсілдері бар. Мәселен, мәтінді бірінші оқып тұрғанда, мұғалім мен оқушылар мәтінге қарап бақылап отырады. Дұрыс оқымаған орындарын мұғалімнің басшылығында оқушылар түзетеді. Түсініп дұрыс оқуға жаттықтыруда қиындау сөздерді буынғы немесе дыбысқа жіктеп оқытқан жөн. Мұндай сөздерді мұғалім айтып беріп, бұдан кейін оқушыларға қайталаттырады. Сондай-ақ түсініп дұрыс оқу күнілгері мұғалімнің тапсыруы бойынша үйде және сыныпта дұрыстап оқуға әзірленіп келген материалдар бойынша жүргізіледі.

Мәтінді түсініп дұрыс оқу контекстегі жеке сөздердің, мәтіндегі жеке сөйлемдердің негізгі мағыналарын аңғарту нәтижесінде жүзеге асырылады. Сондықтан да оқушыларды түсініп дұрыс оқуға дағдыландыру жүйесі сөйлемдегі жеке сөздердің, сөз тіркестерінің және құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдердің мағынасы мен байланысын түсіндіру негізінде алып барылады. Жеке сөздің дәл мағынасының өзгеруі мен құбылуын сөйлем құрамында, яғни контекстке келгенде ғана байқауға болады. Бұл сияқты сөз мағынасының құбылуы, оның сөйлемдегі орын тәртібіне тікелей қатысты болатыны мәлім. Сондай-ақ мәтіндегі көптеген сөздер өзінің тура мағынасынан айрылып, ауыспалы мағынада қолданылады. Мәселен, *бас* сөзінің негізгі тура мағынасы *адамның бас мүшесін* білдіреді. Осыған ұқсастып *таудың басы, теректің басы* сияқты тіркестер де жұмсалыады. Бірге оқыған құрбыға, *Бас бәйгені бермедің (Абай). Бір бұлақтың басына үш жоллаушы кез болыпты (БІ. Алтынсарин)*. Мәтінді түсініп дұрыс оқуда жеке сөз бен сөйлемдердің мағынасын айыра танумен бірге, оның негізгі мазмұнын да жете меңгерген жөн. Сондықтан да мәтіндегі жеке сөздердің мағынасының айқын болуымен бірге, сол сөйлемнің де жалпы мағынасы түсінікті болғаны абзал.

Қазақ тіліне байланысты теориялық білімді практикада жүзеге асырудың тағы да бір тәсілі — дауыстап оқу мен іштен оқу. Бұл да монологтық сөйлеуде кездесетін құбылыс. Тіпті оқуға жаттықтыру — осы дауыстап оқу бойынша жүзеге асырылады. І-ІХ сыныптар көлеміндегі қазақ тіліне берілетін білім негізінде дауыстап оқу арқылы меңгеріледі. Бұлай етудің себебі, оқушы әр сөзді, әр сөйлемді саналы түсініп оқуға дағдыланады; мәтіндегі оқығанын көру және есту арқылы жадында ұзақ уақыт сақтауға бейімделеді; оқығанын дұрыс айтып беруге жаттығады; мұғалім оқушының дұрыс оқығанын және дұрыс айта білуін қадағалайды. Мәтіндегі іштен оқудың да практикалық мәні күшті, өйткені іштен оқу арқылы сыныпта және үйде бірнеше еңбек түрлері орындалады. Мәселен, сыныпта өтіліп отырған теориялық материалды іштен тыңдау нәтижесінде мазмұнын ұғады және оны жете түсінеді. Сонымен бірге өтілген тақырыпты оқулықтан іштен оқу бойынша да негізгі өзіндік белгілерін дұрыс түсініп алады.

Мәтінді түсініп дұрыс оқу және дауыстап оқу мен іштен оқудан кейін қазақ тілі бойынша тандалған мәтіндерді жылдам оқуға дағдыландыратын тәсілдердің бірі — шапшаң оқу. Мәтінді ежіктеп, баяу оқыған оқушы өзі оқыған мәтіннің мазмұнын тұтас айтып бере алмайды. Ондағы әрбір сөйлемнің негізгі мағынасын ұға алмайды, тез ұмытып қалады. Сондықтан да шапшаң оқу мәтінді дұрыс түсініп, оның негізгі мазмұнын терең ұғыну үшін аса қажетті методикалық жұмыс түрі болып табылады. Оқушылар мәтінді оқу үстінде өзінің мөлшерлі оқу қарқынынан ауа жайылып, неғұрлым жылдам оқуға тырысады. Мұндай жағдайда сөйлем мүшелерінің өзара бір-бірімен байланысы болмайды. Айтылып келе жатқан ой негізгі желісінен тыс қалады. Сөйтіп сөйлем аяғына дейін оқығанда тиянақты ойды білдіретін бірнеше сөздің мағынасын ұмытады. Осыған сай әр оқушының бір минут ішіндегі оқыған сөз саны әртүрлі болып келеді. Әр сөйлемдегі негізгі ойды ұмытпау үшін, оның құрамындағы жеке сөздерді бір-бірімен тіркестіріп, өзара ұштастыра отырып оқыған жөн, яғни әрбір сөзді дұрыс оқитындар ғана шапшаң оқи алады.

Шапшаң оқуға дағдыландыру жүйесі мұғалімнің барлық істейтін жұмыстарында жүзеге асырылады. Сондықтан да мұндай оқуға жаттықтыру әр дыбыс жүйесі негізінде алып барылады: а) алфавиттегі әріптер тәртібін жаттату; ә) дыбыстау мүшелерінің қалай орналасқандығын түсіндіру; б) дыбыстау мүшелерінің дыбыс шығарудағы қызметін айту; в) муляждан дыбыстау мүшелерін көрсету; г) қол айнасы мен тримоға қарап дыбыстаудың жасалу қызметіне тәжірибе жасату; д) қазақ тілінде қанша әріп, қанша дыбыс барын айтқызу; мәтінді шапшаң оқи отырып, *о, ө, у, ү* дыбыстарының айтылуына назар аударту; е) мәтінді шапшаң оқу үстінде *а, ә, е, э, ы, і* дыбыстарының жазылуы мен айтылуын салыстыру; ж) мәтінді шапшаң оқу тұсында *и, е, ю, я* дыбыстарының жазылуы мен айтылуына назар аударту; з) мәтінді шапшаң оқу процесінде *м, н, ң, л, р, й* дыбыстарының жазылуы мен айтылуына көңіл бөлдірту; й) мәтінді шапшаң оқу кезінде *б, в, д, з, ж, г, ғ, һ* дыбыстарының жазылуы мен айтылуын салыстыру; к) мәтінді шапшаң оқу үстінде *т, с, ц, ч, ш, щ, к, қ, х* дыбыстарының жазылуы мен айтылуына назар аударту; к) шапшаң оқу туралы тіл

үйірмесінде баяндама жасату; л) шапшаң оқып, дұрыс түсіне білетін оқушылардың сөзін бақылау; м) тандалған мәтін бойынша оқушыларды орындарында немесе тактаға шақырып әрқайсысына дауыстатып оқыту; н) шапшаң оқытуға дағдыландыратын мәтінді үй тапсырмасы ретінде беру (әрине үй жұмысының шарты көрсетіледі); о) айтылуы қиын фразалар мен жанылтпаштарды айттырып жаттықтыру; ө) мәтінді шапшаң оқу тұсында морфологиялық тақырыптарға назар аударту; п) мәтінді шапшаң оқу кезінде синтаксистік тақырыптарға көңіл бөлдіру.

Жоғарыдағылар сияқты сан алуан дағдыландыру жұмыстарын ұйымдастыруда мұғалімнің де басшылық ролі үлкен. Мұғалімнің ең басты міндеті оқушының мәнерлі оқу дағдысын арттыру болып табылады. Бұл міндет қазақ тілі материалдарын әдебиет материалдарымен байланыстырып өту негізінде орындалады. Оның басты-басты түрлері мыналар: а) оқушының әдеби тілде сөйлеу дағдысын өсірумен қатар, оның тілін барлық орындарда үлгі боларлықтай дәрежеге көтеру; ә) оқушының дәл, анық, мәнерлі оқуын қамтамасыз ету; б) оқушының сөз саптауына, сөйлем құрауына, стилистикалық жақтан жатық, орфоэпиялық жақтан мінсіз еңбек етуіне назар аудару; в) сабақ процесінде оқушының тілінде кездесетін қателерін жөндеу, әсіресе, екпіннің дұрыс айтылуын, синонимдерді дұрыс тандау, кейбір сөздердің дұрыс айтылуы мен қолданылуын бақылау; г) көркем шығармалардан алынған үзінділерді, цитаттарды, өлеңдерді, мақал мен мәтелдерді оқу кезінде оқушылардың сөздігін дамыту; ғ) тіл мен әдебиетке байланысты арнаулы мәнерлі оқу сабағын ұйымдастыру. Мәнерлі оқудың негізгі міндеті — мәнерлі оқудың тәсілдері арқылы мәтіннің мазмұнын ашу болып табылады. Мәтіннің мазмұнын ашу мәнерлі оқу тәсілдеріне тікелей қатысты. Сонымен бірге монологтық сөйлеудің де ашық, айқын және дәл берілуі мәнерлі оқу тәсілдеріне тығыз байланысты болады. Соның бірі — дауыс интонациясы. *Интонация* — латынның *intonare* — *қатты сөйлеу, айту* деген сөзінен алынған. Қазақша дауыс ырғағы деген мағынаны білдіреді. Монологтық сөйлеуде мәтіннің идеялық-эмоциялық мәнін ашуда бұл жүйелі түрде жиі қолданылады. Интонация арқылы оқушы өзінің көңіл-күйін білдіру мақсатымен басқа біреулердің сезіміне әсер етеді.

Мәтінді оқу үстіндегі бұл сияқты іс-әрекет бірнеше амал-тәсілдермен жүзеге асырылады. Осы тәрізді амал, тәсілдер жалпы интонация атауын құрайды.

Интонацияның басты-басты тәсілдері мыналар: *пауза, логикалық екпін, темп, ритм, тембр.* Қазақ тіліне байланысты мәтіндерді оқуда паузаның ролі үлкен. Пауза сөзі латынның *pausa-тоқтау, тоқтату, тоқталу* деген сөздерінен шыққан. Қазақша *дауыс кідірісі* дегенді білдіреді. Паузалар, негізінен, сөйлем ішінде келуіне қарай екі топқа ажыратылады: *дауыс кідірісі* және *дауыс үзілісі*. Дауыс кідірісі, көбінесе, сөйлем ортасында келеді де, дауыс аялдамасы түрінде ұшырап отырады. Дауыс аздап қана бөгеліңкіреп, айтайын деген ой аяқталмайды. Ал дауыс үзілісінде болса, дауыс ұзақ уақыт бөгеледі, яғни айтайын деген негізгі ой аяқталады. Дауыс үзілісі, көбінесе, сөйлем аяқталған жерде болады. Монологтық сөйлеуде паузаның бұл екі түрін жеткілікті түрде пайдаланған жөн. Өйткені айтайын деген ойдың дәл, анық берілуіне себін тигізеді. Сонымен бірге пунктуацияға байланысты паузалар және пунктуацияға байланыссыз паузалар болып екіге бөлінеді. **Пунктуацияға қатысты паузаларды грамматикалық паузалар деп, ал пунктуацияға қатыссыз паузаларды логикалық паузалар** деп атайды. Сондай-ақ ішкі эмоцияға тиісті қойылатын паузаларды *психикалық паузалар* деп жіктеуге болады. **Логикалық пауза сөйлемдегі жеке сөздерді және сөз тіркестерін өзге сөздерден бөліңкіреп айту үшін қолданылады. Ол бөгеліңкіреген сөздерге ой екпіні түсіріліп, аздап кідіріс жасап айтылады.** Мұндай кідіріс жасалып айтылған сөз тіркестеріне грамматикалық тыныс белгілері қойылмайды. Мәселен, сыртқы көрінісі жағынан бірсыпыра жай сөйлемдер құрмалас сөйлемнің бағынықтылығы компоненттері тәріздес болып келеді. Бұл сияқты сөйлемдер құрмалас сөйлем өлшемдеріне жауап бере алмайды. Грамматикалық бастауышы мен баяндауышы болса да оларда мағыналық ой дербестігі жоқ. Олар тек үйірлі мүшелі жай сөйлемдердің құрамында ғана жұмсала алады. *Асқар ішінде келе жатқан полк // көптен бері қажырлы қарсылық көрсетерлік жау кездестірген жоқ еді. Асан кітапханадан алып оқыған қызық кітап // бүгін маған тиді. Біз қонақ болып тұскен үйдің иесі // біздің біреуімізге таныс болып шықты. (С.Мұқанов).* Жоғарыда бірінші сөйлемде *полк*, екінші

сөйлемде *кітап* және үшінші сөйлемде *иесі* деген сөздерден кейін тыныс белгісі болмаса да, логикалық паузамен айтылып тұр. Сөйлемдердегі тұтас дауыс құйылысымен айтылады да, жоғарыдағы сөздерден кейін дауыс сәл бәсеңдеп барып, дауыс кідірісі жасалады. Сонан соң дауыс қайта көтеріліп сөйлем соңында дауыс үзілісі болады. Логикалық пауза осы дауыс кідірісі болған жерде анығырақ байқалады. Себебі, онда грамматикалық тыныс белгілері жоқ. **Психологиялық пауза қазақ тіліне арналған мәтіндегі негізгі ойдың тілек, алғыс, қарғыс, күйініш, сүйініш, қуаныш, реніш, нану, қамығу, кектену, келемеждеу, зекіру, ұрсу, қарату, назар аудару, бұйыру, өкіну сияқты көңіл-күйін білдіретін орындарында болады.** Осылар тәрізді көңіл-күйдің қыры мен сырлары тек лепті сөйлемдер арқылы беріледі. Енді біз осы лепті сөйлемдерде кездесетін паузаларға жек-жеке тоқталып өтейік: а) тілекті паузалар. Тілек мәнді пауза сөйлемнің етістік баяндауышына *-шы, -ші* жұрнағы қосылуы кезінде жасалады. Мұндайда сөйлем ортасында дауыс кідірісі, ал соңында дауыс үзілісі болады: *Отырышы, шырағым, шыныңды айтышы! Осындай жақсы пікірлерді дәлелдеп, қағазға түсіре берсеңдерші! (Мүсірепов)*; ә) өкінішті паузалар: өкініш мәнді сөйлемнің баяндауыштарына болымсыз, көмекші етістік және шартты рай тұлғасындағы қосымшалар үстелуі бойынша жасалады.

Мұндай сөйлемнің негізгі аңғаратын мағынасы — істелінген іске өкіну. Осы тәрізді сөйлемде дауыс үзілісі сөйлем соңында болады. Сөйлем көтеріңкі әуенмен айтылады да, сөйлем соңында дауыс бәсеңдей барып тынады. *Болатты кеше жіберіп алмаған екенсіңдер! Ол кітапты кеше алып қоймаған екен де! Кеше театрға барғаниша, кітапханаға барсамшы!* б) арманды паузалар: Арман мәнді сөйлемнің баяндауыштары етістіктің шартты рай қосымшасы арқылы жасалады да, бірденені көксеу мағынасында танылады. Мұндай сөйлемдегі дауыс үзілісі сөйлем соңында, леп белгісінен кейін тұрады: *Әрбір бригадаға жерді өлшеп, сыбаға берсе! Сонан соң жарыс ұйымдастырса! Шаруашылық басқармасы көшпелі қызыл ту жасап, оны озық бригаданың қосына тігіп қойса! (Мұстафин)*; в) сесті паузалар: біреуді қорқыту бағытында жұмсалып, бермей көрші тіркесі баяндауыштары арқылы жасалған сөйлемнен кейін дауыс үзілісі болады: *Осы менің*

домбырамды бермей көрші! Алған қарызыңды бермей көрші!

г) ұранды паузалар: етістіктің бұйрық, қалау рай тұлғаларында айтылып, үндеу, ұран мағынаны аңғартатын сөйлемдерден кейін дауыс үзілісі болады. Мұндай сөйлем ерекше дауыс әуенімен көтеріңкі айтылып, сөйлем соңында ой екпіні баяндауышқа түседі: *ТМД халықтарының достығы жасасын!* г) бұйрықты паузалар: бұйрық мәнді сөйлемнің баяндауыштары етістіктің бұйрық рай тұлғасында жасалып, ерекше көтеріңкі дауыс әрекетімен айтылады. Сөйтіп бір істі істеу я істемеу мағынасын аңғартады. Бұл сияқты сөйлемде дауыс кідірісі сөйлем ішінде, ал дауыс үзілісі леп белгісінен кейін қойылады: *Ал, тыңда, қойшы, малыш, тыңда, тыңда! Төл өсір, малыңды бақ, күтіп бапта! Ел сенген, отан сенген сенімді ақта! Бірден мың, мыңнан миллион өсіп-өңсіп! Абырой, келген бақты берік сақта!* (А. Тоқмағамбетов).

Грамматикалық пауза. Қазақ тіліне арналған мәтіндегі синтаксистік категориялар мен пунктуацияға байланысты қойылатын паузаларды **грамматикалық паузалар** деп атайды. Мұғалім әр сыныпта өтілетін синтаксистік құбылыстарға сай тыныс белгілері жайында түсініктеме берумен қатар, олардың дұрыс оқылуындағы заңдылықтарды да қадағалап отырады. Грамматикалық тыныс белгілеріне байланысты паузалар төмендегілер: а) хабарлы сөйлемді паузалар: Адамның ойың, көзқарасын баяндау, бір нәрсе жайында хабарлау және оны суреттеп беру мақсатында айтылған сөйлемдердің хабарлы сөйлемге енетіні белгілі. Мұндай сөйлемде дауыс бәсеңдейді. Осы бәсеңдеу орнында дауыс үзілісі пайла болады. Бұл құбылысты мына мәтіннен байқауға болады: *Биыл Абайдың жасы он үшке толған еді. Денесі де бір аралық кейіпте. Бойы өскен. Қол-аяғы ұзарған. Бұрын мұрны иолақтау болушы еді, биыл біраз ұзарып қалыпты. Бет бейнесі баладан гәрі ілгеріңкіріген. Әлі де сол мүсінде үлкендік жоқ... Ол атқа мініп жүруге жарағанымен үйден көп шықпайды. Өзге баладан гәрі бір ересек, бөлек бір дос тапты. Онысы — әсіресе әжесі. Одан қала берсе, шешесі. Абай биыл ғана анық бағалады. Бұның әжесі бір түрлі шебер әңгімеші екен. Қызық сөйлейді. Әңгімесінің барлық жерін дәмді ғып, қызықтырып айтады. Кішкентай күнінен ертегі, әңгімені көп сөйлейтін бала осы күндерде, осы жазда, тіпті көп есітіп, көп біліп алған сияқты* (М. Әуезов); ә) сұраулы сөйлемді пауза-

лар: Сұраулы сөйлем, көбінесе, қойылған сұраққа жауап алу мақсатында жұмсалады да, сұрау есімдіктері, сұраулық шылаулар, көмекші етістіктер мен косымшалар негізінде жасалады. Осындай тәсілмен жасалған сұраулы сөйлемдерден кейін дауыс кідірісі және дауыс үзілісі болады. Мысалы, *мектептен келе жатқан Асқар ма, Мұхтар ма?* Осындағы *мектептен келе жатқан Асқар ма?* деген сөйлемнен кейін дауыс кідірісі болады да, ал Мұхтар ма деген сөздерден кейін дауыс үзілісі болады; б) сөйлемнің бірінғай мүшелері арасындағы паузалар: Паузалы болып келетін сөйлемнің бірінғай мүшелерінің көрінісі төмендегідей болады: бірінғай бастауыштардан кейін санамалап ажыратылып тұратын дауыс кідірісі болады да, сөйлем соңында дауыс үзілісі болады. Мысалы, *өсек, өтірік, мақтанишақ, ерінишек, бекер мал иашыпақ — бес дұшпаның білсеңіз (Абай)*. Сонымен бірге бірінғай баяндауыштардан кейін дауыс кідірісі, сөйлем соңында дауыс үзілісі болады. Мысалы, *Клим өсті, ержетті (Ж. Жабаев)*.

Сондай-ақ бірінғай тұрлаусыз мүшелерден кейін пауза жігі бола береді. Мұндай бірінғай тұрлаусыз мүшелерден соң дауыс кідірісі, сөйлем ақырында дауыс үзілісі болады. Мысалы, *Мөлдіреген тостағандай қара көзді, қырбық қара мұртты, қыр мұрын, жсауырынды, шалқақ келген орта бойлы, әдемі қара сұр жігіт күні бүгінге шейін көз алдымызда (С. Мұқанов)*; в) құрмалас сөйлемдегі паузалар: құрмалас сөйлем компоненттерінің арасы бір-біріне интонация арқылы, яғни пауза жігі арқылы ұласып, тұтас бір әуенмен айтылады. Біз мұны қазақ тілі материалдарына байланысты тандалған мәтіндерді оқыту үстінде байқадық. Құрмалас сөйлемнің алдыңғы компоненті көтеріңкі дауыспен айтылса, ал қалған соңғы компоненттері төмен дауыспен айтылып, үн бәсеңдей барып бітеді. Осы компоненттердің көтеріңкі болып біткен орнында да, бәсеңдей барып тынған жерінде де пауза жігі болады. Сондай-ақ паузалар құрмалас сөйлемнің мынадай түрлерінде жиі кездеседі: Ыңғайлас салалас сөйлемнің бірінші компоненті мен екінші компонентінің межелі жігі пауза арқылы айырылады. Мысалы, *жаңбыр жауды да, жер көгерді* дегенде салалас құрмаластың *жаңбыр жауды да* компоненті дауыс кідірісі арқылы айтылады да, *жер көгерді* —

дауыс үзілісі бойынша айтылады. Осы сияқты құбылыс қарсылықты, себеп-салдар, түсіндірмелі және талғаулы салалас сөйлемдерде де кездеседі. Сондай-ақ паузаның түрлері сабақтас құрмалас сөйлемдерде де ұшырайды. Мұндай да бағыныңқы мен басынқының арасында паузалар болады. Сонымен бірге сабақтас құрмалас сөйлемнің компоненттері арасында пауза жігі байқалып тұрады. Мысалы, *Ынта салып жігерлене істесең, бітпейтін жұмыс бола ма?* (Ғ. Мұстафин). Мұндай шартты бағыныңқылы сабақтастың бірінші компоненттерінен кейін дауыс кідірісі болады да, екінші компонентінен соң дауыс үзілісі болады. Бұл шартты бағыныңқылы сабақтастың компоненті — ынта салып жігерлене істесең, екінші компоненті бітпейтін жұмыс бола ма? Бұлар, негізінен, санамалап айтылған пауза түрлері арқылы айырылады. Сондай-ақ, осы сияқты пауза жігі қарсылықты бағыныңқылы, мезгіл бағыныңқылы, себеп-салдар бағыныңқылы, қимыл-сын бағыныңқылы, мақсат бағыныңқылы және көп бағыныңқылы, сабақтас құрмалас сөйлемдерде де ұшырайды. Паузаның түрлері салалас құрмалас сөйлемдер арасында да кездеседі. Мысалы, *Шала тұтанған от өшіп барды екен, тықсырмалай үрленген сайын құл бұрқырап, түтін көзді ашқызбады*. Осы жоғарыдағы сөйлемде екі дауыс кідірісі бір дауыс үзілісі бар. Аралас құрмалас сөйлемнің бірінші және екінші компонентінен кейін дауыс кідірісі болады да, ал үшінші компонентінен кейін дауыс үзілісі болады.

Логикалық екпін. Қазақ тілі материалдарына сай таңдалған мәтіндердегі логикалық екпінді ажыратудың маңызы үлкен. **Интонацияның негізгі тәсілдері арқылы белгілі бір сөйлем ішінен бір сөздің немесе мағынасы басым сөздің бөлектеніп тұруын — логикалық екпін** дейміз. Логикалық екпін де дауыстың қай сөзге басым қаратылғанын айқындап, сол сөздің мағынасын ашуға көмектеседі. Мысалы, мына бір сөйлемді оқып қарайық: — Сіз бе мектепке кірген? — Иә, мен. — Кірдіңіз бе мектепке? — Иә, кірдім. — Мектепке кірдіңіз бе? — Жок, колледжге кірдім. Бұл мысалдардан интонацияның негізгі тәсілдері бойынша бір сөздің негізгі мағынасын аңғартуда логикалық екпіннің қандай роль атқарып тұрғанын білу қиын емес. Сөйтіп логикалық екпін сөйлемдегі мағынасы басым сөзге түседі, сол сөзді айқындап

тұрады. Логикалық екпінді түсінуде дауыс жоғарылап барып тынады. Дауыс әуенінің жылдамдығы күшейіп, сөйлем аяқтарда бәсеңдей барып бітеді. Логикалық екпіннің түсуін анықтау үшін контекстегі сөйлемнің бағытына, ойдың неге қаратылғанына қарау керек. Сөйлемдегі сөз тіркесіне, не айтпакшы, не түсіндірмекші — соны білу қажет. Жай сөйлемдерде екпін бір-ақ жерде кездесуі мүмкін, сондықтан да құрмалас сөйлемдерді тексеру қажет. Құрмалас сөйлемдерде екпін біреу емес, бірнеше болуы мүмкін. Сабактас құрмаластың бағыныңқысында да, басыңқысында да логикалық екпіндер көп кездеседі. Мысалы, мезгіл бағыныңқы сөйлемді алып қарайық: *Бәжсейлер әбден жайласып отырғаннан кейін, бұл үйге Құнанбай да келіп кірді.* Бұл сөйлемнің бағыныңқысында үш логикалық екпін бар: *Бәжсейлер, отырғаннан, кейін.* Басыңқысында төрт логикалық екпін бар: *үйге, Құнанбай, келіп, кірді.*

Дауыс темпі (дауыс шапшандығы). Қазақ тілі материалдарына арналған мәтіндегі дауыс темпін айырудың мәні зор. Дауыстың логикалық және бейнелеу-эмоциялық мәнерлігі дауыс жылдамдығы мен төмендеуін айқындауда үлкен қызмет атқарады, яғни дауыс жылдамдығы дауыс темпі болып саналады. Пауза мен екпін дауыс жылдамдығы мен бәсеңдеуіне байланысты оқылады. Дауыс темпі (шапшандығы) көркем шығармалардың идеялық-эмоциялық мазмұнына, сол шығармалардағы образдардың ұнамды, ұнамсыз болып келуіне және олардың іс-әрекеттеріне қарай өзгеріп отырады. Көркем шығармалардан алынған үзінділердің оншалық қажет емес орындары жылдам оқылады да, оқиғаның шарықтау шегі өте жай, бәсен оқылады. Шығармалардағы кейіпкерлердің іс-әрекеттерін көрсету үшін кейіпкерлердің ерекшеліктеріне байланысты түрде оқылады. Мысалы, Крыловтың «Есек пен бұлбұл» мысалындағы есектің дөрекілік, осалдық қасиеттерін беру үшін есектің өзі біршама жай оқылады. Мысалдағы бұлбұл әні әр түрлі темппен оқылады. Мәнерлі оқудың бейнелеу тәсілдері дауыс темпінің өзгеруіне үлкен әсер етеді. Олар мыналар: а) эпитетті шығармалар шапшаң дауыспен оқылады; **Образ жасау үшін және оқушыға әсер ету үшін қолданылатын, нәрсенің өзгеше белгілерін көрсетін және оған автордың көзқарасын анықтайтын бейнелеу сөздер эпитеттер болады.**

Жазушы адамды, табиғатты, әр түрлі құбылыстарды, оқиғаларды суреттеу үшін кез-келген сөздерді қолдана бермейді: тіл байлығындағы көркем сөздерді, суреттейін деген құбылыстың кескінін біздің көз алдымызға елестете алатын, сезімімізге әсер ететін сөздерді іздейді. Грамматикалық жағынан эпитет болатындар мыналар: сын есім, есімше, көсемше. Эпитеттер дауыс темпінің шапшандық қарқынын күшейтеді: *Кең теңіз ерсілі-қарсылы шалқын жатты, Күлген күннің сәулесін тартып жатты, Қызыл бидай қып-қызыл алтын аймақ, Бетінде қап-қалың боп қалқын жатты.* (С. Мұқанов); ә) теңеумен жасалған шығармалар да күшті темппен айтылады: **Жазушы бір нәрсені көркемдеп суреттеу үшін, ол нәрсенің өзгешелік белгілерін көрсетпей-ақ, оны екінші нәрсемен салыстырып та суреттейді. Мұндай салыстырып суреттеуді теңеу** деп атаймыз. Теңеулер белгілі бір жұрнактар арқылы жасалады. Олар мыналар: *-тай, -тей, -дай, -дей, -дайын, -дейін, -ша, -ше, -мын:* «Түлкі дейін түн қатып, Бөрі дейін жол жатып...» (Махамбет); б) метафоралы шығармалар күшті дауыспен, ерекше темппен айтылып оқылады; Сыртқы не ішкі бір ұқсастығына карап, бір нәрсені екінші нәрсеге балау метафораға тән қасиет. Мысалы, *Құлагер, әкең — тұлпар, шешен — сұңқар, Соғып ең дөненінде сегіз арқар* (Ақан сері); в) кейіптеу мәнді өлеңдер шапшаң дауыспен оқылады; осы сияқты «Қобыланды батыр» дастанындағы Тайбұрылдың сөзін де көрсетуге болады; г) гиперболашы шығармалар да шапшаң дауыспен оқылады: **Бір нәрсені артықша әсерлі ету үшін әдеттегіден тыс, ұлғайта суреттеу әсірелеу** болады. Әсірелеудегі мақсат адамның ой-сезіміне тез әсер ету, суреттеген нәрсені үлкейтіп, көзге елестету болып саналады. Т. Жароковтың «Күн тіл қатты» поэмасы күшті темппен басталады. Н. Байғанин «Ат» деген өлеңінде аттың бейнесін былай көрсетеді: *...Арандай аузын ашады, Ауыздығын басады, Казандайын тастарды Тұяғымен аспанға Боратып оқтай атады..* Мұндағы ой бірінен кейін бірі дамып отырады; г) литотада дауыс бәсең темппен айтылады: **бір нәрсені өте кішірейтін айту литота** делінеді; д) иронияда дауыс бәсең, бірсыдырғы темппен айтылады. **Келеке ретінде айтылған сөз ирония** делінеді. Жазушы иронияда жағымсыз мінез-құлықтарды, алдау, көз бояу, бой көрсету, қарабасының қамынан әрі бара алмайтын өзімшілікті

көрсетеді. Бұған Абайдың «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек?» деген өлеңін алуға болады; е) сарказм ерекше дауыс темпімен айтылады: буын сандары көп болса бәсең айтылады да, аз болса шапшаң темппен айтылады. Бұған Жамбылдың «Мәңке туралы» деген өлеңін алуға болады; ж) **дамытуда дауыс ерекше көтеріңкі, күшті дауыспен айтылады: оқиғаны күшейтіп айту дамыту (градация)** деп аталады. Оған «Қобыланды батыр» жырынан мысал алуға болады.

Ритм (дауыс ырғағы). Оқушыларға қазақ тілі тақырыптарына байланысты таңдалған мәтіндегі сөйлемнің дауыс ырғағын білдірудің пайдасы көп. **Шығарманы оқығанда, айтқанда белгілі сөздерден кейін дауыс аз бәсеңкіреп, кідіріс жасалып, кейде бәсең, кейде көтеріңкі болып айтылған дауыс толқынын ырғақ дейміз.** Мысалы, мына бір өлеңді алып карайық: // Өлеңді айт. дегенде // ағылтқанмын //, Жүйріктей домбырамды // сабылтқанмын //. Бұл қойылған белгі әр тармақтардағы дауыс ырғағын көрсетеді. Дауыс ырғағы созылып, белгілі бір ән жүйесіне салып айтқандай болып көрінеді. Кейде дауыс ырғағы сөз күйі деп те аталады. Мәтіндегі сөйлемнің ырғағын дұрыс қойып айту сезімге күшті әсер етудің бір тәсілі болып саналады. Сондықтан да ырғақты дұрыс қоя білу қазақ тілі материалдарын толық меңгертуге септігін тигізеді.

Дауыс тембрі(дауыстың құбылуы). Дұрыс сөйлеудегі дауыстың тембрін айырудың практикалық жақтан қызметі мол. **Көптеген себептерге байланысты дауыстың әр түрлі шығу ерекшеліктерін дауыстың тембрі** дейміз. Әрбір адамның дауысы өзінің айтылу ерекшеліктерімен көрінеді. Тембр — адамның табиғи дауысының көрінісі мен сапасын білдіреді. Бірақ бұл дауыс әр уақыт бір калыпта тұра бермейді, белгілі жағдайға байланысты өзгеріп те тұрады. Мысалы, көрілікке, наукастыққа, белгілі көңіл-күйге, ерекше сезімге байланысты өзгереді. Маманданған артистер мен дикторлар белгілі дәрежеге дейін өз дауысының тембрін өзгертуі мүмкін. Тембр — мәнерлі оқудың негізгі тәсілі. Әрбір нәрсенің дауыс тембрі, сол нәрсенің іс-әрекеттеріне байланысты түрде берілгені жөн: мысалы, Крыловтың «Қасқыр мен қозы» мысалындағы қасқырдың дауысы дөрекі, жуан тембрмен беріледі де, қозының дауысы әлсіз, нәзік, жіңішке дауыспен оқылады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Практикалық әдістер негізі үйретеді? 2. Талдау әдістерінің анықтамасын айтып беріңдер. 3. Талдау әдістерінің классификациясын түсіндіріңдер. 4. Талдау әдістерінің құрылымын дәлелдендер. 5. Дайын материалды талдаудың тәсілдерін түсіндіріңдер. 6. Лексикалық талдаудың құрылымын айтып беріңдер. 7. Фонетикалық талдау әдісінің құрылымын мысалдармен айтып беріңдер. 8. Морфологиялық талдау әдісінің құрылымын мысал айтыңдар. 9. Синтаксистік талдау әдісінің құрылымын дәлелдендер. 10. Түрін өзгерту әдісінің құрылымын жатқа айтыңдар. 11. Мазмұндау әдісінің құрылымын айтып беріңдер. 12. Сөйлем құрату әдісінің құрылымына нелер кіреді? 13. Шағын шығарма жаздыру әдісінің құрылымын дәлелдендер. 14. Орфографиялық талдаудың жүйесін көрсетіңдер. 15. Дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыру тәсілдерін санап көрсетіңдер. 16. Диктанттың түрлеріне мысалдар келтіріңдер. 17. Түсініксіз сөздермен жұмыс істеудің жүйесін көрсетіңдер. 18. Монологтық сөйлеуді үйретудің тәсілдеріне нелер кіреді? 19. Мәнерлі оқу түрлері мен тәсілдеріне мысал келтіріңдер. 20. Пауза және оның түрлеріне мысал келтіріңдер.

VI тарау

КӨРНЕКІ ӘДІСТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ

§ 39. КӨРНЕКІ ӘДІСТЕР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Оқушыларға қазақ тілінен теориялық және практикалық білім беруде көрнекі әдістер жиі қолданылады. Бұлар қазақ тілі сабағының барлық түрінде іске асырылады. Өтілетін материалдардың өзіне тән белгілерін көзімен көріп, нақтылы түсіну үшін бұл әдістің атқаратын қызметі ерекше. Сондықтан да бұл әдіс оқыту процесінің барлық буынында өнімді қолданылады. Көрнекі әдістер мұғалімнің өткізген сабағының тартымды да, түсінікті болуын қамтамасыз етеді. Оқу жұмысын көрнекі әдістермен жүргізгенде мұғалім сол сабаққа арналған уақыт мөлшерін ұтымды пайдаланады. Сондай-ақ оқушылар тілдік материалдарды саналы игереді де, ұзақ уақыт есінде сақтап, күнделікті жұмысында дұрыс іске асырады.

Қазақ тілінен білім беруде қолданылатын көрнекі әдістер мынадай дидактикалық талаптарды орындауда үлкен қызмет атқарады: 1) оқушылар өтіліп отырған тілдік фактілерді өз көзімен көреді; 2) тілдік материалдардың өзіндік белгілерін мысалдармен дәлелдейді; 3) ереже-анықтамаларды өздері түйіндейді; 4) белгілі бір ой қорытындыларын шығара алады; 5) өздігінен тілдік объектілерге сай мысалдар іздестіреді. **Тілді оқытуда жиі қолданылатын көрнекі әдістер, негізінен, мыналар: кестені қолдану әдісі, сызбаны пайдалану әдісі, анықтағыш дәптерді пайдалану әдісі, компьютерді пайдалану әдісі, радионы пайдалану әдісі және теледидарды пайдалану әдісі, киноны пайдалану әдісі.**

§ 40. КЕСТЕНІ ПАЙДАЛАНУ ӘДІСІ

Кесте — қазақ тілінен білім беруде өнімді де жиі қолданылатын әдістердің бірі. Мұнда өтілетін материалдың жалпы бейнесі сақталып жасалады. Кесте мысалдары дидактикалық мәні бар көркем әдеби шығармалардан алынады. Бұл алынған

мысалдар қазақ тілі тақырыптарының мазмұны мен өзіндік белгілеріне сай болуы қажет. Осы кестеде өрнектелетін білімнің жеңілден ауырға, белгісізден белгіліге қарай жасалуы тиіс. Сондай-ақ кестенің әрбір әрпі мен сызығы анық-айқын беріліп, кара және қызыл бояумен жазылуы қажет. Кесте оқу процесінің қызықты, тіл материалдарының нақтылы болуын қамтамасыз етеді. Сонымен бірге оқушылардың көру мен есту қабілетін, байқағыштығы мен бақылағыштығын арттырады, сөйтіп қазақ тілі материалдарының тұрақты меңгерілуіне көмегін тигізеді. Кестедегі жазылған сөздердің барлығы жазу емлесі бойынша дұрыс айтылуымен салыстырыла отырып беріледі. Сондықтан да орфоэпиялық көрнекіліктің орфография мен тілдік материалдар үшін де пайдасы мол. Дұрыс айту нормаларын үйретуде орфоэпиялық кестелердің мәні үлкен. Бұл кестелер дұрыс сөйлеу қағидаларын қарастыра отырып, олардың айтылу белгілерін саралап көрсетеді. Алғашқы оқылып отырған объектіге байланысты орфоэпиялық кестелер түгел айтылу ережелері бойынша жазылады. Кестеде қай дыбысты, - қай сөздің нормасы, біріккен сөзді және сөз тіркестері, қағидалары қысқаша тұжырымды түрде жазылады: Сөздің алғашқы буынында *о* дыбысы болып, кейінгі буынында *ы* дыбысы келгенде, *ы* дыбысы *ұ* дыбысына айналып айтылады: былай жаз: *орын, құлық*, былай айт: *орұн, құлұқ*. Мұғалім осы кестені сыныптағы бірер оқушыға дауыстап оқытып, дұрыс жазылуы мен дұрыс айтылуына оқушылардың көзін үйретеді. Бұдан кейін тақтадағы көрнекі құралдың қасына оқушыны шақырып, біреуінен осы сөздердің жазылу емлесін сұрайды. Сонан соң тағы бір оқушыға қорытынды ереже шығаруды жүктейді. Сыныптағы басқа оқушылар жоғарыдағы сөздердің дұрыс жазылу ережесі мен дұрыс айтылу ережесіне ауызша мысалдар іздеп табады, оны оқушылар дауыстап айтып береді. Сондай-ақ дұрыс айту, ережелері жазылмаған, тек көрнекті сөздері ғана көрсетілген кестелерді пайдалануға болады: былай жаз: *тұзсыз, қаза, сөз сөйлеу*; *былай айт: тұссыз, қаза, сөс сөйлеу*. Бұл кестені мұғалім екі оқушыға дауыстап оқытады да, жазылуы мен айтылуына көз жүгіртеді. Оқушылар дұрыс жазылуы мен дұрыс айтылуын салыстыра бақылап, мынадай дұрыс айту ережесін мұғалімге айтып береді: *з* дыбысына аяқталатын түбір сөзге *с* дыбысынан басталатын қосымша қосылғанда түбірдің соңғы *з* дыбысы *с* дыбысына өзгеріп айтылады.

§ 41. СЫЗБАНЫ ПАЙДАЛАНУ ӘДІСІ

Дұрыс айту нормаларын үйретуде сызбалық көрнекіліктердің де пайдасы мол. Бұл көрнекілікте қажетті объектілердің дұрыс айтылу ережелері жазылмайды, тек дұрыс айтуға керекті формалар түрі сызықтармен көрсетіледі. Мысалы, *дос+ -тар, -қа, -тың, -пен*. Бұл схеманы мұғалім оқушыларға дауыстап оқытып, қосымшалардың қалай жалғанып, айтылатындығын өздеріне дәлелдетеді. Орфоэпияны үйрету тұсында сан алуан сызба түрлерін пайдалануға болады.

§ 42. КАРТОЧКАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ӘДІСІ

Дұрыс айту нормаларын оқушыларға меңгертуде орфоэпиялық карточкалардың пайдасы мол. Бұл карточкаларды сабақтың түрлі процесінде пайдалана беруге болады. Карточка мұғалімде де, оқушыда да болуы тиіс. Орфоэпиялық карточкалар көбінесе практикалық жұмыстар жүргізу барысында алып барылады. Карточкалармен жұмыс істеудің методикалық жүйесі былайша құралады. Алдымен мұғалім қайсы орфоэпиялық тақырып үйретіліп отырылғандығына қарай, дұрыс айту ережелерінен мәлімет береді. Тиісті мысалдарды жаттықтыру ретінде сыныптағы жылжымалы тақтаға жазады. Тақтаға жазылған мысалдарға ұқсас сөздерді ауызша айтуды жүктейді. Осы сияқты дайындық жұмыстары әбден жүргізіліп болғаннан соң, мұғалім карточкамен жұмыс істеуді жүзеге шығарады. Мысалы, I-карточка: Көп нүктенің орнына *м-н* дыбыстарының тиістісін қойып көшіріңдер де, ол сөздердің жазылуы мен айтылуын түсіндіріңдер: *от жа...бады, шам сө...беді, жа..басына бөлгенде*, т.б.

Сабақта карточкалы дәптерді пайдаланудың пайдасы мол. Карточкалы дәптер оқушылардың ұқыптылық дағдысын арттырып, хабарлама, баяндама жасауға, болашақта ғылыми жұмыспен шұғылдануына жол сілтейді. Ана тілінен алған теориялық мәліметтерді фактілі мысалдармен толық, анық дәлелдеуге тырысады. Бұл, біріншіден, оқушыларды практикалық жұмысқа дағдыландырса, екіншіден, олардың сөздік қорын молайтып, көру мен есту қабілетін күшейтеді. Қазақ тілі сабағына кірісердің алдында оқушыларға карточкалы дәптер тұту керектігін түсіндіріп, қолдану тәртібі мен оның

тіл сабағында үлкен маңызға ие екендігін айтады. Мұғалім үйде дайындаған дәптердің үлгісін көрсетіп, оны төмендегіше түсіндіреді.

Үй не сынып дәптері он екі парактық жай дәптердің әрбір парағы көлденеңінен, ақ жол жағынан 3 см орын қалдырып, дәптердің ішіне бүктеледі. Әрбір парак бірінің үстіне бірі бүктелмей, жеке-жеке парактың үстіңгі жағына қарай қайырылуы тиіс. Сонан соң дүкеннен сатып алынған стандартты «Бумага для заметок» деген пакеттің биіктігі 9 см, ұзындығы 13 см парак қағаздардан он парак қағазды бүктелген бір бет парактың ішіне бес-бестен екіге бөліп салады. Екі топқа ажыратылған карточкалардың ортасы қайтарылған ақ жолдың шетіне дейін қайшымен әдемі кесіледі де, желіммен кесілген жердің үстіңгі және астыңғы беті мықтап жапсырылады. Сонан соң, партадағы әрбір оқушыға мұғалім жекелеп барып карточкалы дәптерді қалай жасау керектігін үйретеді. Оқушылар карточкалы дәптер жасауға кіріседі.

Дәптердің сыртқы бетіне арналған жазуды тақтаға жазып көрсетеді. Карточкалық дәптер тұту үшін оншалықты көп материалдар жұмсалмайды, оны олар онай жасайды. Оған мынадай нәрселер керек: 1) он екі парактық дәптер; 2) жүз даналық пакетті стандарттық карточкалар; 3) желім; 4) қайшы; 5) сызғыш; 6) қарындаш. Бұл айтылған карточкалы дәптер бұрынғы мұғалімдер қолданылып жүрген кассадан ерекше. Бұрынғы кассаларды жасау үшін бір папка, төрт-бес парак қалыңдау қағаз, 20-30 карточкалар қиятын қатырғы қағаз, желім, қайшы, сызғыш, қарындаш, кара немесе түсті тушь және қаламсап табу үшін және оларды топтау үшін оқушылардың көп уақыты кететін-ді. Ескі әдіс, біріншіден, олардың көп уақытын алса, екіншіден, оларды жалықтырады. Сонан соң карточкалы дәптердегі карточкалардың мандайшалық жазулары өте тұжырымды, қысқартылған белгілер арқылы қолданылатындығы көрсетіледі. Қысқартылған шартты белгілер қиындық тудырмау үшін әр сабақ элементінде, жаттығу сабағында оқушылардың көзі мен қолы жаттықтырылады. Карточкада талдап үйрету үшін мұғалім әуелі тақтаға талдап көрсетеді, карточканың үлгісін сызады, нақ карточкадағыдай сызба талданады.

Бұдан кейін мұғалім оқушыларға карточкалы дәптер арқылы талдау болатынын, қандай тақырыптар қаралатындығын хабарлап, талдауға кірістіреді: *Жұмысшылардың жалақысы артты*. Мұғалім бір оқушыға бұл сөйлемді дауыстап оқытып, сөйлемде неше сөз бар екендігін анықтайды. Бұл сөйлемдегі сөздерді оқушылар ұжымды түрде буынға бөледі. Бұлай етудің себебі, оқушыларды белсенді түрде сабаққа ынтасын арттырып, өз бетінше жұмыс істеуге кірістіру. Соған соң буындардағы дыбыстар ауызша талданады: *жұ* буынындағы *ұ* дыбысы еріннің қатысына қарай *еріндік*, иектің қызметіне қарай *қысаң*, тілдің қалпына қарай *жуан дауысты дыбыс*.

Оқушыларға карточкалы дәптерде талдау жүргізу үлгісін жоғарыдағыдай, яғни сөйлем ішінен бір сөзді алып, ол сөздің тек бір ғана сөзін сатылай талдатып үйретеді. Олар әбден жаттығып, қолдары үйренгеннен кейін мұғалім алынған сөйлемдегі сөздердің барлығын буынға бөлдіріп, түгелдей карточкада талдатады. Оқушыларға дауысты дыбыстарды карточкалы дәптерде машыктандырғаннан кейін, дауыссыздар қоса талданылады. Мұндай дауыссыздар сатылай талданады да, дауыстылар жинақтай машыктанады. Карточкалы дәптердегі мысалдар жазба түрде талданумен бірге ауызша да орындалады. Карточкалы дәптерде жазбаша талдау оқушылардың сауаттылығын, өз бетінше жұмыс істеу дағдысын арттырса, ауызша талдау оқушылардың есіту қабілеті мен тілін дамытады, дыбыстарды дұрыс айтып, мәнерлі оқуға дағдыландырады.

Қазақ тілі бойынша талдау жасағанда сөйлемді сөзге, сөзді буынға, буынды дыбыстарға ажырату немесе дыбысты буындарға, буынды сөздерге, сөзді сөйлемдерге біріктіру тәсілдері қолданылады. Бұлай талдау оқушылардың дыбыс, буын, сөз жігін саналы меңгеруге себін тигізеді. Карточкаға жазылатын мысалдар мұғалім тарапынан іріктеліп, сынып және үй тапсырмасы ретінде нұсқалып отырылады. Мәтін, сөйлемдер көбінесе балаларға арналған көркем әдебиеттерден алынады. Карточкалы дәптерді мынадай орындарда қолданып отыруға болады: 1) жаңа материалды түсіндіру кезінде; 2) материалды бекіту жұмысында; 3) оқушылардан өтілген объектілерді сұрау кезінде; 4) материалды қайталау уақытында; 5) бақылау жұмыс кезінде; 6) талдау

жұмыстары уақытында; 7) үлгірімі нашар оқушылармен жұмыс жүргізу үшін де; 8) өздігінен жұмыстар істеттіру ісінде; 9) емлелік қателермен жұмыс істеттіру; 10) дұрыс айтуға баулитын жұмыстар жүргізу процесінде қолданылады.

Сөйтіп теориялық білімді практикалық жұмыспен ұштастыру осы карточкалы дәптер негізінде үйретіледі. Карточкалы дәптер барлық оқушыда болумен бірге, әрбір тақырыпқа байланысты мұғалімнің өзінде де болуы қажет. Бұл, біріншіден, мұғалімнің жұмысын жеңілдетсе, екіншіден, оқушыларды әдептілікке, табандылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеудің дидактикалық жолы болып табылады. Мұғалім карточкалы дәптермен жұмыс істеу үшін оны күні бұрын әр сабаққа лайықты жоспарлайды. Жаңа материалды бірден кеңінен түсіндіріп, сол үйретілген мағлұматтарға байланысты карточкалы дәптермен жұмыс жүргізуді қарастырады. Оған арнайы он бес, жиырма минутқа дейін уақыт береді. Арнайы жаттығу сабағында, тоқсандық және қорытынды сабақтарында белгілі бір бөлімге байланысты топталған, жинақталған карточкалы дәптердегі мысалдармен жұмыс істеу тіпті ұтымды. Карточкалы дәптер арқылы талдау көлемі жағынан да, мақсаты жағынан да сынып тақтасы мен дәптер арқылы жасалатын талдаулардан кем соқпайды, қайта оған ұштасып жатады. Карточкалы дәптердегі қысқа сөйлемдер карточканың өзінде, көп құрамды сөйлемдер карточкалардың екінші бетінде немесе сынып тақтасында талданады. Карточкалы дәптерде қазақ тілі бойынша талдауды өткізудің тағы бір тәсілі — сатылы басқыштар бойынша талдау. Сатылы басқыштағы сөздер сатылай және жинақтай талдау жасалынады. Жинақтай талдау жасау жаппай оқушыларды белсенді қатыстыра отырып, сынып тақтасына жазба, ауызша не үй жұмысы ретінде де жүргізіледі: бірер оқушы тақтаға шығады да, айтылған сөйлемді тақтаға жазады. Ол сөйлемді жинақтап талдау үшін барлық оқушы белсенді қатысып, тақтадағы талданған объектілерді дәптерге немесе карточкалы парактың екінші бетіне жазып отырады. Тақтадағы оқушының киналған жерлерін бірлесе отырып шешеді. Ауызша талдау кезінде де әрбір оқушыға объектілер тапсырылады да, оқушыларды жаппай қатыстыра отырып, ауызша айттырады. Үй тапсырмасына қайталау сабағы ретінде төртінші

баскыш ғана тапсырылады. Мұны былай етудің себебі оқушылар тілдік объектілерді толық қайталап, толық талдау жасауға мүмкіндік алады. Мұны оқушылардың үй жұмысы дәптеріне немесе карточкалы парактың екінші бетінде орындауды түсіндіреді. Сондай-ақ үдестік заңына байланысты да сатылы баскыштар бойынша түсіндірмелі талдау жүргізіледі.

Дұрыс сөйлеуге үйретуде орфоэпиялық анықтағыш дәптер тұтудын пайдасы мол. Бұл орфоэпиядан керек мәліметтерді анықтайтын дәптер болып саналады. Әрбір сыныпта жыл басынан бастап дәптер ұстау пайдалы. Дәптердің сыртына арнау жазылады: *орта мектептің 5 «А» сынып оқушысы Қанатова Розаның орфоэпиядан анықтағыш дәптері*. Анықтағыш дәптерге дұрыс сөйлеу ережелері бойынша сөздер мен сөз тіркестері әр сабақ сайын алфавиттік тәртіппен жазылып барады. Сыныпта орындатылған орфоэпиялық жұмыстарға байланысты кейбір сөздердің дұрыс айтылу нормалары үй енбегі ретінде де тапсырылады. Белгілі бір сөздер мен сөз тіркестерінің емлесі мен дұрыс айтылуын үнемі анықтағыш дәптерге түсіріп жазып барса, керек кезінде тез таба қою мүмкіндігі туады. Мұнымен әрбір сынып оқушылары қазақ тілінен берілген теориялық білімді жіті меңгеріп, емле мен дұрыс айту ережелерін дер кезінде қайталап бекітіп отырады. Түбінде мектеп оқушыларына орфоэпия жөнінде анықтағыш жасалғаны жөн. Өйткені орфоэпиядан жүйелі жасалған анықтауыш орфографияны терең меңгертуге, сонымен бірге оқушылар тілінде диалектілік ерекшеліктердің болмауына септігін тигізеді.

Орфоэпия жайында анықтағышпен жұмыс жүргізудің тәртібі былай құрылады. Алдымен мұғалім қайсы дыбыстың дұрыс айтылуы туралы объектіні анықтайды да, ол дыбыстың сөз ішінде және сөз тіркесінде емлесіне сай қалай жазылатындығын тактада көрсетеді: Бұдан кейін сол сөздерді дауыстап оқытып, дұрыс айту ережелерін түсіндіреді. Оқушылар тактада жазылған сөздердің қиындарын ғана анықтағыш дәптерлеріне көшіреді. Осы сияқты мысалдар, сөздер іздетіп, олардың дұрыс айту ережелерін қайталап сұрайды. Үйде өтілген ережеге сай он сөз тауып, айтылуы қиындау сөздерді анықтағыш дәптерге жазып келу тапсырылады. Мәселен, мұғалім *қ-ғ, н-б, з-ж* дыбыстарының алмасып айтылуы деп тактаға жазады да, ол сөздер емлесіне сай бы-

лай жазылатындығын жылжымалы тактаға жазып қояды: *сұрақ, күрек, мысық, кітап, сап, қап, сөз жұтпау, көз жұму, аз жұмыс*.

Тактада жазылған сөздерді үш оқушыға дауыстап оқытып, жазылуына көз үйретеді. Сонан соң мұғалім бұл сөздердің айтылуын төмендегіше түсіндіреді: Жоғарыдағы *қ* мен *п* дыбыстырына аяқталған сөздерге тәуелдік қосымшасын жалғасак, түбірдегі *к* дыбысы *ғ* дыбысына, *п* дыбысы *б* дыбысына айналып айтылады: *сұрағы, күрегі, мысығы, кітабы, сабы, қабы*. Ал тіркескен екі сөздің алдыңғысы *з* дыбысына аяқталып, екінші сөзі *ж* дыбысынан басталса, алғашқы *з* дыбысы *ж* дыбысына айналып айтылады: *сөзж жұтпау, көзж жұму, аж жұмыс*. Оқушылар жазылған сөздердің үшеуін анықтағыш дәптеріне көшіріп алады: *сұрағы, кітабы, сөз жұтпау*. Тактадағы сөздерді түгел көшірмей, үш сөзін көшірудің себебі, біріншіден өтіліп отырған ережеге, дыбыстардың алмасуына байланысты да, екіншіден, уақытты үнемдеп, жұмыс санын көбейтпей, тек керекті объектіні ғана көшіру. Жазылған сөздердің барлығын анықтағыш дәптерге жаза берсе, сөз де көбейеді, жұмыс та молаяды, уақыт босқа өтіп жатады. Сонымен бірге оқушылардың өздігінен істеу еңбегіне мүмкіндіктер болмай қалады. Сондықтан да белгілі бір ережелерге байланысты сөздердің кейбіреулерін ғана теріп жазған пайдалы.

§ 43. МАГНИТОФОНДЫ ПАЙДАЛАНУ ӘДІСІ

Техникалық құралдар көру мен есіту қабілетіне байланысты дыбыстық көрнекіліктің бір түрі болып саналады. Өйткені қабылданатын объектілердің күллісі, осы дыбыстарды дұрыс та дәл есіту бойынша оқушы ойына жетіп барады. Ол арқылы кез келген қазақ тілі материалдарын теориялық білім мен практикалық дағды беруде орфоэпия нормаларын оқушыларға үйретуде техникалық құралдардың мынадай түрлері пайдаланылады: патефон пластинкасы, магнитофон, радиоқабылдағыш және теледидар. Техникалық құралдардың ішінде орфоэпияны үйрету процесінде көбірек жұмсалған магнитофон болды. Себебі магнитофон пленкасына кез келген ауызекі сөзді, сөйлемді, мәтіндерді жаза беруге болады. Оны өшіріп басқа да керекті мәтінді

жазуға мүмкіндігі мол. Сонымен бірге регулятордың жәрдемімен дауысты жоғарылатуға да, төмендетуге де болады. Мұның жеке оқушымен де, бірнеше оқушылармен де жұмыс істеу үшін пайдасы бар. Кейде оқушылар отырған сынып немесе кабинет үлкен немесе кіші болуы мүмкін. Ал сол сыныптағы оқушылар есіту қабілетіне қарай әр түрлі дауыс тембрін қажет етеді. Сондықтан да магнитофон — оқушылардың анық да дәл есіту үшін қолайлы көрнекіліктің бірі. Мұғалім магнитофонды техникалық жақтан дұрыс іске қоса білуі қажет. Оған жұмсалатын уақыт мөлшері мен де есептесу керек. Магнитофонды тегіс жерге қою, оны жұмысқа жегу, мәтінді лентаға жазу, тембрді дұрыстап қойып, дауысты анық естірту, жазылған мәтінді қайтадан естірту, лентаны қайтадан жинау, жазылған сөздерді өшіру тәрізді қарапайым жұмыстарды жетік білген тәуір.

Мұғалім магнитофон лентасына жазылатын сөздерді, сөйлемдерді, мәтіндерді қай тілдік материалға байланысты өткізуді жоспарлайды. Магнитофонмен жүргізілетін істің белгілі дәрежеде нәтиже беруін көздеп, мұғалім мына тәрізді дайындық жұмыстарын алдын ала жүргізеді : 1) магнитофонмен жұмыс жүргізудің уақытын белгілейді; 2) қайсы тілдік материалға байланысты жүргізілетіндігін, яғни тақырыбын анықтайды; 3) магнитофонмен жұмыс істейтін орынды яғни қайсы сыныпта, қайсы кабинетте немесе қайсы залда өткізілетіндігін белгілейді; 4) жұмыс түрін, яғни мәтіндегі керекті объектіні тындау арқылы ма немесе мәтіндегі керекті объектілерді тындай отырып , жазып алу ма, соны белгілейді; 5) тындау үстінде қажетті объектінің менгерілуін қадағалайды; 6) жұмыс сонында тандалған объектіні қалай талқылау ойластырылады.

Орфоэпия бойынша магнитофонмен жұмыс істеу тәсілінің мынадай құрылымдық элементтері бары анықталды: 1) дұрыс сөйлеу үлгілеріне байланысты алынған мәтіндер тыңдалады; 2) магнитофон пленкасына оқушы өз сөзін жазып тындайды және оны тындау процесінде талдау жасайды; 3) дұрыс сөйлеу үлгілері мен өз ісін салыстыра отырып, белгілі бір ой қорытындысын шығарады. Мәселен, бұған бірер мысал келтіруге болады: Мұғалім оқушыларға магнитофон арқылы *о, ө, у, ұ, ұ* дыбыстарының айтылуына байланысты мәтін оқылатындығын ескертеді: *Азамат. Біздің Кон-*

ституциямыз — бүкіл дүние жүзінде, адамзат тарихында тұңғыш рет азамат басын ардақтаған, оған еркін тыныс, толық құқық, өміріне өріс ашқан Конституция. Ол сайлауға, сайлануға құқықты, қоғамдық, мемлекеттік өмірге еркін ат салысуына, оқып білім алуына, еңбек етуіне, демалыс алуына, қартайғанда зейнетақы алып, тынығуына құқы бар. Азамат тұлғасы, өдебиет пен өнеріміздің де негізгі пәні. Замандас бейнесін мүсіндеу оның өмірін, күресін, еңбегін көркем сөзбен кестелеу — аса ардақты борышымыз. «Қазақ өдебиеті» газеті.

Берілген мәтінді мұғалім күні бұрын магнитофон лента-сына маман диктордың орындауында жазып алады. Сонан соң мұны мұқият тындауды, жол-жөнекей кез келген сөзді сұрамауды, жанындағы жолдастарына кедергі келтірмеуді, барлық зейінін магнитофонға аударуды ескертеді. Мәтін магнитофоннан бір рет тыңдалады. Мәтіннің ішіндегі түсініксіз киын сөздер тактаға жазылады. Мұғалім мәтіндегі *о, ө, у, ұ, ү* дыбыстарының айтылуына тағы да баса назар аудару үшін екінші рет пленканы қайталап тыңдатады. Содан кейін осы мәтіндегі *о, ө, у, ұ, ү* дыбыстары мен келген сөздерді хормен қайталуды жүктейді. Бұдан кейін магнитофон пленкасына оқушы мынадай сөздерді жалған жазып тындап көреді: *орын, бәлішек, төртеу, өлке, кел, көк ала, жұлдыз, құдық, ұшқыш, ұқыпты, күлдіргі, күңгірт, күнбе-күн, көпсіну, күркіреу*. Оқушылар өз сөздерін бұрынғы «Азамат» мәтініндегі сөздерімен салыстыра тындап қайсы дыбыстарды, қайсы сөздерді, қайсы сөз тіркесін орфоэпия ережелеріне лайықты айту керек екендігіне көздерін жеткізеді.

§ 44. РАДИО МЕН ТЕЛЕДИДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ӘДІСТЕРІ

Оқушылардың ауызекі тілін, дұрыс айту дағдысын қалыптастыруда радио мен теледидардың мәні үлкен. Радио мен теледидар арқылы әдеби тіл нормасында, үлгісінде айтылған хабарлар жиі естіледі. Сондықтан да оны үзбей тындап, дұрыс қабылдап, оған еліктеп отырудың мәні бар. Радио мен теледидар арқылы берілетін хабарларда тәрбиелік мәні бар мәтіндер көп ұшырайды. Бірақ оқушылар хабарды тындау үстінде артистің немесе диктордың айтып тұрған сөзіне көңіл аудармай, негізінен сол хабардың мазмұнына

зейін салады. Оқушының көру дағдысы теледидар экранында болады. Сондықтан да радио мен теледидар арқылы оқушыладың көру есту дағдысын терең дәрежеде тәрбиелеу мұғалімнің басты борышы болып табылады.

Мектепте радио мен теледидарды пайдаланудан алдын бірсыпыра дайындық жұмыстарын жүргізіп алған жөн. Бұлар арқылы қандай жұмыстарды алып бару, оны қайтып орындау, қайсы хабарды көру мен бірге зер салып тыңдау сияқты басты мақсаттар көзделеді. Бұл тәрізді еңбек тәртібі көбінесе орфоэпиялық мәліметтерді практикалық дағдылармен бекіту барысында жүргізеді. Радио және теледидар арқылы орфоэпияға дағдыландыру жұмысы бір немесе бірнеше оқушылармен де жүргіледі. Жұмысты алдымен ұжымды (бірнеше оқушылармен) тыңдаудан бастаған жөн. Бірақ әрбір жеке оқушының жұмысы есепке алынып отырылуы қажет. Радио мен телевизиялық хабарды тыңдаудан алдын мына сияқты басты міндеттерді шешіп алған мақұл : а) қайсы хабарды қашан тыңдау, есіту керек екендігін белгілеу; ә) оқушылардың бос уақыттарын пайдалану ; б) сабақ үстінде пайдаланылатын хабарды анықтау; в) қайсы орфоэпиялық объектіге байланысты тыңдалатындығын айту. Бұл құралдар бойынша бір я бірнеше орфоэпиялық ережелерді пысықтап бекітуге болады. Радио мен теледидар бойынша жұмыс істеу әдісінің мына сияқты құрылымдық элементтері болатындығы байқалды : 1) радио мен теледидар арқылы берілетін хабарды оқушылар ұқыпты түрде тыңдайды ; 2) хабарды тыңдау процесінде керекті орфоэпиялық объектіні жазып жадында сақтайды; 3) дұрыс айтылған сөздерге еліктей отырып, оқушының өзі де дыбыстарды дұрыс айтып қайталайды.

Радиоқабылдағыш пен теледидар бойынша орындалатын машық магнитофон мен грампластинкаларда жазып алу арқылы жүргізіледі. Бұлар қайтадан жазып алынған мәтіннің дұрыс айтылу, есітілу жағын есте сақтау үшін үлкен қызмет атқарады. Магнитофон мен грампластинкаға жазып алуда мыналарды ескерген жөн : а) жазып алу үстінде бақылау жүргізудің нақтылы сұрақтарын дайындау; ә) тыңдау тұсында керекті объектілерді жазып отыру ; б) тыңдау кезінде қосымша (паралель) мәтіннің қажет немесе қажет еместігін айыру ; в) тыңдап болған соң, осыларға жалғастыра қандай

жұмыс жүргізуді қарастыру. Радио мен теледидарда берілетін хабардың дұрыс айтылу нормаларына сәйкес келетін жақтарын ескере отырып, магнитофон таспасына бір немесе екі хабарды жазып алған жөн. Себебі радио мен телевизияда берілген хабарды бір-ақ рет тыңдауға тура келеді, ол екінші рет қайталанып берілмейді.

Оқушылар магнитофон және грампластинкаға жазып алынған пленкадағы мәтіннің дұрыс айтылу жақтарын дұрыс тандап, әбден дағдыланып алған соң, оларға радио мен теледидар хабарларын бақылау жасайтын шағын тапсырма ұсынған абзал. Мәселен, “Балақай” деген хабарды тыңдап, *б* дауыссызымен келген сөзді жазып алындар да, сол сөздің айтылуын есте сақтандар. Алдын ала бұл сөздердің дұрыс айтылу нормасы, дыбыстардың алмасу тәртібі және сол сөздердің дыбыстық заңдылықтары хабарланып қойылады. Айталық, Жүсіпбек дегенде тұлғасы (құрамы) жағынан біріккен сөз, екі түбір, яғни *Жүсіп* және *бек* сөздері бірігіп тұр. Бұл сөздердің бастапқы түбір тұлғалары сақталып жазылады. Дыбыс үндестігінің ілгерінді ықпал заңы бойынша біріккен сөздің бірінші сынары қатаң дауыссыз дыбысқа бітіп, екінші сынары *б* дыбысынан басталса, сөйлеуде бірінші сөздің, сонындағы қатаң дыбыстың әсерінен екінші сөздің басындағы ұяң *б* дыбысы қатаң *п* дыбысына айналып айтылады.

Сондай-ақ осыған ұқсас тапсырманы теледидар арқылы орындатуға болады : Теледидардан “Эфирде жаналықтар” деген хабарды есіте отырып, “Қаныш Сәтбаев еңбегін Академияға алып барды” деген сөйлемдегі алып барды сөз тіркесін диктор қалай айтқандығын дәлелдендер. Оқушылар жоғарыдағы айтылған тапсырманы былай түсіндіреді: ілгерінді ықпал бойынша сөз тіркестерінің алдыңғы сынары қатаң *п* дауыссыз дыбысқа аяқталып, екінші сынары ұяң *б* дыбысынан басталса, алдыңғы қатаң дыбыстың әсерінен келесі сөздің басындағы ұяң дауыссыз дыбыс қатаңға айналып айтылады. Осы заңдылық бойынша диктор екінші сөздің басқы ұяң дыбысын қатаң дауыссызға айналдырып айтады. Бұдан кейінгі берілетін тапсырмалар күрделендіріле түсіріледі. Радио мен теледидар бойынша өздігінен жұмыс істеуде, оқушыларға күнделікті оқып жүрген қазақ тілі материалдарына байланысты тапсырмалар берген

мақұл. Мұндай ұйымдастырылған жұмыс білім мен дағдыларды бекіту, пысықтаудың ең өнімді де құнды амалдары болып табылады.

Оқушыларға орфоэпияны үйретуде өлең ұйкастарының айтылуы да үлкен қызмет атқарады. Ұйкас өлең тармақтарындағы сөз аяқтарының бірыңғай үндестігі және сөз соңының өзара дыбыстас естілуі болып табылады. Мұндай сөз аяқатырының үндесуі дыбыс жүйесі жағынан әртүрлі тәсілмен жасалады. Мектеп оқушыларына сөз соңындағы дыбыстар мен буындардың айтылуын меңгертудің орфоэпия үшін пайдасы мол. Сондықтан да орфоэпиядан білім мен дағды беруде өлең ұйкастарының мына тәрізді үндестіктері жете ескертіледі. Сөйтіп, мұны мұғалім төмендегі методикалық жүйе бойынша түсіндіреді: 1. Өлеңнің соңғы сөздері бірден үндесіп айтылады: *Астыма мінген атым Бұқпа қара, Шаң тисе, ақ бетіңе ыққа қара. Ауылыңның сырт жағынан ән салайын, Дауысымды танымасан, шық та қара!* (Халық өні). Бұл өлең тармақтарындағы *Бұқпа қара, ыққа қара, шық та қара* сөз тіркестерінің алдыңғы сынарының соңғы дауысты *а* дыбысының ықпалына байланысты кейінгі сынарының *қ* дыбысы *ғ* дыбысына айналып айтылады: *Бұқпа ғара, ыққа ғара, шық та ғара*. Сондай-ақ осы өлеңнің екінші тармағындағы *ақ бетіңе* сөз тіркестерінің екінші сөзіндегі басқы *б* дыбысының ықпалы нәтижесінде бірінші сөздің соңғы *қ* дыбысын *ғ* дыбысына айналдырып айтылады: *ағ бетіңе*. 2. Бірінші тармақтың соңғы сөзіне екінші тармақтың ақырғы сөзі бір-біріне жуық айтылады: *Біз еккен кездессеңдер көк шыбыққа, Құрмет ет, бір бұтағын жерге жықпа!* (С.Б.). Осы *еккен, кездессеңдер, шыбыққа* деген сөздердегі қатар келген дауыссыз қатаң дыбыстарының алғашқысы солғын, кейінгісі күшті есітіледі. 3. Өлең соңының соңғы буынындағы сөз тіркестерінің біркелкі үндесуі екінші тармақтың басқы бунағына ауысып айтылады да, екінші тармақтың соңғы сөзі, соларға жақын есітіледі: *Асау жүрек ақыны, аттай тулап, Аттай тулап, денені кетеді улап.* (Ж.С.). Бұл өлең тармақтарындағы *аттай* сөзінің алғашқы қатаң *т* дыбысы солғын, ал кейінгісі күшті дауыспен айтылады. 4. Өлең тармақтарының соңғы бунақтарындағы сөз тіркестерінің үндесуімен бірге басқы бунақтардың да сөз тіркестері бір-бірімен үндесіп айтылады: *Адам мөрт, тағдыр кенет*

жалт бергенде, Қалар серт, жете алмайды ант бергенде (К.Т.). Өлендегі *жалт бергенде, ант бергенде* сөз тіркестерімен қатар *адам мерт, қалар серт* сөз тіркестері буын үндестігі және дыбыс үндестігі заңдылықтары бойынша есітіліп айтылады. Мәселен, *жалт* деген төрт дыбысты бітеу буынмен *ант* деген үш дыбысты жуан тұйық буын үндесіп тұр. Сонымен бірге осы буындардың соңғы *лт* дыбыстар тіркесі *нт* дыбыстар тіркесі үнді, қатаң және үнді *қатаң* түрінде үндесіп тұр. Бұл буындардың жуан буын түрінде де және дыбыстар үндестігінің үнді мен үндінің, қатаң мен қатаңның үндесуінде де белгілі бір дұрыс айтылудың кепілі ретінде қызмет атқарады. Сондай-ақ, *бергенде* мен *бергенге* сөздеріндегі бітеу буындар мен ашық буынның жінішке буын түрінде айтылуы заңды да екендігі буын үндестігіне байланысты байқалады. Өлендегі *адам мерт, қалар серт* деген сөз тіркестері де, жоғарыдағылар тәрізді үндеседі.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Көрнекі әдістер не үшін қолданылады? 2. Көрнекі әдістердің қандай түрлері бар? 3. Кестені пайдалану әдістерінің құрылымын айтып беріңдер. 4. Карточкаларды пайдаланудың тәсілдерін түсіндіріңдер. 5. Радио мен теледидарды пайдалану әдістерінің құрылымдық элементтерін айтып беріңдер.

VII тарау

ОҚЫТУ ҚАЛЫПТАРЫ ТЕОРИЯСЫ

§ 45. ОҚЫТУ ҚАЛЫПТАРЫ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

Мектеп оқушыларына білім мен дағды беруде қазақ тілінен өтілетін оқыту қалыптарының мәні орасан. **Білім беру ісін ұйымдастырудың сыртқы әрекеті қалып** деп аталады. Мұғалімнің жүргізетін жұмыстары оқыту қалыптары бойынша алып барылады. Білім беруде мұғалім ойында мынадай мақсаттар тұрады: оқушыларға білім негіздерін түсіндіру, сол білімді бекітіп, талдап есінде қалдыру, алған білімін тексеріп отыру және өздігінен толықтырған білімдерін күнделікті өмір қажетіне пайдалана білу мақсаттары көзделеді. Қазақ тілінен білім мен дағды беруде, оқыту қалыптарының өзіндік белгілерін білудің мәні орасан. Ол белгілер мыналар: 1) сыныпта дайындық дәрежесі бірдей тұрақты оқушылар құрамының болуы; 2) белгілі бір сабақ кестесінің болуы; 3) оқыту қалыптарының белгілі бір орында (сынып кабинетте) жүргізілуі; 4) сабақ жоспары негізінде білім мен дағдының берілуі; 5) сабақта білім беру әдісінің жан-жақты қолданылуы; 6) барлық және жеке сынып оқушыларымен практикалық жұмыстардың жүргізілуі оқыту қалыптарының өзіндік ерекшелітеріне кіреді. Оқыту қалыптарын жетілдіре түсу оқу-тәрбие жұмыстарын ұтымды ұйымдастырумен тікелей байланысты. Оқыту мазмұнын тереңдетуде сабақтың сапасын арттырған мақұл. Сабақтың сапасы мұғалімнің жаңаша жұмыс істеуін, өз жұмысын анық бағытпен ұйымдастыруын талап етеді.

Оқыту мен оның құрылымын жетілдіру мектеп реформасының басқы міндеті болып табылады. Жас шәкірттерге ғылымның сан-алуан аясынан білім беріп, оларды тәрбиелеу үнемі сабақ барысында жүргізіледі. Мұғалім сабақтың тақырыбына лайықты мақсаттарын қоя отырып, оқушылардың жүйелі дағды алуын, уақытты дұрыс пайдалануын да-

мыта отырып оқытады. Сөйтіп ұстаз білім беру мен тәрбие жұмыстарын шебер сабақтастырғанда ғана сабақтың сапалық деңгейін жоғары сатыға көтере алады. Білім беру процесінде дидактика ғылымының озық жетістіктеріне негізделе отырып, оқушылардың ойлау қабілетін дамытатын сабақтың тиімді де тартымды жүйесін ұйымдастырудың мәні үлкен. Мұндай жұмыс мұғалімнің шығармашылық ізденісін кеңейтіп, көп еңбек етуге, көптеген білім беру құралдарын оқып, үйретуге, жаңа педагогикалық технологияны өз сабағында мейлінше пәрменді пайдалануға мүмкіндік туғызады. Сабақ өткізетін барлық сыныптарда бір түрлі білім беру құралдарымен жұмыс істеу мүмкін емес. Әрбір оқытушы білім берудің мазмұны мен көлемін дәл және тиянақты анықтауы тиіс. Оқушылар білімнің ғылыми негіздерінен жан-жақты мағлұмат алады. Сондықтан да бүгінгі сабаққа қойылатын дидактикалық-лингвистикалық талаптар күрделене түседі. Мұғалім оқушының сана- сезіміне әсер ете отырып, дұрыс пікірлеуге үйретеді. Сабақ өнімділігінің басты белгісі — оқушылардың сабақ үстіндегі белсенділігін арттыру, өзіндік жұмыстарды сапалы орындаудың тиімді технологиясын сұрыптау. Білім сапасын көп баллды рейтинг жүйесі арқылы тексеру оқушылардың жинақылық ой-өрісін дамытады. Оқыту қалыптары мазмұнына қарай мына сияқты тілдік материалдар негізінде іске асырылады: фонетика бойынша оқыту қалыптары, лексика бойынша оқыту қалыптары, морфология бойынша оқыту қалыптары, орфография бойынша оқыту қалыптары, орфоэпия бойынша оқыту қалыптары, синтаксис бойынша оқыту қалыптары, пунктуация бойынша оқыту қалыптары, тіл ұстарту бойынша оқыту қалыптары және тіл мәдениеті бойынша оқыту қалыптары болып жіктеледі. Сонымен бірге қосымша өтілетін сабақтар да алып барылады. Оқыту қалыптары мамандардың қатысына қарай ашық және жабық сабағы болып бөлінеді. **Мамандардың толық қатысымен өткен қалып ашық сабақ** деп аталады. Ал **мұғалімнің бір өзі қатысқан қалып жабық сабақ** деп аталады. Сабақ процесінде оқушыларға теориялық білім мен практикалық дағды берумен бірге дидактикалық мысалдар арқылы да тәрбие беруді ұмытуға болмайды. Сондықтан да мұғалім оқушылардың барлығына қазақ тілі материалдарын толық меңгертуі, қажетті білік, дағдыларды

игерту, сабақтың дамытушы және тәрбиелік қызметін іске асыруы тиіс. Ол үшін мұғалім материалды баяндау процесінде уақытты тежеп жұмсап оқушылардың толық түсініп бақылауына жағдай жасағаны мақұл. Сонымен бірге мұғалім оқушының білімге деген ықыласы мен қызығуын арттырып отырған жөн. Оқушылардың белседілігін арттыруда, олардың өз бетінше істеу жұмыстарын ұйымдастырып, іздеу, зерттеу іскерлігін дамытып отырған жөн.

Сабақта мұғалім мен оқушының ынтымағын нығайту мәселесі бірінші орында тұрады. Бұл — өзінен өзі іске аспайтын жұмыс. Мұғалімнің қазақ тілі сабағында оқушымен үнемі жүйелі жүргізген жұмыстарына байланысты қаралады. Мұғалім оқушыларға білім алудың қажеттілігін білдіреді де, олардың қолынан белгілі бір іс келетініне сендіреді. Мектепте өтілетін қазақ тілі материалдарын жинақтап, бір тақырыпқа біріктіріп сиыстыру, яғни білімді блоктау — сабақ уақытының негізгі резерві. Сабақтың әрбір кезеңін толық өз мақсатына қарай пайдаланғанда ғана білімді меңгеруге қажет уақыттың жалпы мөлшері кемиді.

Оқыту қалыптарын классификация жасау проблемасы киын да күрделі методикалық мәселелерден саналады. Осы күнге дейін методика теориясында сабақтарды классификация жасау мәселелері толық сөз етілмеген. Мектеп оқушыларына әрбір өтілетін білім мен дағды берілетіні белгілі. Сабақтың осы білім мен дағды беру ерекшелігіне қарай, оларды клссификация жасаудың өлшемдеріне мыналарды жатқызуға болады: 1. Сабақта оқушыларға қазақ тілінен теориялық білім негіздері меңгертіледі. Теориялық білім негіздеріне өтіліп отырған тақырыптың термині, тілдік материалдардың өзіндік белгілері, жасалу жолдары, анықтамалары мен ережелері кіреді. Сөйтіп оқушыларға білім көлемі мен білім жүйесі меңгертіледі. Оқу пәндерінің негізгі ұғымдары мен жетекші идеялары барынша айқын беріліп, оларда ғылым мен практиканың жаңа жетістіктерінің белгілі көлемде көрініс табуы қажет. 2. Оқушыларға қазақ тілінен практикалық дағды қалыптастырылады. Қазақ тілінен мектеп оқушыларына берілетін білім көлеміне лайықты дағды түрлері жаттықтырылады. Әрбір пән мен сынып бойынша оқушылар игеруге міндетті білік пен дағдылардың тиімді көлемі анықталуы тиіс. Оқушыларға берілетін білім көлемі теориялық мате-

риалдардың өзіндік белгілеріне сай тандалады. Сөйтіп оқушыларға дене дағдысы мен ой дағдысы беріледі. Дене дағдысына кинестетикалық түйсіктер: тамақ қуысы, ерін, тіс, тіл, тандай, дауыс шымылдығы, мұрын қуысы мүшелерінің қызметіне қалыптастырылады. Ой дағдысы материалдың өзіндік белгілерін, терминін, анықтамасы мен ережесін игертеді. 3. Оқыту қалыптарын классификация жасауда мектеп жөніндегі құжаттар негізге алынады. Жалпы білім беретін мектептерді дамыту, білім мазмұны тұжырымдамалары, базистік оқу жоспарлары, білім туралы заң, пәнді оқыту тұжырымдамалары, мемлекеттік білім стандарты құжаттарында сабақта білім мен дағды қалыптастырудың мәнін айырықша атап өтеді. Білім мен дағды беру міндеттері осы күнгі қазақ тілі бағдарламалары мен оқулықтарында да толық айтылған.

Оқыту қалыптарын классификация жасауда көрнекті методист-ғалымдардың пікірлері ескеріледі. Академик А.В.Текучев («Методика русского языка в средней школе», М., 1980, 23-бет) өзінің еңбегінде оқушыларға білім мен дағды берілетіндігін түсіндіреді. Ал профессор Л. П. Федоренко (Принципы обучения русскому языку, М., 1973, 73-бет) өз еңбегінде теориялық білім мен практикалық дағдының мәнін жан-жақты толық талдау жасайды. 5. Сабақта білім мен дағды менгерту проблемалары педагогика теориясында (Педагогика, курс лекций, под общей редакцией Г. И. Шукшиной ответственный редактор Е. Я. Голанта, К. Д. Радиной, М.1966, 268-бет) толық баяндалады. Сөйтін, жоғарыдағы айтылған өлшемдерге негізделе отырып, оқыту қалыптарын төмендегіше классификация жасауға болады: 1. Түсіндіру қалыптары. Бұған мына сабақтар кіреді: жаңа қалып, біріккен қалып, лекция қалпы, зерттеу қалпы, қосынды қалып, көрініс қалпы. Осы теориялық білімді түсіндіру қалыптары оқушыларға теориялық тілдік материалдарды игертуде іске асырылады. Жаңа қалып жана білім беру мақсатында жүргізіледі. Біріккен қалып өткен мен жаңаны ұштастыру мақсатында өткізіледі. Лекция қалпы тілдік теориялық материалдарды ауызша мазмұндап жеткізу мақсатында іске асырылады. **Іздендіру мақсатында жүргізілетін оқыту қалпын зерттеу сабақ** дейді. **Тіл мен математика ұғымдарының бірігуін қосынды қалып** дейді. Бірнеше сабақ элементтерінің қосындысын **көрініс қалпы** деп жүргізеді. 2. Пысықтау қалыптары. Бұларға

мына сабақтар жатады: практикум қалпы, конкурс қалпы, конференция қалпы, бекіту қалпы, семинар қалпы, қайталау қалпы, ойын қалпы. Пысықтау қалпы оқушылардың дене және ой дағдыларын ширату үшін өткізіледі. Бекіту қалпы оқушылардың қазақ тілінен күнделікті алған білімдерін нығайтып отыру үшін өткізіледі. Практикум қалпы тілдік материалдарға жаттықтыра түсу мақсатында өткізіледі. Конкурс қалпы оқушы ойынын жетіктігін байқау мақсатында жүргізіледі. Баспасөз конференция қалпы оқушылардың іскерлігі мен танымдық белсенділігін арттыру мақсатында өткізіледі. Семинар қалпы білім мен білік және дағдыны толықтыра түсу мақсатында жүргізіледі. Қайталау қалпы өткен қазақ тілі материялдарын оқушылар ойында толық қалыптастыру мақсатында өткізіледі. Ойын қалпы қазақ тілі материалдарын нығайта түсу мақсатында алып барылады. 3. Сынау қалыптары. Бұлар мыналар: тексеру қалпы, талқылау қалпы, сынақ қалпы, коллоквиум қалпы, рейтинг-тест қалпы. Тексеру қалпы оқушылардың қазақ тілінен алған білімдері қаншалықты меңгерілгендігін байқау мақсатында алып барылады. Талқылау қалпы оқушылардың ауызекі тіліндегі және жазба жұмыстарындығы жіберген қателерін арнайы талдау мақсатында өткізіледі. Сынақ қалпы қазақ тілінен алған білімі мен дағдысын бір жүйеге түсіру мақсатында жүргізіледі. Коллоквиум қалпы оқушылардың білімін бір ізге түсіру мақсатында алып барылады. Рейтинг-тест қалпы оқушылардың алған теориялық білімі мен дағдысын білікке айландырып, байқап көру мақсатында жүргізіледі.

Оқыту қалыптарын төмендегідей кестемен өрнектеуге болады:

Оқыту қалыптары технологиясы		
Түсіндіру қалыптары құрылымы	Пысықтау қалыптары құрылымы	Сынау қалыптары құрылымы
жана, біріккен, лекция, зерттеу, қосынды, көрініс (панорама) қалыптары	бекіту, практикум, конкурс, конференция, семинар, қайталау, олимпиада ойын қалыптары	тексеру, талқылау, сынақ, коллоквиум тест қалыптары

§ 46. ОҚЫТУ ҚАЛПЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Оқыту қалпының негізгі топтары сабақ құрылымдары элементтерінің жиынтығы болып табылады. Оқыту қалпының бұл құрылымдық элементтері әр түрлі методикалық жүйе бойынша іске асырылады. Қалыптың құрылымдық элементтері тәлім-тәрбие берудің мақсатына, материалдың өтілу тәртібіне, өзіндік белгілерінің санына, оқушының дайындық дәрежесіне қарай ауысып отырады. Мәселен, жаңа өтілетін материалдың өзіндік белгілері көп болған кезде, яғни, 5-тен артық болған уақытта мұғалім материалдың өзіндік белгілерін, олардың айырмашылықтарын, анықтамалары мен ережелерін түсіндіруден бастап практикалық дағдыларды өз бетінше іздендіріп орындауға жұмылдырады. Сондай-ақ өткенді еске түсіру, үй тапсырмасын беру және оны тексеру, өткенді сұрау және бекіту сияқты сабақ құрылымдары әр сабақ түрінде кездесіп отырады. Сонымен бірге мұғалім әр сабақтың құрылымдық элементтерін түрліше бағытта іске асырады. Мысалы, жаңа материалдың өзіндік белгілері ауырлау болған кезде, мұғалім осы материалды бірден, яғни, тақырыптың өзіндік белгілерін, жасалу жолдарын, олардың айырмашылықтарын және соларға лайықты тандалған дидактикалық мысалдарын түсіндіруден бастайды. Осыдан кейін тақырыптың өзіндік белгілеріне қарай анықтамалары мен ережелерін шығарады. Сонан соң осы материал бойынша оқушылардың өздерін іздендіріп, практикалық жаттығулар өткізеді.

Мұғалім жаңа материалды сыныпта меңгертіп, үй тапсырмасын бермеу мақсатында сабақтың құрылымдық элементтерін төмендегі жүйемен алып барады. Өткен материалды еске түсіре отырып, жаңа материалды жан-жақты меңгертеді. Оқулықтағы материалды бірер оқушыға дауыстап оқытады. Сонан соң осы өтіліп отырған жаңа материалға сай жаттығу жұмыстарын жүргізеді. Оқушылардың түсініп, меңгеруін есептей отырып, үй жұмысын тапсырмайды. Осы тәрізді сабақты біріккен сабақ түрімен іске асыруда оның мынадай құрылымдық элементтері қатысады. Мұғалім өткен материалды еске түсіріп, үй тапсырмасын тексереді және оны пысықтап қайталайды. Бұдан кейін өткен материалға байланыстыра отырып, жаңа материалдың өзіндік белгілерін

түсіндіреді. Жаңа материалдарға сай практикалық дағдылар құрамын алып барады. Осы тақырыпқа лайықты үй жұмысын тапсырады. Сондықтан да қазақ тілі сабағының құрылымдық элементтерін дұрыс танудың ролі орасан. Қазақ тілі сабағының құрылымдық элементтері мыналар: 1) өткенді еске түсіру; 2) тақырыптың көлемі мен жүйесін түсіндіру; 3) бекіту және қайталау мақсатында жаттығу жұмыстарын жүргізу; 4) үй тапсырмасын беру; 5) үй тапсырмасын тексеру; өтілгенді сұрау; 6) оқушылар жұмысына барлау жасау; 7) оқушылар енбегін бағалау.

Қалыптың бұл тәрізді құрылымдық элементтері істелетін жұмыстың мақсатына, материалдың көлемі мен жүйесіне қарай жүзеге шығарылады. Жазба жұмыстарын жүргізу, түрлі талдау жұмыстарын өткізу және дидактикалық материалдармен жұмыс істеу барысында түрліше уақытты, әр түрлі жұмыс тәртібін және түрлі әдістер мен тәсілдер жүйесін пайдалануды керек етеді. Сабақты тиімді де құнды әдістермен өткізу және оны жүйелі де жоспарлы жүргізу сабақ элементтерінің толық қатысуына мүмкіндік жасалады.

§ 47. ҮЙ ТАПСЫРМАСЫН БЕРУ

Үй тапсырмасын беру — қазақ тілін оқыту процесіндегі ең басты да қажетті оқыту қалпының құрылымдық элементтерінің бірі. Қазақ тілі бойынша оқушылардың теориялық білімді жете меңгермеуі көбінесе осы үй енбегін дұрыс ұйымдастырмаудың нәтижесінде пайда болады. Үй тапсырмасы сынып жұмысына байланысты түрде іске асырылады. Үй тапсырмасының көлемі оқушыларға оншалық ауырлық, қиындық тудырмайтындай дәрежеде және өткен тақырыпқа орай болуы қажет. Қазақ тілі бойынша берілетін үй енбегі белгілі параграфқа, анықтама, ережеге және оқулықтағы теориялық материалдарға сай жүргізіледі де, жазба түрдегі жаттығу жұмысының қатар жолдары 1-сыныпта 1-ден 2-ге дейін, 2-сыныпта 2-ден 3-ке дейін, 3-сыныпта 4-тен 5-ке дейін, 4-сыныпта 5-ден 6-ға дейін, 5-сыныпта 7-ден 8-ге дейін, 6-сыныпта 9-дан 11-ге дейін, 7-сыныпта 12-ден 15-ке дейін, 8-сыныпта 16-дан 20-ға дейін, 9-сыныпта 21-ден 25-ке дейін, 10-сыныпта 26-дан 30-ға дейін, 11-сыныпта 30-дан 35-ке дейін болады. Қазақ тіліне байланысты жүргізілген ме-

тодикалық эксперименттің жақсы нәтижелеріне қарағанда, үй тапсырмасын беру әр сыныпта оқушылардың төмендегі уақыт ішінде орындай алу мүмкіндіктерін ескере отырып беруді мақұлдайды: 1-сыныпта 13-15 минут ішінде, 2-3-сыныптарда 16-25 минут ішінде, 4-5-сыныптарда 26-30 минут ішінде, 10-11-сыныптарда 40-45 минут ішінде орындай алатындай еңбектер тапсырылады. Егер берілген теориялық материал оқушылардың меңгеруі үшін оншалық қиындық келтірмейтін болса, онда оларға бір тақырыпқа байланысты екі жаттығуды беруге де болады.

Мазмұнына қарай үй тапсырмасын фонетикаға, лексикаға, дыбыс жүйесіне, орфографияға, морфологиялық материалдарға, орфоэпияға, синтаксиске және тіл ұстартуға байланысты беріледі. Сонымен бірге үй жұмысы бір сабақ материалын және бірнеше сабақ материалдарына тиісті жүргізілуі мүмкін. Яғни бұл жаттығу жұмысы бекіту, пысықтау, қайталау және қорытындылау сабақтарына қарай тапсырылады. Белгілі бір тілдік құбылысқа орай берілген үй еңбегі үнемі қадағалап, тиянақты түрде орындағандарын тексеріп барған жөн. Үй еңбегіне берілетін дағдыландыру жұмыстары, көбінесе, белгілі құбылыстарды көшіріп дұрыс қойып жазу, буынға ажырату, сөздерді сөйлемге біріктіру, талдау мазмұндама және шығарма құру сияқты үлгілері тапсырылып отырылады. Сынып жұмысына қарағанда үй тапсырмасының көлемі кеңірек, аумағы көлемдірек болуы қажет. Мысалы, конспекттер түзу, қазақ тіліне байланысты сызба мен кестелер жаздыру, тілдік тапсырмалары бар мазмұндамалар мен шығармалар жаздыру, көркем әдебиет мәтінінен керекті анықтама, ережелерге байланысты мысалдар таңдау тәрізді жаттығуларды үйге тапсырып отыруға болады.

Үй тапсырмасын орындау — күрделі еңбектің бір түрі. Оқушы үй тапсырмасының шартына түсінбегендіктен, қызықпағандықтан, жалқаулықтан және ауырып қалғандықтан кәте орындайды немесе тіпті орындамайды. Сондықтан да үй еңбегі белгілі мақсатқа бағытталып, шарты дәл көрсетіледі. Онсыз мүмкін емес. Үй тапсырмасы оқушы білімінің дәрежесін терең білгенде ғана жүзеге асырылады. Үй еңбегін берерде жақсы оқитын және нашар оқушылардың үлгерімін есептей отырып тапсырған жөн: өтіліп отырған материалды бүкіл сынып оқушылары толық меңгерген мезетте ғана осы

тапсырмаға сәйкес жұмыс беріледі, олардың барлығына тең дәрежеде орындау талабы қойылады. Ал керісінше, оқылып отырған материалдың көлемі ауырырақ болып, оны жақсы оқушылар ғана меңгеріп, басқалары толық меңгере алмаса, ондайда жақсы оқитын меңгерушілерге қосымша творчестволық жұмыстар тапсырылады. Өйткені толық меңгерілмеген материалды қайталап оқу, біріншіден, оқушыларды зеріктіреді, екіншіден, ой-өрісінің кеңеюіне кедергі жасайды. Сондай-ақ, нашар оқитын оқушыларға жеке-жеке тапсырмалар береді. Оның орындалу-орындалмауы үнемі тексеріліп отырылады. Өйткені нашар оқитындарды жақсылар қатарына жеткізген жөн.

Қазақ тіліне қатысты материалдар сыныпта толық қалыптастырылса, соншалық оқушылар үйге берілген тапсырмаларды тез орындайтындай дәрежеге жетеді. Сондықтан да үй еңбегі мұқият түсіндіріледі, қандай қателер жіберілу мүмкіндігі ескертіледі. Мұғалім сабақ басталысымен үйге берілген тапсырмаға сәйкес дағдыны орындауды және оның өзіндік белгілері мен анықтама, ережелерін еске түсіреді. Мысалдарды таптыра отырып, материалды нашар үлгіретіндер әбден игеріп алғаннан кейін үйге берілген тапсырмалардағы қате объектілер бойынша жұмыс істейді. Мұғалім сабақ үстінде оқушының жазу жұмысындағы қатесін өзіне тапқызып, сол сөздің дұрысын сынып тақтасына жаздырып, дәптерлеріне көшіртеді. Сонан соң соған сәйкес сөздерді, яғни синоним сөздерді орфографиялық сөздіктен таптырады. Қандай қате жібергенін өзі дәлелдеуі өз еңбегіне жауаптылықпен қарауына зәрулік туады. Үйге берілген жаттығу жұмысы жазба түрде іске асырумен бірге ауызша түрде де орындалғаны абзал. Әрбір өтілетін жаңа материалдарға байланысты практикалық жаттығудың түрлері орындалуы қажет. Үй жұмысы оқушылардың осы керекті материалдардың жете меңгеруіне және толық түсуіне қарай берілгені жөн. Мұғалім үй тапсырмасын берер алдында, оның негізгі шарты мен мақсатын толық түсіндіріп, бірер үлгісін өзі көрсетеді. Осы жаттығудың үлгісін қалай орындау керек екендігін оқушылардан сұрайды. Оқушылар жаттығудың шартына қарай бірер сөйлемін өздері орындап та көреді. Сондай-ақ, мұғалім оқытылып отырған тілдік материалдарға байланысты мысалдар іздетіп, мәтіндер таңдатады. Үй тапсырмасын

сабақтың әртүрлі басқыштарында беруге болады. Көбінесе оқушылар енбегін бағалау алдында берген, тиімді деп есептеліп жүр. Үй тапсырмасының нөмірі, беті және орындалу шарты тактада көрсетілгені жөн.

§ 48. ҮЙ ТАПСЫРМАСЫН ТЕКСЕРУ

Үй тапсырмасын тексерудің теориялық білім мен практикалық дағдыны меңгертуде ролі үлкен. Үй енбегін тексеру үстінде өткен материал бекітіліп, берік түрде қайталанады. Тапсырманы жүйелі тексеру нәтижесінде оқушы мұғалімнен әртүрлі кеңес алады және ол туралы естіген, білгендері мықтап сақталады. Мұғалім үй тапсырмасын тексеру үстінде оқушылардың тапсырманы қалай орындағанын, қалай меңгеретіндігін және материалдың қайсы жері түсініксіз болғандығын қадағалайды. Осыған лайықты қандай дағдыны дамыту керек екендігін анықтайды. Сыныпта үй тапсырмасын тексеру төмендегі тәсілдермен алып барылады: а) бірнеше оқушылардан өткен теориялық материалдарды ауызша сұрау тәсілімен; ә) бірнеше оқушыларға карточкадағы мысалдарды дәлелдету тәсілімен; б) талдау жүргізу тәсілімен; в) оқытушы өзі отырған столдың жанына дәптерімен шақыру тәсілімен; г) дәптердегі жазылғандарын барлау тәсілімен тексеріледі. Мұғалім оқушылардың № 1 және № 2 дәптерлерін үнемі қадағалап, үйде тексерін отыруы абзал.

§ 49. ӨТКЕНДІ ОҚУШЫЛАРДАН СҰРАУ

Өткенді оқушылардан сұрау — қазақ тілі сабағының басты құрылымдық элементтерінің бірі. Бұл да үй енбегін тексеру сабағы сияқты оқушылар білімін анықтауда ең қолайлы, ең құнды элементтерден есептеледі. Сонымен бірге өткенді жаңа сабақпен байланыстыру үшін де қажетті элемент. Оқушылардан өткен материалдарды сұрау — жазба жұмыстарының түрлері диктант, мазмұндама, шығарма және талдау сияқты ауызша сұраудың бір формасы болып табылады. Өткенді сұрау сабақтың түріне, құрылымдық элементтеріне және оның мазмұны мен мақсатына, жаңа материалдың көлеміне байланысты жүргізіледі. Оқушылардан

сұрауды үй тапсырмасы барланып болғаннан кейін өткен материалды еске түсіру тұсында , талдау жұмысын жүргізу уақытында және бекіту процесі кезінде жүргізуге болады. Өткенді сұрауға 5-тен 7 минутка дейін жұмсауға болады. Оқушылардан сұраудың формасы әртүрлі болуы мүмкін. Мәселен, оқушының отырған орнында жауап беруі, тақтаның жанында жауап беруі және мұғалім столының жанында жауап беруі мүмкін. Сондай-ақ өткенді сұрау, бұрын өтілген материалдарды еске түсіруге және жаңа өткен материалдарды бекітуге орай да іске асуы қажет. Мұндай жағдайда кенейтілген түсіндірмелі жаттығуды жүргізудің пайдасы мол. Бұл жаттығуға бірнеше оқушы қатысады. Әрқайсысына жеке тапсырмалар беріледі. Мәселен, екі оқушы тақтада жұмыс істеп жатса, ал қалған үш-төрт оқушы парталарда карточкалар бойынша жұмыс жүргізеді. Сонда аз уақыт ішінде әрі сұралып, әрі бекітіліп пысықталады. Оқушыларға қойылатын баға сабақтың баға графигі бойынша сабақ соңында айтылады. Өткенді еске түсіру тұсында оқушылардың сөйлеу тіліне, дауыс ырғағына және ойын дұрыс бере білуіне назар аударған мақұл, оқушылардың жауабына барлық оқушыларды қатыстырып отырған жөн. Сондықтан да қадағалап, құлақ салып отырудың пайдасы мол.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Оқыту қалпы деп немі айтады? 2. Оқыту қалпының өзіндік белгілеріне нелер кіреді? 3. Оқыту қалыптарын классификация жасаудың өлшемдеріне нелер жатады? 4. Оқыту топтары мен түрлерін ажыратыңдар. 5. Оқыту қалпының құрылымын айтып беріңдер.

VIII тарау

ТҮСІНДІРУ ҚАЛЫПТАРЫ

ҚҰРЫЛЫМЫ

§ 50. ЖАҢА ҚАЛЫП

Қазақ тілінен өтілетін жаңа қалып жүйесі — сабақ процесінің ішіндегі ең күрделісі. Жаңа қалыпта оқушыларға жаңа теориялық білім меңгертіледі. **Жаңа қалып тың білім беру мақсатында жүргізіледі.** Жаңа құбылысты тану арқылы оқушылардың ой-өрісі, білім аясы, дүниеге көз қарасы және жалпы білім дәрежесі кеңейеді. Оқушыларға жаңа тақырыптың өзіндік ерекшеліктерін танытуда бұл сабаққа қойылатын мына сияқты негізгі талаптарды ескерген жөн: 1) өтілетін материалдың тақырыбы дәл, анық болуы; 2) түсіндірілетін негізгі логикалық ойлардың толық болуы; 3) өткен тақырып пен жаңа материалдың байланысты болуы; 4) жаңа тақырыптың көлемі таңдалып, өзіндік белгілері сараланып көрсетілуі; 5) жаңа білімге сай берілетін анықтамалар мен ережелердің дәл болуы; 6) жаңа тақырыпқа сай берілетін психологиялық дағды жаттығулардың көлемі жағынан ықшамды, жүйесі жағынан тиянақты болуы; 7) тіл дамыту жұмыстарының көзделуі қажет.

Сондай-ақ бұл қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беруде ерекше орын иелейді. Сондықтан да жаңа материалды түсіндіруде негізгі объектінің мынадай қасиеттері жете танытылады: тақырыптың аты айқындалады; тақырыптың көлемі мен өтілу жүйесі сұрыпталады; материалдың өзіндік белгілері бір-бірімен салыстырылып, тиісті тұжырымдамалар шығарылады; объектілерге сай анықтамалар мен ережелер айтылады және тақырыпқа лайықты дағдылар жүргізіледі. Сөйтіп түсініксіз құбылыстар меңгертіліп, оқушы санасына жаңа білім қорын жинақтайды. Оқушыларға жаңа білімді меңгертуде сабақтың өзіндік құрылымы да ерекше қызмет атқарады. Озат мұғалімдер тәжірибесі мен жүргізілген методикалық эксперимент материалдары-

ның нәтижесіне сүйене отырып, жаңа қалыптың мына сияқты құрылымын ұсынуға болады: 1. **Өткенді еске түсіру.** Сабақтың бұл процесі талдау жұмыстары арқылы жүзеге асырылады. Өткенді еске түсіру, өткен материалды сұрау, қайталау, пысықтау және үй тапсырмасын тексеру сияқты сабақ элементтерін қамтиды. Сұрақтар беру арқылы оқушылардан берілгенді сұрау сабақ процесінің құнын түсіреді. Сондықтан да өткенді еске түсіру қазақ тілі бойынша талдау ауызша және жазбаша түрде өткізіледі. Бұл сабақ негізінде өткен материал жаңа тақырыппен байланыстырылады, өткен материал пысықталып қайталанылады, үй тапсырмасы тексеріледі. 2. **Жаңа материалды түсіндіру.** Түрлі иллюстрациялар мен демонстрациялар негізінде оқылып материалдың көлемі мен жүйесін, негізгі белгілерін, жасалу жолдарын, тақырыптың бөгде материалдармен байланысын жүзеге шығарады. 3. **Қорытынды пікір ретінде оқытылып отырған материалдың өзіндік қасиеттерін ескере отырып, дәл анықтама мен ереже шығарылады.** 4. **Дағдыландыру жұмыстарын жүргізу.** Тақырыпқа тиісті бестен артық жаттығу жұмыстарының түрлері орындалады. 5. **Үй тапсырмасын беру.** Үй еңбегін қалай орындау жөнінде методикалық бағыттама (үлгі-нұсқау) айтылады. Бұл сабақтың өн бойындағы орындалған жұмыстардың нәтижесімен өлшенеді.

Оқушыларға жаңа білім беруде бұл сабақтың құрылымдық элементтері ерекше қызмет атқарады. Жаңа сабақтың құрылымдық элементтерін төмендегі уақыт мөлшерімен көрсетуге болады: 1) өткенді еске түсіруге 3-5 минут; 2) жаңа материалды танытуға 17-20 минут; 3) анықтама мен ереже шығаруға 2-3 минут; 4) дағдыландыру жұмысын жүргізуге 10-13 минут; 5) үй жұмысын тапсыруға 3-4 минут. Әрине, осы сабақты құрылымдық элементтерімен, оған арналған уақыт мөлшері қатып қалған нәрсе емес (стандартты емес). Материалдың көлеміне, ауырлық дәрежесіне қарай ішінара өзгертіп отыруға болады. Бірақ осы өзгертуде жоғарыда айтылған сабақ қаңқасын сақтаған жөн. Уақыттың артылуына және жұмыс жүйесінің ауысуына орай үй тапсырмасын тексеру, өтілгенді сұрау, өтілген тақырыппен жаңа материалды байланыстыру максатында қазақ тілі бойынша талдау жүргізу сияқты сабақ элементтері қатысуы мүмкін. Бұл сабақ элементтерінің қайсысынан кейін қою мәселелеріне

көңіл аударған мақұл. Сабақ элементтерінің орынсыз ауысуы, біріншіден, теориялық материалдың өзіндік белгісін толық түсіндіруге зиянын тигізеді, екіншіден, таңдап алынған практикалық дағдылардың түрлерін жүргізуге кедергісін жасайды, үшіншіден, уақыт жағынан үнемдеуге мүмкіндік болмай қалады, төртіншіден, сабақтың құрылымдық элементтерінің теориялық жүйесі бұзылады. Сондықтан да үй тапсырмасын тексеру өтілгенді сұрау, өткен тақырып пен жаңа материалды байланыстыру мақсатында жүргізілетін талдау, элементтерін өткенді еске түсіру процесі орнында немесе уақытты үнемдеу, жаңа материалды толық меңгерту және жаттығу жұмыстарын түгел жүргізу мақсатында жаңа материалды ұғындырып болғаннан соң жүзеге асыруға болады. Мұндай бағытпен құрылған методикалық жүйе жұмыс сапасының артуына септігін тигізеді.

Осы сияқты методикалық жүйенің іске асырылуына (реализация жасалуына) төмендегідей мысалдар келтірейік. Мәселен, жаңа сабақтың тақырыбы: Себеп бағыныңқы сабақтас сөйлем. Бұл материалды өтуден бұрын өткен материал еске түсіріледі. Өткен материалды еске түсіру үшін қарсылықты бағыныңқы сабақтасқа байланысты сөйлемдер таңдалады, олар тақтада және карточкада жазылады. Мынадай екі сөйлем карточкада жазылып, оқушыларға таркатып беріледі. *Абай Дәндібай сөзінен жақсы пейілді аңғарса да, ол кезде көмектерін аямаған-ды (М.Әуезов)*. Бұл сөйлемде қарсылықты бағыныңқының баяндауыштары шартты райлы етістікке да, де шылауы жалғас келуі арқылы жасалып тұр. Таң алдында бір сағат мызғығаны болмаса, Абай бұл түнді ұйқысыз өткізді (М.Әуезов). Бұл сөйлемдегі қарсылықты бағыныңқының баяндауышы шартты райдың болымсыз түрінен жасалып тұр. Оқушылар тақтада талдау жасайды. Мысалы: есімшеге көмектес септіктің жалғауы қосылуы арқылы жасалады. *Ұлберген кедей болғанымен, киім-кешектерін таза ұстайтын еді (С.Мұқанов)*. Есімшеге *-ша, -ше* жұрнағы жалғану арқылы жасалады. *Бір сөзді қайталай бергенше, менің комбайнді жүргізгенімді айтсайшы (Ә.Әбішев)*. *-а, -е, -й* жұрнақты көсемше түрінен жасалады. *Жастар білім жағынан артық бола тұра, тәжірибелі жұмысшылардың жәрдеміне мұқтаж болады екен (С.Мұқанов)*. Осындай жұмыстардан кейін жаңа материалды таныту жүйесі басталады. Алдымен

тактаға өтілетін материалдың тақырыбы жазылады. Сонан соң тактаның сол жағына себеп бағыныңқы сабақтастың кестесі ілінеді:

Себеп бағыныңқы сабақтастың жасалу жолдары

- | | | |
|------------|---|--|
| 1. Есімше | -қан,-дыктан,
-кен,-діктен.
-қан,-кен,-соң. | 1. Қонақтар көптен бері Абай-мен көріспегендіктен ғана, бүгін қонақша отыр (М.Ә.)
2. Айтқандарым жаққан соң, алыс-жақын тындайды. |
| 2. Көсемше | -па,-пе,-й
-ып,-іп,-п | 3. Сол жолы Асқардың стипендиядан басқа қаражаты болмай,бір мезгіл пристаньда қара жұмыс істейтін еді. (С.М.)
4. Қара басыма пайдасыз екен деп, мен көптің мұңын аяққа баса алмаймын (С.М). |
| 3. Етістік | -ты,-екен,-деп | |

Бұдан кейін тактаның оң жағына мына сияқты бірнеше сөйлемдер жазылады: 1. *Бұл тұн менің ең соңғы көрген дүнием болғандықтан, көп нәрселер әлі көз алдымда тұрады (М).* 2. *Күн сәулесі кеткендіктен, үйдің іші күңгірт еді (Ә.Ә).* 3. *Дәметкен жанды жазып кеткен соң, ол қуанып кетті. (М.Б).* 4. *Қуанышым қойныма сыймай, үйден шыға жүргірдім (Ә.С).* Мұғалім кестедегі мысалдарды және тактада жазылған сөйлемдерді 3-4 оқушыға дауыстап оқытады. Сонан соң себеп бағыныңқы сабақтас сөйлемнің өзіндік белгілері мына тәртіппен түсіндіріледі. (Бұл тақырыпты түсіндіруде көбінесе түсіндіру әдісі қолданылады).

Алдымен мұғалім себеп бағыныңқылы сөйлемдердің *неліктен? не себепті? неге? не деп?* деген сұрағына жауап беретіндігін бағдарлайды. Бұдан кейін себеп бағыныңқының баяндауыштары мынадай жолдармен жасалатындығы түсіндіріледі. 1) себеп бағыныңқының баяндауыштары есімшенің өткен шақ формасына *-дық -тан* деген жұрнақ пен жалғаудың қосылуы арқылы жасалады: *Қастарында көлденең кісілер болғандықтан, Оспан Абайға айтам деген оқшау сөзін бастаған жоқ;* 2) себеп бағыныңқының баяндауышы кейде есімшенің өткен шақ формасына *соң шы-*

лауы тіркесуі арқылы жасалады; Аяғын баса алмаған соң, еңбектеп есікке келді; 3) себеп бағыныңқының баяндауышы көсемшенің -й жұрнағына біткен болымсыз түрінен жасалады: Мұғалімнің сөйлегеніне Кәрім шыдап отыра алмай, біресе орнынан ұшып тұрады, біресе отырады; 4) себеп бағыныңқының баяндауышы ашық райлы етістікке деп көмекші етістігінің тіркесі арқылы жасалады: *Тәуекелі мен қайраты бар еді деп, осы батыр жігіт Манасты әдейі Абай хабарын әкелуге жұмсапты.* Бұдан кейін мұғалім себеп бағыныңқы сабақтастың баяндауышының жасалу жолдарына байланысты мысалдарды айтады. Баяндауышының жасалу жолдарын ауызша талдап көрсетеді. Сөйтіп, себеп бағыныңқы сабақтастың жоғарыда айтылған өзіндік белгілерінің беретін мағынасына сәйкес мынадай анықтама айтылады. **Бағыныңқысы басыңқыда айтылған ойдың себепін білдіретін сабақтастың түрін себеп бағыныңқы сабақтас** дейміз.

Мұғалім жоғарыда айтылған себеп бағыныңқылы сабақтастарды оқушылардың ойында терең қалдыру үшін, төмендегі құрамда дағдыландыру жұмыстарын жүргізеді: 1) оқулықтағы тақырыпты дауыстап оқып шығындар (тақырыпты екі оқушыға дауыстап оқытады); 2) кестедегі және тақтадағы жазылған мысалдарды дауыстап оқып шығындар; 3) оқулықтың 37-ші бетіндегі 36-жаттығудың шартын орындандар. Жаттығудың шарты: Себеп бағыныңқы сабақтастарды көшіріп, баяндауыштарының астын сызындар да, жасалу жолына түсінік беріндер; 4) себеп бағыныңқы сабақтас сөйлемнің өзіндік белгілеріне бір-бір мысал табындар; 5) себепсалдар сабақтас сөйлемді себеп бағыныңқы сабақтас сөйлемге айландырып жасау жолын түсіндіріп беріндер; 6) себеп бағыныңқы сабақтас сөйлемнің өзіндік белгілерін кірістіре отырып, бір тақырыпта шағын шығарма жазындар. Бұдан кейін мұғалім себеп бағыныңқы сабақтасқа орай үй тапсырмасын береді. Үй тапсырмасының параграфы, беті, нөмірі және жаттығудың шарты көрсетіледі.

§ 51. БІРІККЕН ҚАЛЫП

Оқушыларға теориялық білім беруде біріккен қалып үлкен қызмет атқарады. Біріккен қалыптың термині сабақ құрылымдарының бір-біріне кірігуіне орай жасалған. Са-

бактың құрылымдық элементтері бірімен-бірі байланысып, бірін-бірі толықтырып отырады. Біріккен сабақта оқушыларға теориялық мәлімет берілумен қатар өткен материалдар да еске түсіріледі, яғни оқушыларға берілетін жаңа білім танытылумен бірге өткен тақырып та қайталанып отырады. **Осы сабақта жаңа білім беру элементі мен өткен сабақты бекіту элементі болғандықтан, мұны *біріккен қалып* деп атайды. Бұл сабақты бұрын *аралас сабақ* деп те атап келді.** Мұның жүргізілу мақсаты, құрылымдық элементтері, өткізілу жүйесі жаңарғандықтан біріккен сабақ деп өзгертуге тура келді. Біріккен сабақта жаңа материалға да байланысты жаттығу жұмыстары жүргізіледі, осылар арқылы қайталап пысықталады. Жаттығуда біріккен сабақпен жүргізуде мынадай талаптарды ескерген жөн: 1) материалдың көлемін анықтаған жөн; 2) өткен материалдың ауырлық дәрежесін ескеріп отырған мақұл; 3) жаңа және өткен материалға сай дағды түрлері іріктеп алынуы тиіс.

Жаңа және өткен материалға байланысты нақтылы сабақ жоспары жасалуы қажет. Біріккен сабақтың құрылымдық элементтері төмендегі уақыт мөлшерімен өлшенеді: 1. Жаңа материалды түсіндіру — 17-20 минут. 2. Қорытынды пікір ретінде анықтамалар мен ережелер шығару — 2-3 минут. 3. Ауыспалы жаттығу жұмыстарын жүргізу — 10-13 минут. 4. Өткен материалды еске түсіру — 4-6 минут. 5. Үй тапсырмасын беру 2-3 минут. Біріккен сабақтың құрылымдық элементтері төмендегі методикалық жүйе бойынша іске асырылады. Алдымен мұғалім өтілетін тақырыпты тақтаға жазады: Қимыл-сын бағыныңқы сабақтас сөйлем. Бұдан кейін қимыл-сын бағыныңқы сабақтас сөйлемге сай кесте тақтаның сол жағына ілінеді:

Қимыл-сын бағыныңқы сабақтастың жасалу жолдары: баяндаушы, көсемше, есімше; тұлғалық белгісі, *-ып, -іп, -п; -а, -е, -й; -қан+дай, -ген+дей, -болып, -қан күйі, -ген қалпында, -па+с+тан, -бе+с+тен, ме+с+тен*; сұрауы мен мысалдары: калай? қайтіп? қайтпестен? не етпестен? не етіп? 1. *Біреулер кітап оқып, біреулер шахмат ойнап отыр (Т. Ә)* 2. *Бұл кезде Тұрақұл да өздігінен сөз бастай алмай, қымсына берді (С. Б);* 3. *Ол өзінің тәуір жүгіретінін мақтаныш еткендей, артына жалтақ-жалтақ қарап қойып келеді (Б.С).* 4. *Сапар бұған қарсылық білдірместен, Жарқын мезгеген тұсқа барды (М.И).*

Сонан соң мұғалім тақтаның оң жағына мына сияқты сөйлемдерді жазады: 1. *Сұрғылт тұман дым бүркіп, Барқыт бешпент сулайды (Абай).* 2. *Жаңа талып қалғандай, Әбіш ешбір белгі бермей сұлқ жатты. (М.Әуезов).* 3. *Күдері сөзінен Жақыпбектің де жүрегіне жып-жылы бір сезім құйылғандай болып, орнынан ұшып түрегелді (М.И).* 4. *Бала қоңырқай сопақша беті күреңденген күйі, еріксіз үзілген жұмысына қайта кірісті (К.Е).*

Осыдан соң мұғалім 3-4 оқушыға кестедегі және тақтадағы жазылғандарды дауыстап оқытады. Сонан соң қимыл-сын бағыныңқы сабақтастың өзіндік белгілерін мына тәртіппен түсіндіреді. Қимыл-сын бағыныңқы сөйлем қалай? қайтіп? қайтпестен? нетіп? нетпестен? деген сұрауларға жауап береді. Қимыл-сын бағыныңқының баяндауыштары төмендегі жолдармен жасалады: 1. Қимыл-сын бағыныңқының баяндауыштары көсемшенің -а, -е, -й және -п, -ып, -іп жұрнақты түрлерінен жасалады. *Жылтыр мұзда ешбір салмақ түсірмей, шана өзі сырғанап келе жатқан тәрізді (Ә.С.).* 2. Қимыл-сын бағыныңқының баяндауышы есімшеге -дай, -дей, жұрнағы жалғануы арқылы жасалады. *Жаңа ғана талып қалғандай, Әбіш ешбір белгі бермей сұлқ жатты.* -дай, -дей жұрнақты есімшеден кейін *етіп, болып* көмекші етістіктері тіркесуі арқылы жасалады. *Күдері сөзінен Жақыпбектің де жүрегіне жып-жылы бір сезім құйылғандай болып, орнынан ұшып түрегелді.* 4. Қимыл-сын бағыныңқының баяндауышы есімшеден кейін, *күйін, күйінде, қалпы, қалпында, бетте* деген көмекші есімдердің тіркесуі арқылы жасалады. *Бала қоңырқай сопақша беті күреңденген күйі, жұмысына қайта кірісті.* Осы тәрізді мысалдармен бірге мұғалім карточкалы дәптерден бірнеше сөйлемдерді атайды. Ондағы қимыл-сын бағыныңқы сабақтас сөйлемдердің баяндауыштарының астын сыздырады. Оқушылар жоғарыдағы айтылған нақтылы мысалдарға сүйене отырып, қимыл-сын бағыныңқы сабақтас сөйлемге мына сияқты анықтама береді.

Бағыныңқысы басыңқыдағы істің, амалдың қалай орындалғанын білдіретін сабақтастың түрін қимыл-сын бағыныңқы сабақтас дейміз. Осыдан соң жаңа тақырыпқа және өткен материалға байланысты ауыспалы жаттығу жұмыстары жүргізіледі: 1. Оқулықтағы қимыл-сын бағыныңқы сабақтас тақырыбын дауыстап оқып шығындар. 2. Қимыл-

сын бағыныңқының баяндауыштары есімшеге *-дай, -дей* жұрнағы жалғануы арқылы жасалатындығына сөйлем атаңдар. 3. Қимыл-сын бағыныңқының баяндауыштары есімшеден кейін *күйін, күйінде, қалпы, қалпында, бетте* деген көмекші есімдердің тіркесуі арқылы жасалатындығына сөйлем іздендер. 4. Қимыл-сын бағыныңқы сөйлемдерді қимыл-сын пысықтауышы бар жай сөйлемдерге айналдырындар. 5. Берілген мәтіннен қимыл-сын бағыныңқылы сөйлемдерді теріп жазып, астын сызындар. 6. Қимыл-сын бағыныңқының баяндауыштарының жасалу жолдарын еске түсіре отырып үш сөйлем құраңдар.

Осы жаттығулардан кейін өткен тақырып: Мезгіл бағыныңқы сабақтас сөйлемдерге байланысты мұғалім оқушыларға мынадай сұрақтар береді: 1. Мезгіл бағыныңқы сабақтас сөйлем қандай сұрақтарға жауап береді? 2. Мезгіл бағыныңқы сабақтас сөйлем дегеніміз не? 3. Мезгіл бағыныңқының баяндауыштары қандай жолдармен жасалады? Бұдан кейін мұғалім өткен материалды толық еске түсіру үшін оқушыларға мынадай карточкаларды таркатып береді: **1-карточка.** *Жаннейіс үйге кіріп кеткенде, Асқар мен Ержан тыста қалды (С.М.).* Мұнда мезгіл бағыныңқының баяндауышының есімшеге жатыс жалғауының жалғануын дәлелдеу. **2-карточка.** *Жалғыз тамшы қаны қалғанға шейін, халық ісі үшін күресетіндігіне ол ант етті («Ана тілінен»).* Осындағы бағыныңқы сөйлем баяндауышы есімшенің барыс жалғаулы түріне *шейін, дейін* шылауының тіркесуі арқылы жасалатындығын талдау. **3-карточка.** *Біраз жүргеннен кейін, әкесінің қолынан бір шие жерге түсіп кетті (Ы.А.).* Мұндағы бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы есімшенің шығыс жалғаулы түріне кейін, соң, бері шылауларының бірі тіркесуі арқылы жасалатындығын дәлелдеу. **4-карточка.** *Біреу күн шықпастан бұрын, тау жақтан желдіріп келеді (Т.С.).* Осындағы бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы шығыс жалғаулы есімшеге *бұрын* шылауы тіркесуі арқылы жасалатындығын талдау. **5-карточка.** *Әңгіме жалпақ елдің жсайына келеген кезде, Абай шешіле түсті (М.Ә.).* Мұндағы бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы есімшеге *кезде, күнде, уақытта, шақта* деген мезгіл мәнді сөздердің бірі тіркесуі арқылы жасалатындығын дәлелдеу. **6-карточка.** *Аттылар жақындаған сайын, Төрегелдінің жүрегі орнына түсе бастады.* Осындағы ба-

ғыныңқы сөйлемнің баяндауышы есімшеге *сайын* шылауы қосылуы арқылы жасалатындығын талдау. **7-карточка.** *Жамбыл — Жамбыл болғалы, есіткен талай батырды (Ж.Ж.).* Мұндағы бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы көсемшенің *-ғалы, -гелі, -қалы, -келі* жұрнақты түрі арқылы жасалатындығын дәлелдеу.

Мұғалім осыдан кейін жаңа материалға байланысты үй тапсырмасын береді. Үй тапсырмасы төмендегі методикалық жұмыс жүйесі бойынша орындалады: 1. Алдымен оқулықтың беті, параграфы, жаттығудың нөмірі, беті тактаға жазылады (Мәселен, 40-41-беттер, 43-жаттығу, 43-бет). 2. Жаттығудың шарты оқытылады: Көп нүктенің орнына бағыныңқының ыңғайына қарап өз ойларыңнан басыңқы сөйлем тауып, кимыл-сын бағыныңқы сабақтас жасаңдар да, жасалу жолын түсіндіріңдер. 3. Жаттығудың біріер үлгісі көрсетіледі. 4. Біріер оқушыдан жаттығуды қалай орындау керек екендігі сұралады.

§ 52. ЛЕКЦИЯ ҚАЛПЫ

Мектеп оқушыларына қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беру процесінде лекция қалпын өткізіп отырудың пайдасы мол. Лекция қалып түсіндіру қалыптары тобына кіреді. Лекция — гректің *lectio* — *оқу* деген сөзінен алынған термин сөз. Бұл — оқытудың бір қалпы. Лекция мұғалімнің белгілі бір тақырыпты ауызша мазмұндап түсіндіруі, оқушы алдында баяндама жасауы, арнайы тақырыпқа хабарлама беруі дегенді білдіреді Сондықтан да тілдік теориялық материалды ауызша мазмұндап жеткізу мақсатын көздейтін жұмыс қалпын (формасын) *лекция-сабақ* деп атайды. Оқушыларға лекция қалпы формасымен білім беруде, олардың мынадай дағдылары дамып қалыптасады: 1) ауызша мазмұндап түсіндіруде оқушылардың сөздік қоры молаяды; 2) оқушылардың қолы ширайды, сөйлегенде өрнекті сөз тіркестерін табады; 3) сөз, сөйлем оралымдарын іздеп, оларды орынды жерінде қолдана білуге дағдыланады; 4) әдеби тілде дұрыс сөйлей білуге машықтанады; 5) оқыған мәтінін мазмұндап айтып беруге жаттығады; 6) жоспарлы түрде өз пікірін мазмұндап түсіндіріп, баяндап жеткізуге төселеді; 7) жарыс, сөз сайысын дұрыс

ұйымдастыра алады; 8) мазмұндама, шығарма жұмыстарын дұрыс жазуға дағдыланады.

Сондай-ақ лекция қалып түріне қойылатын мынадай талаптарды ескеріп отырған мақұл. Әрбір сыныпқа арналған қазақ тілі бағдарламасынан лекция қалып тақырыптары дұрыс іріктеліп алынуы қажет, тілдік фактілердің өзіндік белгілері мен жасалу жолдары, анықтамалары мен ережелері оқушылардың ойлау дәрежелері мен жас ерекшеліктеріне сай болуы тиіс, тілдік материалдарды түсіндіруде, баяндауда логикалық бір ізділік жүйесі сақталуы қажет. Мұндай бір ізділік мектеп оқушылардың ойлау қабілетінің дұрыс өсіп, олардың меңгеретін білімдерінің дәл де айқын, тұрақты да берік болуын қамтамсыз етеді. Сонымен бірге мұғалімнің түсіндіруі, баяндауы эмоциялы болуы тиіс. Осындай баяндау оқушылардың ақыл-ойын дамытып, ішкі психологиялық сезімін өрістетеді. Тілдік материалдардың мазмұнын түсіндіріп баяндауда мұғалімнің тілі, дикциясы анық, пікірі айқын, әдеби тілмен сөйлеуі және ұқыпты тыңдауға оқушылардың назарын аударуы талап етіледі. Мұғалім лекция сабақ түрін сапалы өткізу үшін, оған ерекше дайындық көреді. Мектеп мұғалімінің лекция қалып дайындығы мынадай мәселелерді қамтуы қажет: мұғалім тілдік тақырыптардың мақсатын анықтап алады, тақырыпқа тиісті көрнекі құралдарды дайындайды, оқулықтағы тілдік материалдардың көлемін анықтайды, тақырыпқа тиісті негізгі және қосымша әдебиеттерді сұрыптайды, тақырыпқа жанасатын проблемаларды іріктейді, тақырыпты конспект жасайды.

Мұғалім оқушыларға тілдік материалдарды лекция сабақ формасымен жеткізуде, алдымен осы сабаққа арнайы жасалған жоспарды ұсынады, оны тактаға немесе көрнекі құралға жазып қояды. Сонан соң баяндалатын тақырыптың мәні мен мақсатын қысқаша шолып өтеді. Тақырыптың мазмұнын конспект бойынша баяндау үстінде тілдік материалдардың бір-бірімен байланысын, өзіндік белгілерін, жасалу жолдарын мұғалім нақтылы фактілермен талдау жасайды. Баяндау нәтижесінде пайда болған тұжырымды қорытындыларды мұғалімнің өзі жасайды. Мұғалім түсіндірілген тілдік материалдарды толық меңгерту үшін, негізгі өзіндік белгілер мен анықтама, ережелерді тағы да бір рет қайталап, олардың түсінігін байқап көреді. Тақырыпты баяндау ба-

рысында мұғалім дауыс ырғағымен оқушылардың зейінін бір нүктеге аударады. Сонымен бірге мұғалім тақырыптың негізгі өзіндік ерекшеліктерін (лексикалық, фонетикалық, грамматикалық қасиеттерін) жайлап оқып, ауызша мазмұндап немесе қайталап айтып оқушылардың жазып үлгіруіне жағдай жасайды. Лекция барысында түсініксіз сөздер мен термин сөздерді тақтаға жазып түсіндіреді. Мектеп оқушыларына оқылатын лекция қалыпы қазақ тілі бағдарламасы бойынша өтілетін тілдік тақырыптардың өзіндік ерекшеліктері түгел қамтылып баяндалады. Осы лекция қалпында бұрын өткен материалдар қысқаша пысықталады. Белгілі бір сұрақтар беру арқылы өткен тақырыптар еске түсіріледі. Сонымен бірге бұл сабақта үй тапсырмасын беруге болады. Өтіліп отырған тақырып бойынша оқушылар сұрақтар береді, оған мұғалім жауап қайтарады. Мұғалім лекция қалпы барысында басқа теориялық әдістердің элементтерін пайдаланып отырады. Мұның өзі лекция қалыптың тиімді де сапалы өтілуін қамтамсыз етеді. Сондықтан да мұндай лекция қалып түрлі әдіс элементтерімен өткен сабақ деп аталады.

Мұғалім лекция барысында оқушылардың конспект дәптерлеріне ерекше назар аударады. Конспект дәптерлеріне оқушылар мамұндалып отырған тілдік материалдардың керекті, менгеруге қиын өзіндік белгілерін, тұрақты сөз тіркестерін, мақал мен мәтелдерін, қолайлы сөз, сөйлем оралымдарын жазады. Конспект дәптерлерін мұғалім қадағалап тексеріп, оқушылардың айтылғандарды дұрыс жазып алу дағдыларын өсіруде көмектеседі. Мұның өзі семинар сабақ пен диспут сабақ түрлерін сапалы өткізуге септігін тигізеді. Лекция қалып өзінің мазмұнына қарай мынадай түрлерге жіктеледі: лексика бойынша өтілетін лекция қалып, фонетика бойынша өтілетін лекция қалып, морфология бойынша өтілетін лекция қалып, орфография, орфоэпия, пунктуация бойынша өтілетін лекция қалып, синтаксис бойынша өтілетін лекция қалып, тіл ұстарту бойынша өтілетін лекция қалпы. Сондай-ақ лекция қалып көлеміне, өткізілу мақсатына қарай төмендегі топтарға ажыралады: *1. Түсіндіру лекциясы. 2. Баяндау лекциясы. 3. Шолу лекциясы.*

Түсіндіру лекциясы — басқа лекция сабақтарға қарағанда көлемі жағынан шағын жұмыс формасы. Бұл лекция қалып V-VII сыныптар көлемінде, уақыт жағынан 20-25 минут

ішінде өткізіледі. Сабақты өткізуде түсіндіру әдісінің құрылымдық элементтері пайдаланылады. 1. Мұғалім оқушыларға көрнекі құралдағы мысалдарды дауыстап оқытады. 2. Тақырыптың өзіндік белгілерін тәртіппен түсіндіреді. 3. Материалдың өзіндік белгілерін жинақтайды. 4. Тақырыпқа тиісті анықтамалар мен ережелерді шығарады. 5. Оқушылар материалға байланысты практикалық дағдылар түрлерін орындайды. Түсіндіру лекциясы әр сыныпта төмендегі тақырыптар бойынша өткізіледі: дыбыс пен әріп, жуан және жінішке дауыстылар, *у, и* әріптерінің емлесі, тасымал, омоним сөздер, қосымша, жіктік жалғау, жалпы есім мен жалқы есім, сын есімнен сын есім тудыратын жұрнақтар, сабақты және салт етістік; біріккен сөз бен сөздер тіркесі сынарларының кейінді ықпалы, орфография мен орфоэпия туралы түсінік, жалпылама қолданылатын сөздер мен терминдер. көнерген сөздер мен неологизмдер, макал мен мәтелдер, орфографиялық сөздік, қысқарған сөздер және олардың емлесі, зат есімнің тәуелденуі, барыс септік, реттік және жинақтық сан есімдер. жіктеу және септеу есімдіктері, көсемше туралы түсінік, өзгелік етіс, негізгі етістік пен көмекші етістік, өткен шак және оның түрлері, тұйық етістік, үстеулердің құрамына қарай түрлері, негізгі еліктеуіш сөздер мен туынды еліктеуіш сөздер, септеуліктер; сұраулы сөйлем, қиысу, дара және күрделі бастауыш, баяндауыштын жасалуы, бастауыштан кейін қойылатын сызықша, дара және күрделі толықтауыш, анықтауыш және анықтауыш болатын сөз таптары, мекен және мезгіл пысықтауыштар, бірынғай мүшелердің тыныс белгілері, қыстырма сөздер және оның тыныс белгілері.

Баяндау лекциясы түсіндіру лекциясына қарағанда көлем жағынан кең, мақсаты мен айтылатын пікірлері жағынан күрделілеу болып келеді. Мұнда лекция сабақ элементтері толық қолданылады. Сондықтан да бұл сабақты толық элементті сабақ деп жүргізеді. Баяндау лекциясы VIII-IX және X-XI сыныптар көлемінде, уақыт жағынан 25-30 минут ішінде өткізіледі. Мұғалім баяндау лекциясын саналы да тиімді өткізу үшін, алдымен лекция тезисін, сабақтың күрделі жоспарын жазады. Лекция тақырыптарын жоспарларға бөліп, қаралатын проблемаларды сұрыптап алады. Сонан соң баяндау лекциясын өткізудің әдіс-тәсілдерін іріктейді. Мәселен, бұл сабақты жүргізуде әңгіме, түсіндіру,

хабарлау әдістерінің құрылымдық элементтерін іске түсіреді. Мұғалім осы сабақты жүргізу процесінде қайсы әдіс элементтерін пайдалануды өзі тандап алады. Баяндау лекциясы тілдік материалдарды монологтық сөйлеу әдісі жүйесі бойынша алып барылады. Мұнда мұғалімнің сөзі, түсіндіруі басым болады. Ал түсіндіру лекциясы болса, диалогтық сөйлеу әдісі жүйесіне бейімделеді. Өйткені мұнда мұғалім мен оқушылардың сөйлесуі тепе-тең келеді. Қазақ тілінен баяндау лекциясын өткізуде, оның ішкі органикалық бірлігін білудің методикалық мәні орасан. Осы органикалық бірлік баяндау лекциясының ішкі құрлымын белгілейді. Ал бұл құрылым белгілі бір элементтерден тұрады. Баяндау лекциясының құрылымдық элементтері мынадай уақыт мөлшерімен өлшенеді: 1. Лекцияның тақырыбы тақтаға жазылып, көрнекі құралдар ілінеді — 1-2 минут. 2. Оқулықтың және қосымша дидактикалық материалдардың беттері айтылып, негізгі проблемалар жаздырылады — 4-5 минут. 3. Лекция мазмұны баяндалады — 25-30 минут. 4. Сұрақтар қойылады — 2-3 минут. 5. Тұжырымды қортындылар жасалады — 1-2 минут. 6. Берілген сұрақтарға жауап қайтарылады — 2-3 минут. Баяндау лекциясына мынадай тақырыптарды ұсынуға болады: құрмалас сөйлем туралы жалпы түсінік, қарсылықты салалас сөйлем және оның тыныс белгілері, төл сөз бен автор сөзі және олардың орын тәртібі, тіл ұстарту түрлері мен амал-тәсілдері, тіл туралы мәлімет, қазақ тілі — қазақ халқының ұлт тілі, қазақ тілі — мемлекеттік тіл, әдеби тіл, қазақ тілінің дамуы.

Шолу лекциясы қазақ тілі бағдарламасындағы өткен тілдік салалар мен олардың құрамына енетін тақырыптарды жинақтап қайталау мақсатында өткізіледі. Сондай-ақ, шолу лекциясы бастапқы, мерзімді және қорытынды қайталау түрлерінде де жүргізіледі. Шолу лекциясы VIII-IX және X-XI сыныптар көлемінде, уақыт жағынан VIII-IX сыныптарда 30-35 минут, X-XI сыныптарда 35-40 минут арасында алып барылады. Сондай-ақ, шолу лекциясына төмендегі тақырыптарды ұсынуға болады: бастапқы қайталау — сөздердің байланысу түрлері, сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері, сөйлемнің бірыңғай мүшелері мен айқындауыш мүшелері, окшау сөздер, жай сөйлемнің түрлері; мерзімді қайталау-қазақ тілінің фонетикасы туралы, қазақ тілінің

лексикологиясы, қазақ тілінің грамматикасы және оның салалары; қорытынды қайталау — салалас құрмалас сөйлем және оның түрлері, сабақтас және аралас құрмалас сөйлемдер, төл сөз бен төлеу сөздер және олардың тыныс белгілері, тіл ұстарту тақырыптары.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Түсіндіру қалыптарының талаптарып айтып беріңдер. 2. Жана қалыптың анықтамасы мен құрлымын мысалдармен дәлелдеп бер. 3. Біріккен қалыптың анықтамасы мен құрылымын түсіндіріп беріңдер. 4. Лекция қалпының анықтамасы мен құрылымын мысалдармен көрсетіңдер. 5. Түсіндіру қалыптарының жүйесін мысалдармен дәлелдеп беріңдер.

IX тарау

ПЫСЫҚТАУ ҚАЛЫПТАРЫ ҚҰРЫЛЫМЫ

§ 53. БЕКІТУ ҚАЛПЫ

Бекіту қалпы оқушылардың қазақ тілінен алған теориялық білімін пысықтауда үлкен қызмет атқарады. Бұл сабақ мектеп оқушыларының қазақ тілінен күнделікті алған білімдерін нығайтып отыруы мақсатында жүргізіледі. Білім мен дағдыларды нығайту психологиялық объектілерге тікелей байланысты. Сондықтан да бекіту қалпының мына сияқты негізгі басқыштары айқын көрініп тұрады. Өткен немесе жаңа материалдар жөнінде оқушыларда белгілі дәрежеде ұғым, түсінік пайда болады. Бұл кезде өткен немесе жаңа материалдар оқушылар ойында сәулеленеді. Белгілі бір объектіге логикалық ойлаудың индукциялық, дедукциялық тәсілдері негізінде және сигнал жүйелері нәтижесінде ой қортындылары жасалады. Ой қортындысын жасауға баспаққы басқыш, осы сәулелену негізінде туады. Берілген білім мен дағдыларды оқушылар белгілі дәрежеде игереді. Сол объектілер жөнінде белгілі көлемде білім сапасын меңгереді. Бекіту сабағының бұл басқышында толық меңгеру байқалмайды. Әртүрлі ұғымды жартылай меңгереді. Бұл жұмыстың екінші түрі болып саналады. Білім мен дағдылар нәтижелі жұмыстың, көп қайталаудың, мол жаттығудың негізінде толық меңгеру пайда болады. Білім мен дағдылар, осы толық меңгерту бойынша іске асырылады.

Бекіту қалпы лексиканы, фонетиканы, грамматиканы, орфографияны, орфоэпияны, пунктуацияны және тіл ұстартуды үйретуге байланысты жүргізіледі. Сондай-ақ бұл сабақ теориялық білімді бекіту және оларды қандай объектілер негізінде жаттықтыру сияқты мәселелерді қамтиды. Бекіту сабағы мына сияқты жұмыс түрлері бойынша жүзеге асырылады: 1) мұғалімнің дайындаған карточкалары бойынша жүзеге асырылады; 2) мұғалімнің арнайы жинап жүрген мысалдары негізінде алып барылады; 3) оқулық пен оқу құралдары негізінде өткізіледі; 4) картина және сурет

негізінде орындалады; 5) схемалар мен кестелер бойынша жүргізіледі; 6) оқушылардың ауызша құрастырған сөйлемдері бойынша өткізіледі; 7) орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктер мен пунктуациялық анықтағыш бойынша жұмыс жүргізіледі; 8) арнайы дайындалған мәтіндер пайдаланылады. Сөйтіп бекіту сабағына мынадай мақсаттар қойылады: оқушылар қазақ тілінен алған теориялық білімін практикада қолдана білу және оны жазбаша мақсатта жүргізілетін еңбектерінде іске асыру негізгі мақсат етіліп қойылады. Теориядан алған білімін диктант, мазмұндама, шығарма және іс қағаздарының үлгілерін жазуда сауатты пайдалану болып табылады.

Бекіту сабағының құрылымы, осы сабақты іске асыруда ерекше қызмет атқарады. Бұл сабақтың құрылымдық элементтері мына сияқты уақыт мөлшерімен өлшенеді: 1. Үй тапсырмасын тексеру — 5-7 минут. 2. Өткен материалға сай талдау жұмысын жүргізу — 10-13 минут. 3. Жаттығу жұмыстарының түрлерін іске асыру — 20-22 минут. 4. Үй еңбегі тапсыру — 2-3 минут. Сонымен бекіту қалпының құрылымдық элементтері мынадай методикалық жүйе бойынша іске асырылады: Бекіту сабағын жүргізу үшін, алдымен «Шылаулардың емлесі» тақырыбына байланысты үй тапсырмасы тексеріледі. Мұғалім әрбір оқушының жазған жұмысын барлап, олардың дұрыс-бұрыстығын көріп шығады. Бұдан кейін 2-3 оқушының үй жұмысы дауысталаып оқылып, орындалу мақсаты айқындалады. Осыдан соң мұғалім өткен материалға сай талдау жұмыстарын жүргізеді. Бұған мына сияқты сөйлемдер тандалады: 1. *Жеке адамдар арасында болатын достықтың биік мұнарасы — Фафур Фулам мен Сәбит Мұқанов достығы (М.И).* 2. *Бұл кезде Асқардың бойы да, ойы да өсіп қалған еді (С.М).* 3. *Сенде қызық кітаптар бар ма?* 4. *Ол өз ойын көп ойлағанды.* 5. *Бурабай өлкесі де көрген сайын бұрын аңғармаған яки ұғылмаған жаңа сұлулықтар байқаптып, өз бойынан сарқылмас әсемдік шығарады. (М.И)* 6. *Шығанақ пен Олжабек оларды өздерімен бірге ала кірді. (.М.).* 7. *Жақып таңданғандай, біресе көлге, біресе оның жағасындағы ғажайып бітісі бар Сиыртас пен Шошқатасқа, біресе Оқжетпес пен Көкшеге қарайды (М.И).*

Бұдан кейін әрбір сөйлемді оқушылар дауыстап оқып, шылаулар емлесінің өзіндік белгілеріне көз жүгіртеді. Бұл

шылаулардың емлесін талдап түсіндіреді. Мәселен, *пен* шылауы төмендегіше бағдарланады: *пен* — шылау сөз, шылаулардың ішінде жалғаулықтар. Жалғаулықтар сөз бен сөзді немесе сөйлем мен сөйлемді байланыстырады. Бірінші, алтыншы және жетінші сөйлемдердегі *пен* жалғаулығы сөз бен сөзді, яғни бірыңғай мүшелерді байланыстырып тұр. Осы жалғаулықтар мағынасына қарай алты топқа бөлінеді: ыңғайластық жалғаулықтар — *мен (бен, пен, менен, пенен, бенен), да (де, та, те) және әрі*; қарсылықты жалғаулықтар — *алайда, әйтпесе, әйтпегенде, өйткенмен, бірақ, дегенмен, сонда да; талғаулықты жалғаулықтар -я, немесе, не, болмаса, біресе, әлде*; себептік жалғаулықтар — *өйткені, себебі, неге десен*; салдарлық жалғаулықтар — *сондықтан, сол себепті*; шарттылық жалғаулықтар — *егер, егерде, онда*. Сонымен жалғаулықтар бірыңғай сөздерді және құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдерді байланыстырып тұрады, олар түрленбейді және сөйлем мүшесі бола алмайды. Осыдан соң *пен* шылауының жазылу емлесі айтылады. Бұл *пен* шылауы әрқашан бөлек жазылады. Бірақ өзімен тұлғалас, дыбысталу жағынан бірдей *-мен, -бен* көмектес септігінің жалғауынан ажырата білген жөн. Сөйлем ішінде көмектес септік жалғауын түсіріп қолдануға болмайды, ал жалғаулық шылауды түсіріп, орнына үтір қоюға да, басқа жалғаулықпен ауыстыруға да болады. Мысалы, *Шығанақ пен Олжабек оларды өздеріме бірге ала кірді*, деген сөйлемдегі *пен* жалғаулығын қолданбай *Шығанақ, Олжабек оларды өздерімен бірге ала кірді* немесе *Шығанақ та, Олжабек те оларды өздерімен бірге ала кірді* деп те айтуға болады.

Бұдан соң екінші сөйлемдегі *да* шылауының емлесі талданады. Бұл *да* шылауы бірде жалғаулық, бірде демеулік ретінде қолдана береді. Осы *да* шылауы өзінен бұрын тұрған сөзден бөлек жазылады: *Бұл кезде Асқардың бойы да, ойы да өсіп қалған еді. Да* шылауын жатыс септік жалғауы өзінен бұрынғы сөзбен бірге жазылады да, оны түсіріп айтуға болмайды. Мұғалім осындай мәліметтерден кейін үшінші сөйлемдегі сұраулы демеулікті талдатады: *Сенде қызық кітаптар бар ма?* Осындай сұраулық демеулік бөлек жазылады. Бұл сұраулық демеуліктерді болымсыз етістіктерден айыра білген жөн: *-ма, -ме, -па, -бе, -бе* сұраулық демеуліктерді сөйлем ішінде сұрау мағынасын аңғартса, бөлек жазылады

да бұйрық мағынасын аңғартса бірге жазылады. Мәселен, *Сенде қызық кітаптар бар ма?* дегенде сұрау мағынасын беретін сөйлем *де*, *Сен* киноға барма дегенде бұйрық мағынасын беретін сөйлем. Сондай-ақ жоғарыдағы *ма* — сұраулық демеуліктері жіктік жалғауынан бұрын келсе, *-мы*, *-мі*, *-ны*, *-ні*, *-бы*, *-бі* болып өзгеріп бірге жазылады: Барасын ба? — барамысың? Осыдан кейін мұғалім төртінші сөйлемдегі *-ды* демеулігінің жазылуын талдатады. Мәселен, *-ды*, *-ді*, *-ақ*, *-мыс*, *-ау* демеуліктері өзінен бұрынғы сөзден дефис арқылы айырылып жазылады. Мысалы, *Ол өз ойын көп ойлаған-ды*. Мұғалім бесінші сөйлемдегі *сайын* шылуының жазылуын талдатады. Оқушылар *сайын* шылауының әрқашан бөлек жазылатындығын дәлелдейді.

Мұғалім осындай жұмыстардан соң дағдыландыру жұмыстарының түрлерін іске асырады. Алдымен кеңейтілген түсіндірмелі жаттығу жұмыстарын орындайды: а) септеуліктерге байланысты жаттығуды партада орындайды; *Асқар мен Ботагөз оқу жайында әңгімелесті. Жаңбырдан кейін жаңарған ауамен құлпырған даланың жұпар иісі мұрынды жарып барады*. Сонымен бірге оқушылардың септеулік шылауларға байланысты сөйлемдерді ауызша және жазбаша орындалады. Бұл жаттығу процесінде 3-4 оқушының жаттығуы тексеріледі. ә) жалғаулықтарға байланысты жаттығуларды тактада орындайды. Мұғалім 2-3 оқушыны сынып тактасына шақырып, оларға жеке-жеке тапсырмалар береді. Әр жаттығудың шарты түрлі-түрлі болады. Мәселен, мына сөйлемнен жалғаулықтарды тауып, астын сызындар: *Олар өзінің баласын мақтаныш етіп тұрған сияқты, онысын өзі сезбейтін де болар, бірақ оның сезімі анаға таныс еді, сондықтан ана оның сөзіне жылы шыраймен күлімдеп, ақырын ғана жауап қайырды* (М.Г.). б) бұдан кейін мұғалім оқулықтағы жаттығуды ауызша және жазбаша мақсатта орындайды. Оқулықтың бетіндегі жаттығудың шарты: үзінділерді оқып шығып, жалғаулықтарды мағыналарына қарай топтастырып, теріп жазындар; в) мұғалім жылжымалы тактадағы мысалдар бойынша жұмыс жүргізеді. Демеуліктерді емлесіне байланысты мәтін тандап, олардың жазылу емлесерін түсіндіреді. Бұдан кейін мұғалім карточкалы дәптер бойынша жұмыс жүргізеді: а) сөйлемдерді оқып, *-ма*, *-ме*, *-на*, *-не*, *-ба*, *-бе* шылауларын болымсыз етістік жұрнақтарынан ажы-

ратады. Осындағы жұрнақтарды бірге, ал шылауларды бөлек жазып көшіреді; ә) мәтіндегі сөйлемдерді оқып, жіктік жалғауынан бұрын тұрған *-ма, -ме, -па, -пе, -ба, -бе* демеуліктерін таптырады да, олардың өзгеріп жазылуын түсіндіреді; б) мәтіндегі сөйлемдерді оқи отырып, жақша ішіндегі демеуліктердің бөлек жазылатынын бір бағанға, дефис арқылы жазылатынын бір бағанға бөліп көшіреді.

Мұғалім шылаулардың емлесіне байланысты мәтіндер тандап, олардың дұрыс жазылуын орфографиялық сөздіктен таптырады. Осыдан соң мұғалім тіл дамыту жұмыстарын жүргізеді: а) көп нүктенің орнына *дейін, шейін, соң, қарай, да, де, мен, пен, ғана, ау, ай* шылауларының лайқтысын қойып, көшіртеді; ә) сөйлемдегі қойылған жақшаларды ашып, оларды көшіріп жаздырады. Жақша ішіндегілер жалғау болса, алдындағы сөзге қосып, шылау болса, бөлек жаздырады. Сонымен бірге мұғалім септеулік, жалғаулық және демеулік шылауларды кірістіре отырып, сөйлем құрауды оқушыларға тапсырады. Сондай-ақ, шылаулармен берілген сөйлемдерді қамти отырып, бір тақырыпта шағын шығарма жаздырады. Сабак соңында мұғалім үй тапсырмасын береді. Әдебиет оқу кітабынан шылаулардың түрлеріне байланысты мәтін тандап, септеулік, жалғаулық және демеулік шылаулардың жазылу емлесін бақылап келуді тапсырады.

§ 54. ПРАКТИКУМ ҚАЛПЫ

Практикум — **жаттығулар жиынтығы** деген сөз. Мектепте қазақ тілінен өтілетін практикум қалпы тілдік материалдарға жаттықтыра түсу бағытында өткізіледі. Сонымен бірге бұл сабақ оқушылардың алған білімі мен дағдысын түпкілікті меңгерту мақсатында жүргізіледі. Осы **білім мен дағдыны түпкілікті іске асыру мақсатын көздейтін жұмыс қалпын *практикум сабағы*** деп атайды. Айтылып отырған сабақтағы орындалатын жұмыстар өткен тілдік фактілерді толық есте қалдырып, оны күнделікті іс жүзінде пайдалана білуге бағытталады.

Практикум қалыпта жүргізілетін жаттығу жұмыстарының шарттары тілдік тақырыптардың өзіндік белгілеріне қарай әр түрлі болып келеді. Олар ауызша да, жазбаша да өткізіліп, түрлі орындалу тәсілдерін белгілейді. Осы жүр-

гізілетін жаттығу жұмыстары тілдік материалдарды ұғындырудың негізгі сатысы болып табылады. Өтіліп отырған тақырыпқа байланысты машықтандыру жұмыстары қаншалықты көп жүргізілсе, соншалықты оқушылардың тілдік фактілерді меңгеруі ширай түседі. Күрделі ойлау қызметін өсіретіндей жаттығулар беру нәтижесінде, дамыта оқыту мүмкіндіктері жасалады. Жаттығу орындау барысында оқушылардың шығармашылықпен еңбек етуі артады; тілдік материалдардың өзіндік белгілерін жүйелі талдауға төселеді; оқушылардың өздігіне істеу іскерлігін қалыптастырады. Сөйтіп практикум қалыптағы орындалатын жұмыс түрлері оқушылардың іскерлік қабілеттерін одан ары дамытады. Практикум сабақта методикалық ұғымдардың түсініктері айқындалып, олар сұрыптала түседі: 1) оқушыларға тілден берілетін білім пысықталады; 2) шәкірттердің іскерлігін асыруда білік ұғымның түсінігі нығая түседі; 3) оқушылармен жүргізілетін дағды жұмыстары нақтылана бастайды. **Білім деп оқушылардың тілден меңгеретін қағидалар жүйесін түсінсек, білік деп алған білімді іс жүзінде күнделікті өмірде қолдана білуді ұғынамыз. Ал дағды деп осы білікке жетудегі жаттығу жұмыстарының кешенді жүйесін түсінеміз.**

Оқушылар осы жоғарыдағы аталған ұғымдарды толық меңгергеннен кейін, олардың творчестволық қабілеті дамып, іскерлік білігі өрістей бастайды. Сонымен бірге практикум сабағына қойылатын мынадай негізгі талаптарды мұғалім ескеріп отырған дұрыс: практикум сабағының мақсаты мен объектісі анық болуы тиіс; бұл сабақ белгілі бір тиянақты жоспар негізінде өткізілуі қажет; жүргізілетін дағдыландыру жұмыстары дұрыс сұрыпталуы тиіс; мұғалімнің іске асыратын жұмыс формаларының басқыштары жүйелі белгіленуі абзал.

Бұл практикум қалпы тілдік материалдардың мазмұнына қарай мынадай түрлерге бөлінеді: лексикадан өтілетін практикум қалып, фонетикадан өтілетін практикум қалып, морфологиядан өтілетін практикум қалып, орфография және орфоэпиядан өтілетін практикум қалып, синтаксистен өтілетін практикум қалып, пунктуациядан өтілетін практикум қалып және тіл ұстартудан өтілетін практикум қалып. Сондай-ақ, практикум сабағын көлеміне қарай екі түрге бөліп қарауға болады: *1. Тілдік салалар бойынша өтілетін практикум сабақ. 2. Бір топ тілдік тақырыптар бойынша өтілетін практикум сабақ.*

Тілдік салалар бойынша өтілетін практикум калып әрбір тілдік тармақтарды өтіп болған соң, қорытынды қайталау ретінде өткізіледі. Оған мынадай тіл салалары кіреді: лексика, фразеология, сөздердің жасалуы, морфология, орфография, орфоэпия, синтаксис, пунктуация, практикалық стилистика. Ал бір топ тілдік тақырыптар бойынша өтілетін практикум сабақ ірі тақырыптарды өтіп болғаннан кейін мерзімді қайталау ретінде іске асырылады. Бұған мынадай тақырыптарды ажыратып алуға болады: бастауыш сыныпта өткенді бастапқы қайталау, дауысты дыбыстар және олардың түрлері, дауысты дыбыс әріптерінің емлесі, дауыссыз дыбыстар және олардың түрлері, дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесі, буын мен тасымал, дауыстылар мен дауыссыздар орфоэпиясы, үндестік заңы, лексикалық тақырыптар, фразеология мен сөздіктер, сөздердің жасалуы, зат есім, зат есімнің септік жалғаулары, зат есімнің көптік, жіктік және тәуелдік жалғаулары, сын есім, сан есім, есімдік, етістіктің жұрнақтары, етістіктің мағыналық түрлері, етістер, есімше, көсемше, етістіктің шақтары, етістіктің райлары, үстеу, еліктеуіш сөздер, шылау сөздер, одағай, сөйлемнің мағыналық түрлері, сөз тіркесі, сөздердің байланысу түрлері, тұрлаулы мүшелер, тұрлаусыз мүшелер, пысықтауыш, сөйлемнің бірыңғай және айқындауыш мүшелері, окшау сөздер, жай сөйлемнің түрлері, салалас сөйлемнің түрлері мен олардың тыныс белгілері, сабақтас сөйлемнің түрлері мен олардың тыныс белгілері, аралас құрмалас сөйлемдер және олардың тыныс белгілері, төл сөз бен төлеу сөздер, тіл ұстарту және олардың түрлері, өтілгендерді қорытынды қайталау, тыныс белгілерін дұрыс қолданудың негізгі жолдары.

Әр сыныпта бір оқу жылында 10-15 сабақ, ал 5-9 сыныптарда барлығы болып 70-80 практикум калпын өткізуге болады. Практикум сабақты тиімді өткізуде, оның ішкі құрылымына ерекше көңіл аударған мақұл. Осы практикум сабағының құрылымдық элементтері мынадай уақыт мөлшерімен өлшенеді: 1. Мәтінмен жұмыс істеу 5-6 минут. Мәтінде кездесетін тілдік объектілерді тауып, олардың өзіндік белгілерін сұрақтар арқылы ажырату. Осы тілдің өзіндік белгілерін оқушылардың төл мысалдарымен дәлелдету. 2. Жаттығу жұмыстарының шарттарын орындау — 8-9 минут (түрлі шартта берілген дағдыландыру жұмыстарын

өткізу). 3. Талдау жұмыстарын жүргізу — 7-8 минут (фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, орфографиялық, орфоэпиялық, пунктуациялық талдаулар жүргізу). 4. Диктант жұмыстарын жаздыру — 7-8 минут (терминдік диктант, сөздік диктант, өздік диктант және талдау диктанттарын жазу). 5. Тіл ұстарту жұмыстарын өткізу — 7-8 минут (конспект, хабарлама, баяндама, тезис, мақала, рецензия жаздырып үйрету). 6. Өздігінен орындайтын жұмыстарын ұйымдастыру — 5-6 минут (сурет, картина бойынша баяндау, тілдік тапсырмалары бар мазмұндама, шығарма жазу, тілдік материалдарды кірістіре отырып, сөйлем құрау).

§ 55. КОНКУРС ҚАЛПЫ

Конкурс қалпы оқушы білімінің деңгейін сынауда аса үлкен қызмет атқарады. Сондықтан да бұл сабақ оқушы ойының жетіктігін байқау мақсатында өткізіледі. Конкурс латынның *concursus* — *жарыс* деген сөзінен алынған. Оның негізгі мағынасы *жарысқа түсу, жарыста сынасу, бәсекеге түсу, жиында сынасу, топ ішінде сынасу* дегендерді білдіреді. Оқушы білігінің іскерлігі осы конкурс сабақпен өлшенеді. Мектептегі қазақ тілінен өткізілетін бастапқы, мерзімді, қорытынды қайталау сабақтарын оқытудың осы конкурс сабақ формасымен өткізуге болады. Мұның өзі сыныптан сыныпқа көшу, мектеп бітіру емтихандарын нәтижелі аяқтауға ықпалын тигізеді. Сонымен бірге болашақ абитуриенттердің орта арнаулы және жоғары оқу орындарына түсу қажеттігін өтейді, соған дайындық жұмыстарын жүргізеді. Осындай игілікті істердің алғашқы сатысы болып табылады.

Оқытудың бұл формасымен білім бергенде, оқушылардың мынадай дағдылары нығая түседі: өткен тілдік материалдарды есінде сақтайды; тілдік фактілердің күнделікті өмірге қажет екендігін сезеді; оқушылардың іске деген жауапкершілігі артады; өзін жинақы ұстауға талпынады. Конкурс сабақ тілдік материалдардың мазмұнына қарай мынадай түрлерге ажыратылады: лексикадан өтілетін конкурс қалып, фонетикадан өтілетін конкурс қалып, морфологиядан өтілетін конкурс қалып, орфография мен орфоэпиядан өтілетін конкурс қалып, синтаксистен өтілетін конкурс қалып, пунктуациядан өтілетін конкурс қалып және тіл ұстартудан өтілетін

конкурс қалып, стилистикадан өтілетін конкурс қалып, тіл мәдениетінен өтілетін конкурс қалып. Сондай-ақ конкурс сабақты сыныбына қарай жеке сыныптарда және қатар сыныптарда өткізілетін конкурс сабақтар деп ажыратуға болады. Жеке сыныпта өткізілетін конкурс сабақ тек бір сыныпта ғана өткізіледі де, қатар сыныптарда өткізілетін конкурс қалпы бірнеше тең сыныптарда жүргізіледі. Бұлар қазақ тілі мен әдебиеті кабинетіне сыймаса, онда үлкен залға жиналады. Жеке сыныпта өткізілетін конкурс сабақты ұйымдастыруда сыныптағы оқушылар бес-бестен бөлінеді. Әрбір топ командасына капитандар сайланады. Ал қатар сыныптарда өткізілгенде, әрбір сынып бір-бір команда есебінде ойнап, староста немесе команда капитаны өкілдік жасап, басқарып барады. Бұлардың барлығына қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері жетекшілік етеді.

Конкурс тапсырмаларын пән мұғалімінің өзі дайындайды да, оны мектептегі әдісбірлестіктің мәжілісінде бекітіп алады. Қазақ тілінен берілетін тапсырмалар теориялық та, практикалық та бағытта болады. Бұл тапсырмалар конвертке салынып, аузы желімделеді. Конкурскә қатысып отырған неше топ болса, сонша вариантта орындау тапсырмалары жазылады. Мұғалім столының үстінде жатқан конвертті алып, оны ашу үшін команда капитандары сынып тақтасының алдына шығады. Конкурс тапсырмалары ауызша да, жазбаша да орындалады. Кейде тілдік тапсырмалары бар шығарма да жаздырылады.

Жеке және қатар сыныптарда өткізілетін конкурс сабақтарының тақырыптарын төмендегіше іріктеп алуға болады: сөйлем және оның түрлері, фонетика және орфография, үндестік заңы және орфоэпия, лексика және фразеология, сөздердің жасалуы, зат есім, зат есімнің жалғаулары, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, егістіктің шақтары мен райлары, үстеу, еліктеуіш сөздер, шылау сөздер, одағай, сөз тіркесі, сөйлемнің түрлері, тұрлаулы мүшелер, тұрлаусыз мүшелер, сөйлемнің бірыңғай мүшелері, оқшау сөздер, жай сөйлемнің түрлері, салалас құрмалас және оның тыныс белгілері, сабақтас құрмалас сөйлем және оның тыныс белгілері, төл сөз бен төлеу сөз және олардың тыныс белгілері, тіл ұстарту түрлері т.б. Бұл оқыту калпын әр сыныпта бір оқу жылында 8-10, ал 5-9 және 10-11 сыныптарда барлығы болып 40-50 конкурс сабағын өткізуге болады.

Конкурс сабақты тиімді өткізуде, оның құрылымдық элементтерін біліп алудың пайдасы мол. Бұл сабақтың құрылымдық элементтері төмендегі уақыт мөлшерімен өлшенеді: 1. Конкурс-сабақ тапсырмаларының конверті столға қойылады — 1-2 минут. 2. Капитандар конкурс тапсырмаларын дауыстап оқып шығады — 1-2 минут. 3. Теориялық сұрақтарға жауап қайтарылады — 16-17 минут. 4. Практикалық тапсырмаларды орындайды — 17-18 минут. 5. Жеңімпаз топтар мен сыныптарға бәйгелер беріледі — 5-6 минут.

§ 56. СЕМИНАР ҚАЛПЫ

Қазақ тілінен өтілетін семинар калып оқушылар білімін тереңдету мақсатында жүргізіледі. Сондықтан да **білім мен білік және дағдыны толықтыра түсу мақсатында жүргізілетін жұмыс формасын *семинар сабақ*** деп атайды. Сабақты семинар формасымен жүргізудің пайдасы мол. Бұл сабақпен білім бергенде: 1) оқушылардың білігі молаяды; 2) оқығандарының ішінен қажетті объектіні таңдап алуға жаттығады; 3) қаралып отырған мәселеге жеке басының көзқарасын білдіреді; 4) өз пікірін емін-еркін баяндап айтып беруге дағыланады; 5) талқыланып отырған мәселені дұрыс бағалап, дұрыс айту мен дұрыс жазуда жіберілген кемістіктерді ортаға салады. Сонымен бірге семинар сабағына қойылатын мынадай негізгі талаптарды жіті ескерген мақұл: семинар калып белгілі бір жоспар негізінде өткізілуі тиіс; семинар сабағының объектісі анық болуы қажет; талқыланатын сұрақтар неғұрлым дәл, анық болуы абзал. Семинар калпы пікірталасын туғызатын дәрежеде өтілуі тиіс, айтылған әдебиеттер түгел оқылуы қажет.

Семинар калып өзінің мазмұнына қарай мынадай түрлерге бөлінеді: 1) лексика бойынша өтілетін семинар калпы; 2) фонетика бойынша өтілетін семинар калпы; 3) морфология бойынша өтілетін семинар калпы; 4) орфография, орфоэпия және пунктуация бойынша өтілетін семинар калпы; 5) синтаксис бойынша өтілетін семинар калпы; 6) тіл ұстарту бойынша өтілетін семинар калпы. Сондай-ақ семинар сабағын көлеміне қарай екі топқа бөліп қарауға болады: 1. Семинар сабағында 4-5-6-сынып оқушылары хабарлама жасайды. 2. 7-8-(9)-сынып оқушылары баяндама жа-

сайды. 4-5-6-сынып оқушыларының семинар сабағында жасайтын хабарлары 7-8-9-сынып оқушыларының баяндамасына қарағанда жеңілдеу болады. 4-5-6-сынып оқушыларына берілетін тапсырмалардың көлемі шағындау, айтылып отырған объектіні талқылау үшін қойылатын сұрақтардың мазмұны оңайлау болады. Ал 7-8-9-сынып оқушыларының баяндамасы қаралып отырған тақырыптың өзіндік белгілерін саралап ашып айтуға бағытталады. Семинар тапсырмаларының мәнін толық түсінуге мүмкіндік жасайтын қосымша сұрақтар талқыланады.

Қазақ тілінен өтілетін семинар сабағын жоспарлы түрде іске асырған мақұл. Алдымен семинар сабағын өткізудің дайындық мәселелерін шешіп алған жөн. Оқу жылы басында күнтізбе жоспар жасау процесінде қазақ тілі бағдарламасындағы материалдарды сарапқа салып, семинарды тілдің қайсы салаларына байланыста өткізу керек екендігін анықтап алған жөн. Семинар өткізілетін материалдарды тақырыптық жоспар бойынша іске асырған тәуір. Мәселен, бастауыш пен баяндауыш арасына қойылатын сызықша, еріндік пен езулік дауыстылар, ұ,ү,у әріптерінің емлесі, *ы, і, и, ю, я* әріптерінің емлесі, қосарлы *сс, лл, мм, мм* дауыссыздарының емлесі, тасымал, синонимдер, септік жалғаулар, жалпы есім мен жалқы есім, сын есім тудыратын жұрнақтар, сабақты етістік пен салт етістік, буын үндестігі, түбір мен қосымша аралығындағы кейінді ықпал, орфоэпия мен орфография туралы түсінік, көнерген сөздер мен нелогизмдер, орфографиялық сөздік, біріккен сөздер, зат есімнің тәуелденуі, барыс септік, сын есімнің шырайлары, реттік сан есімдер, сұрау есімдіктері, көсемше және оның жіктелуі, ырықсыз етіс, дара және күрделі етістік, өткен шақ және оның түрлері, бұйрық рай, қалау рай, тұйық етістік, үстеулердің құрамына қарай түрлері, негізгі еліктеуіш сөздер, жалғаулық шылаулар, қиысу, мезгіл пысықтауыш, мақсат пысықтауыш, сөйлемнің бірыңғай мүшелері және олардың тыныс белгілері, қыстырма сөз және оның тыныс белгілері, жақсыз сөйлем, қарсылықты салалас сөйлем, себеп-салдар салалас сөйлем, шартты бағыныңқы сабақтас сөйлем, мезгіл бағыныңқы сабақтас сөйлем, төл сөз бен төлеу сөз және олардың тыныс белгілері, тіл — тарихи құбылыс, тілдегі сөздіктер түрлері. Әр сыныпта бір оқу жылында 6-12 семинар саба-

ғын, ал 5-9-сыныптарды барлығы болып 50-60 семинар сабағын өткізуге болады. Оқушылар қазақ тілінен өтілетін семинар сабағына мұқият даярлануы қажет. Сондықтан да бұл сабақ өздігінен ізденіп, көп еңбек етуді талап етеді. Семинар сабағын өткізуден 1-2 апта бұрын талқыланатын тақырыптарды, тапсырылатын сұрақтарды, саяхат әсерлерін, мамандармен кездесіп әңгімелесу жоспарларын беріп қойған мақұл. Сондай-ақ оқып шығуға тиісті негізгі және қосымша әдебиеттердің тізімін оқушылардың дәптерлеріне жаздырып қойған дұрыс. Ал оқушы өзінде жок әдебиеттерді күні бұрын іздестіріп тауып, семинарға керекті тақырыптармен танысып шығады. Оқу процесінде қажетті орындарын конспект дәптеріне жазып алады. Хабарламаға немесе баяндамаға даярлану процесінде түсініксіз сөздер мен ұғымдардың мәнін түрлі сөздіктерден іздеп, сөздік дәптерлеріне жазып алады.

Семинар сабағын сапалы өткізудің практикалық мәні үлкен. Семинар сабағы өткізілу мақсатына қарай мынадай негізгі түрлерге бөлінеді: 1. Тапсырылған сұрақтарды талқылау сабағы. 2. Хабарлама немесе баяндамалар жасау сабағы. 3. Саяхат әсерлерін талқылау сабағы. 4. Мамандармен кездесу сабағы. Оқушылар тапсырылған сұрақтарды жан-жақты талдау үшін оқулық пен қосымша әдебиеттерді толық оқып шығады. Сөйтіп оқушылар семинар сабақтарына ұжымды түрде белсене қатысып, жақсы дайындықтарының сапасын көрсетеді. Мұғалім семинарды тапсырылған сұрақтарды талқылау бойынша өткізуде оқушылардың сөйлеу белсенділігін арттыра отырып, логикалық жақтан дәл, ойланып жауап беруге, оқығандарын бір-бірімен салыстыра отырып талдау жасауға, жетістіктері мен кемістіктерін аша отырып, талқыланып отырған мәселеге баға беруге жетектейді. Тапсырылған сұрақтарды талқылау сабағында қарастырылып отырған мәселелердің мәнін толығырақ ұғуға мүмкіндік беретін сұрақтарды іздестірген жөн. Хабарлама немесе баяндамалар жасау сабағы да семинардың күрделі формаларынан есептеледі. Мұнда оқушыға белгілі бір тақырыппен арнайы хабарлама немесе баяндама жасау тапсырмасы беріледі. Талқыланатын материалды оқушылар оқулықтан және қосымша әдебиеттерден оқып, сұрақтар дайындайды. Осы тақырыптар бойынша жарыс сөзге шығуға барынша дай-

ындалады. Хабарлама және баяндамалар жасау сабағы көбінесе бұрын өтілген тақырыптар бойынша жүргізіледі. Бұл семинар сабағын осылай өткізудің тиімді жағы мынада: біріншіден, оқушылардың ізденіп оқу мүмкіндігіне жол ашады, екіншіден, семинардың мұқият өткізілуіне жағдай жасалады, үшіншіден, мұғалім де, оқушы да өз уақытын үнемдей алады. Сонымен бірге жалпы мазмұны жіті таныс тақырыптарды жаңа сабақ түрімен емес, семинар сабақ формаларымен түсіндіруге болады. Мазмұны таныс тақырыптарды түсіндіріп жатудың қажеті жоқ, оны өздігінен іздендіру мақсатында оқушылар ырқына тастаған мақұл. Хабарлама және баяндама жасаушыларға арнайы оппоненттер тағайындалады. Олар хабарлама немесе баяндаманың басты-басты жетістіктері мен кемістіктеріне арнайы тоқталып, жан-жақты талдау жасайды. Пікір айтуға басқа да тыңдаушы оқушылар белсенді түрде қатысады.

Саяхат әсерін талқылау сабағы да оқушылардың пікірлеу қабілетін дамытуда үлкен қызмет атқарады. Мектеп оқушылары өндіріс орындарына (зауыт пен фабрикаларға), мұражайларға, табиғаты көркем жерлерге саяхат жасайды. Осы саяхаттан алған әсерлерін, аңғарған, байқаған, жинаған деректерін семинар сабақ талқысына салып, саяхат бойынша берілген сұрақтарға жауап береді. Мамандармен кездесу сабағы да оқушылардың кәсіп таңдау ынтасын арттыруда пайдасын тигізеді. Оқушылар еңбек озаттарымен, ардагерлермен, ғалымдармен, жазушылармен және өнер қайраткерлерімен кездеседі. Кейде оларды семинар сабағына шақырып, әңгімелерін тыңдайды. Бұдан кейін оқушылар өз ойларын ортаға салып, талқыдан өткізеді. Мұғалім оқушылардың семинар сұрақтарын, хабарлама мен баяндамаларын, саяхаттан алған деректерін және мамандармен кездесу әңгімелерін терең талқылап, дұрыс қорытынды жасауларына үнемі бағыт беріп отырады. Әрбір семинардан кейін қорытынды жасау барысында мұғалім оқушылар жауабындағы, сөздігіндегі, пікір таласындағы табыстарына жеке-жеке тоқталып, жіберген кемшіліктерін айтады. Жаксы дайындық көрген оқушылардың еңбегіне баса назар аударады. Сөйтіп оқушылар ынтасын асырып, қызығуын қалыптастыруға жағдай жасайды.

Қазақ тілінен семинар сабағын өткізуде, оның органикалық бірлігін білудің практикалық мәні үлкен. Ол орга-

никалық бірлік семинар сабағының ішкі құрылымын белгілейді. Ал бұл құрылым белгілі бір элементтерден тұрады. Семинар сабағының құрылымдық элементтері мынадай уақыт мөлшерімен өлшенеді: 1. Кіріспе сөз — 2-3 минут. 2. Жоспарын тактаға жазып, дайындалған көрнекі құралдарды іліп қою — 1-2 минут. 3. Хабарлама немесе баяндама жасау — 10-15 минут. 4. Қойылатын сұрақтар және оларға жауап беру — 4-5 минут. 5. Хабарлама немесе баяндаманы талқылау — 13-15 минут. 6. Қорытынды жасау — 3-5 минут. Біз енді осы семинар сабағының құрылымдық элементтерінің іске асырылу жүйесіне тоқталайық. Ол үшін алдымен мұғалім 1 апта бұрын тапсырылған семинар сабағының тақырыбын хабарлайды: Мезгіл бағыныңқы сабақтас сөйлем (8-сынып, Қазақ тілі). Осы тақырып бойынша баяндама жасаушы — Б.М., оппоненттері — О.М. және А.Е. Бұдан кейін баяндамашы Б.М. мезгіл бағыныңқы сабақтас сөйлемге байланысты жоспарын тактаға жазып қояды: 1. Мезгіл бағыныңқы сабақтас-құрмалас сөйлемнің бір түрі. 2. Мезгіл бағыныңқының сұрақтары. 3. Баяндауыштарының жасалу жолдары. 4. Мезгіл бағыныңқының баяндауыштарына мысалдар. 5. Мезгіл бағыныңқыны жинақтау. Оқушы мұғалімнің көмектесуімен жазылған мына кестені тактаның сол жағына іліп қояды: Мезгіл бағыныңқы сабақтас сөйлем сұраулары: *қашан? қашаннан бері? қашанға шейін? қашанға дейін?* баяндауыштары: 1. Кезде, уақытта, шақта, күнде. 2. Бұрын. 3. Кейін, соң, бері. 4. Шейін, дейін. 5. Кіріп кеткенде. 6. Сайын, т.б. Мысалдары: 1. *Әңгіме жалпақ елдің жайына көшкен кезде, Абай шешіле түсті (М.Ә).* 2. *Біреу күн шықпастан бұрын, тау жақтан желдіріп келеді (Т.С).* 3. *Біраз жүргеннен кейін, әкесінің қолынан бір ише жерге түсіп кетеді (Б.А.).* 4. *Жалғыз тамшы қаны қалғанға шейін, тәуелсіздік ісі үшін күресетіндігіне ант етті (“Ана тілінен”).* 5. *Жанпейіс үйге кіріп кеткенде, Асқар мен Ержан тыста қалды (С.М.).* 6. *Аттылар жақындаған сайын, Төрегелдінің жүрегі орнына түсе бастады.*

Осыдан соң оқушы Б.М. өзінің жазған конспектін дәптеріне карап сөйлей бастайды: Балалар, мезгіл бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемнің бір түрі болып есептеледі. Бұған дейін біз шартты, қарсылықты, себеп бағыныңқы сабақтас сөйлемдерді білеміз, оқығанбыз, танысқанбыз. Оқытушымыз айтқандай (сабақтас сөйлемнің түрлерін өткенде) мезгіл

бағыныңқы сабақтас сөйлем күнделікті өмірде көбірек кездеседі екен. Мезгіл бағыныңқы сабақтас сөйлем белгілі бір сұрауларға жауап береді. Ол сұраулар мыналар: *қашан? қашаннан бері? қашанға шейін?* Осындай сұрауларға жауап беретін мезгіл бағыныңқының баяндауыштары төмендегі жолдармен жасалады: Мезгіл бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы есімшеге *кезде, уақытта, шақта, күнде* деген мезгіл мәнді сөздердің бірі тіркесуі арқылы пайда болады: *Әңгіме жалпақ елдің жайына көшкен кезде, Абай шешіле түсті* (М.Ә.). Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы шығыс жалғаулы есімшеге *бұрын* септеулік шылауы тіркесуі арқылы жасалады: Біреу күн *шықпастан бұрын*, тау жақтан желдіріп келеді (Т.С.). Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы есімшенің шығыс жалғаулы түріне *кейін, соң, бері* септеулік шылауларының бірі тіркесуі арқылы болады: Біраз *жүргеннен кейін*, әкесінің қолынан шиіе жерге түсіп кетеді (Ы.А.). Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы есімшенің барыс жалғаулы түріне *шейін (дейін)* септеулік шылауларының бірі тіркесуі арқылы жасалады: Жалғыз тамшы қаны қалғанға *шейін*, Тәуелсіздік ісі үшін күресетіндігіне ант етті (“Ана тілінен”). Сондай-ақ бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы есімшеге жатыс жалғауының қосылуы арқылы пайда болады: Жанпейіс үйге *кіріп кеткенде*, Асқар мен Ержан тыста қалды (С.М.).

Сонымен бірге мезгіл бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы есімшеге *сайын* шылауы жалғану арқылы да жасалады: Аттылар *жақындаған сайын*, Төрегелдінің жүрегі орнына түсе бастады. Сөйтіп бұл айтылғандарды былайша жинақтауға болады. Оқулықта (оқулық-оқушының анықтағыш кітабы) былай делінген: **Бағыныңқысы басыңқыдағы істің мезгілін білдіретін сабақтастың түрін мезгіл бағыныңқы сабақтас сөйлем** деп атаймыз. Осы қысқа баяндамаға байланысты оқушылар сұрақтар қоя бастайды: Ә. деген оқушы — Қандай негізгі және көмекші әдебиеттерді оқып шықтың? Б.М. Мен оқулықтың бетіндегі мезгіл бағыныңқы сабақтас сөйлемге байланысты материалдарды оқып шықтым, конспект жасадым. Сонымен бірге Ғ.Әбухановтың “Қазақ тілі” кітабының 344-бетіндегі 155 параграфты оқыдым, 279-280-жаттығулардың шартын орындадым. Г. деген оқушы — тағы да қандай жаттығуларды үйде орындадың? Б.М. Оқу-

лықтың 39-бетіндегі 39-жаттығудың, 40-бетіндегі 41-жаттығудың шарттарын орындадым. Бұдан кейін осы баяндама оппоненттері жарыс сөзге шығады. О.М. деген оқушы: баяндамашы мезгіл бағыныңқы баяндауыштарының бірсыпыра жасалу жолдарына шолу жасады, оны мысалдармен дәлелдеді. Бірақ оның тағы да мынадай жасалу жолдары бар еді. Оны баяндамашы ұмыт қалдырды. Оларды қосымша етіп айтқанда мыналар еді: 7) мезгіл бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы есімшеге *-ша, -ше* жұрнағы қосылу арқылы жасалады, сөйтіп мезгілдік мағына береді: *Ғалым оқып білгенше, Тыным-тыныштық таппаған, Дүниені кезіп көргенше, Рақат іздеп жатпаған (Абай)*. Бірақ кейде *-ша, -ше* жұрнағы жалғанған есімше қарсылық мәнін де білдіреді: *Бір сөзді қайталай бергенше, менің комбайнды жүргізгенімді айтсайшы (Ә.Ә)*. Мұндайда бағыныңқы сөйлемнің баяндауышының беретін мағынасына қараған жөн. Сонымен бірге мезгіл бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы көсемшенің *-калы, -ғалы, -келі, -гелі* жұрнақты түрі арқылы жасалады: *Жамбыл — Жамбыл болғалы, есіткен талай батырды (Ж.Ж)*.

Осыған қоса тағы да айтарым: баяндамашы мезгіл бағыныңқы сабақтас сөйлемнің интонациясына тоқталған жөн. Мезгіл бағыныңқы сабақтас сөйлемнің бағыныңқы сыңарынан соң дауыс кідірісі, басынқы сыңарынан кейін дауыс үзілісі болады. Мысалы, *Балалар ертеңгі тамақты ішіп болған кезде, тау басын күн енді ғана шала бастаған еді (Б.С.)*. А.Е. деген оппонент оқушы да баяндамашының жетістік жағы мен кемістік жақтарына тоқталды. Баяндамашының жоспары, ілген көрнекі құралы дұрыс. Өз пікірін аспай-саспай, аптықпай-оптықпай, байсалды дұрыс баяндайды. Бірақ мезгіл бағыныңқы сабақтас сөйлем баяндауышының тағы да мынадай жасалу жолдарын айту керек еді. Мәселен, кейбір жағдайда бағыныңқының баяндауышы шартты райлы (*-са, -се*) етістіктер арқылы жасалады: Үйдегілер тысқа шықса, таң аппақ боп атқан екен (С.М.). Сондай-ақ бағыныңқының баяндауышы *-ысымен (-ісімен)* деген күрделі қосымшасының етістікке жалғануы арқылы жасалады: Абай араларынан *кетісімен*, анталап тұрған қалың жиын арасына ауыздан-ауызға көшкен сыбыр бұйрық жайылады (М.Ә.). Осыдан кейін Д. деген оқушы шақта баяндауыш тұлғасы баяндамада жоқ екенін айтып, оған мынадай мысал келтірді:

Айнала дүние айқын көрінген шақта, тракторшылар жаңа қызық көре бастады (М.Ә.). Ал Ж деген оқушы бері тұлғасына мысал келтірді: Көңілсіз хабарларды естігеннен бері Әнуарбектен кеткен тыным қайта айналып тұғырына қонған жоқ-ты (Ғ.С.). С деген оқушы соң, келі тұлғаларына мысалдар айтты: Біраз отырған соң, күндіз көп жүріп шаршаған Асан ұйықтап қалды (Ы.А.). Зұлкия аттанып кеткелі, бүгін төртінші күн.

Осы сияқты жұмыстардан кейін оқушылар сабақтастарды кірістіре отырып сөйлемдер құрады да, оларға төмендегідей стилистикалық өң береді: К. деген оқушы мезгіл бағыныңқынын баяндауыш формаларын түрлендіріп, синонимдік сөйлемдер құрастырады: 1. Бақыт мектептен *келген кезде*, мен фермаға барамын. 2. Бақыт мектептен *келген соң*, мен фермаға барамын. 3. Бақыт мектептен *келместен бұрын*, мен фермаға барамын. 4. Бақыт мектептен *келгеннен кейін*, мен фермаға барамын. 5. Бақыт мектептен *келгенге дейін*, мен фермаға барамын. 6. Бақыт мектептен *келгенде*, мен фермаға барамын. Ал М. деген оқушы өз сөйлемдерін былай өңдейді: 7. Жұлдыз мектептен *келген сайын*, мен фермаға барамын. 8. Жұлдыз мектептен *келгелі*, мен фермаға бармадым. 9. Жұлдыз мектептен *келісімен*, мен фермаға барамын. 10. Жұлдыз мектептен *келе*, мен фермаға барамын. 11. Жұлдыз мектептен *келгесін*, мен фермаға барамын. 12. Жұлдыз мектептен *келерде*, мен фермаға барамын.

Сондай-ақ Р. деген оқушы — Командир келген кезде, Заңғар төсегінен тұрып жатыр еді, — бағыныңқы сөйлемнің баяндауыштарын төмендегіше түрлендіріп айтты: 1. Командир *келген кезде*, Заңғар төсегінен тұрып жатыр еді. 2. Командир *келгенде*, Заңғар төсегінен тұрып жатыр еді. 3. Командир *келісімен*, Заңғар төсегінен тұрды. 4. Командир *келе сала*, Заңғарды төсегінен тұрғызды. 5. Командир *келсе*, Заңғар төсегінде жатыр екен. Осындай мезгілдік мағынадағы сабақтарды С. деген оқушы салаласқа айналдырып, мынадай сөйлемдер құрды: 1. Командир *келіп еді*, Заңғар төсегінде жатыр екен. 2. Командирдің *келуі мұң екен*, Заңғар төсегінен қарғып тұрды. 3. Командир *келсе болғаны*, Заңғар төсегінен қарғып тұрады. Сабақ соңында мұғалім баяндамашының, оппоненттердің және талқылауға қатысқан оқушылардың еңбектеріне жеке-жеке тоқталып, талдау жасап еңбектерін бағалайды.

§ 57. БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ҚАЛПЫ

Мектеп оқушыларына қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беру процесінде баспасөз конференция қалпын өткізіп отырудың мәні үлкен. Сабақты баспасөз конференция түрімен өткізгенде оқушылардың өзіндік жұмыс істеу, ойлау қабілеті дамиды, теориялық материалдарды нақтылы жұмыс процесінде таниды, соны толық түсінеді. **Оқушылардың іскерлігі мен танымдық белсенділігін арттыратын жұмыс формасын баспасөз конференция қалпы** деп атайды. Бұл сияқты жұмыс түрі оқушылардың еңбекке деген қызығуын, білімге деген ынтасын арттырады. Мұғалім баспасөз конференция сабағының творчестволық және ізденімпаздық бағытта өтілуін қамтамасыз етуі абзал.

Сабақты баспасөз конференция формасымен өткізудің пайдасы мол. Баспасөз конференция сабағының басты мақсаты оқушылардың іскерлігі мен танымдық белсенділігін қалыптастыру болып табылады. Осы сабақпен жұмыс жүргізгенде оқушылардың мынадай дағдылары орнығып дамиды: 1) оқушылардың қазақ тілінен алған білімі нығаяды; 2) олардың сөздік қоры молаяды; 3) өз ойын дұрыстап айтып беруге дағдыланады; 4) қатесіз жазуға машықтанады; 5) сөйлемдерін дұрыс саптай білуге жаттығады; 6) объектінің өзіндік белгілерін саралап түсіндіруге тырысады; 7) дәл, анық сөйлеп, дұрыс жауап беруге ұмтылады.

Баспасөз конференция қалпы өзінің негізгі мазмұнына қарай мынадай түрлерге бөлінеді: фонетика, лексика, морфология, орфография, орфоэпия, синтаксис, пунктуация және тіл ұстарту бойынша өтілетін баспасөз конференция сабақтары болып жіктеледі. Сондай-ақ бұл сабақ көлеміне қарай екі топқа бөлінеді: 1. Тілдік салалар бойынша өтілетін баспасөз конференция қалпы. 2. Тілдік тақырыптар бойынша өтілетін баспасөз конференция қалпы. Тілдік салалар бойынша өтілетін баспасөз қалпы тілдің лексика, фонетика, морфология, орфография, орфоэпия, синтаксис, пунктуация және тіл ұстарту тараулары бойынша өткізіледі. Ал тілдік тақырыптардан өтілетін баспасөз конференция қалпы әр сыныпта төмендегі тақырыптар бойынша өткізіледі: ашық және қысаң дауыстылар, сөздің тура мағынасы мен ауыспалы

мағынасы, жіктік жалғау, болымды және болымсыз етістіктер тақырыптары, біріккен сөз бен сөздер тіркесі сынарларының аралығындағы кейінгі ықпал, түсіндірмелі сөздік, қос сөздер, табыс септік, есімшенің есімдерше түрленуі тақырыптары, ортақ етіс, негізгі етістік пен көмекші етістік, келер шак және оның түрлері, үстеулердің емлесі, демеулік шылаулар тақырыптары, бастауыш және оның жасалуы, толықтауыш және пысықтауыш болатын сөз таптары, дара және күрделі анықтауыштар, пысықтауыш және пысықтауыш болатын сөз таптары, бірыңғай мүшелердің жалғаулық шылаулар арқылы байланысуы тақырыптары, салалас құрмаластардың тыныс белгілері, төл сөздің тыныс белгілері, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру жолдары, тіл ұстартудың шығармашылық түрлері, қазақ тілінің дамуы, қазақ алфавиті, орфографиясы туралы тақырыптары іріктеліп алынады. Сөйтіп әр сыныпта бір оқу жылында 4-5 баспасөз конференция қалпын, ал 5-9-сыныптарда барлығы болып 20-25 баспасөз конференция сабағын өткізуге болады.

Қазақ тілінен өтілетін баспасөз конференция қалпын жоспарлы түрде іске асырған мақұл. Алдымен осы сабақты өткізудің дайындық мәселелерін шешіп алған жөн. Оқу жылы басында күнтізбе жоспар жасау процесінде қазақ тілі бағдарламасындағы материалдарды сарапқа салып, баспасөз конференция сабағын тілдің қайсы салаларына, қайсы жеке тақырыптарға байланысты өткізу керек екендігін анықтап алған дұрыс. Мұғалім баспасөз конференция сабағының тақырыбын бір апта бұрын хабарлап, қазақ тілі кабинетіне “почта жәшігін” орналастырады. Бұл “почта жәшігіне” оқушылар екі түрлі мәселелер төңірегінде сұрақтар жазып тастайды: Бірінші қаралып отырған тақырып жөнінде, екінші өзін қызықтырған мәселелер жөнінде сұрайды. “Маман” оқушылар осы сұрақтарды және өзіне қатысты объектілерді үніле зерттеп, оқулық бойынша алған білім мен білігін көмекші құралдар, кітаптар және мерзімді басылым материалдарымен байытады. Сөйтіп “Маман” оқушылар сабақ өтілетін күні өзіне қойылатын түрлі сұрақтарға жауып беруге әзір тұрады.

Баспасөз конференция сабағын өткізу мұқият дайындықты талап етеді. Осындай формамен өтілеген сабақ оқушылардың көңіл-күйін, ішкі жағымды эмоциясын көтеретіндей

қуанышты, салтанатты, сергек, шаттық жағдайда ұйымдас-тырылғаны мақұл. Баспасөз конференция сабағына сол сыныптың барлық оқушылары қатысады да басқа сыныптардан қонақтар шақырылады. Бұл сабақты өткізу үшін сынып оқушылары екі топқа бөлінеді: 1. “Тілші” оқушылар тобы. Бұларды сұрақ берушілер тобы деп атайды. Олар әр түрлі радио, теледидар, газет пен журналдардың “Тілшілері” қызметін атқарады. 2 “Маман” оқушылар тобы. Оларды жауап берушілер тобы деп атайды. Олар өтіліп отырған тақырыпты (саланы) жетік білетін зерттеуші “мамандар” қызметін атқарады. Баспасөз конференция сабағының тақырыбы сынып тақтасына жазылып қойылады: Төл сөздің тыныс белгілері. Сонымен бірге осы тақырыпқа байланысты дайындалған көрнекі құралдар тақтаға ілінеді.

Баспасөз конференция сабағы басталар кезде сынып тақтасы алдына стол қойылып, оған “маман” оқушылар орналасады. Содан кейін бұларға “тілші” оқушылар өздерінің сұрақтарын бере бастайды. Осы өтіліп отырған сабақ процесіне байланысты сұрақтар күні бұрын беріліп, оларға “маман” оқушылар тарапынан жауаптар әзірленеді. “Тілші” оқушылардың сұрақтары да, “маман” оқушылардың беретін жауаптарда шәкірттердің № 1 немесе № 2 дәптерлеріне жазылады. Баспасөз конференция қалпының әсерлі болуы ондағы қойылатын сұрақтардың мәнділігі мен дәлдігіне тікелей байланысты екендігін мұғалім ұмытпаған жөн. Сондықтан да ұстаз “Істің басы қатты болса, аяғы тәтті болады” дегендей басы-қасында болады. Қойылатын сұрақтар мен берілетін жауаптардың мәнділігіне орай “Тілші” оқушылар мен “Маман” оқушылардан мыналар талап етіледі. “Тілші” оқушылардан сұрақ қояр алдында фамилиясы мен атын атауы, қойылатын сұрақтарды анық-айқын етіп қоюы, ол сұрақты бүкіл сынып оқушылары жазып алуы талап етіледі. Ал “маман” оқушылардан қойылатын сұраққа ықшамды, жинақы түрде толық жауап беруі, “маман” оқушылар ол сұрақты тағы да толықтыра түсуі, жауаптардың әдеби тілде берілуі, кітапқа көз жүгіртпеуі, біреудің сыбырын қайталап айтпау, түсінігін, білгенін өз сөзімен айтып беруі талап етіледі. Осындай талаптарды ескере отырып, өткен баспасөз конференция сабағы оқушылардың мынадай танымдық белсенділігін дамытады: қазақ тілі материалдарын жүйелі талдауға, олар-

дын өзіндік ерекшелігін толық есте сақтай білуге; ой қорытындыларын дұрыс шығаруға; тапқырлыққа; ұжым болып жұмыс істеуге баулиды. Сонымен бірге бұл формамен сабақ жүргізгенде оқушылардың оқу материалдарын қаншалықты меңгергендіктерін білу қиын емес.

Қазақ тілінен баспасөз конференцияны сапалы өткізуде, оның ішкі органикалық бірлігін білудің мәні үлкен. Бұл органикалық бірлік баспасөз конференция сабағының ішкі құрылымын белгілейді. Ал осы құрылым белгілі бір элементтерден тұрады. Баспасөз конференция қалпының құрылымдық элементтері мынадай уақыт мөлшерімен өлшенеді: 1. Мұғалімнің кіріспе сөзі — 2-3 минут. 2. “Тілші” оқушылардың сұрақтары — 8-10 минут. 3. “Маман” оқушылардың жауаптары — 10-12 минут. 4. Тілдік мысалдардың айтылуы — 13-15 минут. 5. Баспасөз конференция қалпын жинақтап қорыту — 4-5 минут.

Біз енді баспасөз конференция қалпының құрылымдық элементтерінің іске асырылу жүйесіне мысал келтірейік. Баспасөз конференция сабағы мұғалімнің кіріспе сөзімен басталады: Балалар, **ауызекі сөйлегенде төл сөз автор сөзінен дауыс ырғағы арқылы бөлініп тұрса, жазуда олардың арасы тыныс белгілері арқылы ажыратылады. Ал төл сөз ауызекі сөйлегенде болсын, жазуда болсын автор сөзінен ажыратылмай, бір тұтас сөйлем құрамына енеді.** Төл сөздің тыныс белгілері автор сөзі мен төл сөздің орын тәртібіне және төл сөзді сөйлемнің хабарлы, сұраулы және лепті болуына қарай әртүрлі қойылады. Сондай-ақ диалог та төл сөздің бір түрі болып есептеледі. Ал, енді төл сөздің тыныс белгілері жөніндегі сөз кезегін “Тілші” оқушыларға берейік. Менің фамилиям — Б., атым — А.: Төл сөз автор сөзінен бұрын орналасқанда, қандай тыныс белгілері қойылады? “Маман” оқушы Ә.Б.: Төл сөз автор сөзінен бұрын орналасса, төл сөз тырнақшаға алынады, не оның алдынан сызықша қойылады да, төл сөз бас әріптен бастап жазылады. Төл сөздің соңына, егер ол хабарлы сөйлем болса үтір, сұраулы сөйлем болса, сұрау белгісі, лепті сөйлем болса, леп белгісі қойылады да, одан кейін автор сөзінің алдынан сызықша қойылады. Бұларға мынадай мысалдарды атауға болады: “Кітап — білім бұлағы”, — деді жазушы. — Осы арада тоқтайсың ба? — деді Шауыпкел. (С.М). — Бақытыңнан айнал-

дым, балаша қуынған ақ ботам! — деп, Дәмет бәйбіше өз қуанышын көз жасымен білдірді.

— «Тілші» оқушы Д. Г.: Төл сөз автор сөзінен кейін тұрғанда, қандай тыныс белгілері қойылады? — «Маман» оқушы Е.Ж.: Төл сөз автор сөзінен кейін тұрса автор сөзінен соң қос нүкте қойылады, одан кейінгі төл сөз тырнақшаға алынады, не алдынан сызықша қойылады.

— «Тілші» оқушы И. З.: Төл сөз автор сөзінің арасында орналасқанда, қандай тыныс белгілері қойылады?

— «Маман» оқушы З. Е.: Төл сөз автор сөзінің арасына орналасса, екі жағынан тырнақшаға алынады да, алдынан қос нүкте, соңынан үтір мен сызықша қойылады. Төл сөз бас әріппен жазылады. Мысалдар, жазушы: «Кітап — білім бұлағы», — деді. Карашоқыны бөктерлеп, ай маңдай аттың жол жорғасымен жүріп отырып, Абай:

— Шығыстың бөктері көктепті-ау! — деп, айналаға көз жіберіп келе жатты.

— «Тілші» оқушы Е. К.: Автор сөзі төл сөздің арасына орналасқанда қандай тыныс белгілері қойылады? — «Маман» оқушы Ж. К.: Автор сөзі төл сөздің арасына орналасса, автор сөзінің алды-артынан мынадай тыныс белгілері қойылады: 1) автор сөзінің алдынан да, соңынан үтір және сызықша қойылады, мұндайда төл сөздің екінші бөлігі кіші әріппен басталып жазылады. «Кітап — деді жазушы, — білім бұлағы. — Апа, — деді Асқар, — саған не болған? Кенжетайды үйге апарайық (С.М.); 2) төл сөздің соңғы бөлігі дербес сөйлем болып, бас әріппен басталып жазылса, автор сөзінің алдынан үтір мен сызықша (немесе сұрау белгісі) я леп белгісі мен сызықша) қойылып, автор сөзінен кейін нүкте мен сызықша қойылады. Мысалдар:

— Маған салсаңыздар, мен Сәтбаев жолдасты қолдап, көмектесуге әзірмін, — деді ол. — Сәтбаев мәселені кен ойлап, жарыққа көз тастап отыр (М.К).

— «Тілші» оқушы М. З.: Көп құрамды төл сөздердің тыныс белгілері қалай қойылады?

— «Маман» оқушы Н. К.: Төл сөздің көп құрамды түріне жоғарыда көрсетілген түрлерінің тыныс белгілері, әсіресе, автор сөзі — төл сөз — автор сөзі және төл сөз — автор сөзі — төл сөз орын тәртіптеріне байланысты тыныс белгілері қойылады; төл сөз ортасындағы автор сөзі тия-

наксыз болып, одан кейін төл сөз дербес айтылатын сөйлем болғанда, автор сөзінен кейін қос нүкте қойылады. Мысалдар:

— Бұл вальс қой өзі? — деп, Әбіш тағы біраз ойланды да: — Атына карағанда, бір сезікті орыннан естілген күй сияқты ғой, — деп, Мұканың жүзіне күле қарады. — Қайдан үйренгенсің? (М.Ә.). Осы мысалда *деп, Әбіш тағы біраз ойлады да* деген автор сөзінен кейін қос нүкте қойылған, өйткені бұл автор сөзі тиянаксыз және кейінгі төл сөз бас әріппен басталып тұр.

— «Тілші» оқушы О. Н.: Бір төл сөздің ішінде екінші төл сөз айтылғанда, қандай тыныс белгілері қойылады? — «Маман» оқушы Ө. М.: Бір төл сөздің ішінде екінші төл сөз айтылса, алғашқысының алдынан сызықша қойылады да, соңғысы тырнақшаға алынады. Мысалдар: Кейде әжем маған — «Ақыл арымайды, алтын шірімейді», — деген ақылды бол, балам, — дейді (С.О). Мұнда алғашқы сызықша төл сөздің біріне қатысты болса, тырнақша тек мақалға ғана қатысты. — «Тілші» оқушы П. С.: Біреудің айтқан сөзі мен ойлаған ойы немесе айтқан сөзі мен айтылмақшы сөзі қатар келгенде қандай тыныс белгілері қойылады. — «Маман» оқушы Р.Т.: Біреудің айтқан сөзі мен ойлаған ойы немесе айтқан сөзі мен айтылмақшы сөзі қатар келсе, айтқан төл сөзінің алдына сызықша қойылады да, ойлаған ойы не айтылмақшы болған төл сөзі тырнақшаға алынады. Мысалдар:

— «Мынау менің өзімді де танып тұрған ку ғой! Барлық ауылдың атын білгенде, мені де талай көрген шығар?» — деп ойлады Әбдірахман күліп.

— Қария, отырыңыз. Мен Сүгірбай ауылынікімін, — деді (Х.Е.).

Автор сөзі құрмалас сөйлем болып оның төл сөзді бөлегі деп, десе, дегенде, дейді деген сөздермен аяқталса, олардан кейін үтір қойылады:

— Қандай іс? Сөйлеші — деп, Абай да жігітке қадала қарап тұр (М.Ә.) — Паспортынан оқи бер, — деді де, Жәнібек паспорттарды ұсынды (.Мұст.). Сөйтіп сабақ соңында мұғалім баспасөз конференция қалпын қорытып, оқушылар еңбектеріне баға қояды.

§ 58. ҚАЙТАЛАУ ҚАЛПЫ

Мектеп оқушыларына қазақ тілінен саналы да сапалы білім беруде қайталау калпын жүргізіп отырудың мәні мен маңызы ерекше. **Қазақ тілі материалдарын оқушылар ойына толық қалыптастыру мақсатында алып барылатын жұмыс формасын қайталау сабағы** деп атайды. Қазақ тілі материалдарын қайталап отыру білім беру процесінің басты бір бөлігі болып табылады. Берілген ұғымдар мен дағдыларды оқушылардың есінде мұқият қалдыру барысында жүргізілетін қайталау жұмыстарының пайдасы мол. Қайталау процесінде оқушылардың ұғып, білгендері есіне түсіп, білімдері бұрынғыдан гөрі бекиді. Сондай-ақ білген ұғымдары кеңейіп, жан-жақты дами түседі. Өткенді толық меңгерген оқушыға алдағы өтілетін материалдарды түсініп қабылдау оншалық қиындыққа соқтырмайды. Қайталау жұмысы алған білімді бір жүйеге сала отырып, білмегенді білгізуге, білгенді толықтыра түсуді қарастырады.

Қайталау сабағын жүйелі жүргізу үшін оған мынадай талаптар қойылады: 1. Қайталау сабағының негізгі мақсаты анық болуы тиіс. 2. Қайталау сабағының түрі белгіленуі қажет. 3. Қайталау сабағы жоспар негізінде өтілуі жөн. 4. Қайталау өткенді еске түсіріп қана қоймай, оны терең ұғынуға көмектесуі керек. 5. Қайталау түрлері бір-біріне байланысты түрде өткізілуі тиіс. 6. Қайталау оқушылардың белсенділігін арттыруы қажет. Қайталау сабағы да басқа сабақтар сияқты өзінің мазмұнына қарай мынадай түрлерге бөлінеді: 1) лексика бойынша өтілетін қайталау калпы; 2) фонетика бойынша өтілетін қайталау калпы; 3) морфология бойынша өтілетін қайталау калпы; 4) орфография бойынша өтілетін қайталау калпы; 5) синтаксис бойынша өтілетін қайталау калпы; 6) пунктуация бойынша өтілетін қайталау калпы; 7) тіл ұстарту бойынша өтілетін қайталау калпы.

Қазақ тілінен өтілетін қайталау сабақтарын тиімді жүргізуге мұғалім барынша өз өнерін төккені мақұл. Ол түрлі жұмыс формасын ойластырып отырғаны абзал. Мұғалім қайталау сабақтарын мынадай жұмыс түрлері бойынша алып барады: 1. Қарастырылып отырған тілдік материалдардың өзіндік белгілерінің әрқайсысына бір-бірден ауызша мысалдар айтқызу. 2. Орфографиялық, орфоэпиялық және пунк-

туациялық сөздік пен анықтағыш кітаптан қайталанып отырған материалдарға мысал іздетіп таптыру. 3. Анықтамалар мен ережелерге лайықты мысалдар айтқызу. 4. Мәтіннен керекті тілдік объектілердің астын сызғызу. 5. Мәтіндегі көп нүктенің орнына тиісті тілдік объектілерді қойғызу. 6. Керекті тілдік материалдарға байланысты оқушылардың өздеріне схемалар сызғызу. 7. Тілдік материалдарға лайықты кестелер жаздыру. 8. Оқулықта берілген жаттығуларға ұқсас мысалдарды ауызша және жазбаша талдату. 9. Оқыған көркем шығарма үзінділерінен тілдік объектілерге лайықты сөйлемдер мен сөздерді тапқызу. 10. Қайталанып отырған тілдік объектілерді кірістіре отырып, сөйлемдер құрату. 11. Қайталау процесінде тілдік тапсырмалары бар шығарма жаздыру.

Қайталау қалпын тереңірек түсінуде, оны топтастырудың (классификация жасаудың) мәні үлкен. Қайталау қалпын классификация жасау белгілі бір методикалық өлшемдерге негізделеді. Ол негіз етіп алынатын өлшемдер мыналар: 1. Қайталаудың мақсатына негізделеді. Қазақ тілінен алған білімі мен білігін оқушылар есінде толық қалыптастыру және оны күнделікті өмірде қолдана білу қайталау сабағының негізгі мақсаты болып табылады. 2. Қайталаудың мазмұны мен көлеміне негізделеді. Қайталаудың мазмұны — лексикалық, фонетикалық, грамматикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, пунктуациялық тақырыптардың ауыр-жеңілдігіне байланысты болады. Қайталаудың мазмұны мен көлемі осы тақырыптардың өзіндік белгілерінің аз-көбіне негізделеді. Қайталаудың мазмұны мен көлемін анықтауда оқушының жас ерекшелігіне, шама-шарқына және білім дәрежесіне лайықты жағы қарастырылуы қажет. Сондықтан да қайталау жұмыстары дидактикалық принциптерге негізделіп жүргізіледі. Аздан көпке, белгіліден белгісізге көшу принципі қайталаудың мазмұнын белгілейді.

Сөйтіп қайталау сабақтары жоғарыда айтылған методикалық өлшемге негізделіп отырып, олар төмендегіше топтастырылады: 1. **Бастапқы қайталау сабағы.** 2. **Күнделікті қайталау сабағы.** 3. **Мерзімді қайталау сабағы.** 4. **Қорытынды қайталау сабағы.**

Бастапқы қайталау өткен бір жылдық (күнтізбелік) тілдік материалды оқу жылы басында еске түсіру мақсатында жүргізіледі. Оқу жылы басындағы бастапқы қайталау

оқушылардың бұрын алған білімдерін есіне түсіріп, ұмытқандарын ойына қайта оралтады. Өткен материалдар тұтас қайталанбайды. Өтілгеннің ішіндегі ең негізгісі, ең керектісі, практикалық мәні бар, оқушылардың меңгеруіне ауырлық келтірген тілдік материалдар қайталаанады. Бастапқы қайталау өз сыныбына қарай әр түрлі көлемде және әр түрлі тақырыптар аясында жүргізіледі. Осыған орай оқу жылы басындағы бастапқы қайталау мынадай түрлерге бөлінеді: 1. 5-сыныптағы бастапқы қайталау. 2. 6-сыныптағы бастапқы қайталау. 3. 7-сыныптағы бастапқы қайталау. 4. 8-сыныптағы бастапқы қайталау. 5. 9-сыныптағы бастапқы қайталау.

Күнделікті қайталау өткен материалдар мен жаңа тақырыпты ұштастырып, жаңа сабақты неғұрлым тиімді де жүйелі алып бару үшін өткізіледі. Сондай-ақ күнделікті қайталау алдыңғы өткен материалды оқушылар есіне түсіріп, оларды ұмыттырмау мүмкіндігін жасайды да, оқушы білімін бекіте түсуге көмегін тигізеді. Сонымен бірге күнделікті қайталау арқылы өткен материалды қаншалықты меңгергендіктерін білуге болады. Күнделікті қайталау сабақ процестерін мынадай позицияларында іске асырылады: 1) сабақ басында; 2) сабақ ортасында; 3) сабақ соңында өткізіледі. Сабақтың бас кезінде жүргізілгенде, өткен материал еске түсіріліп, карточкалар бойынша тапсырмалар беріледі. Ал сабақтың орта кезінде еске түсіргенде, жаңаны ескімен байланыстыру, өткеннің негізінде жаңаны меңгерту мақсаты көзделеді. Сондай-ақ сабақ соңында өткізгенде, дағдыландыру жұмысымен байланыстырылады. Бірде жаттығуды жаңа сабаққа, бірде өткен сабаққа байланысты өткізуге болады. Күнделікті қайталау мынадай тілдік материалдар негізінде өткізіледі: фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, орфографиялық, синтаксистік, пунктуациялық тақырыптар мен тіл ұстарту материалдары. Бұл сабақта тілдік фактілердің басты-басты белгілері түгел қамтылып қайталаанады.

Мерзімді қайталау өтілген тілдік тараулар мен күрделі тақырыптарды бір арнаға түсіру мақсатында жүргізіледі. Мерзімді қайталау үшін әр кезде өтілген тараулар мен ірі тақырыптар іріктеліп, сұрыпталады. Мерзімді қайталау сабағын жүргізуде, қайталау материалын дұрыс жоспарлап, өткізілу методикасын жүйелі ұйымдастырған мақұл. Мерзімді қайталау сабағы арқылы мұғалім мынадай міндеттерді анықтап

алады: 1) білім мен дағдының қаншалықты дәрежеде меңгерілетіндігін анықтайды; 2) тілдік материалдар арасындағы органикалық бірлікті, байланысты аңғарады; 3) оқушылардың білімі мен дағдысын есепке ала отырып, жіберілген олқылықтардың орнын толтыру жолын белгілейді; 4) оқушылар жауаптарына қарай отырып, алдағы тілдік материалдарды қалай меңгертудің әдіс-тәсілдерін қарастырады. Мерзімді қайталау сабағының аумағы күнделікті қайталау сабағының көлемінен әлдеқайда үлкен. Күнделікті қайталау бір тілдік фактілер айналасында өткізілсе, ал мерзімді қайталау бірнеше тілдік фактілер төңірегінде жүргізіледі. Мерзімді қайталау сабақтарында оқушыларға қойылатын сұрақтар тілдік материалдардық мазмұнын аша түсетіндей болу тиіс. Күнделікті қайталау сабағы оқушыларға алдын ала ескертілмей өткізіле береді де, ал мерзімді қайталау сабағы күні бұрын ескертіліп, оқушылар қайталауға арнайы дайындық көреді.

Мерзімді қайталау сабағында мынадай тілдік материалдар қайталаынады: дауысты дыбыстар және олардың түрлері, дауыстылардың емлесі, дауыссыз дыбыстар және олардың емлесі, буын мен тасымал, лексика, сөздердің жасалуы, зат есім, сын есім, етістік; үндестік заңы, лексика, зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, есімше мен көсемше; етістер, етістіктің шақтары, етістіктің райлары, үстеу, еліктеуіш сөздер, шылау сөздер, одағай, сөйлемнің түрлері, сөз тіркесі, тұрлаулы мүшелер, тұрлаусыз мүшелер, сөйлемнің айқындауыш мүшелері, окшау сөздер; салалас құрмалас сөйлемнің түрлері, салаластың тыныс белгілері, сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері, сабақтастың тыныс белгілері, төл сөз бен төлеу сөз және олардың тыныс белгілері, тіл ұстарту түрлері.

Қорытынды қайталау оқу жылы бойы өтілген тілдік материалдарды немесе курсты түгел жинақтап пысықтау мақсатында жүргізіледі. Бұл қайталау оқу жылының соңғы апталарында өткізіледі. Қорытынды қайталау барысында оқушылардың зейіні курстағы өтілген басты-басты тілдік мәселелерге қаратылады. Қорытынды қайталау сабағында сынақ сабағының элементтері жиі кездесіп отырады. Сынақ сабағы екі түрлі мақсат көздейді: 1) сынақ сабағы оқушылардың алған білімдерін тексеру мақсатында жүргізілсе, 2) өтілген тілдік материалдарды қайталау, жинақтау, қорыту

бағытында өткізіледі. Қорытынды қайталау сабағы мазмұнына қарай мынадай түрлерге бөлінеді: 1. 5-сыныптағы қорытынды қайталау. 2. 6-сыныптағы қорытынды қайталау. 3. 7-сыныптағы қорытынды қайталау. 4. 8-сыныптағы қорытынды қайталау. 5. 9-сыныптағы қорытынды қайталау.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Пысықтау сабақтарының түрлерін айтып беріңдер. 2. Бекіту қалпының мақсаты мен құрылымын түсіндіріңдер. 3. Практикум қалпының мақсаты мен құрылымын ауызша дәлелдеңдер. 4. Конкурс қалпының мақсаты мен құрылымына мысалдар келтіріңдер. 5. Семинар қалпының түрлері мен құрылымына мысалдар айтыңдар. 6. Баспасөз конференциясы қалпының құрылымына мысалдар айтыңдар. 7. Қайталау сабағының қандай түрлері бар?

Х тарау

СЫНАУ ҚАЛЫПТАРЫ ҚҰРЫЛЫМЫ

§ 59. ТЕКСЕРУ ҚАЛПЫ

Тексеру қалпы оқушылардың қазақ тілінен өткен тақырыптарын қаншалықты меңгергендіктерін байқау мақсатында іске асырылады. Бұл сабақ оқушылардың практикалық дағдыларын тексеру үшін арнайы өткізіледі. Осы мақсатпен жүргізілетін тексеру сабағына мына сияқты методикалық талаптар қойылады: теориялық білімнің қаншалық меңгерілгендігін анықтау; практикалық дағдылар жұмысының жүйелі екендігін аңғару; алынған мәтіндердің жетік, объект жағынан толық болуы; қойылатын сұрақтардың тақырыпқа тығыз байланысты болуы; жазба жұмыстардың мақсаты анық болуы талап етіледі. Оқушылар білімін тексеру сабағы төмендегі жұмыс түрлері бойынша алып барылады: 1) оқушылар білімі ауызша сұрақтарға жауап беру арқылы да тексеріледі; 2) жазба түрдегі сұрақтар арқылы да тексеріледі; 3) тақтадағы сұрақтарға жауап беру бойынша да тексеріледі; 4) карточкадағы сұрақтарға жауап беру арқылы да тексеріледі; 5) түрлі талдау жұмыстары арқылы да тексеріледі; 6) билеттегі сұрақтарға жауап беру арқылы тексеріледі; 7) сынақ сабағы бойынша тексеріледі; 8) диктант жүргізу арқылы тексеріледі; 9) мазмұндама жазу арқылы тексеріледі; шығарма жұмыстарын жазу арқылы тексеріледі. Жоғарыдағы жұмыстар арқылы оқушылар білімін тексергенде арнайы тандалған материалдың көлемін ескерген мақұл. Тексеру сабағының құрылымы да, бұл сабақты жиі іске асыруда үлкен қызмет атқарады. Осы сабақтың құрылымдық элементтері мына сияқты уақыт мөлшерімен өлшенеді: 1. Өткенді еске түсіру — 1-2 минут. 2. Диктантты жаздыру — 30-35 минут. 3. Керекті объектілердің астын сызу — 2-3 минут. 4. Диктантты жинап алу — 1-2 минут. 5. Диктант бойынша сұрақтарға жауап беру — 2-3 минут.

Мұғалім тексеру сабағының құрылымдық элементтерін жүйелі өткізу үшін, алдымен өткен тақырып «Салалас құрма-

лас сөйлем және оның түрлерін» оқушылардан сұрап еске түсіреді. Келесі жұмысқа дайындық жүргізеді. Бұдан кейін мұғалім диктантты жаздыру жұмысына кіріседі. Диктантты жаздыру үшін әуелі тактаға «Салалас құрмаластың түрлері» бойынша бақылау диктанты» деп жазып қояды. Сонан соң диктант мәтінін бір рет оқып береді: *Жүріп келе жатып сөйлеу қиын ғой, сондықтан бұлар үндемей келеді. Көшелері әрі кең, әрі атқан оқтай тұзу. Талғат Бигелдин ұшқыш болатын, дегенмен өнерін сынағым келеді. Ол кезде мен толқындай шапшыған сөздерді жақсы көруші ем, я болмаса шапқан аттай шаңдатқан сөздерді жақсы көруші ем. Торыайғыр мен Құлықтың арасында екі жол бар: тура жол Кегенге кетеді, оңға бұрылған жол Жалаңаш станциясына тартады. Ешбір өзгеріссіз су да ақырын тербеледі, қалтқы да жыбыр-жыбыр қозғалады. Күріш жапырағының өзегі оның өз түсіндей болады және сол өзекиеден бірнеше талшықтар тарап жатады. Бекболат бұл жолы бөгелген жоқ, жсауапты қолма-қол қайырды. Бименденің әкесінің аты Сыздық еді, ауылды Сыздық ауылы дейтін. Сен дайын ереже ұсынасың, — менің оған көңгім келмейді. Көп күлмейтін Олжабектің қатты күлгені сонша — арбадан ауып түсін қала жаздады. Шытырлап отырған құрай лап етті — қара түтін бұрқ етті. Екеуі де жастықты жаңа заманнан бастаған: дала жаңаша гүлдейді, дала адамы жаңа өмір сүреді. Малыш сырын білем мен: қасында өскем жасымнан.*

Осы мәтінді мұғалім дауыстап бір рет оқып болған соң, әр сөйлемін жеке оқып шығып, сөйлем ішіндегі сөздерін 2-3 бөліп жаздырады. Сөйлемді жазар алдында оқушыларға «тыңдаңдар» дейді. Оны тыңдап болған соң мұғалім диктант мәтінін дауыстап бір рет оқып береді. Осыдан соң оқушылар керекті объектілердің астын сызады. Бұдан кейін мұғалім диктантты жинап алады. Диктантты жинап алу кезекшілер арқылы да немесе оқушылардың диктант жұмысын бір-біріне ұзатуы арқылы да өткізуге болады. Ал кейде мұғалімдердің өздері де әр партаға барып жинап алады. Осындай жұмыстардан кейін мұғалім диктант бойынша берілген сұрауларға жауап береді. Диктанттағы жіберілген қателерді тактаға жазып қойған дұрыс. Бірақ дәптердегі қатені түзетуге болмайды. Осылай еткенде ғана оқушылар екінші рет қате жібермейтін болады.

§ 60. ТАЛҚЫЛАУ ҚАЛПЫ

Талқылау қалпы оқушылардың ауызекі тіліндегі және жазба жұмыстарындағы жіберген қателерін арнайы талдау үшін өткізіледі. Жоғарыдағы 9-сыныпқа арналған бақылау диктантаындағы қателерді талдау сабағы мынадай методикалық жүйе бойынша алып барылады. Алдымен салалас құрмалас сөйлемдер және олардың тыныс белгілеріне байланысты алынған бақылау диктанттағы қателер тақырып пен тақырыпшалар бойынша түр-түрге бөлінеді. Содан соң қателердің сапасын көрсететін кесте сызылады. Мұғалім оқушылардың зейінін кестеге аударады да, оны дауыстап бір рет оқып шығады. Осы кесте бойынша есепке алынған бақылау диктантаының қателеріне, әсіресе салалас құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерінен жіберілген өрескел қателерге назар аударылады. Бірсыпыра оқушылар ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі, себеп-салдар, талғаулы, кезектес салалас сөйлемдердің тыныс белгілерінен қате жібергендерін ескертіп, осы қателерге байланысты ережелерді оқулықтан таптырып оқытып, оған жаттықтырады. Оқулықтағы сөйлемдерді оқи отырып, оқушылар өздері сөйлемдер құрайды. Мұғалім ауызша дұрыс құралған, сапталған сөйлемдерді тактаға жаздырып, сонан соң дәптерлеріне көшіртеді. Мәселен, Т. М. деген оқушының қатесі төмендегіше сұрыпталады: ыңғайлас салалас сөйлемнің тыныс белгісінен екі қате, офографиялық, стилистикалық қатесі жоқ, каллиграфиясы үшін бағасы «5», жалпы баға «4». Осы оқушыға оқулықтың 23-бетіндегі «Салалас құрмаластың тыныс белгілері» деген тақырыпты дауыстап оқытып, ол ереже мен оған байланысты дидактикалық сөйлемдерді дәптерлеріне көшіртеді: Айталық, салаластың құрамындағы жай сөйлемдердің арасына үтір, қос нүкте, сызықша үтір мен сызықша қойылады. Бұл сияқты тыныс белгілерінің қойылуы, біріншіден, салаластың жалғаулық шылау арқылы немесе жалғаулықсыз құрмаласуына байланысты болса, екіншіден, жалғаулықсыз құрмаласқан салаластың әр түрлі мағыналы қатынасты білдіруіне байланысты болады. Жалғаулықсыз шылаулар арқылы құрмаласқан ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі, себеп-салдар, талғаулы, кезектес салаластардың түрлеріне, мағыналарының әр түрлі болғанына қарамастан, үтір белгісі қойылады.

Бұдан кейін Т.М. деген оқушы жоғарыдағы ережеге лайықты жазылған сөйлемдерді аса зор ұқыптылықпен дәптеріне көшіріп алады. *1. Ешбір өзгеріссіз су да ақырын тербеледі, қалтқы да жыбыр-жыбыр қозғалады. 2. Сиырының тұқымы да жақсы, бабы да келіскен екен. 3. Гүлнарды Самарқан атына мінгізді де, өзі жанапайлап жаяу жүріп отырды.* Сондай-ақ Т.М. деген оқушы салаластағы жай сөйлемдер және шылауымен байланысса, олардың арасына ешбір тыныс белгісі қойылмайтындығына көзін мына мысалдар арқылы жеткізеді: *Күріш жапырағының өзегі оның өз түсіндей болады және сол өзекишеден бірнеше талшықтар тарап жатады. Қаныш Баянауыл әндерін көп біледі және оны өзі жақсы орындайды. Келгендер арасында Абай бұрыннан білетін Дәндібай, Еренай сияқты қарттар бар және екі-үш орта жасты адам бар. Асқар оңша әнші жігіт емес еді және оның даусы да пәлендей қоңыраулы болмайтын. Терентий Одессаның жағалауын жақсы біледі және ол жер астындағы үңгірлердің теңізге шығатын барлық жолдарын да әбден біліп алған.*

Осыдан соң Б. З. деген оқушының жіберген қателері былайша талданады: ынғайлас салалас сөйлемнің тыныс белгісінен бір кате, себеп-салдар салалас сөйлемнің тыныс белгісінен бір кате, орфографиялық, стилистикалық қатесі жок, коллиграфиясы үшін бағасы «4» жалпы баға «4». Бұл оқушыға оқулықтың 24-бетіндегі 2,3-ережені дауыстап оқытып, ереже мен сөйлемдерді дәптеріне көшіртеді: *1. Бекболат бұл жолы бөгелген жоқ, жауапты қолма-қол қайырды. 2. Ай таяқ бойы көтеріліпті, маңдай алды дөп-дөңгелек болып толықсып тұр. 3. Жастардың қолы қырықтықта, аузы әнде. 4. Көмірден май да шығады, темір тасын қорытатын кокс те шығады. 5. Қостың ар жағынан қара кер аттың басындағы жүген сылдырлады, көп суылдады. 6. Күн батты, тауды қара көлеңке басты.*

Бұл сөйлемдерді жазып болғаннан соң, мұғалім оқулықтағы 3-ережені дауыстап оқытып, оны мысалдарымен қосып дәптерлеріне көшіртеді: жалғаулықсыз себеп-салдар салаластың себеп мәнді жай сөйлемі бұрын орналасса, соңынан үтір қойылады. *1. Бименденің әкесінің аты Сыздық еді, ауылды Сыздық ауылы дейтін. 2. Бұл араның жері үнемі дымқос болып жатады, шөбі ешуақытта тақырланып қалмайды.*

3. *Жалаңаш маңында жазда да, қыста да жәнді жел болмайды, ұйтқыған боран кездеспейді.* 4. *Бұл екі жолмен де менің жүргім келмейді, олар Жаманшұбарға мені тым алыс орағытып апарады.* 5. *Жүрген жерін білетін шығар, ол да жақында Жайық бетінен келді.* Мұғалім бұдан кейін Ж. А. деген оқушының жіберген кателеріне көңіл аударады. Оқушыға оқулықтың бетіндегі 4-ережені дауыстап оқуды ұсынады да, осыған байланысты берілген сөйлемдерді көшіртеді: 4. *Жалғаулықсыз қарсылықты салаластың ара жігіне үтір мен сызықша қойылады:* 1. *Сен дайын ереже ұсынасың, — менің оған көңгім келмейді.* 2. *Ушаков терезеден мойын соза қарап еді, — ойпаңдағы жабық тақталардың маңайында не болып жатқанын көре алмады.* 3. *Бас болмақ оңай, — бастамақ қиын.* 4. *Күн жауып кетті, — оны елеген ешкім болған жоқ.*

Мұғалім осыдан кейін И. А. деген оқушының диктантта жіберген кателерін былайша хабарлайды: түсіндірмелі салаластың тыныс белгісінен бір кате, емледен бір кате, каллиграфиясы үшін «4», жалпы баға «4». Осы оқушыға оқулықтың бетіндегі 5-ережені дауыстап оқытып, ереже мен сөйлемдерді дәптерлеріне көшіртеді. Мәселен, түсіндірмелі салаластың бірінші жай сөйлемінің баяндауышы *сонша, соншалық, сондай* деген сөздерден болса, олардан кейін сызықша қойылады: 1. *Көп күлмейтін Олжабектің қатты күлгені сонша — арбадан ауып түсіп қала жаздады.* 2. *Толяның қуанғаны сондай — өз семьясына қосылғандай мәз болып қалды.* 3. *Сережа өлеңінің балаларға әсер еткені сонша — олар әлі партизан шалды көз алдарында шын көріп тұрғандай болды.* 4. *Мал етінің асылдануы сондай — майы аузыңа салдырмайды.* 5. *Қойнына салған хаттың оған ыстықтығы сонша — төс қалтасында қағаз емес, тірі Дәулеттің соғып тұрған жүрегі сияқты.*

Сонымен бірге мұғалім А. Ж. деген оқушының жіберген кателерін де талқылады. Бұл оқушы ыңғайлас салаластың тыныс белгісінен бір кате, емледен бір кате жібергендігін айтады. Каллиграфиясы үшін бағасы «5», жалпы баға «4» деп хабарлайды. Бұдан кейін мұғалім ереже бойынша жұмыс жүргізеді: 6. *Жалғаулықсыз ыңғайлас салалас істің, оқиғаның мезгіл жағынан өте тез, қас қаққандай уақыт ішінде болғандығын білдірсе, не ол іс-оқиғаның өзара шарттас*

мәнде айтылғанын көрсетсе, құрамындағы жай сөйлемдердің арасына сызықша қойылады: 1. *Шытырлап тұрған құрай лап етті — қара түтін бұрқ етті.* 2. *Біріңді-бірің шын сыйлайды екенсіңдер — өзге бір сүйкімді атпен атасандар да болмай ма?* 3. *Дәмештің даусы шықты-ақ — Жүніс алдын ала керегін даярлата беретін.*

Сондай-ақ мұғалім И. Н. деген оқушының салалас құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерінен жіберген қателерін қорытынды талқылау ретінде ұсынады. Осы оқушы түсіндірмелі салаластың тыныс белгісінен бір қате, себеп-салдар салаластың тыныс белгісінен бір қате, сөйтіп салаластың тыныс белгісінен екі қате жібергендігін айтып, каллиграфиясы үшін бағасы «4», жалпы баға «4» деп хабарлайды. Оқулықтағы ереже бойынша мұғалім жұмыс жүргізеді: 7. Түсіндірмелі салаластың құрамындағы жай сөйлемдерінің арасына қос нүкте не сызықша қойылады. Мысалы, 1. *Екеуі де жастықты жаңа заманнан бастаған: дала жаңаша гүлдейді, дала адамы жаңа өмір сүреді.* 2. *Ұсыныс сол: сөз өздеріңе берілсін.* 3. *Сіздерге де айтарым — сағат төртте осында келіңіздер.* 4. *Саған ашып айтарым сол: мен осында қаламын.*

Мұғалім И. Н. деген оқушының жіберген қатесімен де жұмыс жүргізеді. Оқулықтағы ережені оқытып, сөйлемдерін көшіртіп жаздырады: 8. Жалғаулықсыз себеп-салдар салаласты салдар мәнді жай сөйлемі себеп мәндісінен бұрын тұрса, араларына қос нүкте қойылады. 1. *Малшы сырын білем мен: қасында өскен жасымнан.* 2. *Өзгеден гөрі менің жаным қаттырақ ауырар еді: бұл егіннің дәнін қолымнан мен септім ғой.* 3. *Небір масаның, небір шыбынның ызың еткен дыбысын естімейсің: олар онда жоқ.* 4. *Бұл бетте біз бөгелмек емеспіз: оны азды-көпті көрдік.* 5. *Біздің жерге егін шықпай қоймайды: біз агротехниканы ойдағыдай қолданамыз.* 6. *Не шөп, не егін жинаудың түп белгісі жоқ: бұл маңайда не шабылған, не үйілген егін, шөп жоқ.* 7. *Қарай қалды шын таңырқап: қалған екен күй айырқап.* Кателер үстінде істеуге оқушылардың өздігінен іздендірудің де пайдасы мол. Бұл мынадай жүйемен алып барылды. Оқушылар диктант жұмысын қолдарына алған соң, мұғалімнің көмегімен диктанттағы қателер іздеттіріледі. Жұмыстағы жіберілген қателер оқушылардың өздеріне түзеттіріледі. Кателеріне сай керекті ережелер еске түсіріліп, соған орай оқушылардың сөйлемдері айтылады.

Осы жұмыстан соң карточкалы дәптерде қателер үстінде істеу жұмысы өткізіледі. Кате жіберілген сөйлемдерді көшіріп жазу, тыныс белгілерін қою, сөздердің синонимдерін табу, бір түбірлі сөздерді және ұқсас сөздерді орфографиялық сөздіктен және пунктуациялық анықтағыштан таптыру, сөйлем құрату, шағын шығарма жаздыру жұмыстары жүргізіледі. Бұл сияқты жұмыстармен бірге мынадай тәсілдер де қолданылады: Оқушылар ұжымды түрде диктант жұмысын талқылағаннан кейін, сол жіберілген қателерге байланысты кіші-гірім диктант жаздырылады. Оның көлемі 30-40 шақты сөзден құралады. Сөйтіп, диктантта жіберілген қателерді болдырмауға белгілі бір шаралар белгіленеді. Қорыта келгенде, салалас құрмалас сөйлем және оның тыныс белгілеріне байланысты жазылған бақылау диктантының нәтижесі мынадай: «В» сыныбының жазған 28 оқушының он біріне «5», он жетісіне «4» бағасы қойылады.

§ 61. СЫНАҚ ҚАЛПЫ

Мектеп оқушыларының білім деңгейін анықтаудың жолдары көп. Қазақ тілінен алған білімдерін есепке алып, анықтап оқытудың басты формасы сынақ қалпы негізінде іске асырылады. Сынақ сабақ оқушылардың қазақ тілінен алған білімі мен дағдысын тексерудің тиімді де қолайлы формасы саналады. Бұл сабақ, біріншіден, оқушылардың алған білімдерін тексеру мақсатында өткізілсе, екіншіден, өтілген тілдік материалдарды қайталау, жинақтау және қорыту бағытында жүргізіледі. Сынақ сабағында қазақ тілінен өтілген тілдік материалдарды бір жүйеге түсіру, негізгі мәселелер бойынша білімдерін анықтау және тілден алған біліктерін практикада, күнделікті өмірде қолдана білу мақсаты көзделеді. **Оқушылардың қазақ тілінен алған білімі мен дағдысын бір жүйеге түсіру мақсатында алып барылатын жұмыс формасын сынақ сабақ** деп атайды. Мұндай сабақта мектеп оқушыларының қазақ тілінен алып келген білімі мен дағдысы ауызша да, жазбаша да тексеріледі. Сондықтан да сынақ қалпы өзінің іске асырылу тәсіліне қарай екі түрге ажыралады. 1. Оқушылардың білімі мен дағдысын ауызша тексеру. Мұнда оқушылар мұғалімнің қойған сұрақтарына жауап береді, ауызша тілдік материалдарды талдау жасайды, карточкалардағы

сұрақтарға ауызша жауап қайырады, ауызша жаттығулар шартын орындайды, көркем әдебиет үзінділерінен керекті объектілерді іздеп табады, ойдан мысалдар айтады. 2. Оқушылардың білімі мен дағдысын жазбаша тексеру. Сынақ бұл түрінде оқушылар карточкаларда берілген сұрақтарға жауап қайырады, №1 сынақ жұмысын, №2 сынақ жұмысын, №3 сынақ жұмысын орындайды, жазбаша жаттығулар шартын орындайды, дыбыс, әріп, сөз, сөйлемдер талдайды, түсіндірмелі жазулар орындайды, көшіріп жазу, диктант, мазмұндама және шығарма жұмыстарын жазады. Сөйтіп, сынақ сабағы қазақ тілінен алған білімін тексеру процесінде өткен тілдік материалдардан қандай объектілерді жақсы меңгергенін, қандай дағды алғанын білуіне мүмкіндік жасайды және алдағы уақытта қандай-қандай тілдік объектілерге баса назар аудару керектігін аңғартады.

Сынақ қалпы да басқа сабақтар сияқты өзінің мазмұнына қарай төмендегі түрлерге бөлінеді: 1) лексика бойынша өтілетін сынақ қалпы; 2) фонетика бойынша өтілетін сынақ сабағы; 3) морфология бойынша өтілетін сынақ сабағы; 4) орфография бойынша өтілетін сынақ сабағы; 5) орфоэпия бойынша өтілетін сынақ сабағы; 6) синтаксис бойынша өтілетін сынақ сабағы; 7) пунктуация бойынша өтілетін сынақ сабағы; 8) тіл ұстарту бойынша өтілетін сынақ сабағы. Сынақ сабағын ұқыпты жүргізу нәтижесінде оқушылардың мынадай негізгі дағдылары қалыптасады: Оқушылар берілген тілдік материалдарды саналы меңгереді, еңбекке деген жауапкерлігі артады, оқу мен еңбек тәртібі қатаң сақталады, оқушыларда ұжымдық сезімі орнығады.

Мұғалім мектепте қазақ тілінен сынақ сабағын жүргізуде, оны бірте-бірте дайындықтар, баспалдақтар негізінде өткізуді ұмытпаған мақұл. Сонымен сынақ сабағын өткізудің үш кезеңі бар: 1. Сынақ қалпын өткізудің дайындық кезеңі. 2. Сынақ қалпын өткізу кезеңі. 3. Сынақ қалпын қорытындылау кезеңі. Сынақ қалпын өткізудің дайындық кезеңінде күні бұрын істелетін жұмыстардың мазмұны, барысы белгіленеді. Қазақ тілінен өтілетін сынақ сабағын жоспарлы түрде іске асырған мақұл. Оқу жылы басында күнтізбе жоспар жасау процесінде қазақ тілі бағдарламасындағы материалдарды сарапқа салып, сынақ сабағын тілдің қайсы салаларына, қайсы тақырыптарына байланысты өткізу ке-

рек екендігін анықтап алған жөн. Сынақ сабағы материалдарын тақырыптық жоспар бойынша сұрыптап алған дұрыс. Мысалы, сөйлемнің бірыңғай мүшелері және олардың тыныс белгілері, жуан және жіңішке дауыстылар, *б, в, г, д* әріптерінің емлесі, буын және оның түрлері, омонимдер, төуелдік жалғау, негізгі және туынды зат есімдер, сын есім тудыратын жұрнақтар; біріккен сөз бен сөздер тіркесі араларындағы ілгерінді ықпал, жалпылама қолданылатын сөздер мен терминдер, мақал мен мәтелдер, аударма сөздік, қысқарған сөздер, зат есімнің көпше түрлері (көптік жалғау), табыс септік, сапалық және катыстық сын есімдер, болжалдық сан есімдер, жіктеу есімдіктері, есімшенің түрлері мен жасалу жолдары: өзгелік етіс, осы шақ және оның түрлері, шартты рай, мезгіл және мекен үстеулері, дыбыстық еліктеуіш сөздер, септеулік шылаулар, сөйлемнің түрлері, бастауыш пен баяндауыштың байланысы, дара толықтауыш пен күрделі толықтауыш, анықтауыш және анықтауыш болатын сөз таптары, қимыл-сын пысықтауыш, сөйлемнің айқындауыш мүшелері, окшау сөздер, ыңғайлас салалас сөйлем, талғаулы салалас сөйлем, себеп бағыныңқы сабақтас сөйлем, мақсат бағыныңқы сабақтас сөйлем, аралас құрмаластың тыныс белгісі, тіл ұстарту түрлері мен амал тәсілдері, тіл туралы мәлімет, тыныс белгілерін дұрыс қолданудың негізгі жолдары тақырыптары іріктеліп жоспарланады.

Әр сыныпта бір оқу жылында 6-8 сынақ сабағын, ал 4-9 сыныптарда барлығы болып 30-40 сынақ сабағын өткізуге болады. Сынақ сабағы оқушылардың тілден алған білімдері төмендегідей дәрежеде болуын қамтамасыз етуі тиіс: 1) оқушылар тілдік материалдарды сапалы игеруі қажет; 2) өтілген тілдік материалдарға лайықты белгілі дәрежеде практикалық дағдылары қалыптасуы тиіс; 3) тілден алған білімдерін түрлі жағдайларда қолдана білуі қажет. Мұғалім сынақ сабағының тақырыбын күні бүгін хабарлайды да, соған байланысты қазақ тілі кабинетінде «Сынаққа дайындал» бұрышын ұйымдастырады. Мұнда сыныққа қалай даярлануға болатынын көрсететін шағын нұсқау яғни білім мен дағды көлемі, сұраулар мен тапсырмалар, жаднама, жоба және дұрыс айтылған жауап үлгілері жазылып, қабырғаға іліп қойылады. Бұл сияқты үлгі-нұсқауларды алғашқы екі-үш сабаққа жазып, іліп қойған қолайлы. Оқушылар сынақ сабағына

көндігіп, үйренгеннен кейін тақырыпты және соған қажетті мәселелерді жазып, осымен шектелуге де болады. «Мақсат бағыныңқы сөйлем» тақырыбына арналған «Сынаққа дайындал» бұрышының үлгісі төмендегідей болып келеді, Оқушылар мыналарды білуі тиіс. Мақсат пысықтауыш (Қазақ тілі, 8-сынып):

1. Анықтамасы: **Сөйлемде істің, қимылдың, оқиғаның мақсатын білдіретін нысықтауышты мақсат пысықтауыш** дейміз. 2. Мақсат пысықтауыштар *не үшін? не мақсатпен? неге бола? не істеуге? неге?* деген сұрақтардың біріне жауап береді. 3. Мақсат пысықтауыш есім сөздерден кейін үшін шылауы келуі арқылы жасалады. 4. Тұйық етістік пен көмектес жалғаулы зат есімнің тіркесуі арқылы пайда болады. 5. Әдейі, қасақана, жорта мақсат үстеулерінен жасалады. 6. Барыс жалғаулы есім мен *бола* шылауының тіркесі арқылы пайда болады. Мақсат бағыныңқы сабақтас (Қазақ тілі, 8-сынып): 1. Анықтамасы: **Бағыныңқысы басынқыдағы істің мақсатын білдіретін сабақтастың түрін мақсат бағыныңқы сабақтас** дейміз. 2. Мақсат бағыныңқы *не үшін? неге? не деп?* деген сұрауларға жауап береді. 3. Мақсат бағыныңқы сабақтастың бағыныңқы және басынқы компоненттерінің өз бастауышы, өз баяндауышы болады. 4. Мақсат бағыныңқының баяндауыштары тұйық етістіктен кейін *үшін* шылауының келуі арқылы жасалады. 5. *-мақ, -мек, -қысы, -гісі* жұрнағы жалғанған етістіктен кейін болып, келіп деген көмекші етістің келуі арқылы пайда болады. 6. Шартты, бұйрық және қалау райлы (*-са(м), -сын, -сін, -айық, -ейік*) етістікке деп көмекші етістігі тіркесуі арқылы жасалады. 7. Оқығанда бағыныңқы компоненттен кейін дауыс кідірісі, басынқы компоненттен соң дауыс үзілісі болады. 8. Жазғанда мақсат бағыныңқы сабақтастың компоненттерінің арасына үтір қойылады. Оқушылар ойында мынадай дағдылар қалыптасуы тиіс. Мақсат пысықтауышқа байланысты психологиялық дағдылар: 1) мысалдарды көшіріп жазып, мақсат пысықтауыштардың астын сызу; 2) кез-келген жаттығу мәтінінен мақсат пысықтауыштарды теріп бөлек жазу; 3) мәтіннен мақсат пысықтауыштарды тауып, олардың тұлғалық белгісін ажырату; 4) мәтіннен мақсат пысықтауыштарды тауып, оларға сұрақтар қою; 5) сөйлемдегі көп нүктенің орнына мақсат пысықтауыштарды қойып жазу; 6) сөй-

лемдегі мақсат пысықтауыштардың синонимдерін тауып, ол сөйлемдерге стильдік өң беру; 7) бірыңғай мақсат пысықтауышты сөйлемдердің тыныс белгісін қойып жазу; 8) мақсат пысықтауыштарды кірістіре отырып, сөйлемдер құрау; 9) мақсат пысықтауыштардың жасалу жолдарын қамти отырып, белгілі бір тақырыпта шығарма жазу.

Мақсат бағыныңқылы сабақтасқа байланысты психологиялық дағдылар: 1) берілген мәтінді оқи отырып, мақсат бағыныңқының баяндауыштарын табу; 2) жаттығуды көшіріп жазып, мақсат бағыныңқы баяндауыштарының астын сызу; 3) мысалдарды оқи отырып, мақсат бағыныңқы баяндауыштарының тұлғалық белгісін ажырату; 4) берілген мәтіннен мақсат бағыныңқы баяндауыштарын тауып, оларға сұрақтар қоя білу; 5) мақсат бағыныңқының компонентіне керекті басқа сынарын табу; 6) мақсат бағыныңқының тыныс белгісін схемамен көрсету; 7) берілген жай сөйлемдерден мақсат бағыныңқы сабақтас жасау; 8) мақсат бағыныңқы сабақтасты жай сөйлемдерге айналдыру; 9) оқығаннан, естігеннен түсінгенін мақсат бағыныңқы сабақтаспен айтып беру; 10) шығарма жазғанда өз ойын мақсат бағыныңқы сабақтаспен бере білу; 11) мақсат пысықтауышы бар жай сөйлем мен мақсат бағыныңқы сабақтасты салыстыра отырып, олардың әрқайсысының өзіндік белгілерін айыру. Сынақ сабағын өткізу кезеңі ерекше мұқият дайындықты керек етеді. Сынақ сабағына сол сыныптың барлық оқушылары қатысады. Сынақтан тек үздік оқитын оқушылар ғана босатылады да, оларға екі түрлі жұмыс істеу мұғалім тарапынан тапсырылады. Бірінші жұмыс — жақсы оқитын оқушылар салмағы ауырлау тапсырмалар бойынша жұмыс істейді, ал екінші жұмыс — мұғалімге сынақ алуға көмектеседі. Әрине мұнда үздік оқушылар мұғалімнің нұсқауы бойынша жұмыс істейді. Бұларды көмекші-консультант оқушылар деп атайды. Сынақ жұмысы екі парақ қағазда орындалады. Осы қағазда мынадай арнау жазылады: №3 орта мектептің 8 «В» сынып оқушысы Тансықбаева Акмаралдың сынақ жұмысы. Тақырыбы: Мақсат бағыныңқы сабақтас сөйлем (Қазақ тілі, 8-сынып, 42-45-беттер). Мұғалім сынақ сабағын өткізудің түрлі формаларын пайдаланады. Мәселен, карточкаларға жазылған жазбаша сұрақтар, тапсырмалар, кеңейтірілген түсіндірмелі сұрақтар.

жалпы және жеке сұрақтар, және арнаулы сынақ жұмыстарын өткізуге болады. Сынақ сабағын осы бағытта өткізу оқушылардан тілден алған білімін шоғырландырады, берілген сұрақтарға толық және дәйекті жауап беруге дағдыланады. Сөйтіп оқушылардың сыныптан сыныпқа көшу емтихандарында берілген сұрақтарға мүдірмей жауап беру дағдысын тәрбиелейді. Сонымен бірге мұғалімге де көп жеңілдіктер жасалып, аз уақыттың ішінде оқушылардың білім деңгейін анықтай алады.

Қазақ тілінен сынақ сабағын тиімді өткізуде, оның ішкі органикалық бірлігін білудің зор мәні бар. Ол органикалық бірлік сынақ сабағының ішкі құрылымын белгілейді. Ал бұл құрылым белгілі элементтерден тұрады. Сынақ сабағының құрылымдық элементтері төмендегі уақыт мөлшерімен өлшенеді. 1. Сынақ сабағының мақсатын хабарлау — 1-2-минут. 2. Тексеру тапсырмаларының берілуі — 2-3-минут. 3. Тапсырмаларға жазбаша жауап қайыру — 20-30-минут. 4. Жұмыстың тексерілуі, консультанттар пікірі (рецензиясы) — 8-10-минут. 5. Ауызша қойылған сұрақтарға жауап беру — 4-5-минут. 6. Сынақ сабағын жинақтап қорытындылау — 2-3-минут.

Біз енді сынақ сабағының құрылымдық элементтерінің іске асырылу жүйесіне мысал келтірейік. Ол үшін алдымен мұғалім сынақ сабағының тақырыбын тактаға жазып хабарлайды да (Мақсат бағыныңқы сабақтас сөйлем), оның негізгі мақсатын санап айтып береді: 1) оқушылардың мақсат бағыныңқы сабақтастан алған білімін тексеру; 2) осы тақырыпты оқыту процесінде қалыптасқан дағдыларын анықтау мақсатында сынақ сабағы өткізіліп отырғандығын айтады. Сонымен бірге мақсат бағыныңқы сабақтастан алған білімі мен дағдыларын күнделікті өмірде қалай пайдалынып жүргендігін байқау мақсаты көзделетіндігін түсіндіреді. Сондай-ақ мұғалім сыныптағы 26 оқушының алтауы үздік оқитындықтан, олар сынақ сабағынан босатылып көмекші-консультанттар болатындығын хабарлайды. Бұдан кейін мұғалім оқушыларға мынадай тапсырмалар береді: 1) оқушыларға өздік диктант жаздырады: Келемін шалқып, жас болып, Ұлы Отанның *таңы үшін*, Ұлы халық *бағы үшін*, Халықтың достық *даңқы үшін* (Ж.Ж) Дәмді жеміс іздедім, Бойы *өссін деп* баланың, Дәмді сөзді іздедім, Ойы *өссін деп* баланың (К.Ә) Оқушылар бұл диктант

мәтінін жатқа жазады да, мақсат пысықтауыштар мен мақсат бағынынкы баяндауыштарының астын сызып, жасалу жолдарын қағазға түсіреді. Мысалы, мақсат пысықтауыштар есім сөздерден кейін *үшін* шылауы қосылу арқылы жасалады (*таңы үшін, бағы үшін, халық үшін, даңқы үшін, сұрағы не үшін?*) Ал мақсат бағынынкы баяндауыштары бұйрық райлы етістікке деп көмекші етістігі тіркесуі арқылы жасалады (*өссін деп, сұрағы не деп?*) Осыдан соң мұғалім тақтаға жазылып қойылған мысалдар бойынша жұмыс істеуді тапсырады. Оқушылар өздік диктантка жалғастыра отырып, мынадай тапсырмалармен жұмыс істей бастайды.

Мына сөйлемдердегі мақсат пысықтауыштар мен мақсат бағынынкы баяндауыштарының астын сызындар да, олардың жасалу жолдарын (өзіндік белгілерін) жазып түсіндіріңдер. Тапсырманы орындап болғаннан соң, мақсат пысықтауыш пен мақсат бағынынкы сабақтастың анықтама-сын жазып қойындар. 1. Ауылдағы адамдардың саяси *білімін арттыру ниетімен* мұғалімдер айына бір рет баяндама жасайтын болды. 2. Абай осының сәл алдынан өз ісінің аңғарын *байқамақ боп*, бір таныс тілмаш арқылы жаңа келген Лосовскийге сәлем айтқан (М.Ә.) 1. Мен бұл жерге *әдейі* келдім. 2. Күні бойы мал қорасын тазартқан балаларды серуедетіп *қайтайын деп*, Айжан апай оларды мал өрісіне бастап кетті. (Ш.А.) 1. Мен саған *бола келдім*. 2. Күн қызғанша отына *жайылсын деп*, сиырын қырдан асырып айдап салды (Х.Е.) 1. Мұнын бәрін ол *жорта* істеді. 2. Білмегенін *білсін деп*, оқушылар ынтығар (Қ.А).

Осыдан кейін оқушылар сынақ жұмыстары жазылған қағаздарын тапсырады. Бұл тапсырылған 20 жұмысты 6 көмекші-консультант оқушылар тексере бастайды. Осы кезде оқушыларды бос отырғызбау мақсатында мұғалім шәкірттерге мынадай сұрақтар қояды: 1) Өз ойларынан мақсат пысықтауыш пен мақсат бағынынкы сабақтастарға мысалдар айтындар. Жауаптар: Екіншілер тапсырманы уақытынан бұрын *орындап шығу үшін* жарысты. Жаксы жұмысшы атағын *алу үшін*, еңбеккүн көп болуға тиіс. Қуаныш *Мақсатқа* бола келіпті. Бүгін әдейі жолдасыммен *сөйлесейін деп*, мен осында келіп отырмын т.б. 2) істің мақсатын білдіретін *Мен интернатқа оқуға келдімнің* пысықтауышы *оқуға* дегеннің синонимдерін тауып, ол сөйлемдерді қалай өзгертіп

айтуға болады? Жауаптар: 1. Мен интернатқа *оқуға* келдім. 2. Мен интернатқа *оқу мақсатымен* келдім. 3. Мен интернатқа *оқу үшін* келдім. 4. Мен интернатқа *оқығалы* келдім. 5. Мен интернатқа *оқиын деп* келдім. 6. Мен интернатқа *оқиыншы деп* келдім. 7. Мен интернатқа *оқысам деп* келдім. 8. Мен интернатқа *оқысам қайтер екен деп* келдім. Мұғалім осыдан соң консультанттар пікірлерін тыңдайды. Олар сынақ жұмысын жазған оқушылардың жауаптарын бағалайды. Оқушылардың жазған жауаптарын бір жүйеге келтіру мақсатында, сабақ соңында қорытындыны мұғалімнің өзі жасайды.

§ 62. РЕЙТИНГ-ТЕСТ ҚАЛПЫ

Рейтинг жүйесі оқытудың сынау тобына кіреді. Оқушылардың алған теориялық білімі мен практикалық дағдысын білікке айналдыру мақсатында тексерудің бірден-бір тиімді түрінен саналады. Рейтинг фонетикадан, лексикадан, морфологиядан, орфографиядан, синтаксистен, орфоэпиядан, пунктуациядан, тіл ұстартудан, стилистикадан, тіл мәдениетінен алған теориялық білімдерін толық меңгертуде жүйелі түрде іске асырылады. Әрбір тапсырманың көлемі, шарты, орындалу тәртібі белгіленеді. Тапсырманың ауыр-жеңілі өтіліп отырған я өтілетін тілдік материалдардың көлеміне байланысты болып келеді. Әрбір тапсырмаға сапалы балл жинау рейтинг қалпының негізгі максаттарынан есептеледі. Рейтинг жүйесі бойынша алған білімді тексерудің үш түрі бар. 1. Сұрақтарға ауызша жауап беру. 2. Қойылған сұрақтарға жазба түрде жауап жазу. 3. Тест сұрақтарын анық шешу. Белгілі бір тілдік тақырыптарға байланысты қойылған сұрақтарға ауызша жауап беріледі. Мұғалім әрбір сұраққа берілген жауаптарға балл қойып, бағалап отырады. Сондай-ақ билет түрінде қойылған сұрақтарға (мәселен, билетке төрт сұрақ қойылады делік) жазбаша жауап қайырады. Ондағы әрбір тапсырмаға жеке-жеке балл қойып, төрт сұрақты жинақтап бір балл шығарады. Сонымен бірге тест тапсырмалары арқылы да оқушылар білімін анықтауға болады.

Рейтинг жүйесі бойынша оқушы білімін бағалаудың үш түрі бар: 1. Күнделікті бағалау. 2. Аралық бағалау. 3. Қорытынды бағалау. Күнделікті бағалау сабақ жоспары бойынша өткізіледі. Аралық бағалау бірнеше тақырыптарды өтіп болған

соң алып барылады. Ал қорытынды бағалау тарау, сыныптан сыныпка көшу, курс аяқталған кезде жүргізіледі. Қорытынды баға шығаруда тестер жинағының атқаратын қызметі үлкен. Тест — сынау сабақтарының бір түрі. Бұл — оқушы білімін тексерудің ең өнімді де тиімді қалпы. *Тест* — ағылшынның *байқау* деген сөзінен алынған термин. Бұл оқушының білім деңгейін анықтауда көп уақыт алмайды, оның нәтижесі лезде тікелей белгілі болып шыға келеді. Тесттің басқа сынау жұмыстарынан артықшылығы мынада: біріншіден, тест тапсырмаларының дәл болуы, екіншіден, сенімді болуы, үшіншіден көп вариантты болуы. Оқушыларға тілдік теориялық және практикалық материалдарды меңгертуде де орасан қызмет атқарады. Тест тілдік тақырыптарға байланысты дағдыландыру жұмыстарының түрлерін іске асыруда да сапалы орын иелейді.

Тест сабағының мынадай талаптарын есте сақтаған мақұл: Тест сабағын өткізудің орны белгіленеді; тест сабағына белгілі бір уақыт ажыратылады; тест тапсырушылардың барлығына бірдей жағдай жасалады; тест тапсырмалары болымды түрде беріледі; әрбір тапсырмалардың реттік нөмірі болады; тапсырмаларды орындау үшін арнайы нұсқау беріледі. Оқушылар білімін жүйелеуде тесттің мынадай түрлері іске асырылады: 1. **Дәл жауапты тест.** Берілген тапсырмалардың біреуі дәл жауапты талап етеді. Бұған болымды түрде жауап қайтару қажет. Тестті бір тақырып, бір тілдік тараулар немесе бір курс көлемінде жасап, оқушылардың білім дәрежесін анықтауға болады. Тест сабағын сапалы да тиімді жүргізуде оның ішкі құрылымдық элементтерін ескеріп отырған жөн. Олар мыналар: 1) тест сабағының максаты түсіндіріледі; 2) тест тапсырмалары тарқатылып беріледі; 3) оқушылар іштей оқиды; 4) оқушылар басқа паракка дәл жауабын тауып белгілейді. (мәселен, 1-А, 2-Б, 3-В, 4-Г т.б.) 5) берген жауаптарын бір рет көзден өткізеді; 5) тест жазған қағаздарын тапсырады. 2. **Баламалы тест.** Баламалы тесттің тапсырмалары бір-біріне ұқсас компонентті болуы тиіс: айту, сөйлеу, жазу, сызу сөздерінің барлығы тұйық етістік пе? Тест орындаушы бұған «иә» немесе «жоқ» деп жауап береді. 3. **Толықтыру тесті.** Тест орындаушы тапсырманың сыңарларын жалғастырып, толықтырып жазады. Мәселен, төмендегі сөйлемнің бірінші сыңары берілген, осы-

ған сүйене отырып, екінші сынарын тап та, оқиғаның бірінен соң бірі болатындығын білдіретін ынғайлас салалас құрмалас сөйлем жаса: Жаңбыр жауды да... Мұндай тестер көбінесе дағдыландыру мақсатында алып барылады. Машықтандыру арқылы оқушылардың білім деңгейін тексеруге болады. 4. **Сәйкестендіру тесті.** Дәптер как ортасынан бөлінеді де, сол жағына тілдік ұғымдар, ал оң жағына мысалдары беріледі. Осы мысалдардың қайсысы тілдік ұғымдарға қатысты болса, соларды әрқайсысының тұсына жазып қояды: Сөз таптары: 1) зат есім; 2) сын есім; 3) сан есім; 4) есімдік; 5) етістік; 6) үстеу; 7) шылау; 8) одағай; 9) еліктеу. Мысалдары: а) айт, жүр, бер; ә) алтау, он, он екі; б) әдемі, сүйкімді, өнді; в) бүгін, ертең, былтыр; г) ана, ата, аға; ғ) туралы, шейін, гөрі; д) мен, сен, ол; ж) жалт-жұлт, тарс-тұрс; з) кап, алақай, бәрекелді.

Дәл жауабы: 1-Г, 2-Б, 3-Ә, 4-Д, 5-А, 6-В, 7-, 8-З, 9-Ж.

Тапсырмалар

1. Сынау қалыптарының түрлерін айтып беріндер. 2. Тексеру сабағының мақсаты мен құрылымына мысалдар жазыңдар. 3. Талқылау қалпының методикалық жүйесіне мысал жазыңдар. 4. Сынақ қалпының түрлері мен құрылымына мысал келтіріңдер. 5. Берілген тест тапсырмаларын орындандар.

ХІ тарау

ҚАЛЫП ЖОСПАРЛАРЫ ҚҰРЫЛЫМЫ

§ 63. ҚАЛЫП ЖОСПАРЛАРЫ ҚҰРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Қазақ тілі бойынша берілетін теориялық материалдар белгілі бір жоспарлар негізінде жүзеге асырылады. Жоспар өтілетін білім мен практикалық дағдыларды дәл көрсету үшін жасалады. Сонымен бірге жұмыстың көлемін, аумағын және методикалық жұмыс жүйесін анық белгілеуге септігін тигізеді. Сабактың қайсы түрі болса да, оның қандай құрылымдық элементтері іске асырылса да және оған лайықты теориялық білім мен практикалық дағдылар берілетін болса да жоспарсыз орындауға болмайды. Сондықтан да қазақ тілін оқытуда жоспарлау жұмыстарының атқаратын қызметі орасан. Жоспар қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды берудің құралдарынан саналады. Сонда жоспар дегеніміз не? Жоспар деп белгілі бір орындалатын жұмыс тәртібінің аумағын айтады. Сөйтіп қазақ тілі бойынша жоспарлау жұмыстары белгілі бір (өтілетін) оқытылатын тілдік материалдардың аумағын күні бұрын белгілейді, орындалатын істі күні бұрын жобалайды. Қазақ тілін оқытуға арналған жоспарлардың аумағы мынадай негізгі методикалық мәселелерді қамтиды: 1. Қазақ тілін оқытуға арналған жоспарлардың аумағы өтілетін тілдік материалдардың мазмұнын белгілейді. Өтілетін тілдік материалдың мазмұны деп фонетикалық, лексикалық, грамматикалық (морфологиялық және синтаксистік), орфографиялық, пунктуациялық және стилистикалық тілдік материалдардың қамтылуын айтады. 2. Қазақ тілін оқытуға арналған жоспарлардың аумағы өтілетін тілдік материалдардың мөлшерін сұрыптайды. Өтілетін тілдік материалдардың мөлшері деп, әрбір сыныптың шама-шарқына қарай екшелеп алынған тілдік материалдардың өзіндік белгілерінің жиынтығын айтады. 3. Қазақ тілін оқытуға арналған жоспарлардың аумағы өтілетін тілдік материалдардың ретін, тәртібін саралайды. Өтілетін тілдік

материалдардың реттік тәртібі деп, әрбір сыныптың ерекшелігіне қарай сұрыптап алынған тілдік материалдардың өзіндік белгілері мен дағды түрлерінің орналасу тәртібін айтады. Сондықтан да оқушыларға білім мен дағды аумағын белгілеуде қазақ тілі бойынша жасалатын жоспарлардың мәні ерекше.

Әрбір қазақ тілі материалдарын методикалық жақтан дұрыс жоспарлау жұмысы мұғалімнің бағдарламалық материалды оқулықтардан лайықты сұрыптауынан және өтілетін тақырыптарды белгілеуінен басталады. Жоспар жұмысы мұғалімнің белгілі бір жүйеге түскен, тұрақты құралы ретінде қызмет атқарады. Жоспарлау жұмысында әрбір сыныпқа арналған қазақ тілі материалының өзіндік белгілері, жасалу жолдары, анықтама мен ережелері анық көрсетіледі. Сондықтан да мұғалім тілдік материалдың көлемін, өтілу тәртібін және соған лайықты сабақ түрлері мен құрылымдарын және оған қойылған міндеттерін жақсы білуі қажет. Жоспарлау жұмысында тілдік материалдың бірі мен бірінің байланыстылығы, оқушылардың өздігінен істейтін жұмыстарының түрі, білім беру әдістері дәл көрсетілуі абзал. Жоспар негізінде қазақ тілінен білім беру әдістерінің түр-түрі іске асырылады. Қазақ тілі бойынша жоспарлау жұмыстары мазмұнына қарай 3-ке бөлінеді. Күнтізбе жоспар, тақырыптық жоспар және сабақ жоспары.

§ 64. КҮНТІЗБЕ ЖОСПАР

Қазақ тілі бойынша әр сыныпта берілетін мағлұматтар бір жыл, яғни оқу жылы бойынша жоспарланады. **Әр сыныптағы тілдік материалдарды оқу жылы бойынша мөлшерлеу күнтізбе жоспар** деп аталады. Бұл жоспарда әр сыныпта қандай күрделі тақырыптар өтілетіндігі және соған қарай жұмыстың қандай түрі жүргізілетіні көрсетіледі. Күнтізбе жоспар жасаудың жүйесі төмендегідей болып келеді: 1) реті мен күні, 2) бағдарламадағы материалдар (тақырыптар мен тақырыпшалар) мазмұны, 3) сағат саны, 4) өткізілу мерзімі, 5) қосымша материалдар мен керекті әдебиеттер тізімі, 6) тапсырмалар мен көрнекі құралдар, 7) пәнаралық байланыс, 8) жүргізілетін ауызша және жазбаша жұмыстар, 9) өткізу әдістері мен оқыту қалыптары, 10) тіл ұстарту жұмыстары, 11) ескерту.

§ 65. ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

Қазақ тілі бойынша жүргізілетін тақырыптық жоспар әрбір тоқсандағы өтілетін күрделі тақырыптарды жеке тақырыпшаларға ажырату үшін жасалады. **Әр ай мен тоқсандағы өтілетін тілдік тақырыптарды тақырыпшаларға ажырату тақырыптық жоспар** деп аталады. Мұнда теориялық білім мен практикалық жаттығудың көлемі дәл сағат санымен мөлшерленеді. Бұл тақырыптық жоспарда қазақ тілі материалдарының өтілу жүйесі де көрсетіледі. Жеке тақырыптардың аты, өзіндік ерекшеліктері және оларға арналған саны дәл белгіленеді. Тақырыптық жоспарда материалды өту күні, тақырыптың оқытылу орны, қайталау үшін берілетін материалдар құрамы, тіл ұстарту жұмыстары және тілді әдебиет материалдарымен байланыстырып өту тақырыптары көрсетіледі. Сөйтіп, әрбір тақырып пен тақырыпшаларға байланысты берілетін сағат саны дәл көрсетіледі. Мысалы, сан есімге бағдарламада 12 сағат ажыратылған. Оны төмендегі сағаттарға ажыратуға болады: 1. Сан есім туралы түсінік — 1 сағат. 2. Дара және күрделі сан есімдер — 1 сағат. 3. Сан есімнің мағынасына қарай түрлері — есептік сан есім — 1 сағат. 4. Реттік сан есім — 1 сағат. 5. Жинақтық және болжалдық сан есімдер — 1 сағат. 6. Топтау сан есімі — 1 сағат. 7. Бөлшектік сан есімі — 1 сағат. 8. Сан есімнің емлесі — 1 сағат. 9. Сан есімнің сөйлемдегі қызметі — 1 сағат. 10. Сан есімнен өткенді қайталау — 1 сағат. 11. Тіл мәдениеті — 1 сағат. 12. Пән-аралық байланыс — 1 сағат.

§ 66. САБАҚ ЖОСПАРЫ

Қазақ тілін оқытуға байланысты жасалатын сабақ жоспары күнделікті өтілетін тақырыптың көлеміне байланысты жазылады. Сондықтан да **күнделікті өтілетін тақырыптарға байланысты жасалатын жобаны сабақ жоспары** деп атайды. Бұл жоспар әр сабақ сайын кездесіп отырады. Өтілетін сабақтың құрылымына қарай жоспардың да құрылымы ішінара өзгеріп отырады. Сондай-ақ сабақтың түрлеріне орай да жоспардың негізгі мақсаты өзгереді. Сабақ жоспарынсыз сабаққа кіруге болмайды. Сондықтан да әрбір сабаққа мұқият әзірлікпен жоспар жасалынады. Сабаққа әзірлену — мұғалімнің ең жауапты жұмысының бірі. Мұғалім сабақ жоспарында

әрбір қазақ тілі материалының өзіндік ерекшелігін, бір-бірінен айырмасын, жасалу жолдарын және ол туралы түйінді қорытынды пікірлерін конспект жасайды. Тілдік материалдарға сай тақырыптың өтілу жүйесін және методикалық барысын анықтайды. Сабақтың қайсы түрімен және білім беру әдісінің қайсы түрімен сабақ жоспарын жасау керектігін белгілейді. Сондықтан да сабақ жоспарын дайындауда мұғалім күні бұрын мынадай жұмыстарды әзірлеп алады: 1) алдымен өтілетін сабақтың тақырыбын анықтайды; 2) осы тақырыпқа сай ғылыми-лингвистикалық әдебиеттермен танысады; 3) тақырыптың бағдарламалық көлемін белгілейді; 4) өтілу жүйесін анықтайды; 5) ғылыми методикалық әдебиеттермен танысады; 6) материалдың өзіндік белгілерін және осы материалға лайықты дағдыландыру жұмыстарының көлемін белгілейді; 7) осы тәрізді жұмыстардан соң сабақ жоспарының түрлерін анықтайды.

Сабақ жоспары өзінің ішкі құрылымына қарай екі бөлімнен тұрады: 1) кіріспе бөлім, 2) негізгі бөлім. Кіріспе бөлімде сабақтың тақырыбы, сабақтың мақсаты, сабақта қолданылатын білім беру әдістері, сабақта пайдаланылатын көрнекі құралдар және сабақ барысы белгіленеді. Ал негізгі бөлімде болса, сабақтың негізгі құрылымдары, яғни өткенді еске түсіру, талдау жұмысын жүргізу, жаңа материалды түсіндіру, материалды дағдыландыру, үй тапсырмасын беру, үй еңбегін тексеру, оқушылар еңбегін бағалау сияқты методикалық мәселелер енеді. Сондай-ақ сабақ жоспарлары жасалу көлеміне, негізгі іске асырылу мақсатына қарай мына сияқты түрлерге бөлінеді: 1) *жай жоспар*, 2) *күрделі жоспар*. Сабақтың бұл жай жоспарын тәжірибелі мұғалімдер, көп жылдық педагогикалық стажға ие ұстаздар және теориялық методикадан лекция естіген, осы методикадан толық хабары бар мұғалімдер ғана жасай алады. Сабақ процестері сызбалық дәрежеде көрсетілетіндіктен, мұны жай сабақ жоспары деп атайды. **Жай жоспар барлық істелетін жұмыстың түрлерін толық қамтымайды, тек сабақтың сызбасын ғана көрсетеді.** Сондай-ақ бұл жоспарда сабақ процесінің негізгі бөлімдері атап өтіледі. Жай жоспар да құрылымына қарай негізгі екі бөлімнен тұрады, яғни кіріспе бөлім және негізгі бөлім. Ал енді осы жай жоспарға мысал келтірейік: **Сабақтың тақырыбы:** Сөздің тура мағынасы мен ауыспалы мағынасы. **Сабақтың мақсаты:** Оқушыларға сөздің тура мағынасы мен ауыспалы мағынасынан теориялық білім мен

практикалық дағды беру. **Сабақта қолданылатын білім беру әдістері:** түсіндіру, талдау, кітапты пайдалану әдістері. **Сабақтың жабдықтары:** схема, кесте, карточка, оқулық және техникалық құралдар. Сабақтың барысы:

1. **Өткенді еске түсіру.** Бұған 4 сөйлем алынады. Бұл сөйлемдер оқушыларға карточкаға жазылып, тарқатылып беріледі. 2. **Жаңа материалды түсіндіру.** Бұл мына жүйе бойынша алып барылады: 1) тактаға көрнекі құрал ілінеді; 2) бұдан кейін сөздің тура мағынасы мен ауыспалы мағынасының өзіндік белгілері түсіндіріледі; 3) сөздің тура мағынасы мен ауыспалы мағынасының анықтамасы айтылады; 4) сөздің тура мағынасы мен ауыспалы мағынасы туралы пікір қорытылады. 3. **Дағдыландыру жұмыстарын жүргізу.** Бұл сабақта 7 түрлі жаттығу жұмыстары іске асырылады. 4. **Үй тапсырмасын беру.** 5. **Оқушылардың еңбегін бағалау.**

Күрделі жоспар. Сабақ процестері толық қамтылып жасалатын жобаны *күрделі жоспар* деп атайды. Күрделі жоспар да кіріспе және негізгі бөлімнен тұрады. Күрделі жоспарды жасау аса көп дайындықты керек етеді. Күрделі жоспарда істелетін жұмыстардың мақсаттары, сабақтың жүйесі, жұмыс процестері толық көрсетіледі. Әрбір қазақ тіліне байланысты материалдар лингвистикалық және методикалық жақтан толық қарастырылып, сабақ құрылымы анық жоспарланады. Ал енді осы күрделі жоспарға мысал келтірейік: Сабақтың тақырыбы: Сөздің тура мағынасы мен ауыспалы мағынасы. Сабақтың мақсаты: өткенді еске түсіру; 2) жаңа материалды түсіндіру; 3) жаңа материалға байланысты жаттығу жүргізу; 4) үй тапсырмасын беру; 5) оқушылардың еңбегін бағалау. Сабақта қолданылатын білім беру әдістері: түсіндіру, талдау, кітапты пайдалану т.б. Сабаққа қажетті көрнекі құралдар: такта, түсті борлар, кесте, схема, альбом, карточкалар және техникалық құралдар.

Сабақтың барысы: 1. **Өткенді еске түсіру.** Өткен «Сөз және оның мағынасы» тақырыбын еске түсіру үшін, карточкаға мына сияқты сөйлемдер жазылып, оқушыларға тарқатылып беріледі. Оны оқушылар талдау жасайды.

1-карточка: Олар қолдарына ағаш күрек алып, есік алдындағы қарды күреді. **2-карточка:** Солтүстіктен сокқан жел күшейе түсті. **3-карточка:** Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей. **4-карточка:** Қиылған қара қасы, қарақаттай мөлдіреген қара көзі, қолаң қара шашы үйдің қараңғылығын қоюландырып тұрғандай.

2. Жаңа материалды түсіндіру. Бұл сабақ мына сияқты методикалық жүйе бойынша жүргізіледі. Мұғалім сөздің тура мағынасы мен ауыспалы мағынасын түсіндіруде алдымен тақтаның сол жағына мынадай кесте іледі: Сөздің тура мағынасы мен ауыспалы мағынасы. Тура мағына. Негізгі мағына: *Ол есіктің тұтқасы мықты. Қан сонарда бүркітші шығады аңға, Тастан тұлкі табылар андығанға . Олар қолдарына ағаш күрек алып, есік алдындағы қарды күреді.* Ауыспалы мағына. Туынды мағына: *Адам — өмір тұтқасы. Айлакерлікпен күн көріп жүрген ол бір тұлкі. Артынан келіп қол жетті, Аз жетпеді, мол жетті.* Содан кейін мұғалім тақтаның оң жағына мынадай сөйлемдерді жазады: 1. *Жылқының жатқан жерінен жарты көш шыққан кезде артымыздан бір қара мал көрінеді.* 2. *Істің ақ пен қарасын тексеріп, әділ шешетінін айтты.* 3. *Олар қолдарына ағаш күрек алып, есік алдындағы қарды күреді.* 4. *Артына келіп қол жетті, Аз жетпеді мол жетті.* 5. *Мынау ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неге қисық біткен? — деп сұрады баласы.* 6. *Уай, өзің бір сөзге түсінбейтін қисық шал екенсің.*

Осыдан соң мұғалім тақтадағы ілінген, кестедегі жазылған мысалдарды және тақтаға жазылған дидактикалық сөйлемдерді екі-үш оқушыға дауыстап оқытады. Содан соң мұғалім түсіндіру әдісін қолдана отырып, төмендегіше бағдарлайды: Балалар, тіліміздегі әрбір сөзде мағына болады, мағынасыз сөз болмайды. Осы сөздің мағыналары әртүрлі болып келеді. Мысалы, Ол есіктің тұтқасы мықты дегенде *тұтқа* сөз есіктің қолға ұсайтын жері деген мағынаны білдіреді. Дәл осы мағына *тұтқа* — негізгі мағынасы, ал, адам — өмір *тұтқасы* деген сөйлемдегі тұтқа сөзі тірек деген мағынаны білдіреді. Осы мағына, яғни тірек деген мағына *тұтқа* деген сөздің ауыспалы және туынды мағыналары. Сондай-ақ, балалар, жоғарыда айтқанымыздай, сөз өзінің тура мағынасында, ауыспалы мағынасында қолданыла береді. Біз осы пікірімізді дәлелдеу үшін *тұлкі* деген сөзді алып қарайық: Кестедегі Қан сонарда бүркітші шығады аңға, Тастан *тұлкі* табылар андығанға деген сөйлемде *тұлкі* сөзі өзінің тура мағынасында қолданылып тұр. Ал, айлакерлікпен күн көріп жүрген ол бір *тұлкі* деген сөйлемде *тұлкі* сөзі ауыспалы мағынада қолданылып тұр. Соңғы осы сөйлемдегі *тұлкі* сөзі күдеген мағынаны береді. Сонымен мұғалім сөз мағыналарының мынадай өзіндік белгілерін саралап айтып береді. 1. Сөздің тура мағынасы болады. 2. Сөздің ауыспалы мағынасы болады. Осы сөз мағыналарының ішіндегі тура мағына

негізгі мағына болады да, ал ауыспалы мағына туынды мағына болып келеді. Сөздің ауыспалы мағынасы оның тура мағыналарының негізінде пайда болады. Балалар, сөзді ауыспалы мағынада қолдану көркем етіп айтып берудің тәсілі болып саналады. Сөйтіп, сөздің ауыспалы мағыналарын жете білу тілдің көркемдік-бейнелік қасиеттерін тану үшін өте мәте қажет. Сонымен, мұғалім жоғарыдағы айтылғандарды қорыта келіп, өтілген материалдарға анықтама береді. **Сөздің затқа тікелей байланысты мағынасы тура мағына деп аталады да, сөздің басқа мағынада өзгеріп қолданылуын ауыспалы мағына** деп атайды.

3. Дағдыландыру жұмыстарын жүргізу. Бұған байланысты жаттығулар мына тәртіппен алып барылады. Мұғалім сөздің тура мағынасы мен ауыспалы мағынасына орай мынадай дағдыландыру жұмыстарын жүргізеді: 1. Оқулықтың бетіндегі 39-параграфты екі оқушыға дауыстап оқытады. 2. Кестедегі және тақтадағы жазылған сөйлемдерді дауыстап оқып шығады. 3. Сөздің тура мағынасы мен ауыспалы мағынасына мысалдар айтады. 4. Мәтінді оқып шығып, сөздің тура мағынасы мен ауыспалы мағынасын түсіндіреді. 5. Сөйлем ішіндегі кара, тұтқа, қол, түлкі, суық, қисық деген сөздердің қандай мағыналарда қолданылып тұрғандығын айтып береді. 6. Тура мағына мен ауыспалы мағынада қолданылып тұрған сөздерді кірістіре отырып, сөйлемдер құрайды. 7. Тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді кірістіре отырып, сөйлем құрап, бір тақырыпта шағын шығарма жазады.

4. Үй тапсырмасын беру. Бұл мына сияқты методикалық жұмыс жүйесі бойынша жүргізіледі: 1) алдымен оқулықтың беті, параграфы, жаттығудың нөмірі тақтаға жазылады; 2) жаттығудың шарты оқытылады; 3) жаттығудың бірер үлгісі көрсетіледі; 4) бірер оқушыдан осы жаттығуды қалай орындау керек екендігі сұралады.

5. Оқушылардың еңбегін балмен бағалау.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қалып жоспарларының мазмұнына қарай қандай түрлері бар? 2. Күнтізбе жоспардың мәселелеріне нелер кіреді? 3. Тақырыптық жоспардың анықтамасы мен жүйесін айтып беріңдер. 4. Сабак жоспарының анықтамасын түсіндіріңдер. 5. Сабак жоспарының бөлімдеріне нелер кіреді? 6. Күрделі жоспардың анықтамасы мен құрылымына методикалық талдамалар жазыңдар.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. **Арғынов Х.** Құрмалас сөйлем синтаксисінің методикасы. Алматы, 1964.
2. **Арғынов Х.** Жай сөйлем синтаксисінің методикасы. Алматы, 1967.
3. **Арғынов Х.** Қазақ тілі синтаксисі методикасының негіздері. Алматы, 1969.
4. **Арғынов Х.** Қазақ тілі методикасы. Синтаксис, пунктуация. Алматы, 1974.
5. **Әбдікәрімова Т., Әбдіғалиева Т., Шаймерденова К.** Қазақ тілін оқыту методикасы (практикалық және лабораториялық жұмыстар). Алматы, 1999.
6. **Әуелбаев Ш.** Қазақ тілі синтаксисі мен пунктуациясын оқытуға арналған құрылымдық схемалар. Алматы, 1971, 1990.
7. **Әлімжанов Д., Маманов Ы.** Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы, 1965.
8. **Байтұрсынов А.** Тіл тағылымы. Алматы, 1992.
9. **Дудников А.В.** Методика изучения грамматики в восьмилетней школе. М., 1977.
10. **Дудников А.В.** Методика синтаксиса и пунктуации в восьмилетней школе. М., 1964, 1990.
11. **Жиенбаев С.** Қазақ тілінің методикасы. Алматы, 1946.
12. **Жолымбетов Қ.** Қазақ орфографиясын игерудің негіздері. Алматы, 1975.
13. **Жапбаров А.** Қазақ тілі стилистикасын оқыту методикасының негіздері. Алматы, 1990.
14. **Исабаев Ә.** Фонетиканы оқыту методикасы. Алматы, 1965.
15. **Исабаев Ә.** Қазақ тілі дыбыс жүйесі методикасының негіздері. Алматы, 1973.
16. **Исабаев Ә.** Қазақ тілін оқыту формалары. Ташкент, 1990.
17. **Исабаев Ә.** Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. Алматы, 1993.
18. **Исабаев Ә.** Қазақ тілін оқыту методикасының бағдарламасы. Ташкент, 1996.
19. **Исабаев Ә.** Қазақ тілінен өтілетін сабақтар. Ташкент, 1996.
20. **Исабаев Ә.** Қазақ тілі мен әдебиеті бағдарламалары. Ташкент, 1999.
21. **Исабаев Ә.** Қазақ тілін оқыту методикасы. Ташкент, 2000.
22. **Көшербаев Е.** Қазақ тілі сабақтарындағы қайталау. Алматы, 1961.
23. **Қазыбаев С.** Қазақ тілі методикасы. Алматы, 1990.
24. Методика преподавания русского языка (М.Т.Баранов., Т.А.Ладженская, М.Р.Львов). М., 1970.
25. **Панов Б.Т.** Типы и структура уроков русского языка. М., 1986.
26. **Рахметова С.** Қазақ тілін оқыту методикасы. (Бастауыш мектеп бойынша). Алматы, 1991.

27. **Сарыбаев III.** Казак тілі методикасының кейбір мәселелері. I бөлім, Алматы, 1956.
28. **Сарыбаев III.** Казак тілі методикасының мәселелері. II бөлім, Алматы, 1959.
29. Современный урок русского языка. М., 1984.
30. **Текучев А.В.** Методика русского языка в средней школе. М., 1980.
31. **Текучев А.В.** Грамматический разбор в школе. М., 1963.
32. **Федоренко Л.П.** Принципы и методы обучения языку. М., 1964.
33. **Федоренко Л.П.** Принципы обучения русскому языку. М., 1973.
34. **Федоренко Л.П.** Закономерности усвоения родной речи. М., 1984.
35. **Чижова Т.И.** Основы методики обучения стилистике в средней школе. М., 1987.

МАЗМҰНЫ

Автор туралы бірер сөз	3
Алғы сөз	6
I тарау. Методика теориясының негіздері	7
§ 1. Методика пәні және оның объектісі	7
§ 2. Қазақ тілін оқыту методикасының салалары	11
§ 3. Қазақ тілін оқыту методикасының зерттеу әдістері	16
II тарау. Қазақ тілінен білім берудің интерпретациясы	21
§ 4. Интерпретация (талқы) туралы түсінік	21
§ 5. Білім берудің мазмұны мен аумағы	21
§ 6. Білім көлемі	22
§ 7. Оқыту жүйесі	30
§ 8. Тіл материалдарын меңгертудің ерекшеліктері	39
III тарау. Оқыту әдістері теориясы	44
§ 9. Әдіс пен тәсіл туралы түсінік	44
§ 10. Әдістің іске асырылу жүйесі мен құрылымы	48
§ 11. Әдістің құндылығы	52
IV тарау. Теориялық әдтер құрылымы	53
§ 12. Теориялық әдістер туралы түсінік	53
§ 13. Өңгіме әдісі	53
§ 14. Хабарлау әдісі	59
§ 15. Түсіндіру әдісі	61
§ 16. Тәжірибе әдісі	65
§ 17. Кітапты пайдалану әдісі	68
V тарау. Практикалық әдістер құрылымы	72
§ 18. Практикалық әдістер туралы түсінік	72
§ 19. Талдау әдістері туралы түсінік	73
§ 20. Талдаудың түрлері туралы түсінік	76
§ 21. Қазақ тілі бойынша дайын материалды талдау әдісі	78
§ 22. Лексикалық талдау әдісі	82
§ 23. Фонетикалық талдау әдісі	83
§ 24. Морфологиялық талдау әдісі	86
§ 25. Синтаксистік талдау әдісі	88
§ 26. Түрін өзгерту әдісі	91
§ 27. Тілдік тапсырмалары бар мазмұндау әдісі	93
§ 28. Сөйлем құрату әдісі	95
§ 29. Шығарма жаздыру әдісі	97
§ 30. Орфографиялық талдау әдісі	101
§ 31. Дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың тәсілдері	107

§ 32. Көшіріп жазу әдісі	115
§ 33. Диктант жазу әдісі	119
§ 34. Қазақ тілін әдебиет материалдарымен байланыстырып өту әдістері	126
§ 35. Түсініксіз сөздерді меңгерту тәсілдері	131
§ 36. Диалогтық және монологтық сөйлеуді үйрету әдістері	139
§ 37. Мәнерлі оқу әдісі	147
§ 38. Мәнерлі оқу түрлері мен тәсілдері	148
VI тарау. Көрнекі әдістер құрылымы	162
§ 39. Көрнекі әдістер туралы түсінік	162
§ 40. Кестені пайдалану әдісі	162
§ 41. Сызбаны пайдалану әдісі	164
§ 42. Карточкаларды пайдалану әдісі	164
§ 43. Магнитофонды пайдалану әдісі	169
§ 44. Радио мен теледидарды пайдалану әдісі	171
VII тарау. Оқыту қалыптары теориясы	176
§ 45. Оқыту қалыптары классификациясы	176
§ 46. Оқыту қалпының құрылымы	181
§ 47. Үй тапсырмасын беру	182
§ 48. Үй тапсырмасын тексеру	185
§ 49. Өткенді оқушылардан сұрау	185
VIII тарау. Түсіндіру қалыптары құрылымы	187
§ 50. Жаңа қалып	187
§ 51. Біріккен қалып	191
§ 52. Лекция қалпы	195
IX тарау. Пысықтау қалыптары құрылымы	201
§ 53. Бекіту қалпы	201
§ 54. Практикум қалпы	205
§ 55. Конкурс қалпы	208
§ 56. Семинар қалпы	210
§ 57. Баспасөз конференциясы қалпы	218
§ 58. Қайталау қалпы	224
X тарау. Сынау қалыптары құрылымы	229
§ 59. Тексеру қалпы	229
§ 60. Талқылау қалпы	231
§ 61. Сынақ қалпы	235
§ 62. Рейтинг-тест қалпы	242
XI тарау. Қалып жоспарлары құрылымы	245
§ 63. Қалып жоспарлары құрылымы туралы түсінік	245
§ 64. Күнтізбе жоспар	246
§ 65. Тақырыптық жоспар	247
§ 66. Сабак жоспары	247
Әдебиеттер	252

Абдурахмон Исабоев

ҚОЗОҚ ТИЛИНИ ЎҚИТИШ МЕТОДИКАСИ

(Умумий методика)

(Қозоқ тилида)

Редакторы *Г. Байжанова*

Техникалық редакторы *У. Ким*

Суретшісі *Т. Содиқов*

Корректоры *Г. Оразқызы*

Компьютерде беттеген *Г. Құназарова*

Теруге берілді 16.04.2003. Басуға рұқсат етілді 30.07.2003.

Пішімі 84 × 108¹/₃₂. «Таймс» гарнитурасы. Офсеттік әдіспен басылды.

Баспа табағы 13,44. Есепті баспа табағы 13,5. Таратымы 1000.

Тапсырыс 333. Бағасы келісімді.

«Ўзбекистон» — «Асыл мұра» — 2003.

700129, Ташкент, Науаи, 30.

Келісім № 7-2003.

Өзбекстан Республикасы Баспасөз және ақпарат агенттігінің
Ғ. Ғұлам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.
700128, Ташкент, У. Юсупов көшесі, 86-үйі. 2003 жыл.